

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті**

Исакова С.С.

**ҚАЗАҚ ТЕРМИНТАНЫМЫ: ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ, ЖАСАЛУ
ТӘСІЛДЕРІ, ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

**Қазақстан Республикасы
Алматы – 2007 жыл**

ББК 81.2 Қаз-3

И-37

Исакова С.С.

**Қазақ терминтанымы: лексикалық құрамы, жасалу тәсілдері,
прагматикалық қызметі, Алматы, 2007 ж. – 159 б.**

ISBN 9965-25-905-4

Жауапты редакторы:

Байынқол Қалиұлы

филология ғылымдарының докторы

Пікір жазғандар: **Телғожа Жанұзақ** – филология ғылымының
докторы, профессор

Ербол Әбдірәсілов – филология ғылымының
кандидаты, доцент

Бұл еңбекте қазақ терминтанымының лексикалық құрамы, жасалу тәсілдері, прагматикалық қызметі қарастырылады. Жалпы тіл біліміндегі және қазақ тіл біліміндегі термин зерттеудің жайы, терминологиялық лексика, әдеби тіл, жалпыхалықтық тіл мәселелері сөз болады. Қазақ тіл біліміндегі термин туралы жазылған ой-піріклерге талдау жасалынады. Қазақ терминологиясының даму кезеңдері, термин жасау қағидаттары қарастырылады. Терминнің танымдық табиғаты, оның басқа функционалдық стилдерде қолдану ерекшеліктері туралы дәлелді пікірлер келтірілген.

Еңбекті салалық ғылымдар терминдерін зерттеушілерге, тіл мамандарына, жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің студенттеріне пайдалануға ұсынылады. Ол «Қазіргі қазақ тілінің терминологиясы», «Терминтаным» және «Қазақ тілінің лексикологиясы» атты негізгі курстарға қосымша ретінде пайдалануға болады.

И $\frac{4602040800}{00(05)-06}$

© Исакова С.С., 2007

КІРІСПЕ

Тіл адамзатпен бірге пайда болып, адамзатпен бірге өсіп-өркендейтін болғандықтан, оның даму тарихы қоғамдық өмірмен тығыз байланысты. Қоғам өмірінде болатын құбылыстардың барлығы тілден көрініс тауып, тіл арқылы болашақ ұрпаққа жетеді. Кез келген тілдің қоғамда қызмет етуінің алғышарты – ол ғылым тілі қызметін атқару болып табылады. Ал ғылым тілінің өзегі – терминдер екені бәрімізге аян.

Еліміздің егемендік алуы мен қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы оның қолданыс аясын кеңейтуге мүмкіншілік жасап отыр. Терминологияның маңыздылығы тіліміздің терминдерін дұрыс жасаумен, оның реттілігімен, тұрақтылығымен, ертеңгі болашағын қанағаттандыра алатын ахуалымен анықталса керек. Олай болса, қазақ тілін ғылым ретінде дамытудың басты жолы – оның ғылыми терминдерін жасау, оларды ретке келтіру, жүйеге түсіру және оны қолданысқа енгізу. Осы жолда соңғы кезде түрлі сала бойынша терминологиялық сөздіктер жарық көре бастады. Түрлі ғылым салалары бойынша терминдер реттеліп, сұрыпталып, қолданысқа енгізілу үстінде. Мұның бәрі саяси-әлеуметтік жағдайдың күрт өзгеруінен, КСРО-ның құлауынан және Қазақстанның тәуелсіз ел болуына байланысты тілге, әсіресе, оның жазу, ономастика, терминология сияқты өзекті проблемаларына деген жаңаша қоғамдық көзқарастың қалыптасуынан туындағаны белгілі.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» Қазақстандағы тіл құрылысының ұзақ мерзімді стратегиялық басымдықтары, жағдайлары мен перспективалары, көздеген тілдің даму заңдылықтары оның даму тұрғысынан қарастырылып, мақсаттары мен міндеттері айқындалған, сондай-ақ, оларды жүзеге асырудың басты бағыттары мен іске асыру тетіктері белгіленген.

Егемендік алған он бес жыл ішінде ештеңе істелген жоқ деп кесіп айтуға болмайды. Халықтың мыңдаған ғасырлар бойы аңсаған армандарының осы жылдар көлемінде бірден орындалып іске асырылуы, әрине, оңай шаруа емес. Термин мәселесі тіл білімінде ғасырлар бойы сан түрлі елдердің тілші ғалымдары тарапынан зерттеу нысаны болып келе жатқанынан қарамастан, күрделілігіне байланысты оның тілдік табиғаты толық ашылған, түпкілікті зерттеліп болған тілдік бірлік деп кесіп айту қиын. Ұлттық терминологияны қалыптастыру бойынша ондаған диссертациялық жұмыстар қорғалды, салалық терминологиялық сөздіктер шықты, көптеген

оқулықтар жарық көрді, мыңдаған мақалалар жазылды. Дегенмен, қазақ терминологиясының әлі де жан-жақты қарастырылып, тереңірек зерттеуді қажет ететін қырлары жоқ емес. Мәселен, терминнің танымдық, ақпараттық табиғаты, ғылыми мәтіндегі терминдердің қолданысы, түрлі функционалдық стилдердегі терминдердің прагматикалық қызметі т.б.

Қазақ тілінде термин және терминологияны оқытудың, оны зерттеудің әдістемесі туралы мәселелер де өз алдында қарастырылмай келеді. Осыған орай жоғары оқу орындарындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандарын даярлайтын тілші қауымға арналған оқулықтар мен оқу құралдарында термин мен терминология, терминжасам тәжірибесі, терминтаным, термин жасау қағидаттарына қатысты материалдардың жоқтың қасы. Оқытудың кредиттік жүйесіне байланысты таңдау курстары мен арнайы курстар саны көбейгені бәрімізге белгілі. Осыған орай, «Қазақ терминологиясы», «Терминнің шығу тарихы» атты арнайы курстарды өту барысында студенттер жеткілікті материал таба алмайды. Жалпы терминологияға, оның теориясы мен практикасына байланысты жазылған ғылыми еңбектер, монографиялар баршылық. Бірақ олардың таралымының аздығы жоғарыда аталған қиындықтарды туғызады. Сондықтан ұсынылып отырған еңбекті «Қазіргі қазақ тілінің терминологиясы», «Қазақ тілінің лексикологиясы» атты негізгі курстарға қосымша құрал ретінде пайдалануға болады.

Оқу құралында жалпы тіл білімі мен түркологиядағы, қазақ тіл біліміндегі термин мәселесінің зерттелуі, терминге қойылатын талаптар, қазақ терминологиясының лексикалық құрамы, термин жасаудың тәсілдері, қазақ тіліндегі терминдердің прагматикалық қызметі туралы мәселелер қарастырылады.

1 ТЕРМИН ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯ

1.1. Жалпы тіл білімі мен түркологиядағы термин зерттеудің жайы

Тіл – қоғамдық құбылыс. Қоғамда болып жатқан құбылыстар мен өзгерістердің барлығы тілден көрініс табады.

Тіл – рухани қазына. Тіл арқылы қоғамда болған барлық құндылықтарды болашақ ұрпақтарымызға жеткіземіз. Сондай-ақ, тіл мәдениет пен әдебиеттің, білім, техниканың жетістіктерін таратушы болып саналады.

Ғылыми стиль немесе ғылыми тіл белгілі бір саладағы ғылымның тілдік ерекшеліктерінің жүйесі дегенді білдіреді. Ал ғылым тілі жалпы қазақ әдеби тілінің үлкен бір қабатын құрайды, сондықтан да терминологияның мәні ауқымды болмақ.

Ғылым тілінің негізін терминологиялық лексика құрайды. Терминологиялық лексикасыз ғылым тілі болмайды. Кез келген тілде ғылым тілінің қалыптасуы, дамуы, кемелденуі сол тілдің терминдерінің жай-күйіне тікелей байланысты. Сондықтан да «неге қазақ тілі ғылым тілі қызметін атқара алмай отыр?» деген сауал төңірегінде соңғы кездері ғалымдарымыз жиі пікір алмасып жүр. Әрине бұл қазақ терминологиясының бүгінгі жағдайына байланысты екені бәрімізге белгілі.

Жалпы тіл білімінде термин туралы алғашқы ойлар, пікірлер туралы айтпас бұрын бір нәрсені есте ұстаған жөн деп есептейміз. Кез келген тілде ғылым тілінің, яғни терминологиялық лексиканың пайда болуы сол тілде жазудың пайда болуымен тікелей байланысты және сол тіл өмір сүріп тұрған қоғамдағы түрлі өзгерістерге тәуелді болады.

Әдеби тілдің функционалдық стилі өздерінің қазіргі күйіне, деңгейіне бірте-бірте, белгілі бір даму жолдары арқылы жеткені белгілі. Осы орайда белгілі ғалым, тілші академик Ә. Қайдардың мына пікірі құптарлық: «Ғылым тілін жалпы әдеби тіл тұрғысынан алып, оны бейнелі түрде «кішігірім тіл» (подъязык, языковая подсистема, мини язык мағынасында) қарайтын болсақ, осы «үйшіктің» дүниеге келуін жазба әдеби тілдің қалыптасуынан басталады деп қараған жөн. Өйткені жазу-сызуы болмаған, не кенжелеп қалған тілде ғылым тілінің дүниеге келуі мүмкін емес» [1, 181].

Орыс тіл білімінде термин мәселесін арнайы зерттеген А.В. Суперанская бастаған зерттеушілер логикалық тұрғыдан термин дегеніміз нақты анықтама берілген кез келген сөз (нақтырақ айтқанда кез-келген сөзге

сәйкес ұғым) деп қарастырады және терминді бұлай түсіну көне Греция тіл білімінде Платоннан басталғандығы туралы жазады» [2, 11].

Белгілі терминолог, профессор Б. Қалиұлы өзінің «Жалпы тіл білімі» атты оқулығында тіл білімі тарихына тереңірек тоқтала келе «көне грек философтары тілге қатысты үш мәселені сөз етті. Олар: 1) Зат пен оның атауы арасында қандай байланыс бар? 2) Тіл қайдан, қалай пайда болды? 3) Грамматика жөніндегі мәселелер» [3, 9] деп жазады.

Аталған ғалымдар пікірлерінен тіл білімі тарихында Көне заман тіл білімінен бастап сөз бен оның атауы туралы ой-пікірлердің дүниеге келгенін. Олардың біртіндеп дамығанын байқау қиын емес.

Одан кейінгі Орта ғасыр тіл білімі, Қайта өркендеу дәуірінің тіл білімі, XVII-XVIII ғасыр тіл білімі өкілдерінің еңбектерінде жалпы сөз бен ұғым, сөз бен оның атауы туралы көзқарастар нақтыланып, күрделене түседі.

XIX ғасырдың I-жартысында терминология жеке өз алдына жаңа ғылым болып қалыптаса бастайды. Бұған XIX ғасыр тіл білімі өкілдерінің, атап айтқанда Франц Бопп, Расмус Раск, Якоб Грим, Вильгельм Гумбольдт тәрізді ғалымдардың ықпалы зор болды.

Терминге алғашқы болып анықтама берушілер де шыға бастады. Неміс ғалымы Л.Дедерлайн: « « Finis, конец (Das Ende) – бұл математикалық сызық тәрізді шекара, Terminus, шектеу (die Mark) – бұл белгілеудің соңғы шегі немесе: Finis - бұл өзінен өзі аяқталатын табиғи шекара; Terminus – қолдан жасалған, жасанды шекара» [4, 359-360]-деп, терминге анықтама беруге талпыныс жасайды.

Терминге берілген анықтамадан XIX ғасыр басында термин туралы ой-пікірлердің әлі де қалыптасуы, даму үстінде екенін аңғаруға болады.

Жалпы тіл білімінде тіл – таңбалар жүйесі, таңба таңбалаушы мен таңбаланушыдан тұратындығы туралы пікірлерді айтқан XX ғасыр тіл біліміндегі ең беделді де кең тараған социологиялық мектеп өкілдері, атап айтқанда Женева социологиялық мектебінің негізін салушы – Фердинант де Соссюр болды. Ол өзінің тіл туралы пікірлері мен көзқарастарын «Жалпы лингвистикалық курс» деп аталатын еңбегінде жазды. Фердинант де Соссюр аталған еңбегінде: «таңба екі жақты болады: оның бірі – материалдық жағы да (яғни дыбыстық жағы – акустикалық бейне), екіншісі – идеялық жағы (мағынасы). Материалдық жағы таңбалаушы (сөз) болады да, идеялық жағы таңбаланушы (зат) болады. Бұл екі элемент өзара тығыз байланысты. Таңба дегеніміз – осы екеуінің бірлігі» [5, 78-79],- деп жазады.

Фердинант де Соссюрдің шәкірті Шарл Балли француз тілінің лексикологиясының, стилистикасын зерттеген ғалым. Сонымен бірге ол тілдің жалпы теориясымен де айналысты. 1905 жылы Ш.Баллидің француз

тілінде «Стилистиканың қысқаша курсы» [6] деп аталынатын еңбегі Женева қаласында басылды. Ғалымның «Француз стилистикасының трактаты» деп аталынатын еңбегі 1909 жылы жарыққа шықты [7]. Кейінірек ол Парижде екі рет қайта басылып шығады. Оның «Общая лингвистика и вопросы французского языка» [8], «Французская стилистика» [9] атты еңбектері орыс тіліне аударылған.

Ш. Балли өзінің «Француз стилистикасының трактаты» атты еңбегінде тілдік-қатынас типтерін немесе ғалымның сөзімен айтқанда «тілдік ортаны» [7, 228] жан-жақты зерттейді. Ойды жеткізу тәсілдерінің ішінен ол ауызекі тіл, әдеби тіл, ғылым және техника тілі, басқару тілі, кәсіби тіл және жаргондар деп ажыратып, әр қайсысын өз алдына қарастырады.

Ғалымның ғылым мен техника тілі туралы айтқан пікірлері назар аудартарлық. Ш. Балли стильдер туралы жазғанда ең алдымен тілдік қатынас өтетін ортаға арнайы тоқталады. Ол тілдік қатынас ортасын бір жағынан жеке тұлғаның әлеуметтік және кәсіби іс-әрекеті, екінші жағынан жеке адамның күнделікті өмір тұрғысынан алып қарастырады. Тілдік қатынас тілдік ортаға байланысты өзгеріп отыратындығын, мәселен, адам отбасымен, досымен ауызекі стильде, бастығымен немесе әріптесімен ғылыми стильде, арнайы сөздер мен сөз тіркестерін, терминдерді пайдалана отырып сөйлесетінін аңғарады.

Алғашында терминология жеке ғылым ретінде А.В.Суперанскаяның пайымдауында ХІХ ғасырдың І-жартысында қалыптасса, оның дамуы, жан-жақты зерттелуі Батыс Еуропа мемлекеттерінде, Америка, Германия, Ұлыбритания, Франция, Испанияда, Италияда т.б. мемлекеттерде жүргізіліп, одан соң отандық тіл білімінде жалғасын тауып жатты. Бұл жерде біз ХVІІІ-ХІХ ғасырларда отандық тіл білімінде термин мәселесі мүлдем сөз болмады деп айтудан аулақпық. Ол өз алдына қарастырылады.

Термин зерттеу тұрғысынан келгенде Батыс Еуропа елдері озық тұрғанын мойындау керек. Оған дәлел ретінде аталған мемлекеттердегі терминнің теориясына байланысты жарық көрген ғылыми зерттеулерді және тіл саясаты мен терминологиялық жұмыстарды жүргізу бағыттарын, термин жасау қағидаттары мен тағы да басқа мәселелерді айтуға болады. Мәселен, Францияда терминнің теориясын зерттеген ғалым Ф. Жиро «Шет тілі сөздері» атты мақаласында (1965) француз тіліне шет тілінен енген сөздер туралы сөз етсе, «Ғылыми сөздер» деп аталатын мақаласында (1968) ол терминдер мен терминдік тіркестер, олардың өзіндік ерекшелігіне тоқталады. А. Рей өзінің «Терминология: ұғымы мен түсінігі» деп аталатын еңбегінде (1979) терминологияның зерттеу нысанына, оның қалыптасуы мен дамуына талдау жасайды. Д.Кандел терминдердің лексикографиялық мәселелерін сөз

етеді (1979). Француз терминологиясының зерттелуіне елеулі үлес қосқан ғалым – Г.Рондо болып есептеледі. Г.Рондо терминді лингвистикалық тұрғыдан танитын ғалымдардың қатарына жатады. Г.Рондонның пікірінше, терминді басқа лексикалық бірліктерден ажыратып тұратын қасиет «оның семантикасында, өйткені, ол екі жақты, яғни белгілеуші мен белгіленушісі бар лингвистикалық белгі. Ол «Терминологияға кіріспе» атты оқулығында (1980) француз тілі терминологиясының теориялық мәселелерін, әсіресе кірме терминдердің (ағылышын тілі терминдері) тілген көптеп енуінің себебі мен оған шек қою туралы пікірлерін білдіреді. Сөздің лингвистикалық және терминологиялық аспектілерінің арасындағы байланыс туралы Л.Жилбер өз мақаласында (1981) жан-жақты жазады.

Жоғарыда сөз болған Еуропаның түрлі тіл білімі мектептерінің әсерімен 1757 жылы М.Н.Ломоносовтың «Ресей грамматикасы» жарық көреді. Ғалым осы еңбегінде орыс тіл білімінің терминдерінің негізін қалайды. Орыстың ғылыми тілінің даму тарихын зерттеуші В.П.Даниленко, Т.Л.Канделаки сынды ғалымдар М.В.Ломоносовты «орыс ғылыми терминологиясының атасы» [10, 182] деп атайды.

XIX ғасырдың аяқ кезінде Ресейде екі үлкен лингвистикалық мектеп дүниеге келгені белгілі. Оның біріншісі – академик Ф.Ф.Фортунатов (1848-1914) бастаған Мәскеу лингвистикалық мектебі болса, екіншісі – И.А.Бодуэн де Куртэне (1845-1929) жетекшілік еткен Қазан лингвистикалық мектебі еді.

Ресей тіл білімі тарихындаа үлкен рөл атқарған бұл екі мектептің өкілдері тіл білімінің алуан түрлі мәселелерімен айналысты. Бұл мәселелерден термин де шет қалған жоқ.

Ресейде 1930-1960 жылдар аралығында терминнің теориясына арналған бірнеше ғылыми мақалалар мен еңбектер дүниеге келді. Мысалы, Г.О.Винокур «О некоторых явлениях словообразования в русской технической терминологии», Л.А.Капаназе «Функционирование терминов науки и техники в общелитературном языке XX века», Ю.А.Бельчиков «Интернациональная терминология в русском языке», А.А.Реформатский «Что такое термин и терминология», Л.Блумфильд «Заимствования в условиях двуязычия», Л.Л.Кутина «Формирование терминологии физики в России», Д.С.Лотте «Основы построения научно-технической терминологии. Вопросы теории и методики», А.М.Деборин «Заметки о происхождении и эволюции научных понятий и терминов» және т.б.

Аталған термин зерттеушілердің ішінде Д.С.Лотте бастаған терминологиялық мектептің орыс тілінің ғылыми-техникалық терминдерін қалыптастыру, біріздендіру, жүйелеу саласында атқарған жұмыстарын атап айтуға болады. Д.С.Лотте және оның мектебінің зерттеушілері терминдерге

қойылатын талаптарды анықтайды. Терминдердің көпмағыналығы, синонимдік қатары, терминологиялық лексиканың жүйелілігі, терминнің контекстке тәуелсіздігі, терминнің нақтылығы және қысқалығы, тіркесті терминдер туралы және тағы да басқа терминнің теориялық мәселелерін қарастырады.

1970 жылдардан бастап орыс тіл білімінде терминді зерттеу мәселесі одан әрі жандана түсті. Терминологиялық лексиканы зерттеуде және оның қоғам үшін мәнін, маңызын анықтауда Т.Л.Канделаки, Е.И.Толикина, А.М.Моисеев, В.А.Гречко, Л.И.Скворцов, В.П.Даниленко, Н.Л.Котелова және тағы басқа ғалымдар еңбек етті.

Бұл кезеңдегі терминші ғалымдардың еңбектерінде негізінен терминнің мағынасы, терминологиялық лексиканың тілдік табиғаты, терминді зерттеудегі кейбір лингвистикалық мәселелер, термин қандай болу керек деген сұрақ төңірегіндегі мәселе, терминология және тіл мәдениеті, олардың арақатынасы, ғылым тілінің лексикалық құрамы, терминологиялық лексика және жалпыхалықтық тіл, термин және диалект сөздер, кірме терминдер, олардың жасалуы және тағы басқа мәселелер зерттелді.

1980 жылдарда терминнің теориясы мен практикасымен айналысқан О.И.Блинова, Т.С.Коготкова, И.Н.Волкова, Т.Р.Кияк, Ф.Х.Жубуева, В.М.Лейчик, Л.А.Шкатова, А.В.Суперанская тәрізді зерттеушілер болды. Бұлар негізінен терминтанымның пәні, әдістері, құрылымы, терминологияның жалпы теориясы, ғылыми-техникалық терминдерді біріздендіру, терминологияның ономонологиялық мәселелері және тағы да басқа орыс терминологиясының өзекті мәселелерін сөз етті.

Орыс тіл білімінде терминологияны зерттеу 1990 жылдардан бергі уақытта әлемдік тіл білімінің қол жеткізген жетістіктеріне сай дамып отыр. Терминнің атау теориясы, оның өзіндік ерекшелігі туралы, терминжасам жайында, оның тәсілдері, термин және ұғым, термин шығармашылығының тарихы туралы, терминжасам тәжірибесі, терминтанымның лингвистикалық аспектілері жайында зерттеу жүргізген С.А.Гонцова, А.В.Варандеев, Г.П.Мельников, С.Д.Шелов, С.В.Гринев, Г.А.Дианова, Т.А.Журавлева, В.А.Татаринов, М.Н.Володина және т.б. ғалымдарды атауға болады.

Бұлармен қоса салалық ғылым терминдерін зерттеу де орыс тіл білімінде бір саты алда тұр деуге болады. Сонау 1960 жылдардан бастап салалық терминдерді зерттеу, терминдерді реттеу, біріздендіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп отырғандығын байқаймыз. Мәселен, ондай еңбектер қатарына Л.Л.Кутинааның «Формирование терминологии физики в России» (1966), А.С.Гердтің «Формирование терминологической структуры русского биологического текста» (1981) тәрізді еңбектерін айтуға болады. Салалық

терминдердің дамуы, қалыптасуы, құрылымы туралы кандидаттық диссертация қорғаған Б.Зофияның «Структура и функционирование русской психологической терминологии» (1982), Т.О.Ходжаевтың «Эволюция адъективной психологической лексики русского языка второй половины XIX в.» (1989), Е.И.Тарасованың «Формирование физиологической терминологии в русском литературном языке конца XVII-первой половины XIX в.» (1994) деген сияқты зерттеулерін атауға болады.

Жалпы үндіеуропа тілдер тобының орыс тілінен басқа тілдері де терминологиялық лексиканы зерттеуде белсенділік танытатындарын байқау қиын емес. Мәселен, славян тілдері терминологиясының лингвистикалық мәселелерін зерттеген А.В.Исаченко «Некоторые вопросы лингвистической терминологии, в частности славянской» (1961), О.С.Прозоров «Роль научно-технической терминологии в развитии словарного состава современного французского языка» (1968), Г.М.Гусева «Структурные особенности многокомпонентных французских, научно-технических терминов» (1974), И.А.Курдюкова «Лексико-семантический способ образования горных терминов» (1976), Х.М.Саари «Анализ принципов эстонской терминологии» (1981), Л.Е.Глушкова «Процесс детерминализации в современном французском языке» (1983), О.Л.Закарян «О принципах нормализации терминологии в современном армянском языке» (1983), В.Г.Синица «Латинские термины с именным суффиксом –tio/sio» (1985), Т.К.Джураев «Пути становления и развития общественной терминологии в таджикском языке» (1985), Л.А.Антонюк «Белорусская национальная терминология» (1988), И.М.Черненко «Терминосистема психології у російській мові» (1993), Г.И.Беженарь «Структурно-семантическая характеристика французских медицинских терминов» (1994), қазіргі украин тіліндегі психология терминдерінің пайда болуы мен құрылымын зерттеген М.Веклинец «Структура и происхождение украинской современной психологической терминологии» (1997) сынды зерттеушілерді атай аламыз.

Қытай-тибет тілдер тобының ішінде қытай тілінің терминологиялық лексикасын зерттеуге аса назар бөлініп отыр. Оған В.Ивановтың «Терминология и заимствования в современном китайском языке» (1973), «Терминология и заимствования в терминологической лексике современного китайского языка» (1981), О.П.Фролованың «Словообразование в терминологической лексике современного китайского языка» (1981) тәрізді зерттеулерін жатқызамыз.

Манғол тілдері тобынан «Қазіргі монғол тілінің терминологиясын» (1984) Г.Ц.Пюрбеев зерттеп, сол туралы монография жазды. Қазіргі монғол

тіліндегі қоғамдық-саяси терминдердің қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері туралы 1986 жылы И.Н.Шаров кандидаттық диссертация қорғады.

Енді түркі тілдеріндегі терминнің зерттеуші ғалымдар мен олардың еңбектерін атап өту жөн деп санаймыз. Түркі тілдерін зерттеуші түрколог ғалымдар: Г.Клосон «Түркі руникалық жазуының шығуы», И.В.Стеблева «Поэзия тюрков VI-VIII веков», С.Е.Малов «Памятники древнетюркской письменности», А.Н.Кононов «Грамматика языка тюркских рунических памятников VI-IX веков», Н.А.Баскаков «Введение изучение тюркских языков», Н.И.Ильминский «Вступительное чтение в курс турецко-татарского языка», Ф.Е.Корш «Классификация турецких племен по языкам», А.Н.Самойлович «Некоторые дополнения к классификации турецких языков», В.А.Богородицкий «Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками», И.А.Батманов «Краткое введение в изучение киргизского языка» және т.б.

Түркі тілдеріндегі терминнің зерттелу жайын сөз еткенде көне түркі тіл білімінің көрнекті өкілі – Махмуд Қашғари, оның 1072-1074 жылдары жазылған «Диуали лұғат ит түрік» сөздігіне соқпай кету мүмкін емес. Бұл туралы белгілі ғалым Т.Қордабаев «Түркі тілдерін зерттеудің алғашқы қадамы түркі ғалымы Махмуд Қашғаридің «Диуанынан» басталады» [11, 46], - деп жазады.

Жалпы түркі тіл білімінің қалыптасуына, дамуына, қазіргі күндегі жан-жақты дамыған түркі тілдерінің қалыптасу тарихына зор ықпал еткен сөздіктің соңғы жылдары кеңінен зерттеліне бастағаны рас. Махмуд Қашғаридің бұл еңбегі жалпы түркі тілдес елдердің барлығына ортақ, рухани мұра екенін, оның тілдік, философиялық, психологиялық, логикалық қырларын терең зерттеу қажеттелігі туралы зерттеушілер аз айтып жүрген жоқ.

М.Қашғаридің «Диуанында» сол кездегі түркі халықтары тілдерінен алынған 10 мыңнан астам тума-төл сөздер енгенін, олардың ішінде көптеген астрономиялық, географиялық атаулар, ру аттары, қала, қыстақ атаулары, соларға қатысты түсініктемелер берілгендігі туралы ғалым Т. Қордабаев жазады [11, 24]. Демек, М.Қашғаридің аталған еңбегін түркі тілдеріндегі терминологиялық атауларға арналған алғашқы сөздік деп атауға толық негіз бар.

XIV ғасырда араб ғалымы Жамал-Аддин Мұхамед ат-түркідің «Түрік, қыпшақ тілдерін үйренуге арналған кітап» атты еңбегінің жазылғандығын түркологтар дәлелдеген. Еңбек негізінен сөздік түрінде жазылған. Сөздікті кі рет бастырып шығарып, оны зерттеген поляк түркологі Ананиаш

Зайрншковский онда 1500-ге жуық астрономиялық, топонимикалық атаулардың берілгендігі туралы жазады.

Түрколог ғалымдардың түркі жазба ескерткіштерінің тіліндегі терминдердік атаулардың жасалуын, этимологиясын және тағы басқа мәселелерін зерттеумен айналысқандары анықталады. Мысалы, қазақ тіл білімінде Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томановтың «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» (Алматы, 1971) деп аталатын еңбегін, Х.А.Дадабаевтың «XIV- XV ғасырлардағы түркі тілдес жазба ескерткіштерінің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық терминологиясы» (Ташкент, 1992) атты докторлық диссертациясын, Н.Н.Гасанзадениң «Терминологическая лексика Китаби-Деде Коркуд» (Баку, 1992) атты кандидаттық диссертациясын атап өтуге болады.

Түркі тілдер тобының ішінде тілі қоғам өмірінің барлық саласында толық қызмет атқаратын, мемлекеттік терминологияны қалыптастырып, оны дамытып, жетілдіру жұмыстарын кәсіби деңгейде жүргізіп отыруға айрықша мән беретін мемлекеттің бірі - Түркия. «Түркияда 1932 жылдан бастап «Түрік тілі» қоғамы жұмыс істейтіндігін, оның басты міндеті – ғылыми-техникалық терминологияны түрік тілі негізінде қалыптастыру, халық тіліндегі көне кітаптарды жинастырып, жарыққа шығару, түрікше жаңа терминдер жасау тәсілдерін іздестіру, шет тілдерінен енген терминдерді түрік тіліне аудару, терминологиялық сөздіктер шығару» деп жазады түрік тілінің терминологиясын зерттеуші ғалым Н.Зулфикар [12]. Түрік тілінің терминдерін зерттеуші ғалымдар қатарына соңғы жылдары жарыққа шыққан Гегальп Зияның «Түрікшілдердің тілді жандандыру бағдарламасы» (1999), «Түрікшілдіктің негіздері» (2000) атты ғылыми зерттеулерін айтуға болады.

Кеңестік түркі тілдерінің ғылыми-техникалық терминдерін қалыптастыру, жүйелеу, біріздендіру мәселелерімен айналысу ғалымдар арасында 1930 жылдардан бастап жандана бастайды. Мәселен, А.Самойлович «Разработка национальной терминологии на языках тюркской системы», К.М.Мусаев «Формирование, развитие и современные проблемы терминологии на языках союзных республик СССР», «Современные проблемы терминологии на тюркских языках СССР», Н.П.Петров «Чувашская терминология», Г.Г.Кагарманова «Формирование и развитие общественно-политической терминологии башкирского литературного языка», М.Ш.Гасымов «Азербайджанская терминология», С.Д.Алиева «Структурно-семантический анализ терминов в азербайджанском языке», В.И.Быганова «Якутская терминология», С.И.Новрузова «Способы передачи префиксальных русско-интернациональных терминов на азербайджанском языке», Н.Н.Гасанзаде «Терминологическая лексика Китаби-Деде Коркуд»,

А.П.Мадвалиев «Узбекская химическая терминология и вопросы ее нормализации», А.С.Оруджалиева «Лингвистические особенности педагогических терминов в азербайджанском языке», А.Ш.Собиров «Термины узбекских народных зрелищ», З.Тагаева «Киргизская педагогическая терминология», А.С.Чэфэрова «Азербайжан халг тэбабэти терминләри», Б.Ч.Чэфэрова «Терминологии лүғәтләрин елми асаслары вә тәртиби принципләри» және т.б. терминологияның теориясы мен практикасына, түркі тілдерінің салалық терминдерінің қалыптасуына, дамуына, жасалу жолдары мен тәсілдеріне, лексикалық құрамына, термин жасау принциптеріне арналған зерттеулер болып есептеледі.

Түркі тілдері терминологиясының зерттелу жайын сөз еткенде қырғыз терминологиясын зерттеген ғалым Б.О.Орузбаеваның «Қырғыз терминологиясы» (Фрунзе, 1983) атты еңбегін атап өткен жөн. Ғалымның қырғыз тілінің терминологиясын теориялық тұрғыдан сөз еткені, ондағы халықаралық терминдер, олардың аудармалары, термин жасау принциптері туралы жазған пікірлері құптарлық.

Ендігі әңгіме қазақ тіл біліміндегі термин зерттеу туралы болмақ.

1.2 Қазақ тіл біліміндегі термин мәселесінің зерттелуі

Қазақ тіл біліміндегі термин мәселесінің зерттелуін кеңестік кезеңнен бастап қарастырамыз. Өйткені қазақ тілі қазан төңкерісіне дейін жоғарыда айтқанымыздай түркі тектес халықтардың тілін зерттеген түркологтардың нысанына айналды. Ал жалпы түркілік жазба ескерткіштер, олардың лексикасы, терминдік атаулары бүкіл түркі халықтарына ортақ болғандықтан ол туралы тағы да қайталап жазуды қажет деп таппадық.

XX ғасырдың басы қазақ мәдениеті, білімі үшін елеулі кезеңдердің бірі болып саналады. Дәл осы кезеңде қазақ даласында Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Н.Төрекұлов, М.Әуезов, Ж.Күдерин, Е.Омарұлы, С.Қожанұлы, Ғ.Қараш, Т.Шоанов сынды қазақ зиялылары дүниеге келді. Олардың қоғам өміріне белсене араласуы қазақ халқының ой-пікіріне, сана-сезімінің өсуіне әсер етті. Қазақ зиялылары халықты оқу-білімге тартты. Қазақ жастарына арнап оқу құралдарын жаза бастады. Міне, тура осы кезеңнен бастап термин мәселесі арнайы сөз бола бастайды. Бұл туралы белгілі терминолог, профессор Ш.Құрманбайұлы «сол кезеңде алғашқы оқулықтар мен ғылыми еңбектерді жазған автордың қай-қайсысы да терминжасам ісіне өз үлестерін қосты дегеніміз жөн, оған алғаш қолданған терминдер дәлел бола алады» [13, 38] деп жазады. Сол кезеңдегі жарық көрген газет-журналдарда қазақ зиялыларының терминге байланысты

мақалалары, ой пікірлері басылып тұрды. Оған дәлел мәселен, Ғ.Қараш «Ойға келген пікірлерім» (Орынбор, 1910), М.Әуезов «Ғылым тілі» (Абай, 1918. №7), «Ақаңның 50 жылдық тойы» (Ақ жол, 1923, 4 ақпан, №270), Н.Төреқұлұлы «Жай сөздер туралы» (Мәскеу, 1927), С.Сейфуллин «О терминах и терминологии» («Советская степь», 1928, 28 ақпан) т.б. Бұлардан басқа қазақ ғалымдары түрлі ғылым саласы бойынша оқулықтар жазып, онда терминдерді алғаш рет қолданысқа енгізді.

Біз бұдан қазақ тілінде термин жасау, реттеу, біріздендіру мәселесі өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарынан басталғандығын байқаймыз. Қазақ тілінде термин жасаудың бағыт-бағдарын анықтау, ғылым тілін қалыптастыру үшін ұлтымыздың біруар азаматтары еңбек етті.

Терминологияны жетілдірудің басты жолы – термин жасау қағидаттарын анықтап алуды қажет етеді. Сондықтан термин жасауда аталған мәселенің маңызы айрықша.

Терминші ғалымдар арасында аталған мәселеге соқпай өткені кемде-кем. Мәселен, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ә.Қайдар, Ш.Құрманбайұлы сынды ғалымдарды ерекше атап өтуге болады. Қазақ тілінде термин жасау қағидаттарын ұсынған ғалымдар есімдерін 1-кестеде төмендегідей көрсетеміз.


1-кесте

А. Байтұрсынұлы

Қ.Жұбанов

Ә. Қайдар

Ш.Құрманбайұлы



Аталған ғалымдардың ұсынған термин жасау қағидаттарын жеке-жеке атап көрсетелік.

А.Байтұрсынұлы: 1) Термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу; 2) Ондай сөздер қазақ тілінде болмаған жағдайда оларды туыстас тілдерден алу; 3) Жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертілуі керек; 4) Қазақ тілінің табиғатына сәйкеспейтін барлық өзге тілдердің сөздері дәл қазақтың айтуына сәйкес өзгертілуі керек.

Қ.Жұбанов: 1) Әдеби тілдер практикасында ұлт тілдеріне аударылмайтын, халықаралық біртұтас белгілері бар революция, совет, теория, практика, тенденция, медицина, хирургия, климат, абсолютный, конкретный т.б. сияқты терминдер қазақ тіліне аударылмай, сол халықаралық біртұтас белгіленуінде қабылдансын. 2) Әдеби тілдер практикасында ұлт тілдеріне аударылатын производство, корень, деньги, труд, стебель, мышцы, деление, умножение т.б. сияқты халықаралық терминдер қазақ тіліне аударылсын. Егер де аударылуға тиісті терминнің қазақ тілінде баламасы болмаса немесе оның қазақ тіліндегі баламасы оны түсініксіз ететін болса, онда тиісті орыс сөзі қабылдансын: сословие, состав, клетка, слет т.б. 3) Түрлі пәндерде белгілі бір мағынада немесе бір-біріне жақын мағыналарда қолданылатын терминдер бірдей белгіленсін: форма – философияда және физикада, корень – математикада, ботаникада, лингвистикада. 4) Түрлі жағдайларда әр түрлі мағына беретін мануфактура (тарихи экономикалық және тауарлық мағынада), продукт (өндіріс өнімі және азық-түлік мағынасында) және т.б. сынды терминдер бір пән үшін сол түрінде қабылдансын, екіншісі үшін аударылсын. 5) Халықаралық терминдер орыс әдебиетінде қалай жазылса, сол түрінде қабылданады. Мысалы: химия, физика т.б. 6) Қазақ тіліне аударылған терминдер өзінің ғылыми мазмұнын сақтаулары қажет. Оларды аудару кезінде қазақ тілінің грамматикалық заңдылықтарын қатаң ескеріп, терминді түсініксіз етіп жіберетін жасанды сөз жасау амалдарын қолданбау керек. Мысалы: беріліс-передача, тоқыма-текстиль т.б. 7) Есім және етістік – есім формасында берілген терминдер сол күйінде қабылдансын механизация, механизация т.б. 8) Терминдермен бірге қазақ тіліне халықаралық терминологиялық практикада қолданылатын, қазақ суффикстерімен алмастырылмайтын бірқатар аффиксер енгізілсін: ист, изм, контр, син, ре т.б. 9) Басқа сөздерге қосылатын терминдердің қысқарған түрлері қазақ сөздеріне қосылып жазылсын: автожол, автоқатынас т.б. 10) Қазақ сөзжасамы практикасына Қазан революциясынан бастап қазіргі орыс тілінде кеңінен қолданылып жүрген қысқарған күрделі сөздер енгізілсін, сөзжасамның бұл тәсілі революция енгізген жетістік деп саналсын: политэкономия, райсполком т.б.

Ә.Қайдар: 1) Егеменді ел, тәуелсіз мемлекеттің басты белгілерінің бірі – мемлекеттік тіл десек, оның негізгі тіректерінің бірі – терминологияны жан-жақты дамытуға, реттеуге, қалыптастыруға, кеңінен қолдануға сол мемлекеттің өзі қамқорлық жасауы керек; 2) Қазақ тілі терминологиясының жақсы дәстүрлерін жалғастыра, өскелең өмірдің биік талғамына сай жүз беріп отырған бұқаралық үрдістің тіл үшін тиімді де қажетті жақтарын саналы түрде пайдалану; 3) Салалық терминдер мен атауларды жаңадан

жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану; 4) Термин шығармашылығында бұдан кейін туысқан түркі тілдерінің (әсіресе терминология дәстүріне бай жазба тілдердің) озық үлгілерінен, терминдік өрнек-үлгілерінен, оңтайлы де үйлесімді сөз жасау модельдерінен мүмкіндігіне қарай пайдалану; 5) Тіліміз үшін қажет, бірақ дәл баламасы жоқ, аударуға келе бермейтін интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау; 6) Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген термин-атауларды мүмкін болғанынша қазақша аударып қолдану, аударуға келмейтіндерін бұрынғыдай сол қалпында емес, қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау; 7) Салалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша (сөз араластырып та) кеңестік-интернационалдық термин-атаулардың үлгісімен қысқарып қолдануды заңдастыру; 8) Күн санап толассыз туындап жатқан жаңа терминдік ұғымдарға тілімізден дәл балама іздеуде де, термин-атауларды жаңадан жасауда да жалпы терминдерге тән талаптарды сақтай отырып, дәстүр мен шарттылық заңын мойындау; 9) Тілімізге қабылданатын терминдер мен атаулардың мағыналық, тұлғалық жағынан жақындарын өзара топтастырып, салыстыра отырып, лексикалық байлығымызды салалық жүйе бойынша жіктеп, саралап пайдалану; 10) Тіліміздегі ұлттық және интернационалдық термин-атаулардың сандық және салалық арасалмағын табиғи қалыпта сақтаудың жолдарын іздестіру; 11) Терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу.

Ш.Құрманбайұлы: 1) Ұлттық терминқор қалыптастырудың ішкі көзі қазақ тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдерін барынша ұтымды пайдалану; 2) Терминқор қалыптастырудың сыртқы көзі болып табылатын өзге тілдерден термин қабылдау. Оның өзін а) туыстас түркі тілдерінен термин қабылдау; ә) туыстық жақындығы жоқ тілдерден термин қабылдау.

Енді осы қағидаттардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық.

А.Байтұрсынұлы – қазақ білімінің, әдебиетінің, әдістеме, тарих және этнография, мәдениетке қатысты терминдердің ғылыми жүйесін жасаған ғалым. Қазақтың ғылыми терминологиясының негізін қалаушы ғана емес, ол «терминжасам тәсілдерін анықтап, оларды өз тәжірибесінде тұңғыш рет негізден пайдаланған ғалым» [13, 51]. Оған ғалым жасаған қазақ тіл білімінің *бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, нысықтауыш, жұрнақ, жалғау, есімше, көсемше* және т.б. көптеген терминдері дәлел бола алады. А.Байтұрсынұлының терминжасауда калькалау тәсілін де ұтымды пайдаланғанын байқауға болады.

1924 жылдың маусым айында Орынбор қаласында «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі» болды. Бұл съезде терминологияны қалыптастырудың қағидаттары белгіленді. Ол туралы баяндаманы Е.Омарұлы жасады. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттарын арнайы зерттеген ғалым Ш.Құрманбайұлы Е.Омарұлының ұсынған қағидаттары «сол кезде термин мәселесінің басы-қасында жүрген А.Байтұрсынұлының» тікелей басшылығымен жасалған» [14, 39] деген пікір білдірді. Сөйтіп 1926 жылы Бакуде өткен «Түрікшілердің бірінші құрылтайында» А.Байтұрсынов қазақ терминологиясын жасаудың алғашқы ғылыми қағидаттарын ұсынған болатын.

А. Байтұрсыновтың термин шығармашылығы туралы белгілі ғалымдар Р.Сыздықова, Ө.Айтбайұлы, Б.Қалиұлы, Ш.Құрманбайұлы, Ш.Жалмахановтар өз еңбектерінде жан-жақты сөз етеді.

А.Байтұрсынұлы терминдердің орыс тіліндегі қасиеттерін жақсы білумен бірге, қазақ тілінің өз материалын ұтымды пайдалана отырып, терминдер жасаған. Көрсетілген терминдердің қазақ тілінің терминологиялық лексикасының қатарынан берік орын алып, күні бүгінге дейін өзгеріссіз қолданылып, әбден қалыптасып кеткендігі олардың сәтті жасалғандығының айқын дәлелі бола алады» [13, 52]. Шындығында 1920-30 жылдары алаш зиялыларының жасаған терминдерінің өміршеңдігі – олардың ұғым мен атау арасындағы байланысты терең түсінгенін терминге атау беру үшін зерттеуді ұғымнан бастағандарында жатса керек. Яғни олар лексикология, терминология, концептологияның айналысатын сұрақтарын жан-жақты зерттеген, содан барып термин жасаумен айналысқан деп айтуға толық негіз бар.

Х.Досмұхамедұлы – психология, физиология, медицина, анатомия ғылымын жетік меңгерген, осынау ғылым салалары үшін терминдік атаулардың маңызын жақсы түсінген, шамасы келгенше оның біразын жасаған ғалым. Оған біздің ғалым еңбектері мен мақалаларын оқығанымызда көзіміз жетті. Х.Досмұхамедұлының «Адамның тән тірлігі» (1927) атты оқу құралында орысша-қазақша атаулар сөздігі берілген, яғни ғалым сөздік түзу мәселесімен де айналысқан.

Ғалымның терминжасам шығармашылығынан жаңа атауларды көптеп кездестіреміз. Мыс.: *жүйке жүйесі* (нервная система), *жүйке түйіні* (нервный узел), *жүйке тұтқасы* (нервный центр), *қозғалғыш жүйке* (двигательный нерв), *қозу* (возбуждение), *сезім жүйке* (чувствительный нерв) т.б.

Х.Досмұхамедұлының термин шығармашылығы туралы 2000 жылы К.Қабатаева кандидаттық диссертация қорғаған. Зерттеуде

Х.Досмұхамедұлының еңбектерінде кездесетін қоғамдық-саяси, мәдени-әлеуметтік терминдерге талдау жасалынады, ғалымның термин жасау әдістері мен тәсілдері анықталады.

Ж.Аймауытұлы психологиялық атауларды, өсімдіктану атауларын, Е.Омарұлы пішіндеме (геометрия) атауларын, С.Қожанұлы есептану терминдерін, А.Қонқашпайұлы география атауларын, М.Жұмабаев педагогика саласының терминдерін жасаған. Соңғы жылдары қазақ зиялыларының еңбектері, олардың термин жасау тәжірибесі зерттеушілер тарапынан назарға іліге бастауы қуанарлық жайт.

Қазақ терминологиясының отызыншы жылдардағы дамуы Қ.Жұбанов есімімен байланысты. Ол қазақ тіл білімінің, оның салаларының, терминологиясының дамуына, қалыптасуына елеулі үлес қосқан ғалым.

Қ.Жұбанов 1933 жылы құрылған Мемлекеттік терминологиялық комиссияның төрағасы болып сайланды. Ғалымның Қазақстандағы мемлекеттік терминологиялық комиссияны басқаруы оның тіл білімінің терминология саласымен тікелей айналысуына себепші болады.

Қ.Жұбанов терминология туралы өз ойларын «К пересмотру казахской орфографии» (1935), «Принципы терминологии казахского литературного языка принимаемые государственной терминологической комиссией» (1935), «О специфике слов-терминов» (1935) деген еңбектерінде білдіреді.

Ғалым терминге «Термином называется специфический вид определенных словестных обозначений, передающих определенные понятия, установленные на данном этапе развития науки и революционной практики, проблем передаваемые термином терминологическое понятие может не совпадать со словарным значением, которое присуще данной словесной величине в обыденной жизни» [15, 272]-деп анықтама берді. Терминге берілген бұл анықтама неше жыл өтсе де өз өміршеңдігін көрсетіп отыр.

Қ.Жұбанов қазақ жазушыларының, мәдениет қайраткерлерінің бірінші съезінде қазақ әдеби тіл терминологиясының 10 принципі туралы А.Әбдіразманов, Ә.Қайдаров, Ө.Айтбаев, Б.Қалиұлы, Ш.Біләлов, Ш.Құрманбайұлы сынды ғалымдар еңбектерінде түрлі пікірлер айтылады.

Қ.Жұбанов қағидаттары туралы өз пікірін үнемі айтып жүрген ғалым - Ө.Айтбайұлы. Ол кісі Қ.Жұбанов қағидаттары жөніндегі пікірлерін айтылған уақытында, кезеңіне қарай, мазмұнына қарай екіге бөліп қарастырады. Біріншісі – советтік ортақ терминдер қалыптастыру бағытын ұстанған 1990 жылдарға дейінгі пікірлері де, екіншісі – одан бергі тіл дамуының жаңа кезеңінде айтқан ой-пікірлері мен жасаған тұжырымдары. Ғалымның бірінші пікірінде Қ.Жұбанов ұсынған қағидаттардың прогрестік жағы көрсетілсе, екінші пікірінде керісінше бұл қағидаттардың ұлт тілінің мүддесіне сай

жасалмағандығы, тілдік заңдылықтарымыздың ескерілмегендігі баса айтылады.

Расында Қ.Жұбанов 90-жылдарға дейінгі кезеңде қазақ терминологиясы қағидаттарын тұңғыш ұсынған ғалым ретінде танылып келді. Оның өзіндік себептері де болды. Қазақстан өз тәуелсіздігіне қол жеткізбей одақтас республикалар құрамында бір орталықтан басқарылып тұрғанда пуристік бағыт ұстанады деп қуғын-сүргінге ұшыраған алаш зиялылары, олардың еңбектері туралы айту мүмкін емес еді. Сондықтан туған халқы өзінің аяулы азаматтарының шығармалары, еңбектері тұрмақ есімдерін атауға қорықты. Осындай кезеңде Қ.Жұбановты қазақ терминологиясының қағидаттарын тұңғыш ұсынған ғалым ретінде тану, «оның қағидаттарын қазақ терминологиясының қалыптасуына зор ықпал етті» деп асыра сілтеп жазу уақыт талабынан туындаған жайттар дер едік.

Жалпы қазақ терминологиясының өзекті мәселелерімен айналысып жүрген Ш.Құрманбайұлы, Ш.Біләлов, С.Ақаев т.б. сияқты ғалымдар Қ.Жұбановтың қазақ терминологиясының қалыптасуына жасаған зор еңбегін атай отырып, оның жасаған 10 қағидатының біздің қазақ терминологиясының бүгінгідей мүшкіл халге жетуіне басты себеп екендігін атап көрсетеді. Кірме терминдердің қазақ тіліне орыс тіліндегі калпын сақтап алынуының негізгі және олардың аударылмауының басты себептерінің бірі - термин қабылдауда басшылыққа алынып келген Қ.Жұбанов ұсынған 10 принципке тікелей байланысты. Аталған қағидаттар күні кешеге дейін термин қабылдауда басшылыққа алынған принциптеріміз, кірме терминдердің ана тілімізге аударылуына немесе тіліміздің дыбыстық заңдылықтарына сәйкес тұлғасын өзгертуіне кедергі жасап келді.

1935 жылы Қ.Жұбанов ұсынған 10 принцип қабылданғаннан кейін Д.Байтұрсынұлы ұстанған принциптер басшылыққа алынбады. Соның салдарынан ғылым мен техниканың әр түрлі салаларындағы терминдердің 70-80% кірме терминдерді құрап, қазақ тілі толық дәрежедегі ғылым тілі бола алмай келді.

Қ.Жұбанов және оның термин шығармашылығы туралы жазылған мақалалар, еңбектер баршылық. 1999 жылы ғалымның ұлы Е.Жұбановтың жетекшілігімен М.Миров «Профессор Қ.Жұбановтың ұлттық ғылым тілін жасаудағы ролі» атты кандидаттық диссертация қорғады. Бұл туралы Ш.Құрманбайұлы өзінің «Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары» атты еңбегінде М.Мировтың Қ.Жұбановты тұңғыш рет терминология принциптерін жасаушы және бұл принциптер терминжасау «ісін бірізді жүйеге түсірді» деген пікірмен келіспейтіндігін айта отырып, «егер мұндай пікір алаш зиялыларының атын атауға болмайтын кезеңде

айтылса түсінуге болар еді, бірақ М.Миров кандидаттық диссертацияны 1999 жылы қорғады емес пе» деген ойын білдіреді де «Біз қазақ тіл білімінің тарихында өзіндік орны бар белгілі тілші ғалым Қ.Жұбановқа «терминология қағидаттарын бірінші жасады» деген сөзді қымай отырған жоқпыз. Тарихи әділеттілік, ғылыми шындықтың бұрмаланбай айтылуын, жазылуын қалайтын қалың көпшіліктің бірі ретінде және осы мәселені арнайы сөз етіп отырғандықтан да айтылған пікірлердің шындықтан алшақтау екенін айтуға міндеттіміз» деп ойын түйіндейді [14,85].

Қазақ терминологиясының бұдан кейінгі кезеңдегі дамуы Қ.Жұбанов ұсынған 10 қағидатқа негізделіп жасалып отырды. 1937-38 жылдары алаш зиялыларын ұлтшыл деп танып, қуғын-сүргінге ұшыратып, көздерін жойды. Кеңестік идеология қоғам өмірінің барлық саласында үстемдік етті. Орыс тілі ортақ тілге айналып, күшейе түсті. Бұл туралы Ш.Құрманбайұлы «Ұлт тілдері айкасып, ортақ бір тілге айналып кетуі мүмкін (ол, әрине, орыс тілі болуы керек еді) орыс тілінен өзге тілдердің ерекшеліктерін ескермейтін кеңес үкіметі өзінің ұлтсыздандыруға бағытталған идеологиямен де, одан алдана қоймағандарды тегеурінді күшімен де тәрбиелеуге көшті» [16,152] деп жазды.

Шындығында осындай солақай саясаттың үстемдік құруы ата-бабаларымыз қалдырған ұлттық мұраның жойылуына әкелді, осының салдарынан туған елінің тарихы мен тілін, мәдени және әдеби мұраларын оқып, тағлым ала білмейтін тоғышар жандардың көптеп өсіп шыққанын жасыруға болмайды. Дәл осы кезеңдегі ғылым тілінің жағдайы туралы М.Әуезов қазақтан шыққан ғалымдардың, дәрігерлер мен инженерлердің, биологгар мен математиктердің өз еңбектерін ана тілінде жаза алмауы кешірілмес күнә дей отырып, олардың міндеті ғылымның әр түрлі салаларындағы терминдерді қазақ тілінде қалыптастыру екенін атап көрсетеді. Алайда сол жылдары аталған мәселені шешуден гөрі кеңестік тіл саясатының дұрыстығын жақтаушылар басым болғаны белгілі. Бұл кезеңге ғалым Ш.Білалов «ғылым тіліндегі ұлттық тіректің шайқалу кезеңі» [17,75] деп әділ баға береді.

1930 жылдардан басталған термин жасау жұмыстары туралы сөз қозғағанда Ш.Құрманбайұлы атап көрсеткендей, ұлтымыздың біртуар азаматы, ғалым М.Әуезовтің ғылым тілі, терминология жайлы айтқан пікірлері ескерусіз қалып жүргендігін айту керек.

А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялылары ұлт тағдыры үшін тіл мәселесінің, оның терминдерінің жай-күйін сөз етіп жүрген тұста, жасы жиырмаға жетпеген М.Әуезов те өзінің ой-пікірін мақалаларында білдіріп

отырған. М.Әуезов 1917 жылы «Сарыарка» газетінде «Қайсысын қолданамыз?», 1918 жылы «Ғылым тілі» атты мақалаларын жариялайды.

М.Әуезовтің термин туралы ойлары Б.Исхановтың «М.Әуезов және қазақ тілі мәселелері» деп аталатын кандидаттық диссертациясында арнайы сөз болғанына қарамастан Әуезовтің тіл мәселелеріне арналған еңбектері тілші ғалымдар тарапынан толық жасалып болды десек артық айтқандық болар еді [13,68]. М.Әуезов ғылым тілі туралы: «біреу оңға, біреу солға тартып, илей беруге көне беретін ғылым жолы – терінің пұшпағы емес. Әуелде қалай беттесе, көп уақытқа шейін сол бетінде жол салып бекіп қалады. Сол себепті қазақ оқуының бетіне қандай жаңалық кіргіземіз десек те, әуелі кеңінен толғап ойланбай іс қылудың артынан талай аурулы мәселе туып кетуін ұмытпауы керек [18,13] деп, термин жасауға аса ұқыптылықпен қарайды.

Ғалымның қазақ мектептеріне қажетті оқулықтардың жоқтығының басты себебі ғылым тілінің қалыптаспағанынан деп айтуы өте орынды. Қазақ мектептерінің сол кездегі мұқтаждарын анық байқап, оған арналған оқулық жазу үшін ең алдымен қазақша пән атауларын жасау керектігін айтады. Расында ғылыми ұғымдар мен түсініктер оқулықтан басталады. Мектеп оқушылары пән атауларын меңгеріп, саналарында ол туралы түсініктер қалыптастырып, кейін жоғары және арнаулы оқу орындарында сол білімдерін тереңдете түсетіні анық. Сондықтан да М.Әуезов - оқулық мәселесін, онын жас ұрпақ үшін мәні мен маңызын, ондағы ғылыми атаулардың берілуі туралы мәселелерді алғашқылардың бірі болып көтерген ғалым.

М.Әуезов терминологиялық сөздік түзуі шет тілінен енген сөздер мәселесіне де өз ой-пікірлерін білдірген. М.Әуезовтің термин туралы жазған ойларынан оның А.Байтұрсынұлының термин жасаудағы қсынған қағидаттарын басшылыққа алғаны байқалады. Мәселен, ғалымның жат сөздерді қабылдау жайында, ғылым тілін жасауда қазақ тілінің бар байлығын, оның ішінде көнерген сөздер, кәсіби сөздер, диалект сөздерді пайдалану деген пікірлері А.Байтұрсынов қағидаттарымен толық үйлесіп жатқанын байқаймыз. Бұл туралы Ш.Кұрманбайұлы: «бұл сабақтастықты ұлылардың ұғынысуы, тұлғалардың түсінісуі деуден гөрі нақтылай түсер болсақ, 50 жылдары терминологияны дамытуда кеңестік саясаттың талабына толық сәйкес келетін бағыттың үстем етіп тұрған тұсында Әуезов еңбегінен 20 жылдары А.Байтұрсынов ұсынған принциптердің қолдау тауып отырғанын көреміз. Сондықтан қазақ терминологиясының даму, қалыптасу тарихын сөз еткенде де, қазіргі кезеңдегі даму бағытын белгілеу кезінде де мұны ескерусіз қалдырмаған жөн» [13,74], - деп әділ баға береді. Біз өз

тарапымыздан айтылған ойларға қосыла отырып, М.Әуезовтің термин туралы ойлары арнайы зерттеуді қажет етеді демекпіз.

Қазақ терминологиясының 1940-60 жылдар арасындағы зерттелуінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ. Т.Сауранбаевтың редакторлығымен терминологиялық сөздіктері (1948 ж.) басылып шықты. Терминологиялық сөздіктердің барлығы жоғарыда сөз болған терминминжасам қағидаттарын басшылыққа ала отырып жасалынды. Бұл кезде С. Бәйішев «Термин және терминді қолдану туралы» (Соц.Қаз. 1947,1 июнь), «Қазақ тілінің терминологиясын жасаудың негізгі принциптері мен міндеттері» (Терм-я сөзд. 1-кітап,1948), Н.Т.Сауранбаев «Қазақ терминологиясының совет дәуірінде дамуы және оның келелі мәселелері» (ҚазССРҒА хаб, лингв. Сер. 1948, №77) атты мақалалар жарық көрді.

Түрлі ғылым салаларының терминдерін жеке-жеке қарастыру осы кезеңге тән. Мысалы: И.Алменов «О казахской технической терминологии» (Казахстанская правда, 1948, 9 тамыз), П.П.ГТоляков «О казахских ботанических терминов» (Вестник АНКаз ССР 1950, №6), Г.Конкашпаев «Казахские народные географические термины» (Известия АНКазССР сер.геогр. 1951, №99, Вып.3), Е.Рамазанов «Ботаника терминдері жөнінде» (Қаз. ССР.Ғ.А. хаб. 1961, №9), Е.Көшербаев «Техникалық термин бастамасы» (Қаз. әдеб. 1972, 29 қыркүйек), К.Аяпбергенова «Терминдердің де сыры бар» (Білім және еңбек, 1976, №8) «Қазақ медицина терминдері хақында» (Білім және еңбек, 1982,10), Қ.Жарықбаев «Некоторые вопросы казахской психологической терминологии» (Развитие психологические мысли в Казахстане, Алматы, 1986), «Пути и принципы развитие казахской психологической терминологий» (Проблемы казахской терминологии, А.1986), М.Балақаев, М.Ш.Сарыбаев «Спорт терминдері» (Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы 1986), А.Есенқұлов, Т.Аппақова «Қазақ тіліндегі психологиялық терминдердің даму жолдары» (ҚазССР ҒА Хабаршысы. Филология сериясы.1988. №2) және т.б

Жоғарыда келтірілген мақалалар мен еңбектердің көпшілігі орыс тілінде жазылған, өйткені орыс тілінің ұлт тілдеріне толық үстемдік орнатқан тұсы еді. Салалық терминдердің негізін халықтық терминдер құрайтындығы аудармаларында жіберілген кемшіліктер, терминдерді реттеу, олардың варианттарының көптігі, оқулық және ғылыми әдебиттердегі терминдердің ала-құлалығы, терминдерді жасаудың принциптерінің жоқтығы сияқты мәселелер сөз болды. Мәселен, Ғ.Қонқашпаев қазақ географиялық атаулардың жартысына жуығы халықтық терминдер негізінде жасалған десе, медицина терминдерін арнайы зерттеп, кандидаттық диссертация корғаған К.Аяпбергенова қазақ медицина терминдерінің көпшілігі халықтық атаулар

деп жазады. Осындай пікірлерді кез-келген салалық терминдерді зерттеуші ғалымдар еңбектерінен кездестіруге болады. Демек, әрбір салалық терминдердің пайда болуына, дамуына халықтық лексиканың тигізер әсері мол екені анық. Осы кезеңдегі ғалымдардың назарын аудартып отырған тағы бір мәселе терминологиялық сөздік түзі, олардың ұстанымдары, сапалары туралы еді. Қазақ тілінде терминологиялық сөздіктердің орыс тілімен салыстырғанда аздығы оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға, олардың аудармаларына, мектеп оқулықтары мен студенттердің пәнді меңгерулеріне қиынтық туғызып отырғандықтары туралы жазады. Ғалымдар тарапынан қазақ терминологиясының шешілуге тиісті өзекті мәселелері жан-жақты сөз болып, оны жоюдың жолдары ұсынылғанымен, нақты іс-әрекеттер жасалынбады. Бұл жағдай 1940-80 жылдардағы еліміздегі қоғамдық-саяси ахуалмен ортақ мақсат жолында қызмет еткен коммунистік партияның алға қойған міндеттерімен тікелей байланысты болды. Бірақ өзіміз көріп отырғандай, қазақ тіліндегі салалық терминдердің жай-күйі, дамуындағы, қолданысындағы кезек күттірмейтін өзекті мәселелердің асқынуы, жекелеген ғалымдарға ой салып, сол туралы жазуға түрткі болады. Мұны қазақ терминологиясының 1990 жылдардан кейінгі жаңаша дамуының алғышарты деп түсінген жөн.

Қазақ терминологиясының дамуындағы елеулі кезең - 1990 жылдардан басталады. Өздеріңізге белгілі қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алуымен байланысты қазақ тілінің түрлі ғылым салаларының терминдеріне жаңаша көзқарас пайда болды. Салалық терминдер жан- жақты зерттеліне бастады. Атап айтатын болсақ, М.Сералин «Оқу- ағарту жұмысында қолданылатын терминдер мен ұғымдар жайында» (1990), З.Ахметов «Әдебиттану терминдерін жетілдірудің зәрулігі» (1996), Б.Момынова «Қоғамдық-саяси лексикасының терминдік тұрғыдан актуальдануы» (1999), С.Исакова «Қазақтың байырғы сөздері негізінде қалыптасқан психология терминдері» (1999), А.Қалиев «Түркі тілдерінде лингвистикалық терминдердің қалыптасуы мен жасалуы» (2002), Ә.Сапарбекова «Мемлекеттік тілде іс-қағаздары терминологиясын қалыптастыру - уақыттың өрелі талабы» (2002), Ғ.Әбілова «Математика терминдерінің мемлекеттік тілде қалыптасуы» (2003), Е.Әбдірәсіов «Қазақ тіл білімі терминдерінің жайы» (2003), Қ.Қайын «Биологиялық атау сөздер мен терминдерді тұрақтандыру керек» (2003), Ш.Әбдірахман «Кен ісі салалық терминін түзеу мәселелері» (2003), М.Ахметов «Медицина терминологиясының қазіргі жай-күйі» (2003), С.Тоқсанбай «Экономикалық терминжасам хақында бірер сөз» (2003), Қ.Мұсылманбекова «Сәулет және құрылыс саласына қатысты терминдер жайында» (2004), Л.Дүйсенбекова «Іс-қағаздары терминдерінің қалыптасуы»

(2004), А.Нұрдаулет «Әскери терминдерді әлі де жетілдірейік» (2005), С.Керімбекова «Халықтың географиялық терминология - ғылыми географиялық терминдердің қайнар көзі» (2005), Ә.Ыбырайым «Әскери терминдерді қалыптастырудағы көнерген сөздердің рөлі» (2005) жөнінде мақалалар жазды.

Аталған ғылыми мақалалардың авторларының кейбіреулері осы сала бойынша кандидаттық диссертация жазып, монография, оқулық, оқу құралдарын жарыққа шығарды.

Зерттеушілер еңбектерінде қазақ терминологиясындағы А. Байтұрсынұлы ұсынған қағидаттар басшылыққа алынғаны байқалады. Салалық терминдерді қазақтың төл сөздерінен беру, халықаралық терминдерге балама ұсыну, оны қолданысқа енгізу т.б. мәселелер қарастырылады. Салалық терминдерді зерттеу мәселесі тек қана тілшілерді емес, түрлі ғылым саласының мамандары тарапынан да қызығушылық танытты. Оған дәлел С.Ақаев химия пәні терминдерін, Ш.Біләлов математика терминдерін тілдік тұрғыдан зерттеп, докторлық диссертация қорғады. Кезінде А.Байтұрсынұлы бастаған ұлт зиялылары пән атауларын зерттеп, оларға сол сала мамандары терминді ұсынған болса, сол дәстүр жалғасын тапқан іспетті. Терминжасам шығармашылығында тілшілер мен салалық маман иелері біріге отырып атаулар жасау тәжірибесі барлық тілдерде кездесетін құбылыс. Сондықтан Ш.Біләлов пен С.Ақаевтің ұлттық ғылым тілін қалыптастыруға, терминдерді қазақшалауға қосқан үлестерін атап өту орынды деп санаймыз.

Қазақ терминтану ғылымына өз еңбектерін сіңірген терминнің теориялық мәселелерін сөз еткен ғылыми еңбектер саусақпен санарлық. Сондықтан да термин төңірегіндегі мәселелер бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналды.

Бұл Ә.Қайдар, О.Айтбаев, Б.Қалиев, Ш.Құрманбайұлы тәрізді ғалымдардың зерттеулері болып табылады.

Қазақ терминологиясының зерттелу жайын сөз еткенде академик Ә.Қайдар есімін атаған жөн. Өйткені ғалым 1990 жылдардан басталатын қоғамдық-саяси өзгерістердің тілге, оның терминологиясына әсерін көрегендікпен болжай отырып, қазақ терминологиясы дамуына жаңаша көзқарастың қажеттілігін алғаш көтергендердің бірі болып табылады. Оның «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» (1993) деген мақаласының маңызы зор. Осы еңбегінде ғалым қазақ терминологиясы дамуының ғылыми-қоғамдық принциптерін ұсынады. Ә.Қайдардың әр жылдары жазған «Қазақ терминологиясы» (1987), «Ғылым тілі әдеби тіл статусы» (1990), «Взаимодействия народной и научной терминологии в казахском

литературном языке» (1989), «Терминология көкжиегі» (1998), «Жаңалыққа жатсынбай, жасампаздыққа жармаспай қазақ тілі терминологиясына жаңашыл көзқараспен қарайық» (1992) тәрізді мақалаларында ғылым тілі, әдеби тіл, терминологиялық лексика мәселелерін көтерді.

Ә.Қайдар ұсынған 11 қағидат (1-кестеде) туралы Ө.Айтбайұлы, Ш.Құрманбайұлы сынды ғалымдар өз пікірлерін жазды. Ғалымдардың тұжырымдауынша академик Ә.Қайдар ұсынған қағидаттарды қазақ тіліндегі термин дамуының негізгі қағидаттарының қатарына қосатындары да бар, ал кейбіреулері терминологияны жетілдіруде, дамытуда ескерілуге тиісті мәселелер.

Жалпы алғанда академик Ә.Қайдардың қазақ терминологиясы туралы жазған еңбектері көптеген ғалымдарға ой салды. Ол еңбектері терминге жаңаша көзқарас қалыптастырғанын атап айту керек.

Ө.Айтбаев қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси терминдердің қалыптасу тарихын 1980 жылдардан бастап зерттейді. Ғалымның бұл саласы бойынша 35-тен астам ғылыми мақалалары және «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы» (Алматы, 1988) атты монографиясы, «Термины и их переводы» (А., 1990), «Қазақ сөзі»(қазақ терминологиясының негіздері)» (А., 1997) атты еңбектері жарыққа шықты. Автордың соңғы жылдары жазған «Қазақ тілінде термин жасау жолдары мен принциптері хақында» (2002), «Алғашқы газет-журналдардың термин жасаудағы рөлі» (Астана, 2003), «Терминжасам мен оны реттеудің мәдениеті хақында» (Астана, 2004) атты мақалаларының қазақ терминологиясының өзекті мәселелеріне арналғандығын атап көрсеткен жөн. Ө.Айтбайұлы қазақ терминологиясын дамуы мен қалыптасуындағы термин және аударма туралы, терминология мен аударма ғылымының қалыптасуындағы ғалымдар жайында, А.Байтұрсыновты қазақ терминологиясының негізін салушы ретінде тану туралы, терминдену аспектілері және термин шығармашылығының кезеңдері, термин жасаудың үлгілерін, әдіс-тәсілдерін, терминге қойылатын талаптар, термин таңдау жолдары, терминологиялық банк туралы, оны компьютерге енгізу мәселесі, қазақ терминологиясының мүмкіндіктері, терминнің табиғаты, аударма және ғылым тілі, сөздердің терминденуі және т.б. көптеген мәселелерді зерттеген ғалым.

Б.Қалиев қазақ тіліндегі өсімдік атауларын 1970 жылдардан бастап қазақ тіліндегі өсімдік атауларын жан-жақты зерттеп, 1988 жылы «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары» атты монографиясын жарыққа шығарды. 1996 жылы аталған тақырыптан докторлық диссертация қорғайды. 1996 жылы «Қазақ тіліндегі өсімдік атауларының лексика-семантикалық және морфологиялық құрылысы» атты еңбегі басылды. 1997 жылы «Қазақ тілінің

көкейтесті мәселелері» атты мақалалар жинағы жарық көрді. Ол жинақтың «Терминология» деп аталатын IV тарауында В.Қалиев «Қазақтың төл терминологиясы қашан жасалады», «Жат сөздер жағадан ала бермесін», «Термин және терминком жайында бірер ой», «Шет тілі терминдерін қалай қабылдап жүрміз?», «Термин және тіл мәдениеті», «Термин тағдыры да ойыншық емес», «Терминді тілге тиек етсек», «Тағы да ғылыми терминдерді аудару туралы» деген сияқты 8-9 ғылыми мақалаларын берген.

Б.Қалиевтың содан бергі уақытта жазған мақалаларынан қоғамдық санадағы терминге деген жаңаша көзқарастың лебі сезіледі. Мәселен, ғалымның «Мемлекеттік тіл және оның терминологиясы», «Қазақша термин жасау мәселесі және оны қалыптастырудағы БАҚ-тың рөлі», «Ұлттық терминдерге қамқорлық қажет», «Тіл білімі терминдерінің тақырыптық, түсіндірмелі және оқулық сөздігін жасау принциптері», «Термин туралы кейбір ойлар», «Қазақ тілі терминдері және оларға қойылатын талаптар», «Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ терминдері», «Қазақ терминдерін жасаудың кейбір мәселелері», «Қазақша термин жасау мәселелері», «Қазақ терминдерін жасау мен реттеудің және оны қалыптастырудың кейбір мәселелері», «Қазақ терминдері: кеше, бүгін және ертең», «Термин жасау-саяси мәселе», «Тіл білімә терминдерін біріздендіру». «Сөзжасамдық терминдер жөнінде», «Терминдерді бір ізге түсіру мәселесі», т.б. тәрізді мақалаларын атауға болады. Ғалымның халықаралық терминдер туралы жазған ойлары өте құнды деп есептейміз.

Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы, оның зерттелуіне өз үлесін қосып жүрген ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Құрманбайұлы екені белгілі. Ол кісі «Анатомия терминдері және өсімдіктер морфологиясы» атты кандидаттық диссертация (1994), «Қазақ лексикасының терминденуі» (2000) атты докторлық диссертация қорғады.

Ғалымның 70-ке жуық ғылыми мақалалары мен бірнеше көлемді еңбектері бар. Атап айтар болсақ: «Қазақ лексикасының терминденуі» (1998), «Қазақ терминологиясы дамуының кезендік сипаты» (2002), «Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары» (2004), «Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері» (2005) және қазақша-орысша, орысша-қазақша терминдер сөздігі (электронды сөздік) (2004) т.б.

Ш. Құрманбайұлының термин шығармашылығының көп қырлы екенін аңғару қиын емес. Ғалым қазақ тілінде термин теориясына қатысты көптеген тың мәселелердің басын ашады. Олар: термин және терминологиялық өріс, терминологиялық омонимия, жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі, терминдеуші лексика көздері, атаулардың жалпы қолданысқа көшуі, термин

шығармашылығындағы шарттылық, халықаралық терминдер, термин жасау қағидаттары, қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаттары және т.б.

Ш.Құрманбайұлы өзінің «Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары» атты еңбегінде қазақ терминологиясының даму тарихында әр кездері ұсынылған ғылыми қағидаттарға талдау жасап, олардың жетістіктері мен кемшіліктерін сараптап, әділ баға береді. Мұны ғалымның «Бұл зерттеуімізде біз өткен ХХ ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап, аяғына дейінгі аралықта А.Байтұрсынұлы мен Е.Омарұлы, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, С.Бәйішев, Ә.Қайдар сынды ғалымдар жасаған, ұсынған қағидаттарды зерттеу нысаны ретінде қарастырумен қатар басқа да түрлі сала мамандары тарапынан терминология қағидаттарына қатысты тікелей немесе жанама айтылған ой-пікірлерді ескеріп, оларды қал-қадірімізше сараптай отырып, қорытындыға келдік деуге болады» [14, 171] деген сөзінен де байқау қиын емес. Ш.Құрманбайұлы аталған еңбегінде әрбір ұсынылған қағидатты терминология дамуының бүгінгі күнгі талабы тұрғысынан талдап, қорытынды жасалғаны байқалады. Мәселен ғалымның пікірінше А.Байтұрсынұлы, Ә.Қайдар ұсынған қағидаттарды бүгінгі күні қазақ терминологиясы дамуының басты ұстанымдары ретінде пайдалану ұлттық ғылым тілінің қалыптасуына, дамуына игі әсерін тигізеді. Ұсынылған қағидаттардың ішінен басты деп есептейтіндерін ғалым бөліп алып, қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары ретінде ұсынады. Ал ғалымдар ұсынған қалған қағидаттар терминологиялық жұмыстарды жүргізуді басшылыққа алатын, ескерілетін шарттар, амал-тәсілдер, талап-тілектер деп қарастырады. Ғалымның ойынша мәселе қазақ терминологиясы дамуының қағидаттарының санында емес, сапасында, терминологиялық жұмыстарды жүргізу барысында аталған қағидаттардың басшылыққа алынуында жатыр. Сөйтіп Ш.Құрманбайұлы бұған дейінгі жасалған, ұсынылған қағидаттарды ықшамдап, топтастырып, екі ғылыми қағидат (1-кесте) ретінде ұсынады.

Шындығында, термин жасау ісінде ғалым ұсынған екі қағидатты ұстансақ, қазақ терминологиясына ұлттық сипат тән болып, терминдеріміз қазақша аударылып, ғылым-білім барлығы осы тілде сөйлер еді. Өкінішке орай, қазақ терминологиясындағы қазіргі жағдай осы талапқа сай деп айта алмаймыз. Әрине, істелініп жатқан жұмыстар да аз емес. Дегенмен бұл жолда көптеген істер атқарылуға тиіс деп ойлаймыз.

Қазақ терминологиясының даму кезеңдерін 2-кестеде көрсетеміз.

2-кесте



1.3 Терминологиялық лексика, әдеби тіл, жалпыхалықтық тіл

Терминология - белгілі бір өндіріс пен білім саласының терминдерінің жиынтығы, сондай-ақ терминдердің жасалуы, құрамы және қызметі туралы ілім.

Терминологияның жалпы теориясы адамдардың білімін жеткізетін және басқаратын арнайы сөздердің жасалуы мен қолданылуы; терминологиялық жүйені жетілдіру; жаңа терминдер мен олардың жүйесін жасаудың тиімді жолдарын іздестіру; түрлі білім салаларындағы терминологияларға тән ортақ сипатты табу мәселелерімен айналысады.

Ф.П. Сороколетов: «Терминология тілдің сөздік құрамымен тығыз байланысты бір бөлігі, ол сөздік құрам сияқты тілдің заңдылықтары бойынша дамиды» [19,29], - деп жазада.

Терминологиялық лексика дегеніміз терминдік жүйедегі арнайы атаулардың жиынтығы. Әрбір терминдік жүйе нақты бір ғылым, ғылыми бағыттар мен мектептердің ұғымдарын білдіреді.

Әрбір ғылымның арнайы терминологиясы ұғымдық категориялар атауларын: нысандар, құбылыстар және олардың заңды қарым-қатынастарының байланысын; құрамын, белгілерін, сапаларын, үдерістерін, жағдайларын т.б. біріктіреді.

Терминдердің ғылым тілінің лексикасына тән басты ерекшеліктері болады. Бұл ғылым тілі лексикасының мейлінше ақпаратты бөлігі болып есептеледі. Олар ғылым тілі лексикасының құрамын жалпыхапқық тіл лексикасынан бірнеше бағыт бойынша, атап айтқанда: семантикалық тұрғыдан (терминдер тек ғана арнайы ұғымды атайды, мазмұны жағынан олар қайталанбайды), қызметі тұрғысынан (терминдер тек атауыштық емес, анықтамалық қызметте атқарады); таралу аймағына қарай (терминдердің көпшілігі жалпы әдеби тіл негізінде жасалатындықтан және көпшілік қауымға түсінікті бола тұра ғылым тілінің, соның лексикалық жүйесіне тән болып келеді. Терминдер өзінің тура қызметінде тек ғана ғылыми ортада қолданылады); пайда болу көздері, жасалу әдіс-тәсілдері бойынша (терминдер жалпыхалықтық тілдің сөзжасамдық әдіс-тәсілдеріне сүйене отырып жасалынады және терминдердің жалпы әдеби тілдің басқа қабаттарында қолданылмайтын арнайы термин жасау көздері де болады), атаудың семантикалық құрамы жағынан (терминологияда, жалпы тілдік сөздік белгілерден басқа сөздік емес таңбалар да көп қолданылады) ажыратып тұрады.

Тілшілердің басым бөлігі терминдер әдеби тілдің сөздерінен көп жағынан айырмашылығы бар сөздер тобы, тілде термин-термин емес деген екі жақты қарама-қарсы қоюшылық бар деп тұжырымдайды.

Өткен ғасыр басындағы лингвистикалық еңбектердің бірқатарында терминнің табиғатын термин-термин емес тұрғысынан анықтап, терминнің ерекше қызметіне көңіл аударады.

Бұл туралы В.М. Лейчик өзінің «О языковом субстрате термина» атты мақаласында тілшілер мен терминшілердің терминге екі қырынан келетінін атап көрсетеді. Осы орайда Н.П.Кузькиннің «Если лингвисты подходят к термину как к чему то данному, то терминологи – как объекту сознательной целенаправленной обработки. Поэтому лингвисты говорят о признаках

термина, а терминологи – о требованиях к термину» [20] деген пікірінің орынды екені анық.

Шындығында, терминге қойылатын талаптар (бір мағыналық, қысқалық, жүйелілік т.б.) туралы алғашқы болып жазғандардың бірі - Д.С. Лотте және оның мектебі. Осы талаптардың негізінде терминдер реттеліп, бір жүйеге келтіріліп, сөздіктер жарыққа шыға бастағаны да рас.

В.М. Лейчиктің терминнің тілдік табиғатына баса назар аударатын ғалымдардың алғашқысы Г.О.Винокур екендігін және олардың «тілдегі сөздерге тән құбылыс оның терминдеріне де тән болады» деген қағиданы ұстайтындығын айтады. Автор соңғы пікірдің олқылығы мынада деп көрсетеді: 1) «Ғылыми терминдердің қалыптасу процесін реттестіріп отыру керек» деген қағиданы ұстанушылардың терминнің тілдік табиғатын жоққа шығармайтындығын, олардың терминді - ерекше терминологиялық мағынадағы сөз деп түсінетінін айтады; 2) Терминге қойылатын талаптардың көп жағдайда орындалатындығын, нәтижесінде ғылыми терминдер реттеліп, бір жүйеге түскендігін алға тартады. Осы жерде ғалым пікірінің дұрыстығын айта отырып, өз тарапымыздан терминнің тілдік табиғаты туралы жазған ғалымдардың терминнің терминологиялық жүйедегі қызметін, олардың ерекшеліктеріне, жасалу жолдарына соқпай өтуі мүмкін емес екендігін айтқымыз келеді.

В.М.Лейчиктің «терминнің табиғатын тіл білімі де, логика да толық ашпайды. Оны 60-жылдардың соңында Б.Н.Головин мен В.П.Петушков негізін салған терминтаным (терминоведения) ғылымы жан-жақты түсіндіреді» деген пікірі орынды [21].

Орыс тіл білімінде «терминоведения» терминін «терминология» терминімен салыстырғанда орыс ғалымдарының барлығы бірдей сәтті жасалған термин деп есептемейді. Дегенмен «терминология» терминіне қарағанда оның артықшылығы туралы А.В.Варандеев былай деп жазады: «На наш взгляд, «узость» термина терминоведения является не недостатком, а достоинством, поскольку позволяет семантически точно обозначить общее учение о терминах и преодолеть полисемию заключенную в обозначении терминология - 1) «совокупность терминов вообще»; 2) «совокупность терминов конкретной отрасли знания»; 3) «учение о терминах» [22].

Қазақ тіл білімінде «терминоведения» термині жоғарыда көрсетілген үш мағынаны білдіріп, көп мағыналы термин ретінде жұмсалады. Сондықтан «термин туралы жалпы ілімді» терминтаным (терминоведение) терминімен белгілеу дұрыс. Бұл жалпы қазақ ғылыми терминологиясында тілтаным (языковедение), ғылымтаным (науковедение) тәрізді терминдерге қосылып, жүйелілікті қалыптастырған болар еді.

Б.М. Лейчик терминнің атауыштық (номинативная) қызметі адам қызметінің арнаулы саласында терминнің көмегімен жалпы ұғымдарды, категорияларды, ұғымдардың белгілерін атауда көрінеді деп жазады. Расында термин атауыштық қызмет атқарады, бірақ «жалпы ұғымды» емес, тек қана ғылыми ұғымды атайды.

Терминнің нақты бір ғана мағынасы болады, яғни ол ғылыми ұғымды білдіреді. Терминге семантикалық айқындылық тән. Оған термин ұғымның анықтамасын беруімен қол жеткізеді. А.А. Реформатский Г.О. Винокурдың «особая функция в которой выступает слово в качестве термина, - это функция названия» деген пікірін «беда определения в том, что номинативная функция — это общая функция всех слов, а не только терминов» деп сынауы бекер емес [23,47].

Б.М. Лейчик «термин - сөз», «термин ерекше сөз - жалпы қолданыстағы сөз» деп қарама-қарсы қоюға болмайды деген ойды айта отырып, мақала басында, «терминнің табиғаты, оның ерекшелігі туралы жазылған еңбектердің барлығы терминді тілдегі барлық басқа сөздерден ажырататын, терминге ғана тән белгілерді көрсете алмайды» деп өзінің жоғарыдағы пікіріне қайшы келеді. Шындығында, терминнің өзіндік ерекшелігін жалпы қолданыстағы сөздермен салыстыра отырып, яғни «жалпы лексика және арнаулы лексика», «әдеби тіл - арнайы мақсатқа қолданылатын тіл», «әдеби тілдегі термин - арнайы қолданыстағы термин емес сөз», «термин/термин емес» тұрғысынан толық түсінуге болады.

Осы жерде алғанда терминологиялық лексиканың қазіргі әдеби тілдің құрамындағы орны туралы маңызды сұрақ туындайтыны орынды. Сол сұраққа жауап беру мақсатында біз терминдердің жалпы лексика мен әдеби тілдер арасынан алатын орнын анықтауға талпыныс жасап көрелік. Ол үшін ең алдымен әлгі сұрақ туралы ғылыми әдебиеттерде орын алған үш көзқарасты атап өткен жөн болар. Ол көзқарастар:

1. Терминология - әдеби тіл лексикасының құрамды бөлігі. Бұл көзқарасты жақтаушылар терминдердің көпшілігі әдеби сөздерден жасалғанын, болашақта да жасалына беретіндігін айтады және әдеби тілге жаңа терминдердің ену мүмкіндігін алға тартады. Жалпы әдеби тілдегі лексикалық-семантикалық, грамматикалық категориялар мен процестерге сүйене отырып терминологияны әдеби тілдің құрамды бөлігі деп қарастырады.

2. Терминология - әдеби тіл лексикасымен ұқсастығы аз, оның өз алдына жеке бір қабаты. Терминологиялық лексиканың өзіне тән заңдылықтары, оның әдеби тілдің ережесіне (норма) қайшы келетін

тұстарын ескере отырып, оны өз алдына жеке бөлім ретінде қарастыру орынды екендігі айтылады.

3. Терминология жасанды жасалған таңбалар жүйесі ретінде қарастырылады. Мұндай көзқарастың негізі әрбір ғылым саласының ақпаратты, белгілі бір ұғымды бір мағынада ғана тілдік таңба арқылы беруге ұмтылуы жатса керек. Терминологиялық жүйені осылай түсінсек, онда ол табиғи тілге қарама-қарсы жасалған жасанды тіл болып саналады.

С.Е.Никитина болса, «терминологиялық лексика әдеби тілдің лексикалық құрамына енбейді. Ол сөйлеу тілінің бір түрі ретінде қарастырылады» [24],- дейді.

Осы пікірлермен таныса отырып, біз өз ойымызды білдіргіміз келеді. Біз терминологиялық лексиканың белгілі бір бөлігі жасанды жолмен жасалатындығын мойындасақ та, оны жасанды жүйе дейтін тұжырыммен келіспейміз. Сөз болған соң ол жасанды бола ма, арнайы бола ма - бәрібір лексика болып есептеледі. Ал лексиканың тілден тыс өмір сүрмейтіні шындық. Жалпыхалықтық тілден терминологияның айырмашылығы оның белгілі бір ғылым саласында, өзінің арнайы мағынасымен, белгілі бір ғылыми ұғымды білдіру үшін қолданылатындығында жатыр. Жалпыхалықтық лексикада мұндай белгілер болмайды.

Біз терминологиялық жүйені тілдің лексикасының жеке, ерекше қабаты деп есептейміз. Әрбір ғылым саласының терминдері ерекше терминология құрайды және әрбір терминнің мағынасы осы жүйе ішінде ғана ашылады.

Терминологиялық лексиканың жалпыхалықтық лексикамен ұқсас және айырма белгілері болады. Олардың айырмашылығы әрбір ғылым саласына сәйкес белгілі бір лексикалық бірліктердің болуы. Бұл терминологияға жекелік сипат тән деген тұжырымға негіз болады. Терминологиялық жүйе тілдік таңбалар жағынан тілдік жүйеге жақындайды. Терминнің мағынасы барынша танымал болмай, ол жалпы қолданысқа ене алмайды. Егер оның мағынасы танымал болса, онда ол жалпы қолданысқа өтеді. Терминнің білдіріп тұрған мағынасы арнайы ұғымдар жүйесінен шыкса, онда ол жалпы тілге ауысады, бірақ өзінің терминдік мағынасын терминологиялық жүйеде сақтайды. Терминология жалпы тіл дамуындағы заңдылықтар мен процестерден тыс қала алмайды. Тілдегі лексика-семантикалық процестердің барлығы да терминологиядан орын алады. Терминология жалпыхалықтық тілдің құрамды бөлігі бола тұрып, оның ұғымдарды білдіретін құралдарын пайдаланады. Әртүрлі ғылым салаларының терминологиялық лексикасын қарастыра отырып, онда лексикалық бірліктердің барлық түрлері кездесетінін байқадық. Мысалы:

1. Термин сөздер: буын, екпін, дыбыс, сыңсу, ақын, жырау, жыршы, әдістеме, әдіскер, сана, ақыл, ес, дарын, тарих, заң, жаза, ұрлық, қылмыс, ант, жалғау, жұрнақ, шумақ, табу, толғау, үнқосу, терістеу, жоқтау, сөйлеу, кейіптеу, үстеу, абақты, іс, куә, өтем, айтыс, жазылым, айтылым, құрылым, тіркесім, ұстаным, үйлесім, үндесім, кідіріс, қақтығыс, сөйленіс, әліпби, арнау, әуен, діріл, бірлік, ерін, жүйе, ақын, аударма, бата, әңгіме, дастан, дәстүр, ертегі, естелік, жаңылытпаш, жарапазан т.б.

2. Сөз тіркесі түріндегі терминдер: аралас дыбыс, әлсіз фонема байырғы сөз, бітеу буын, ашық буын, тұйық буын, екпінсіз буын, езулік дауысты, жалғамалы тіл, еріндік дыбыс, жіңішке дауысты, жуан дауысты, қатаң дауыссыз, ұяң дауыссыз, үнді дауыссыз, әдеби бағыт, әдеби ағым, әдеби байланыс, әдебиет пәні, әдебиет теориясы, әдебиеттану термині, әлеуметтік бейімделу, домалақ арыз, жаппай жұмыссыздық, төлқұжаттық жас, жұмысшы топ, негізсіз сөгіс, балиғаттық жас, сынақ мерзімі, жаза қолдану, ауыл тұрғындары, кезекті демалыс, ақысыз демалыс, еңбекті қорғау, қызметкерлер құрамы, кәсіби бағдар, кәсіби дайындық, кәсіби білім, әдістемелік құрал, дерексіз ұғым, әдеби мұра, еркін сөз, буын екпіні, дерексіз ұғым, т.б.

Терминологиялық жүйе дегеніміз не?

Г.П.Мельникованың анықтамасында «нақты қатынасы яғни, құрылымы бар шындық өмірде кездесетін өзара байланысты және бір-біріне тәуелді элементтерден тұратын кез келген күрделі бірлікті жүйе деп атайды» [25].

В.М. Солнцев жүйені зерттей келе «жүйе дегеніміз элементтер жиынтығы және осы элементтер арасындағы қатынас... Элементтердің өзіне тән қасиеттері болады және бір жүйе ішіндегі басқа элементтермен қандай да бір қатынаста болады. Жүйедегі басты нәрсе зерттеу нысанын бір бүтін ретінде қарастыру» [26] деп жазады. Жалпы тіл білімінде жүйелілік тіліміздегі лексикалық элементтердің қарым-қатынасы, байланысы, олардың бірлігі, жиынтығын білдіреді. Б. Қалиұлы лексикадағы жүйеліліктің түп қазығы сөздердің берер мағыналары мен білдіретін ұғымдары деп атап көрсетеді. Дәл осы сияқты, терминологияның жүйелілік қатынасы тек бір ғана терминологиялық өріс ішінде сақталады. Сонымен, жүйе дегеніміз бөлшектерден немесе байланысатын бүтіндерден тұратын, оны құрастыруға үлес қосатын элементтердің бірлігі болып табылады.

Терминологиялық лексиканы зерттеушілер оның жүйелілік сипатын мойындайды. Терминнің жүйелік сипатына Д.С. Лотте еңбектерінде терең талдау жасалған. Аталған мәселені зерттей келе, ол мынандай қорытынды жасайды: Терминологияның өзі белгілі бір ғылым немесе техника саласының ұғымдар жүйесіне сәйкес келетін терминдер жиынтығы. Ғылыми

терминология жай сөздер жиынтығын емес, өзара тығыз байланысты сөздер мен сөз тіркестерінің жүйесін құрауы тиіс [27].

Автор терминологияның жүйелілік принципін сақтаудың бірнеше шарттарын көрсетеді. 1. Терминдер жүйесін жасаудың негізі - ұғымдардың дамуы мен өзгеруін ескере отырып жасалынған топтастыру болуы керек; 2. Осы топтастыру негізінде берілген терминологияға тән басты-басты белгілерді анықтау керек; 3. Осыдан соң барып термин жасау үшін лайықты сөзді алу керек.

Бұларға қосарымыз: алынған сөздің ұғыммен байланыстылығын, ал сол ұғымның берілген терминологиялық жүйедегі басқа ұғымдармен байланысы туралы мәселелер ескерілуі қажет. Сонымен бірге бір тектес терминдердің құрылысы да біркелкі болуы терминологиялық жүйе үшін өте маңызды.

Біз терминологияны В.П.Даниленко жазғандай «белгілі ғылым немесе өндіріс саласындағы ғылыми ұғымдарды білдіретін терминдердің жүйесі» деп білеміз. Ғалым пікірінің құндылығын ескере отырып, біз өз тарапымыздан берілген терминологиялық жүйенің барлығын сын көзбен қарап шықпайынша белгілі бір терминді басқа терминмен ауыстыру мүмкін еместігін, керісінше, одан да әрі шатасуға әкеліп тірейтінін ескерткіміз келеді. Сондықтан термин жасауда оның сол жүйедегі басқа терминдермен байланысы ескеріліп, олар ғылыми тұрғыда негізделген болуы шарт.

Терминтануда терминологиялық жүйенің ұғымдық және тілдік тұрғыдан екі жақты байланысқа негізделетінін бәріміз жақсы білеміз. Сондықтан терминологиялық жүйенің екі жақты байланысын жеке- жеке бөліп қарастыруды жөн деп санаймыз.

Терминдер өзіндік ерекшеліктеріне қарай жалпы лексикадан жүйе ретінде ажыратыла түседі. Жалпы лексикалық қорды жүйе деп түсініп, әрбір топ ішінде жүйелеу қалай жүргізіледі, оған қойылатын өлшемдері қандай дегендерді анықтау қажет. Бұл өлшемдер әр түрлі, атап айтқанда экстралингвистикалық және лингвистикалық болуы мүмкін.

Әдетте лексикалық жүйенің байланысының сипатына қарай лексика-семантикалық, синонимдік, стилистикалық топтар болып бөлінеді. Келесі сипат лексикалық бірліктердің материалды өмірмен байланысынан шығады. Бұл топтар мыналар: тақырыптық топтар, терминологиялық топтар, семантикалық, ұғымдық өрістер т.б.

Ең алдымен біз терминологиялық жүйені оған кіретін терминдердің ұғымдық бірлігі тұрғысынан қарастырайық. Терминологиялық лексика құрамында терминологиялық та, лексика-семантикалық та топтар болтынын атап көрсету керек. Енді осыларға келелік.

Терминологиялық топ тақырыптық топпен мағынасы жағынан бір-біріне жақын. Тақырыптық топтар лексика-семантикалық байланысқа емес, заттар мен құбылыстардың топтастырылуына байланысты бөлінеді. Бұл туралы Д.И.Шмелев: «Сөздер бір-бірімен байланысты шындық болмысты көрсетеді. Сөздерді осы тілдік емес байланыс топқа біріктіреді, оны біз тақырыптық топтар деп атаймыз» - [28, 43] деп жазады. Біздің ойымызша тақырыптық топ пен терминологиялық топ арасындағы жалғыз ерекшелік ол - тақырыптық топ жалпыхалықтық лексикаға жатады. В.И.Смирницкий осындай топтарды қарастыра келе, жануарлар атауларына байланысты, мынадай мысал келтіреді. «Тигр» және «піл» тақырыптық топқа жатады, өйткені олар жалпыхалықтық сөздер, ал «ихтиозавр» жануарлар атауына жатқанымен, арнайы ғылым саласында ғана қолданылатындықтан оны терминологиялық топқа жатқызу керек[29].

Терминологиялық топ терминдік өрістің құрамды бөлігі болғандықтан, осы екі ұғымның айырмашылығын білуіміз қажет. Ең алдымен семантикалық және терминологиялық өріс ұғымдарының ұқсас жақтарын анықтайық.

Терминологиялық өріске семантикалық өріс сияқты ассоциациялық байланысқа негізделген түрлі сөз таптарының сөздері енеді. Бұл сөздер осы өріске енетін лексикамен ассоциациялық тізбек арқылы байланысады. Терминологиялық өріс пен терминологиялық топ арасынан өзгешелік іздегенде, соңғысынан құрамына бір сөз табының сөздері енетінін ескерген жөн және олардың белгілі бір бөлігі терминологиялық өрісті құрайды. Мысалы: қаржы-экономикалық қызметке байланысты терминологиялық өрісте төмендегідей терминологиялық топтар кездеседі: «қаржылық құжаттар» терминологиялық тобы, «қаржылық операциялар» терминологиялық тобы т.б.

Басқа ғылым саласы бойынша, мәселен, психология ғылымының терминдерін төмендегідей топтарға бөліп көрсетуге болады.

- адамның жан дүниесі мен жүйке жүйесін білдіретін терминдер: *ойлау, түйсік, ақыл, ерік, сана, ес, сезу, қабылдау, пайымдау, әрекет, байқау, дағды, дарын, еліктеу, ерлік, есте қалдыру, қиял, қызығу, жүйке жүйесі, нышан, сезгіштік, ынта, зеректік т.б.*

- адам мінезіне қатысты терминдер: *ұяңдық, жасқанишақтық, мақтанишақтық, өзімшіл, қыңырлық, қызғанишақтық, менмендік, жасықтық, сангвиник, холерик, флегматик т.б.*

- адам арасындағы қарым-қатынасты бейнелейтін терминдер: *өзара қарым-қатынас, қарым-қатынас, үйірсектік, бойкүйездік т.б.*

- жалпы психология ғылымына байланысты терминдер: *психология, психолог, невролог т.б.*

- психология саласында қолданылатын ғылыми әдістер мен тәсілдер: *бақылау, талдау, сұрақ-жауап, тәжірибе т.б.*

- салалық психологияның түрлері: *әскери психология, дәрігер психологиясы, мұғалім психологиясы, жас ерекшелік психологиясы, тәрбие психологиясы, әрекет психологиясы, өнер психологиясы, тарихи психология, ұжымдық психология, ғарыш психологиясы, жеке адам психологиясы т. б.*

Терминологиялық өрістегі терминологиялық топ пен лексика-семантикалық топтың арақатынасын анықтау қиындық туғызады. Бұл топтарды бөліп көрсету өлшемдері әр түрлі. Лексика- семантикалық топ семасиологиялық бірліктерді құраса, терминологиялық топ заттық-логикалық байланысқа негізделген ономасиологиялық бірліктерді құрайды.

Семасиологиялық зерттеу сөзден ұғымға қарай шықса, ал ономасиологияда ұғымнан сөзге қарай зерттеу жүргізіледі. Олай болса, семасиологиялық және ономасиологиялық зерттеулердің бір бірінен ерекшелігі мынада: семасиологияда басты назар сөзде болады, ал ономасиологияда ұғым бірінші орында тұрады. Бұлай шектеудің қиынлығын тілдің сөздік құрамын, яғни тілдік және тілдік емес құбылыстарды бөлгенде кездестіреміз. Ал екі топтың екеуіне де ортақ қасиет - ол таным арқылы шындықты бейнелеу. Бұл жағынан келгенде кез келген лексика-семантикалық топта өзінің «тақырыбы» болады. Сөздердің арасындағы осындай байланыс типтерінің бір бірінен айырмашылығы, лексика-семантикалық топ тілдің даму барысына арнайы және іштей байланысқан сөздер тобын құраса, терминологиялық топ тек қана ұғымдар арасындағы сыртқы байланысқа негізделеді.

Ал терминологиялық жүйенің тілдік байланысын алатын болсақ, мұның да ұлттық терминологияны қалыптастырудағы орны ерекше. Терминологиялық жүйені құрайтын, оны тұтастықта ұстайтын екі жағының ішінде ұғымдар арасындағы байланыстың басты екенін ескеретін болсақ, белгілі бір арнаулы саланың терминдерін тілдік тұрғыдан жүйелеуде, жаңа терминдер жасауда да ұғымдар жүйесінің ерекшелігін ескеруге тура келеді.

Терминдерді тілдік тұрғыдан жүйелеудегі жарқын үлгіні А.Байтұрсынұлы көрсетіп бергені бәрімізге белгілі. Мәселен, оның қаламынан туындаған әдебиеттану ғылымының *гұрыптама, қалыптама, сарындама, салттама, сауықтама, тәрізді терминдер қатарын қазіргі кезде баяндама, балама, қызықтама, хаттама* және тағы басқа деп толықтыра беруге болады.

Сондай-ақ, Е.Омарұлы ұсынған *пішіндеме* (геометрия), *кескінеме* (тригонометрия) сияқты терминдер қатарын *ермектеме, белгілеме, әдістеме* т.б. деп толықтыра беруге әбден болады.

Термин жасаудың 1920-1930 жылдардағы тәжірибесіне үнілсек, алаш зиялыларының терминдік жүйені тілдік тұрғыдан жүйелеуге баса назар аударғаны байқалады. Мысалы: *жануартану* (зоология), *тіршіліктану* (биология), *тәнтану* (физиология), *жантану* (психология) және т.б.

Осы тұста айта кетерлік бір мәселе бар. Соңғы жылдары жарыққа шыққан 31 томдық терминологиялық сөздіктерде — «логия» сыңарымен келетін терминдердің аудармаларында жүйеліліктің жоқтығы байқалады. Мысалы: *мәдениеттану* (культурология), *тектану* (генеология), *түркітану* (туркология), *нұттану* (иконология), *саясаттану* (политология) деп **-тану** сыңарымен және *ғарышнама* (космология), *әдіснама* (методология) деп **-нама** сыңарымен аударылса, енді біреулері орыс тіліндегі қалпын сақтап берілген. Мысалы: *геология, астрология, археология, идеология, мифология, палеонтология, физиология, этнология, цитология, фенеология, христорология* және т.б. ал кейбір терминдердің орыс тіліндегі нұсқасымен қоса қазақша баламасы немесе аудармасы да беріледі. Мәселен, *фактология* (фактология, деректер жиынтығы), *хронология* (хронология, уақытнама).

Жоғарыда келтірілген мысалдардан **-логия** сыңарымен келетін терминдерді аударуда бірізділік жоқ екені байқалады. Сондықтан да **-логия** сыңарымен келетін терминдерді қазақ тілінің сөздік қорын барынша тиімді пайдалана отырып, бірінғай **-тану** сөзімен аударсақ деген пікір білдіргіміз келеді. Мысалы: *жертану* (геология), *халықтану* (этнология), *жасушатану* (цитология), *жүйкетану* (неврология), *деректану* (фактология), *уақыттану* (хронология), *ғарыштану* (космология), *әдістану* (методология), *аспантану* (астрономия), *терминтану* (терминология) және т.б.

Осы тәрізід **-ведение** сөзімен келетін терминдерді аударуда **-тану** сөзімен беру басымдық танытады. Осы тұста орыс тіліндегі **-ведение,-логия, -графия** сөздері қазақ тіліне **-тану** сөзімен берілетінін байқауға болады. Мысалы: *мұрағаттану* (архивоведение), *абайтану* (абаеведение), *қытайтану* (китаеведение), *кітаптану* (книговедение), *монғолтану* (монголоведение), *сазтану* (музыкаведение), *балеттану* (балетоведение), *кинотану* (киноведение), *мұражайтану* (музееведение), *ғылымтану* (науковедение), *мәдениеттану* (культурология), *тектану* (генеология), *этностану* (этнография) және т.б.

Енді қазақ тіліндегі «таным», «тану» сөздерінің мағыналарына келетін болсақ «тану» сөзінен гөрі «таным» сөзінің мағынасы кең екенін байқау қиын емес. Мысалы: *познание* - білік; білім, тану; таным; *познание* - таным; *познание* -1. познать. 2. приобретение знания, постижение закономерностей объективного мира. 3. совокупность знаний в какой-н. области. Осы орыс тіліндегі *познание* сөзінің «қандай да бір саладағы білімдер жиынтығы» деген

үшінші мағынасы архивоведение, терминоведение, музееведение, китаеведение, арабоведение т.б. терминдердегі *-ведение* сыңарының мағынасын беріп тұр. Оған дәлел ретінде мынадай мысалдарды келтіруге болады. Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде «*китаеведение* - совокупность наук о китайской культуре, истории, литературе, языке», «*монголоведение* - совокупность наук, изучающих историю, языки, литературу, фольклор монгольских народов», «*книговедение* - комплексная наука о книгах, произведениях печати как явления культуры, предмете производства и распространения» - деген анықтамамен берілген.

Аталған терминдердегі *-ведение* сыңарының мағынасы, мысалы, *китаеведение* термині «қытай халқының тілі, әдебиеті, мәдениеті, тарихы туралы ғылымдар жиытығы» деген мағынаны білдіріп тұрғаны анық. Сол сияқты, *книговедение* термині «кітаптар туралы ғылымдар жиынтығы» деген мағынаны білдіреді.

Ал **-логия** сыңарымен келетін терминдер, мысалы: *культурология* - наука о духовной культуре народа, *мифология* - наука, изучающая мифы, яғни нақты бір ғылым туралы ілімді білдіретіні байқалады. Демек **-логия** сыңарымен келетін терминдерді **-тану** сөзімен, **-ведение** сыңарын **-таным** сөзімен аудару дұрыс. Мысалы: терминоведение - *терминтаным*, музееведение - *мұражайтаным*, китаеведение - *қытайтаным*, абаеведение - *абайтаным*, языковедение - *тілтаным*, монголоведение - *манголтаным*, книговедение - *кітаптаным*, архивоведение - *мұрағаттаным*, музыковедение - *сазтаным*, киноведение - *кинотаным*, науковедение - *ғылымтаным*, балетоведение - *балеттаным*, гербоведение - *елтаңбатаным*, арабоведение - *арабтаным* және т.б.

Жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытынды шығаруға болды:

1. Терминологиялық лексика жалпы тілдің лексикалық жүйесінің жеке қабаты.

2. Терминологияның жүйелілік сипаты тақырыштық бөлшектеу мүмкіндігі және сол жүйеге енетін терминологиялық, лексика- семантикалық топтарды тереңірек қарастыру арқылы ашылады.

3. Жаңа терминдер жасауда терминнің ұғымдық және тілдік жүйелілігінің сақталуына басты назар аударылуы тиіс.

Термин шығармашылығындағы әлі күнге бір жақты шешім таба алмай келе жатқан негізгі мәселердің бірі - терминдердің бір мағыналылығы немесе көп мағыналылығы туралы екені белгілі. Негізінен бұл құбылысты терминологияның кемшілігі ретінде қарастыру дәстүрі басым. Терминологиядағы көп мағыналылықтың кері әсерін, оны болдырмау қажеттігін зерттеушілер аз айтып жүрген жоқ. Мәселен, Р.А.Будагов,

А.А.Реформатский, Л.Л.Кутина Е.М.Галкина-Федорук, Р.Г.Пиотровский, С.Влахов, С.Флорин, Т.А.Чеботникова сияқты біраз ғалымдар терминнің көп мағыналылығын мойындайды.

Р.А.Будагов «жалпы қолданыстағы сөздердің көп мағыналылығы қалыпты құбылыс болса, терминологиялық жүйедегі көп мағыналылық орынсыз және жол берілмейтін құбылыс - деп атап көрсетеді. Т.А.Чеботникова «терминдердің көп мағыналылығы контекспен тікелей байланысты» десе, А.А.Реформатский керісінше: термин контекске тәуелді емес, өйткені ол терминологиялық өріспен байланысты. Бір терминологиялық өрісте терминдер бір ғана мағынаға ие болуы тиіс деп тұжырымдайды. Б.Қалиұлы «бір ғылым саласындағы терминдерде тек бір-ақ мағына болады. Ол - сол нақтылы бір мағынасымен ғана термин» - деп терминнің бір мағыналылығын жақтайды.

Аталған ғалымдардың пікірінше, біріншіден, егер термин көп мағыналы болса онда ол өзінің ең негізгі қасиетінен айырылады; екіншіден, белгілеуші мен белгіленушінің арасындағы бір мағыналылық сияқты терминнің табиғаты көп мағыналылыққа жол бермейді.

Д.С.Лотте еңбегінде және оның мектебіндегі зерттеушілердің жазуынша бұл мәселе терминге қойылатын талап ретінде көрінеді. Олар «термин көп мағыналы болмау керек» - деп кесіп айтады. Бұл талаптың барлық жағдайда орындала бермейтінін түсінген авторлар кейбір ғылым салаларында көп мағыналы терминдердің кездесетінін мойындап, онымен күресудің қиындығы туралы жазды.

Терминге қойылатын талаптардың ішінде терминдердің көп мағыналылығы туралы сөз болады. Осы орайда Л.А.Пекарская былай деп жазады: «Терминшілердің тырысып бағуына карамастан, терминдер көп мағыналы болады, өйткені олар белгілі бір тілдің лексикалық бірлігі болып табылады [30,25].

Шындығында, терминге тән көп мағыналылық туралы айтқанда, оның белгілі бір тілдің лексикалық бірлігі ретінде белгілері мен терминдік жүйенің бірлігі ретіндегі терминдік белгілерін есте ұстаған жөн. Демек, арнайы ғылым саласындағы терминдік жүйе және оның бірліктері сол салаға байланысты теориялар мен концепцияларға тікелей тәуелді деген сөз.

В.П.Даниленко терминге тән лексика-семантикалық құбылыстардың - көп мағыналылық, омонимия, синонимия, антонимияның күрделі мәселелерінің бірі екенін айта отырып, мынадай ой айтады: «Бір жағынан терминнің табиғатының өзі бір мағыналылыққа, синонимдік қатарды болдырмауға ұмтылса, екінші жағынан термин жалпы қолданыстағы сөздердің негізінде жасалатындықтан, оған тән лексика-семантикалық

құбылыстардың барлығы терминге де жат емес»[31]. Автор терминологиядағы көп мағыналылықтың сөз мағынасының ауысуының метонимиялық және синекдохалық негізінде пайда болатындығын айтады.

Д.С. Лотте кез келген ғылыми термин термин емес сөзден өзінің бір мағыналылығымен ерекшеленетінін көрсете келе, кейбір терминдердің бірнеше мағынаға ие болатыны туралы жазады. Ғалымның пікірінше, біріншіден, бір терминологиялық жүйе ішінде терминдердің көп мағыналылығына жол бермеу керек; екіншіден, салааралық терминдердің көп мағыналылығын болдырмау қажет.

Термин тілде пайда болысымен белгілі бір ғылыми ұғымды білдіріп, оны анықтайды. Тілдегі кез келген сөз белгілі бір ғылым саласында арнаулы ұғымды белгілеп, ұғымдар жүйесіне енетін болса, онда ол термин бола алады. «Термины связаны с той или иной областью человеческой деятельности и образуют профессионально замкнутую терминологическую номенклатуру. Слово становится термином всякий раз, когда начинает обозначать научные понятия о предметах, явлениях, признаках, составляющих вместе с другими понятиями данной отрасли науки или техники одну семантическую систему» - деп жазады Р.К. Миньяр-Белоручев [32]. Демек, термин және термин емес бір лексикалық бірліктің түрлі мағыналары болуы мүмкін. Өйткені термин – бұл ерекше сөз емес, ерекше қолданыстағы, ерекше терминологиялық қызметтегі сөз болып табылады. Бұл «вид употребления лексической единицы, обладающий свойством «обозначать нечто способное занимать определенное место в ряду понятии» деген В.Г. Гактың сөздерінен де көрінеді [33,70].

Осы орайда В.М.Лейчиктің «термин ерекше сөз» емес, «арнаулы сөз» деген пікірімен келіспеуге болмайды. Осындай пікірді ғалым Б.Қалиұлы да білдіріпті. «Термин сөздер – аяғын аспаннан салбыратып түскен, «қасиетті», «құдіретті» сөздер емес. Олардың әдеттегі халықтық сөздерден еш айырмашылықтары жоқ. Жалғыз-ақ айырмашылығы бар, ол – әлгі термин сөздердің арнайы, ерекше мағынада, яғни белгілі бір ғылыми терминдер жүйесінде ғана термин бола алатындығында», - деп жазыпты ол кісі [34,58]. Осыдан барып Г.О. Винокурдың «в роли термина может выступать всякое слово, как бы оно ни было тривиально, и что термины - это не особое слово, а только слово в особой функции» деген пікірінің орынды екенін айтпаққа болмайды [35,7].

Терминологиялық жүйеден тыс термин өзінің барлық қасиетінен айырылып жалпы қолданыстағы сөздер сияқты қызмет атқарады. Мәселен, *жастық, ерлік* сөздерін жеке алып қарағанда бізге олар жай сөздер ретінде

танылады. Бірақ тек қана психология терминдерінің жүйесіне енгенде ғана олар термин бола алады.

Бір терминологиялық жүйедегі көп мағыналылыққа жол бермеу қажеттігін айтқан кейбір зерттеушілер «егер көп мағыналы сөздің жекелеген мағыналары түрлі ғылым саласында жұмсалса, онда терминологиядағы көп мағыналылық пайдалы әрі үнемді құбылыс болады» деп тұжырымдайды[27;32].

Сонымен, салааралық терминдерді зерттегенде, біз кейбір терминдерге көп мағыналылықтың тән екенін байқадық. Осы тұста А.А.Реформатскийдің: «Пусть термин не просто слово, пусть это необычное слово, пусть он «умный», пусть его можно «рациоанализировать» и даже придумать, и все же термин - слово, и он должен быть нормальным членом лексической системы языка...» [36,108] деген сөздерінің орынды екендігін айтуға тиістіміз.

Терминологиядағы көп мағыналылықтың пайда болуына белгілі бір ғылым саласының ұғымдарының саны тілдегі сөздік қордан әлдеқайда көп екендігі себеп болса керек. Нәтижесінде тұрақтанған терминдердің мағынасына басқа мағына үстемеленіп, терминдер бірнеше мағынаға ие болады. Бұл туралы В.В.Виноградов «ни один язык не был в состоянии выражать конкретную идею самостоятельным словом ... Конкретность опыта беспредельна, ресурсы же самого богатого языка строго ограничены» [37], - деп әділ баға береді.

Қазақ терминологиясы құрамында сирек те болса көп мағыналылық құбылысы байқалады деп жоғарыда айттық. Мәселен, психологияда *қиқарлық* (негативизм) термині түрліше түсіндіріледі:

1. Айналадағы адамдар әсеріне негізсіз қарсылық жасауда байқалатын жағымсыз қылық;
2. Жасөспірімдер жасының «қиын балалар жасы» деп аталатын кезеңінде жиі байқалатын құбылыс, яғни жасөспірімдердің үлкендердің талаптарына қарсы шығуы, олардың ырқына көнбеуі, бірін-бірі түсінбеушілік.
3. Белгілі бір әлеуметтік ортада өмір сүретін, жеке бас ерекшелігі мен мүддесі бар адам.

Сонымен терминологиядағы көп мағыналылықтың сирек те болса кездесетін, терминнің тілдік табиғатынан туындайтын құбылыс деп білеміз. Оны жоққа шығару жалпы лексика мен терминологиялық лексиканың арасындағы байланысты жоққа шығарумен тең. Әрине, мүмкіндігінше терминологиядағы көп мағыналылыққа жол бермеу қажет.

Қазақ терминологиясын басқа тілдердің терминологиясынан ерекшелендіретін келесі бір құбылыс - оның құрамындағы пәнаралық

атаулардың көптігі, басқаша айтсақ, терминологиялық омонимияның көрініс табуы. Тіл білімінде омонимдер деп дыбысталуы бірдей мағынасы басқабасқа сөздерді айтатыны белгілі. Жалпы әдеби тілдегі омонимдер мен терминологиялық омонимияны бірдей деп қарауға болмайды. Бұл жөнінде А.А.Реформатский былай деп жазды: «Бір ғана термин тілдегі түрлі терминологияның құрамына енуі мүмкін; бұлар ғылымаралық омонимияны құрайды» [38]. В.Ц.Даниленко салааралық омонимдердің екі белгісін: 1) терминдерге түрлі анықтама берілуінен; 2) бұл терминдердің түрлі терминологиялық жүйеде кездесетінін - атап көрсетеді. В.Суперанская әр түрлі терминологиялық өрістегі бірдей дыбысталатын терминдердің омонимдер түзетінін айта келе, олардың жалпы лексикада көп мағыналылық болуы мүмкін дегі тұжырымдайды.

Авторлар пікірлерін басшылыққа ала отырып, терминологиядағы омонимдер түрлі терминологиялық өрісте пайда болатын болса, біз ең алдымен өріс мәселесіне тоқталып алуымыз қажет.

Орыс тіл білімінде өріс мәселесін Г.С.Щур, А.В.Суперанская, Ю.Д.Апресян еңбектерінен кездестіреміз.

Терминологиялық өріс мәселесіне арнайы тоқталған А.В.Суперанская бастаған ғалымдар былай жазды: «Өріс дегеніміз – қолдан жасалған, арнайы күзетілетін (басқа элементтердің енбеуі үшін) оның ішінде термин өзіне тән барлық қасиеттерін сақтай алатын терминнің өмір сүру аймағы» [2].

А.А.Реформатский термин терминологиялық өрістен тыс өзінің терминдік қасиетін жоғалтады деп жазады. Әрине, терминнің басқа теориялық мәселелерімен салыстырғанда терминологиялық өрістің аз зерттелгендігін мойындамасқа болмайды. Мұны Ш.Құрмайұлы «Терминді терминологиялық өріспен байланыста қарау жағы да назардан тыс қалып қойып жүр» деп атап көрсетеді.

Г.С.Щур өрістің түрлеріне тоқтала келе, өріс теориясының тіл білімінде жеке теория ретінде қалыптаса қоймағандығын баса көрсетеді.

Ғылыми әдебиеттерде өрістің бірнеше түрлері аталынып жүр. Мәселен А.А.Реформатский лексикалық өріс деп алса, осы пікірді жалғастыра отырып, Ю.Д.Апресян «өріс ұғымдық емес лингвистикалық яғни лексикалық болуы қажет деп санайды. А.В.Суперанская ұғымдық өріске көңіл аударады.

Шындығында, соңғы жылдары жарық көрген еңбектерде жоғарыда аталған терминдердің ішінен семантикалық өріс терминінің жиі қолданылып жүргендігі байқалады.

Терминнің табиғатын ғылыми ұғымнан бөліп алып қарастыру мүмкін емес. Бұл жерде термин ұғыммен ғана байланысты деген ой тұмау керек.

Ғылымдағы әрбір жаңа ұғым тілдік формаға ие болып, терминмен белгіленеді. Ол терминге анықтама беру арқылы оның ұғымын ашамыз. Сондықтан, терминге байланысты өрістің ұғымдық немесе лексикалық болуы шарт деген қағидалардың бір жақты екенін айта отырып, терминді ұғымдық және тілдік таңбаның бірлігі деп қарастыруды жөн көреміз.

Ірі-ірі терминологиялық өрістер өз ішінде шағын өрістерге жіктеледі. Мәселен, тіл біліміндегі дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, буын, екпін, кідіріс, үндестік заңы, ілгерінді ықпал, кейінді ықпал т.б. терминдері дербес бір өріс түзесе, сөз құрамы, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қысқарған сөз т.б. терминдері екінші бір шағын өріс құрайды, ал сөз тіркесі, синтаксис, матасу, жанасу, қабысу, қиысу т.б. терминдері үшінші бір өріс құрайтыны белгілі.

Мұндай мысалдарды кез келген ғылым салаларының терминологиялық лексикаларынан кездестіруге болады. Мысалы: медицина ғылымындағы лимфа жүйесі: лимфа түйіндері, лимфа тамырлары, лимфа капиллярлар анастаноздары; тірек-қимыл жүйесіне: сүйек, буын, буын аралық қапшықтар, жалғамалар; бұлшық ет жүйесі: көлденең жолақты бұлшық ет, бірыңғай салалы бұлшық ет; жүрек-тамыр жүйесі: жүрек, кіші қан айналым шеңбері, үлкен қан айналым шеңбері, жүрек қарыншалары, жүрекшелер, құлақшалар, артерия, көктамыр; тыныс алу жүйесі: мұрын қуысы, кеңсірік, жұтқыншақтың мұрындық бөлімі, көмей, кеңірдек, бронхтар, өкпе; ас қорыту жүйесі: ауыз қуысы, тіл, тіс, жұтқыншақ, өңеш, қарын, ащы ішек, тоқ ішек, бауыр, ұйқы безі; зәр шығару жүйесі: бүйрек, бүйрек шумақтары, несепар, қуық, бүйрек үсті бездері, несеп шығару өзектері; т.б. болып шағын өрістер түзеді.

Сонымен, «ұғымдардың бір-бірімен тығыз байланыста өмір сүретін шектеулі аймағы терминологиялық өріс болып табылады»[16].

Әртүрлі терминологиялық өрістегі бірдей дыбысталатын терминдер омонимдер қатарын түзеді. Ең алдымен терминдер жалпы қолданыстағы сөздермен омоним болады. Мысалы: нышан - «жалпы қолданыста бір нәрсенің белгісі» деген мағына білдірсе, психологияда нышан «жүйке жүйесінің адамға туыстан берілетін анатомиялық-физиологиялық белгісі» деген ұғымды білдіріп, жүйеаралық омоним жасайды.

Әрине, бұл жерде жалпы қолданыстағы сөздердің барлығы терминологиялық өріске енгеннен соң терминденген сөзбен термин емес сөздің үнемі омоним бола бермейтінін есте ұстаған жөн. Мысалы, жалпы қолданыста ақыл сөзі мен психологиядағы ақыл терминін жүйеаралық термин дей алмаймыз. Олар көп мағыналы сөздер. Себебі, екеуі де бір ғана ұғымды білдіріп тұр, айырмашылығы біреуі қарапайым ұғымды, екіншісі ғылыми ұғымды білдіріп тұрғандығында жатыр.

Бір терминологиялық жүйе немесе өріс ішінде омонимдердің түзілуіне жол бермеген жөн. Бұл туралы А.А.Реформатскийдің «бір ғана терминологиялық өріс ішінде немесе шектес өріс ішіндегі терминдердің омоним түзуіне жол беруге болмайды...» [36] деген пікірін орынды деп білеміз. Қазақ терминологиясында салааралық омонимдер төл терминдердің негізінде жасалады. Төл терминдер ішкі терминдену барысында омонимдік қатар түзеді. Мәселен, психологияда *ес* дегеніміз сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адам миында сақталып, қайтадын жаңғыртылып, танылып, ұмытылуын бейнелейтін процесс болса, физика ғылымында *ес* деп есептеуіш техниканың хабарды жазатын, сақтайтын және қайта жаңғыртатын құрылысын айтады. Осы екі термин омоним болып табылады. Психологиядағы *ес* терминінің негізінде есептеуіш техникадағы *ес* термині жасалғандығы дәлелдеуді қажет етпесе керек. Өйткені бұл жерде «ішкі терминдену», яғни бір ғылым саласының термині екінші бір ғылым саласының терминдерінің қатарынан орын алады. Ғалым Ш.Құрманбайұлы жазғандай «терминнен термин туындайды». Терминдердің жалпы қолданыстағы сөздерден айырмашылығы, өзінің терминологиялық өрісінде бір мағыналы; бір ғана сөз әртүрлі ғылым саласында термин болуы мүмкін, бірақ бұл көпмағыналық емес, ононимия болады. Мысалы, гидравликадағы, радиотехникадағы, оптикадағы *толқын* термині, тіл біліміндегі, медицинадағы, өсімдіктанудағы *буын* термині т.б.

Осындай жолмен, бірақ кірме терминдердің негізінде жасалған салааралық омонимдерге физикалық географияда *плато* – (қазақшасы – үстірт) – «айқын байқалатын тік беткейлі, мұхит деңгейінен 200 м жоғары орналасқан, тегіс жазықты» білдірсе, психологияда «егер мұғалім жаттығу жұмысын үнемә бір әдіспен жүргізсе, дағдылану процесі табандап, бір орында тұрып қалады немесе тіпті бастапқы кезінен төмендеп кетуі де ықтимал. Осыны психологияда *плато* (француз сөзі plateau – бірыңғай) деп атайды».

Философияда *антиципация* (лат. *anticipatio* - болжап білемін) - бір нәрсені болжап білу туралы күні бұрын жасалған іүсінж. Қазіргі заманғы философияда «антиципация» термині ықтимал тәжірибені болжау, зерттеу нәтижелерін жорамалдау мәнінде қолданылып, «мақсат», «ғылыми болжам» категорияларын зерттеумен кейіпте немесе қозғалыста көрініс табатын белгілі бір жағдайға байланысты талдап шешілуде. Психологияда *антиципация* - адамның заттар мен құбылыстарды, олардың нәтижелерін іс жүзіне асырмастан бұрын көз алдына келтіруі.

Сонымен берілген мысалдан олардың салааралық омоним екені анық байқалады. Бұдан бір ғылым саласындағы терминдер ішкі терминдену

жолымен екінші бір ғылым саласының терминологиялық өрісіне енгенде үнемі салааралық омонимдер туындайды деген пікір тумаса керек. Өйткені, біріншіден, басқа ғылым саласынан алынған терминдер психологияда мағынасы сараланып жұмсалады. Мысал үшін медицина ғылымындағы *астения* термині мен психологиядағы *астения* терминінің айырым белгілеріне (дифференциальный признак) көз салайық.

Медицинада:

- адамның әлсіздігінен;
- адамның дене мүшелерінің шаршауынан;
- жұқпалы ауру немесе уланудың салдарынан;
- дене құрылысының зақымдануынан;
- тамақ құрамындағы витаминдердің жетіспеуінен байқалады.

Психологияда:

- адамның ақыл-ойының шаршауынан (умственная усталость);
- түрлі жүйке ауруларының салдарынан;
- уайым-қайғы, ұрыс-керіс салдарынан пайда болады.

Медицина ғылымында *аномалия* термині белгілі бір организм дамуының бұзылуы салдарынан пайда болған ауытқушылықты білдірсе, психологияда осы термин «психикалық тұма кемістік» мағынасын білдіреді. Көріп отырғанымыздай, медицинадағы *аномалия* терминін арнайы, яғни «адам психикасындағы туа біткен ауытқушылықты» білдіретін мағынада қолданылады.

Медицинадағы *астения* термині мен психологиядағы *астения* терминдерінің негізгі семасы («әлсіздік») бірдей, ал қосымша семалары әр түрлі. Сол сияқты медицина мен психологиядағы *аномалия* терминдерінің негізгі семасы («ауытқушылық») бірдей де, қосымша семалары әр түрлі. Сондықтан, бұл терминдерді салааралық омонимдер деп атауға негізіміз жоқ. Омоним болу үшін терминдер екі түрлі мағына білдіруі қажеттігін жоғарыда ескерттік.

Екіншіден, психология ғылымы басқа ғылым саласының терминдерінің мағынасын өзгертпей немесе негізгі мағынасының үстіне тағы да мағына үстемелеу арқылы қолданады. Мысалы: *рефлекс* термині медицинада «жүйке жүйесінің қатысуымен болатын организмнің тітіркендіргіштерге беретін жауап реакциясы» деген ұғымды білдіреді. Биология ғылымында *рефлекс* - организмдердің сыртқы немесе ішкі тітіркендіргіштердің әсеріне жүйке жүйесі арқылы беретін жауап реакциясын» бейнелейді. Ал тәнтану (физиология) ғылымында *рефлекс* - орталық жүйке жүйесінің қатысуымен организм мүшелерінің, клеткаларының немесе бүтін организмнің белсенді қызметінің пайда болуы, өзгеруі немесе тоқтауы кезінде, организм

рецепторларының тітіркендіргіштерге беретін жауабы» деген ғылыми ұғымды береді. Осы *рефлекс* термині психологияда «жүйке жүйесі арқылы организмнің тітіркендіргіштерге беретін заңды жауап реакциясы» деген ұғымды білдіреді. Берілген анықтамалардан олардың семалық компоненттерінің арасындағы ұқсастықты көру қиын емес. Бұдан шығаратын қорытынды, психология терминологиясы басқа ғылым салаларындағы рефлекс терминінің мағынасын өзгертпей қабылдаған.

Сол сияқты, философияда *нікір* - қазіргі формальды логикада оның ақиқаттық (ақиқат, жалған) немесе модальдық (ықтимал, мүмкін, мүмкін емес, қажетті т.б.) бағаларына байланысты қарастырылатын белгілі бір тілдің сөйлемі». Ал логикада *нікір* - «заттар меп құбылыстарды, олардың қасиеттеріне, қарым-қатынастарына байланысты белгілі бір нәрсенің мақұлдануы немесе жоққа шығарылуы және ақиқатты немесе жалғанды білдіретін ойдың түрі» деген анықтамамен сипатталады. Психология ғылымында *нікір* «бір зат туралы мақұлдау не оны бекерге шығаруда көрінетін ойлаудың формасын» білдіреді.

Тәнтану ғылымында *ұйқы* «организм қажеттілігінің бірі, адам өмірінің үштен бірі ұйқымен өтеді. Ұйқы кезінде организмнің барлық рефлекторлары қызметі нашарлайды, шартты рефлекстер тежеледі» деген ұғымды білдіреді. Медицинада *ұйқы деп* «организмнің оның ішінде орталық жүйке жүйесінің жұмыс қабілетін орнына келтіруге қажетті жағдай туғызатын белгілі бір уақытта қайталанып отыратын күйді» айтады. Ал, психологияда *ұйқы* - «адамдар мен жануарлардың вегетативтік және моторлы аймақтарында өзіне тән ерекше мінез-құлықтың көрінуі негізінде біраз уақыт қозғалыссыз және сыртқы дүние әсерінен хабарсыз қалатын белгілі бір уақытта қайталанып отыратын күйін» білдіреді.

Берілген мысалдардағы, мәселен, философиядағы *нікір* термині мен психологиядағы *нікір* термині немесе тәнтанудағы *ұйқы* термині мен психологиядағы *ұйқы* терминін сапааралық омонимдер деп айта алмаймыз. Мұндай терминдер бір ғылым саласынан екіншісіне арнайы мағынада немесе мағыналарын өзгертпей ауысқан терминдер болып табылады. Оларды салааралық омонимдермен шатастырмай, өз алдына жеке өарастыру керек деп білеміз.

Жалпы терминологиядағы омонимдерге келсек, олар жүйеаралық омонимдер, яғни лексикалық жүйе мен терминологиялық жүйе арасында және салааралық омонимдер, яғни бір ғылым саласы (*ес. физ.*) мен екінші бір ғылым саласында (*ес. псих.*) кездеседі.

Терминдерге қойылатын талаптарға сүйенсек, бір ғылыми ұғымға тек бір ғана атау (сөз) сәйкес келуі керек. Алайда ғылымның дамуы оның

ұғымдарының санының артуына әкелсе, олардың барлығына қайталанбас атау беру іс жүзінде орындалмай жатады. Сондықтан да, бір сөзбен бірнеше ұғымдар белгіленіп, омоним терминдер саны арта түседі. Біз өз тарапымыздан терминдердің омонимдік қатар түзуі табиғи құбылыс дей отырып, терминдердің бі мағыналылығына, омонимдік қатарға жол бермеуге ұмтылу қажет деп есептейміз.

Терминологиядағы синонимия деп – бір ұғымның әр түрлі сөздермен берілуін айтады. Бір терминдік ұғымды білдіріп тұрған әртүрлі сөздер оның түрлі қасиеттерін сипаттамайды. Сондықтан да оларды зерттеушілердің басым бөлігі «терминологиялық дублеттер» деп атайды. Терминологиядағы синонимдердің табиғаты мен қызметі басқаша болып келеді. Мұнда олар әдеби тілдегі тәрізді стилистикалық қызмет атқармайды. Терминдік жүйедегі синонимдердің пайда болу себебі терминдердің жасалу көздерінің әр түрлілігінен деген пікірлер бар. Бұл туралы В.П.Даниленко терминологиялық жүйедегі варианттылықты, синонимияны терминдер қалыптасуының алғашқы кезеңіне тән құбылыс ретінде қарастырады. А.В.Суперанскаяның пікірінше арнайы мәтіндегі синонимияның кездесуі терминнің алмасуын немесе одан гөрі сәтті жасалған терминді іздестіру керектігін немесе аталған ұғымның толық емес екендігінен хабардар етеді. Ғалым терминологиядағы синонимияны уақытша құбылыс дей отырып, бір ұғымның терминологиялық жүйедегі әр түрлі сөздермен аталуын терең зерттеу қажеттігін айтады.

Зерттеуші В.В.Веселитский XVIII ғасырдағы варианттылықтың пайда болуының үш негізін атап көрсетеді:

- 1) тілде бір ұғымды белгілеу үшін әр түрлі тілдерден кірме сөздердің қолданылуы,
- 2) кірме сөзбен бірге төл сөздің жарыса қолданылуы;
- 3) кірме сөздің пайда болуына байланысты соған мағыналас орыс сөзінің арнайы түрде жасалуы[10,74].

Белгілі терминолог Ш.Құрманбайұлы өзінің «Қазақ терминологиясындағы варианттылықтың сыры неде?» деп аталатын мақаласында осы мәселеге жан-жақты тоқталады. Ғалым қазақ терминологиясындағы варианттылықтың жаппай етек алуының басты себебі - «біріздендіру, реттеу, жүйелеу, стандарттау сияқты терминологиялық жұмыстардың республикалық деңгейде бір орталықтан үйлестіріліп, кәсіби тұрғыдан жүргізіліп, терминдердің қолданысы барлық деңгейдегі құрылымдарға сөзі өтетін өкілетті мемлекеттік орган тарапынан бақылауға алынып отырмағандығынан»,- деп ашып айтады [39.10] — деп жазады. Шындығында, терминологиялық сөздіктердің сапасы, ондағы берілген терминдердің варианттарының көптігі, терминологиялық сөздіктер құзырлы

органдардың тексеруінсіз, бақылауынсыз еліміздің түкпір-түкпірінен шығарылып, оқырман қауымға жетіп жатқандығы мәселені одан әрі ушықтыра түсіп отыр. 1999-2001 жылы жарыққа шыққан 31 томдық терминологиялық сөздіктердің кейбір томдарындағы кемшіліктері әлі жойылған жоқ және бұл сөздіктер облыстық кітапханалардың бәріне бірдей түспеген сыңайлы. Дүкендерден терминологиялық сөздік іздесең таба алмайсың. Аталған жағдайлардың барлығы студенттер мен оқушыларға, жалпы оқырман қауымға кеп қиындық келтіріп отырғаны белгілі.

Әркім өз бетінше термин жасап, оны қолданысқа енгізуге күш салса, қазіргі қазақ терминологиясындағы ретсіздік, жарыспалылық одан әрі күшейе түсері анық. Сондықтан терминографиялық жұмыстарды үйлестіру, баспаға ұсынылған сөздіктерді сараптан өткізу, бекітілген терминдерді бірізді қолдану т.б. жұмыстарды басқарып, қадағалайтын арнайы мекеме, мемлекеттік органның болуы тиіс.

Қазақ терминологиясының құрамында аталған тілдік құбылыстың басымдық танытатынын зерттеу барысында анықталды. Бұл әсіресе орыс тілінен аудару барысында варианттардың пайда болуынан анық сезіледі. Мысалы: *өзіне өзі қарсы болу – бас тарту* (самоотвод); *талап қою - қуыну - іздену* (иск); *талап мерзімі – талап қою мерзімі* (исковая давность); *талап арыз - талап қою арызы* (исковое заявление); *өтеу – өзін өзі ақтау – өтелімпаздық – өтелімділік* (окупаемость); *үйлеспеу - сәйкес келмеу сәйкессіздік* (диспропорция); *саудагер - пайдақор - алып-сатар I* (коммерсант); *кепілге салу - кепілге ұстау* (заклад), *атқару құжаты - орындау құжаты* (исполнительный документ), *жойқыншылық - апат - үркіншілік* (катаклизм); *үлес – шама - жеткілікті мөлшер* (квота); *құзырет - құзыр* (компетенция); *құрауыш - құрамдас бөлік* (компонент); *ымыра - мәмлеге келу* (компромисс); *өзара ұсыныс - қарсы ұсыныс* (контрпредложение); *жолдау - жолдау хат* (послание); *делдал - бітістіруші* (посредник); *құқық тәртібі - құқықтық тәртіп* (правопорядок); *істі қайта қозғау - істі жаңғырту* (возобновление дела); *әрекет – қимыл - амал* (действие); *белгі - таңба* (знак); *тұрпайылық - дәрекілік* (грубость); *іскерлік - ептілік - бейімділік – икемділік – істей білу* (умение) және т.б. Қазақ терминологиясындағы осы тектес варианттардың бірін таңдап, екіншісін қалдыру мамандар мен тілшілердің міндеті.

Сол сияқты терминологиялық варианттылық бір ғана терминнің түрліше фонетикалық, морфологиялық өзгеріске ұшырап қолданылуынан да пайда болады. Мәселен: *өмірбаян әдісі – өмірбаяндық методы – өмірбаяндық әдіс*; *ұяндық – ұялшақтық*; *ретроактивтік тежелу – ретроактив тежелу*; *орта ми – ортаңғы ми*; *қорқу – қорқыныш және т.б.*

Е.Н.Толикина терминологиялық синонимия кірме терминдердің негізінде көп пайда болатындығын атап көрсетті. Расында қазақ терминологиясы құрамындағы синонимдік қатар кірме және төл терминдердің қабаттасып келуінен туындайды екен: пароль-құпия сөз, клиент-қажеткер, файл-дерекжиын, диск-тегеріш, информация-ақпарат, ресурс-қор, анализ-талдау, идеал – мұрат, метод-әдіс, нерв-жүйке, себеп-мотив т.б.

Дегенмен, соңғы жылдары жарық көрген әдебиеттер мен оқулықтарда қазақша терминдер басымдық танытады. Мысалы: «Байқау әдісінің нәтижелі болып шығуы үшін кейбір шарттар қажет» (Қ.Жарықбаев). Жоғары жүйке қызметі, яғни ми қабығының және мидың астыңғы қызметтерінің өзара байланысты болуы» (Ә.Алдамұратов) т.б.

Қазақ терминологиясы жүйесінде антоним құбылысы да кездеседі. Мысалы: *әдептілік-әдепсіздік, үлкен топ –кіші топ, жауапкершілік-жауапсыздық, ықтиярлы зейін-ықтиярсыз зейін, шартты рефлекс-шартсыз рефлекс, ұқыптылық-ұқыпсыздық, ықтиярлы әрекет-ықтиярсыз әрекет, зейінділік-зейінсіздік* және т.б.

В.М.Лейчик терминге экспрессия, эмоция тән, әсіресе қоғамдық саяси ғылымдардың терминдерінің құрамынан анық байқалады деп жазады[40]. Бірақ автор нақты мысалдар келтірмейді. Бұл пікірмен келісуге болмайтын сияқты. Өйткені термин — ғылыми ұғымның атауы болғандықтан, ол нақты болады. Термин мен термин емес сөздің айырмашылықтары да осында. Осы орайда Б.Қалиұлының «терминдерге экспрессия, эмоция тән емес» деген пікірі өте орынды деп білеміз.

Терминдерге эмоционалдық-экспрессивтік бейнелердің болмайтыны туралы И.А.Петрова да жазады [41].

Б.Н.Головин жалпы тілдегі кез келген сөздің термин бола алатындығын, тіпті көркем сөздің өзі де терминденеді деп, мысалға *күн, ай, қуаныш* сөздерін келтіреді. «Бұлар - жалпы қолданыста аздаған бейнелік сипаты бар сөздер. Сонымен бірге олар астрономия, психологияның терминдері болып табылады» деп тұжырымдайды.

Шындығында, жалпы қолданыстағы қуаныш сөзіне эмоция, экспрессия тән, ал психологиядағы қуаныш терминінің жалпы қолданыстағы қуаныш сөзінің негізінде жасалғандығына сүйеніп, қуаныш терминіне бейнелілік тән деп айту дұрыс емес. Өйткені жалпы қолданыстағы қуаныш сөзі психология терминдерінің жүйесіне енгенде өзінің бейнелілігінен айырлып, ғылыми ұғымды білдіретін терминге айналады. Термин өзінің терминдік өрісінен тыс, басқа функционалдық стилдерге енгенде бейтерминденіп, түрлі өзгерістерге ұшырайды.

Сонымен, терминологиялық жүйедегі кез келген терминге эмоция, экспрессия тән емес деп тұжырымдаушылардың пікірлеріне біз де қосыламыз.

2. Қазақ терминологиясының лексикалық құрамы

Басқа тілдердегі терминологиялық лексика тәрізді қазақ терминологиясының лексикалық құрамы төл және кірме терминдерден тұрады. Төл терминдер деп қазақтың байырғы сөздерінің терминдік мәнге ие болуының нәтижесінде, болмаса байырғы түбірге қосымша қосылу арқылы, екі сөздің бірігуі немесе тіркесу арқылы пайда болған терминдерді айтамыз. Ондай терминдер табиғи жолмен жасалған терминдер болып табылады. Сол сияқты қазақ терминологиясының едәуір бөлігін кірме терминдер құрайтыны да белгілі. Енді осы аталған лексикалық қабаттардың әр қайсысына жеке-жеке тоқталалық.

2.1 Қазақтың байырғы сөздері негізінде қалыптасқан терминдер

Қазақ терминологиясының осы қабатына енетін терминдер құрамына қарай дара және күрделі болып екіге ажыратылады. Дара терминдер: *әуен, бірлік, дыбыс, діріл, езулік, екпінді, ерін, жұп, жуан, жүйе, жіңішке, айтыс, айтысу, ақын, арнау, аударма, ән, әңгіме, әңгімеші, бата, бәдік, дастан, дәстүр, ертегі, еліктеу, естелік, естірту, жанр, жаңылтпаш, жоқтау, жұбату, жұмбақ жыр, жыршы, кейіпкер, күй, қисса, ой, ес, ойлау, түсіну, білім, елес, ұят, илану, ашу, бүлікші, азамат, билеуші, болыс, ғұлама, бодандық, даму, даңқ, дәуір, заңсыздық, жұмыссыздық, панасыздық, жаза, сөгіс, дерек, дәлел, құрбан, халық, ұсыныс, кәсіпшілік, жолдама, жұмысшы, тізілім, тәрбиеші, сарапшы, заңгер, біріздендіру*, т.б. Күрделі терминдер: *әлеуметтік бейімделу, әлеуметтік құқық бұзушылық, әлеуметтік ескерту, домалақ арыз, жаппай жұмыссыздық, жастар жұмыссыздығы, өңірлік жұмыссыздық, маусымдық жұмыссыздық, кәсіби ауру, еңбек биржасы, әлеуметтік ауру, бос жұмыс орны, тәртіптік жаза, егде жас, жоспардан тыс тексеру, балиғаттық жас, еңбектің икемді жүйесі, жұмысшы топ, бастапқы деректер, көркем тіл, көркем әдебиет, кітаби стиль, лирикалық проза, қара өлең, гашықтық эпос, дидактикалық поэзия, еркін сөз, жұмбақ айтыс, көнерген сөз, әңгіме жанры, баяндау әдісі, арнау өлең, құрмалас сөйлем, жай сөйлем, сабақтас құрмалас сөйлем, қоғамдық сана* т.б.

Қазақтың байырғы сөздерінен жасалған терминдер қатарына ең алдымен сөздерге терминдік мағынаның үстемеленуі нәтижесінде қалыптасқан терминдер жатады. Қазақтың байырғы сөздеріне тек қана қазақтың төл сөздерін ғана жатқызбау керек. Қазақ терминологиясының осы тобына жататын терминдердің басым көпшілігі негізінен көне түркі тіліне

тән сөздер екені байқалады. Мысалы: *ерік, ой, жек көру, ес, сана* т.б. Ал араб, парсы тілдерінен енген терминдердің сан жағынан едәуір көп екенін ескеріп, оларды өз алдына жеке лексикалық қабат ретінде қарастырамыз.

Қазақ терминологиясы жүйесінде байырғы сөздерден жасалған терминдер сан жағынан кірме терминдерден аздап кем болса да, сапа жағынан алда тұрғанын айтпасқа болмайды. Төл терминдеріміз қазақ терминологиясының басты-басты ғылыми ұғымдарын жеке тұрып та тіркесіп келіп те нақты әрі дәл бере алады. Олардың сонау ерте заманнан бері табиғи жолмен дамып, іріктеліп, соның нәтижесінде терминдік мәнге ие болуын ескерсек, қазақ тілі бай тіл деген пікірдің негізіне көзіміз жетеді.

Байырғы сөздерден жасалған терминдер негізінен терминдік мағынасымен бірге жалпы қолданыстағы лексикалық мағынасын да сақтайды. Мыс. *тәрбие, байқау, ерік, еңбек, қызығу, ұят, арнау, ақын, бата* т.б. Бұл сөздерге жүктелген екі мағынаның (қалыпты лексикалық мағынасы мен терминдік мағынасы) арасындағы мағыналық ұқсастық сақталған. Мәселен, *ұят* сөзі жалпы қолданыста «ар-намыс, ождан, қадір-қасиет» - деген мағыналарда жұмсалса, оған термин ретінде мынадай анықтама беріледі: “ұят - адамның ұждан мен қоғамдағы моральдық принциптерге үйлеспейтін жағымсыз, теріс қылық жасалған кезде байқалатын сезімі” [ҚСЭ.11.394].

Қызығу сөзі жалпы қолданыста «адамның зейіні ауып, елігуден болатын құмартушылық, ынтығушылықты» (ҚТТС) білдіреді. Психологияда қызығу - «дүниедегі заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып білуге бағытталған адамның жеке ерекшеліктерінің бір көрінісі» [ҚСЭ.7,80], - деп бейнеленген.

Ес сөзі жалпы қолданыста «адамның естіген, көрген-білгенін ойда сақтау қабілеті; ақыл-ой» (ҚТТС) деген мағынада жұмсалса, оған психология ғылымында «ес дегеніміз - сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адам миында сақталып, қайтадан жаңғыртылып, танылып, ұмытылуын бейнелейтін процесс» деген анықтама беріледі.

Енді қазақ терминологиясының осы қабатына кіретін кейбір терминдердің қалыптасу жолдарына, ішінара этимологиялық табиғатына, түркі тілдеріне ортақтылығына тоқтала кетелік.

Құмарлық сөзі қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігінде (ҚТТС) екі мағынада: 1) ынтызарлық, құмартушылық. 2) бір нәрсеге қығызып, сонымен әуестенушілік, - деп берілген. Бұл сөзге психологияда: *құмарлық* — «адамның ойы мен әрекетінің негізгі бағытына із қалдыратын күшті, терең, тұрақты эмоция» деген анықтама беріледі. Мұнда да сөз бен терминнің арасындағы мағыналық байланыс сақталған. Дегенмен, жалпы қолданыстағы

құмарлық сөзінің екінші мағынасы психология терминіне негіз болып, терминдік мәнге ие болған.

Қазақ тілінде *сана* - ой, жай ғана ой емес, «толғантатын ой» мағынасында қолданылады. Қазіргі әдеби тілімізде қолданылатын «санасы санға бөліну», «санасы оянды», «санамен сарғаю» сияқты тұрақты тіркестер *сана* сөзінің осы мағынасынан келіп шыққан. Алайда *сана* сөзі 1) «ой» және 2) «ақыл, ес» мағыналарында жұмсалған. Мәселен, көзімнің қарасы, көңілімнің санасы..., Сап-сап, көңілім, сап көңілім! *Сана* қылма бекерге, - деген жолдарда алғашқы мағынада, ал: «Атадан бала ойы өзге Санасыз, ойсыз, жарым-ес, Өз ойында ар емес ...» деген жолда екінші мағынада жұмсалып тұр.

Р.Сыздықованың: «*сана* сөзі түркі-монғол тілдеріне ортақ сөздердің бірі [42] деген тұжырымын қырғыз тілінде *сана* - ойлану, алтай тілінде *сагыш* - ой; бурят тілінде *hana* - ойлау, ойлану болып келетіндігі [43] дәлелдейтін сияқты.

Дегенмен, түркі тілдері арасында *сана* сөзінің психологиялық гермин ретінде қолданылуы әр түрлі болып келеді. Қазақ, қарақалпақ тілдерінде *сана* - сознание болып, монғол тілінде *санаа* болып, ал қырғыз тілінде ол *аң-сезим*, чуваш тілінде - *ан*, башқұрт, татар тілдерінде - *аң* болып қолданылады.

Қазіргі қазақ тілінде *сана* сөзі жалпы қолданыста «ой, ақыл, ес» деген мағынада жұмсалса, психология ғылымында *сана* - «адам психикасының ең жоғарғы айрықша сапасы» «еңбек процесінде дамып қалыптасқан адам санасы жоғары дәрежеде ұйымдасқан материяның (мидың) ерекше қасиеті; яғни мидың жемісі» (Қ. Жарықбаев) деген терең ұғымды білдіретін термин ретінде жұмсалады. Психология терминдерінің жүйесінде *сана* терминінің көмегімен көптеген жаңа терминдік тіркестер жасалады. Мыс.: *ұлттық сана, ұжымдық сана, ұжымдық сана, қозғамдық сана, кәдуілгі сана, адамгершілік сана, діни сана, өзіндік сана, топтық сана, даралық сана, алғашқы қауымдық сана, құқықтық сана.*

Қазақ тілінің байырғы сөздерінен жасалған терминдердің қатарына *ерік* термині де жатады. Бұл сөзді түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінен қарағанымызда, *ерік* сөзінің шығу төркіні туралы бірнеше пікір барын байқадық-] *ерк* сөзін *ершимек* (подчиняться; повиноваться) сөзімен байланыстырады; 2) *erk*<*er* (муж, мужчина + *k*) қосылуы арқылы жасалуы мүмкін деген пікір; 3) Г.Вамберидің пікірінше көне ұйғыр тілінде *er* (труд, мучение), *erik* (сила, мочь, опора) сөздерін білдірсе, шағатай тілінде *er*, *eren* (мужчина, герой) *irik* (сильный, большой); алтай тілінде *erkin* (воля, сила) сөздерін білдіреді: 4) түркімен тіліндегі *erk* монғол тіліндегі *erke/эрх* (право, привилегия, преимущество, сила, авторитет) деген мағыналармен

байланыстырады; 5) *ерк* сөзінің шығуы түрк.ноғ.қырғ.ққал.өзб.алт. тілдеріндегі *еркин*; қаз. *еркін*; ұйғ. *ә(р)кин*; көне ұйғ. *арин*; тат.башқ. *иркін* сөздерімен байланысты қаралады.

Бұдан шығатын қорытынды: *ерік* сөзінің шығу тегі көне түркі тілі екендігі. Оған қазіргі кездегі түркі тілдеріндегі *ерік* сөзінің психологиялық термин ретінде қолданылуындағы ұқсастықтар дәлел бола алады. Мыс.: *ерк* - түрк., түр., ноғ., өзб.; *әрк* - аз., ұйғ.; *ерик* – алт.; *ерік* - қаз.; *әрк* - қырғ.; *ирек* - тат., башқ., чув.; т.б. Міне, осы түбі бір түркі тілінен шыққан *ерік* сөзі қазіргі қазақ тілінде бірнеше мағынада қолданылады.: *Ерік*, Зат. 1. Ықтияр, ырық, билік. 2. Қақы, құқы, право. 3. Ауыс. Кеңшілік, мұрсатана (ҚТТС. 3, 417). Психологияда «*ерік* дегеніміз — адамның өз мінез-құлқын меңгере алу қабілеті» (Қ.Жарықбаев.) деген анықтама береді. Бұдан біз жалпы қолданыстағы *ерік* сөзінің табиғи жолмен психологиядағы жеке адамның алға қойған мақсатына жету үшін түрлі кедергілерді жеңуге бағытталған қимыл-қозғалысын білдіретін терминге айналғанын байқаймыз.

Десе де *ерік* сөзі әдеби тілде аталған мағыналарында жиі қолданылады. Психология терминдерінің жүйесінде *ерік* термині арқылы жасалған *ерікті қызмет*, *еріктік әрекет*, *ерік сапарлары*, *еріктік күш-жігер*, *ерік дамуы*, *ерік белсенділігі* т.б. тіркесті терминдер бар.

Ой. Ой сөзінің ұғымдық мағынада айтылуы ертеден басталады. XV ғасырда өмір сүрген Асан Қайғының толғауында:

Таза мінсіз асыл тас

Су түбінде жатады,


Таза мінсіз асыл сөз

Ой түбінде жатады... [44,6] деген өлең

жолдары кездеседі.

Ой – «мысль» мағынасында Ы.Алтынсариннің сөздігінде, Абай шығармаларында (объективтік шындық туралы түсінік, пікір, ұғым) [ҚТТС, 2,71] ретінде көптеп кездеседі.

Ой сөзінің шығу тегіне келсек, түркологияда *ой* сөзі көне түркі ескерткіштеріндегі *ө* – етістігінен (*ө < өг*) пайда болады деген пікір бұрыннан бар [43,39]. Осы *ойға* байланысты ғалым Ғ.Әнесовтың пікірлері өте құнды [45,78 -80]. Ғалым *ой* сөзінің даму кезеңдерін схема (сұлба) арқылы былай көрсеткен:



Ғ.Әнесов өзі айтқандай, түркологияда *ой*, *ойлауға* қатысты пікір алшақтығы да жоқ емес. Біз өз тарапымыздан осы пікір алуандығын 1 тізбектеп жатуды қажет деп таппадық. Ең бастысы - *ой* сөзінің бастапқы нұсқасы *ө* – етістігі екенін тағы да еске сала кету.

Қазіргі түркі тілдерінде *ой* термині тұлғалық жағынан елеусіз өзгерістермен қолданылады. Мысалы: *ой* - қаз., қырғ., өзб., ққал., ұйғ., алт., түр.; *үй* - тат., башқ., чув.; *от* - көне ұйғ., тілінде т.б.

Қазіргі қазақ тілінде *ой* екі мағынада, атап айтқанда: 1) ақыл, ес, пікір, сана, тұжырым мағынасында және 2) психологиялық термин ретінде жұмсалады. *Ойдың* бірінші мағынасында әдеби тілде «ой бөлді, ойға алды, ойға батты, ойға келді, ой салды» т.б. тұрақты тіркестері молынан қолданылады. Ал екінші мағынасында психология ғылымының ең ауқымды ұғымын, яғни «*ой* - сыртқы дүниені бейнелеудің ең жоғарғы формасы» (Қ.Жарықбаев) деген ұғымды білдіреді.

Қазақ тіліндегі психология терминдері жүйесінде *ой* терминінің қатысуымен жасалған тіркесті терминдер де аз емес: *ой қорытындысы*, *ой ұшқырлығы*, *ой өрістілігі*, *ойдың айқындылығы* т.б.

Жек көру. «Жаратпау, ұнатпау» мағынасындағы бұл тіркес қазіргі тілде жиі қолданылады. Көне түркі тілдерінде *йенік көр* – тіркесі *йенікле* – етістігі «жаратпау, жирене қарау» дегенді білдірген.

Йенік/йеңк сөзінің қазақша жек болып кетуі түркі тілдерінің дыбыстық заңдарына қайшы келмейді. Зерттеушілердің айтуларына қарағанда, түркі тілдерінде ғ, р, л, н, й, у дыбыстары «әлсіз дыбыстар, олардың түсіп қалуы,

косылуы, өзге дыбыстарға ауысуы «оп-оңай», мысалы, *бағла-байла, нең-не, бұл-бұ, сағ-саан, йағы-жау* дегендердей сияқты. Осы қатарға *йенік>йек>жек* тұлғаларын жатқызуға болады.

Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі Р.Сыздықованың сөзімен айтсақ ертедегі бабаларымыз «жақғырмау, жаратпау» мағынасында *йенік көру* тіркесін қолданған болса, бұл сөздер осы мағынада қазақ тілінде *жек көру* түрінде сақталып келген деуге болады [42,79].

«Презрение» ұғымы қазақ тілінде «жек көру»; ққал. «жек көриу»; тат. «жирәнеп қарау»; башқ. «йәне һоймәу»; чув. «йеренсе» түрінде беріледі.

Жалпы қолданыста *жек көру* «ұнатпау, жақтырмау» мағынасында қолданылса, исихологияда «*жек көру* - адамдардың өзара қарым-қатынастарының негізінде, олардың өмірлік көзқарастары мен мінез-кұлықтарының бір-біріне сәйкес келмеуінің нәтижесінде пайда болатын жағымсыз эмоциялық күйін» [46,375] білдіреді.

Байырғы сөздерден жасалған терминдердің бір тобы - **-лық, -лік** жұрнақтарының жалғануы арқылы пайда болған туынды терминдер. Мыс.: *инабаттылық, арсыздық, бодандық, әлеуметтік жағдай, археологиялық қазбалар, дүниежүзілік соғыс, әлеуметтік ескерту, азаматтық хал актілері, заңсыздық, панасыздық, жұмыссыздық, балиғаттық жас, мүгедектік, қазыналық кәсіпорын, еңбекке жарамсыздық парағы, үкіметтік емес ұйымдар, мемлекеттік емес зейнетақы қоры, зейнеткерлік куәлік, қажеттілік, кеңістік, тыныштық, кәсіпшілік, маусымдық жұмыс, тұрмыстық жарақат, психикалық жарақат, жауапкершіліктен жалтару, сағаттық өндірім, кедейлік шегі, экологиялық үстемақы, еріндік, бірлік, фразалық екпін, жаңашылдық, екіұштылық, көркемділік, қамқорлық, қайырымдылық, енжарлық, бейілділік, бейімділік, көрегендік, кепілдік, кешенділік, тәртіпсіздік, суықтық, беріктік, ашуланишақтық, құмарлық, сараңдық, талапсыздық, қайғысыздық* т.б. Мұндай терминдер сондай-ақ, **-ым, -ім, -м** жұрнақтарының көмегімен де жасалына береді: *білім, таным, ұғым, жазылым, айтылым, жіктелім, құрылым, тіркесім, ұстаным, үйлесім, үндесім, оқылым* т.б.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде ұғым сөзіне мынадай түсініктеме берілген: 1) белгілі бір зат, құбылыс жөніндегі адамның түсінігі, танымы. 2) мән, мағына, маңыз [ҚТТС, 9.453-454].

Осы жалпы қолданыстағы *ұғым* сөзінің психология ғылымында терминге айналғанын, оған берілген анықтамадан байқауға болады: «ұғым – заттар мен құбылыстардың елеулі, мәнді белгілері туралы ой» (Т.Тәжібаев).

Егер ұғым, таным сөздері терминдік мәнге бертiнiрек ие болса, *бiлiм* терминiнiң қалыптасу тарихы арыдан басталады. Бiлiк сөзiнiң этимологиясы *бил/bil* деген етiстiктен шығады. Осы етiстiктiң семантикалық жағынан түрленiп *билик* – түр.; *билик* – алт.; *билиг* – тув.; *бiлiм* – қаз., башқ. Және т.б. түрiнде кездеседi.

Байқап отырғанымыздай түркі тілдеріндегі *бiлiк* (қаз.) зат есiмiне *-м* жұрнағы қосылуы арқылы тағы бiр атау сөз - *бiлiм* пайда болады. Бiлiм терминi де түркі тілдерінде фонетикалық жағынан елеулі айырмашылықтармен өзгешеленедi. Мыс.: *билим* - түрк., түр., аз., қырғ., ққал.; *бiлiм* - қаз., тат., башқ.; *пелем* - чув.т.б. Аталған тілдердiң барлығында бұл термин «знание» терминiнiң баламасы ретiнде пайдаланылады. Сонымен бiрге *бiлiм* терминi «образование» терминiнiң орнына - түрк., қаз., ққал., башқ. тілдерінде. «умение» терминiнiң баламасы болып – ққал., тат. тілдерінде, *бiлiм* – «наука» болып – түр., қыр. тілдерінде қолданылады.

Бiлiм сөзiнiң терминдік сипатқа ертеден-ақ бейiм екенiн, бiз А.Иүгiнекидiң «Ақиқат сыйы» атты еңбегiнен байқаймыз.

Ақыл-ойыңа салып, сөзiмдi аңда...

Бiлiм бұлағы және жақсылықтың
[таусылмайтын] кенi

Сүйекке май, адамға - *бiлiм* [керек]

Бiлiм қадiрiн адамға *бiлiм* бiлдiредi.

Бiлiм сөзiнiң терминдік анықтамасы «оқу, үйренумен санаға қонатын, ақиқат жайлы түсiнiк» болса, жалпы лексикада ол «ақыл-парасат, өнер, ой-өріс» т.б. мағынасында қолданылады.

Байырғы сөздерден жасалған терминдердiң бiрсыпырасы етiстiкке –у жұрнағы жалғануы арқылы жасалған қимыл есiмдерi. Мыс.: *ойлау, түсiну, байқау, ақтау, алдау, арнау, атау*, т.б.

Қазақтың байырғы сөздері негiзiнде қалыптасқан терминдер туралы айта келе, бұл терминдердiң түркі тілдерiне де ортақ болып келетiнiн байқадық. Мәселен, қаз.*ес*; тат.*ис*; башқ.*ис*; чув.*ас*; қырғ.*эс*; ққал.*ес*, қаз.*ойын*; қыр.*оюн*; ққал.*ойын*; тат.*уен*; башқ.*уйын*; қаз.*оқыту*; қыр.*окутуу*; ққал.*оқытыу*; тат.*укыту*; бақ.*укытыу* т.б.

Түркі тілдеріндегі дерексіз ұғымдардың ортақтығы жайдан-жай емес, олардың ежелгі ғасырлардан бастау алаты айқын. Бұл туралы қырғыз ғалымы Б.Аманалиев былай деп жазады: «Енисей жазбаларының сөздік қорында философиялық, этика-эстетикалық ыңғайдағы дерексіз ұғымдар молынан ұшырасады» [47, 16].

Соңғы кездері қазақ тіл бiлiмiнде түркі тілдерiне ортақ терминологиялық қор құру туралы мәселе сөз болып жүр. Осы тұрғыдан

келгенде, басқа түркі тілдерінің терминологиялық жүйесі қазақ тілінен үлгі етіп аларлық жақтары (немесе керісінше) бар екендігін айтқымыз келеді. Айталық, қазақ психология ғылымында «гуманность» деген термин *адамгершілік* деп алынып жүр. Ал қырғыз тілінде *гумандуулук* деп беріледі. Сол сияқты «характер» қазақ тілінде - *мінез* болса, чуваш, татар, башқұрт тілдерінде *характер* деп алынады. Айтылуы да, жазылуы да мүлде бөлек өзге тілдің сөзін алғаннан гөрі, өзара туысқан түркі тілдерінен термин қабылдау әлде қайда дұрыс болып шығар еді.

Кезінде А.Байтұрсынұлы термин жасаудың негізгі үш көзін яғни, 1) ана тілінің өзінен; 2) түбі бір түркі тілінен; 3) басқа тілдерден деп көрсетіп берсе, бүгінгі таңдағы ғалымдарымыз да осы пікірді қолдайды деп ойлаймыз. Мәселен, осы мәселеге байланысты Ш.Құрманбайұлының мына бір пікірі құптарлық: «...Баршамыздың ортақ мұрамыз деп танылып жүрген түркі тілін немесе ескі жазба әдеби тілді термин шығармашылығында барлық түркі халықтары пайдалануға болады. Өзара термин алмасумен қатар терминжасамның ортақ көзін пайдалану - туыстас халықтардың ғылыми терминологиясын белгілі бір деңгейде жақындата түсері сөзсіз [16,112]. Шындығында, түркі тілдеріне ортақ қор құрылса, қазіргі жағдайда белең алып отырған терминдік ретсіздіктерге жол берілмес еді.

Қысқасы, қазақ терминологиясының негізгі ұғымдарын бейнелеуде көне түркі тілі мен қазақ тілінің байырғы сөздерінің, атқаратын қызметі ерекше. *Сана, ой, .ес, ерік, ойлау, ұғым* т.б терминдерінсіз адам жанының түрлі қасиеттерін, ерекшеліктерін түсіну мүмкін болмаған болар еді.

2.2 Қазақ терминологиясының кірме қабаты

Қазақ терминологиясы жүйесіндегі кірме терминдер дегеніміз – бір сөзбен айтқанда тілімізге шығу төркіні жағынан басқа тілден енген терминдер. Кірме терминдер қазақ тіл білімінде әлі толық зерттеліп біткен жоқ. Қазақ лексикологиясының едәуір бөлігін кірме терминдер құрайтыны бәрімізге белгілі. Біз оларды екіге қарастырғанды жөн көріп отырмыз: 1) араб, парсы сөздері негізінде қалыптасқан терминдер; 2) орыс тілі және орыс тілі арқыды Еуропа тілдерінен енген терминдер.

Қазақ терминологиясы жүйесіндегі осы екі топтың бір-бірінен елеулі айырмашылықтары бар. Айталық, ана тілімізге ену мерзімі бойынша екі топты қатар қоя алмайсың. Бұлардың қазақ тілінің ішкі заңдылығына байланысты игерілуіне келгенде де үлкен өзгешеліктер бар. Сонымен бірге, аталған кірме сөздердің терминденуінде де айтарлықтай айырмашылықтар кездеседі. Бұл орайда шығу тегі шығыстық болып келетін сөздер қазақтың

төл сөздерімен жасалған терминдерге ұқсас жақтары басым болса, ал орыс тілі және сол арқылы Еуропа тілдерінен енген терминдер олай емес.

2.2.1 Араб, парсы сөздері негізінде қалыптасқан терминдер

Түркі тілдеріндегі араб, парсы кірме сөздерін А.Сияров, Э.Р.Мамедов тәрізді зерттеушілер өз еңбектерінде жан-жақты қарастырған. Қазақ тіл білімінде кірме сөздердің осы қабатын белгілі шығыстанушы ғалымдар Н.Оңдасынов, Б.Бекмұхамбетов, Л.Рүстемовтер зерттегені белгілі. Қазақ терминологиясының жүйесіндегі араб, парсы кірме терминдері туралы салалық терминдерді зерттеген С.Әлісжанов, А.Исанова т.б зерттеушілердің бірді-екілі шағын мақалалары болмаса, арнайы ғылыми зерттеу жұмыстары әлі жоққа тән.

Қазіргі қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерін арнайы зерттеген ғалым Л.Рүстемов: «Араб және парсы сөздерінің қазақ тіліне ауысуы жүздеген жылдарға созылған ұзақ процесс» екендігін атап көрсетсе, көрнекті ғалым Р.Сыздықова араб, парсы сөздерінің ХУІІІ ғасырдың ақын-жырауларының шығармаларынан мол кездесетінін айтып, бұл сөздер әңгіме етіп отырған дәуірден көп бұрын халықтың тіліне сіңісіп, қазақ лексикасының байлығына айналған [48] деп тұжырымдайды. Сол сияқты, қазақ тіл білімінде араб, парсы тілдерінен енген сөздерді шамамен болса да дәуірлеу қиын деген пікір бар. Кейбір зерттеушілер бұл тілдерден сөз ауысу орта ғасыр еншісіне тиеді [49,98] деп қорытады. Аталған зерттеушілердің пікірлері бір-бірімен үндесіп жатыр.

Осы зерттеу барысында, көне түркі тілдерінің сөздігін қарап шыққанымызда одан араб, парсы тілдеріне тән *дана, дәлел, дін, діл, дүние, халық, қасірет, адам, ақыл, ғылым, дәлел, мақсат, мазмұн, өмір, парасат, рух, себеп, ақиқат, қажет, мән, тән, жан* сияқты терминдерді кездестірдік. Мұндай сөздер орта ғасыр ескерткіштері «Диуани хикметте» «Ақиқат сыйында», «Қутадғу білікте» көптеп ұшырасады. Араб, парсы сөздерінің халықтық тілге тіпті одан да ертеректе еніп кеткендігін осы сөздіктер арқылы көруге болады. Біріншіден, аталмыш жазба деректер араб, парсы сөздерінің тілімізге ену мерзімін нақтылай түссе, екіншіден кез келген тілдегі сөз алмасу белгілі бір тарихи, әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланысты екенін естен шығармауымыз керек.

Өткен тарихқа көз салсақ, Арабтар УІІІ ғасырдың басында Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстан жерлерін жаулап алғаны туралы деректер баршылық. «Қазақ даласына араб, парсы сөздері негізінен ХІ ғасырдан тарай бастаған [50,56] деген пікірді осы тарихи оқиғалар дәлелдей түссе керек. Демек,

тілімізге араб сөздерінің ену мерзімі де осы тұстардан басталады. Ал парсы сөздерінің тілімізге ену мерзімін ғалым Л.Рүстемов «парсы және түркі тілдерінің өзара инфильтрация жасау процессінен басталатындығын атап көрсетеді. Дәл осындай пікір С.Исаев еңбегінде де бар: «...Араб, иран тілдерінің әсері дегенде иран тілінің әсері араб тілінен гөрі ертерек басталғанын да жоққа шығармаймыз» - дейді ол[51,112].

Араб, парсы тілдерінен енген сөздер қазақ тілінің жалпы лексикасында ғана емес, тіпті тіліміздің түрлі ғылымдар саласының терминологиялық лексикасының құрамынан да орын алады. Белгілі түріктанушы Н.А.Баскаков: «Араб, парсы сөздері түркі тілдеріне исламмен бірге келді. Олардың көпшілігі - діни ұғымдық, ғылыми, өндірісітік және қоғамдық-саяси терминдер. Сондай-ақ, дерексіз, абстракты ұғымдарды білдіретін атаулар да бар» [52,35] деген тұжырымы біздің жоғарыда айтқан пікірімізді нақтылай түссе керек.

Тіліміздегі араб, парсы сөздерінің негізінен дерексіз ұғымдарды білдіретіндігін Б.Әбілқасымов, Л.Рүстемов тәрізді қазақ зерітеушілері де баса айтады. Дерексіз ұғымдардың қазіргі түркі тілдерінде әркелкі өзгеріске ұшырап, түрліше дыбысталуы көршілес халықтар арқылы сатылап жеткен деген пікірді растайды. Мысалы, қаз. *пікір* – өз. *фикр*, түрк. *пикир*, тат. *фикер*, қырғ. *бикир*, ұйғыр. *пикир*; қаз. *ақыл* – өзб. *ақл*, ққал. *ақыл*, ұйғ. *еқил*; қаз. *ниет* – түрк.*ниет*, ұйғ.*нийәт*, тат.*ният*, ққал.*нийет*; қаз. *қызмет* – ұйғ. *хизмәт*, тат. *хезмат*, өзб. *хизмат*; қаз. *қабілет* – ұйғ.*қабиллийәт*, өзб. *қобилият*, ққал. *қабілет*; қаз. *тәкаппарлық* – ұйғ.*тәкәббүрлік*, тат. *тәкәбберлік*, өзб. *такабурлик*, түрк. *текепбирлік*, қырғ. *тәкеберчилик*, ққал.*тәкәббирлік* т.б.

Бұл мысалдардың араб тілінде түпнұсқалары төмендегідей: *фекр*, *ғәқыл*, *нийәт*, *хедмәт*, *қабиллийәт*, *тәкәбүр*. Осы туыс тілдер ішіндегі араб тіліндегі түпнұсқаға дыбыстық жағынан ұқсас тілдер татар тілдері екені байқалады. Демек, араб, парсы сөздері көрші халықтар арқылы, біртіндеп енген.

Араб, парсы сөздерінен жасалған терминдер қазақ терминологиясының жүйесінен де елеулі орын алады. Ғалымдардың зерттеуі бойынша қазақ терминологиясы құрамында араб, парсы сөздерінен жасалған 200 шамалы терминдер бар екені анықталды. Зерттеушілердің осы пікірінің дәлдігіне салалық терминологиялық сөздіктер меп оқулықтарды қарап шыққанымызда біздің көзіміз анық жетті. Сонымен бірге қазақ терминологиясында термин ретінде қолданылмайтын, бірақ араб, парсы сөздіктерінде кездесетін, терминдік қасиеті басым сөздердің саны 40-қа жуық екендігі анықталып отыр. Мысалы, *азамат* > *а ғәзәмәт* сөзі тілімізге

бұрыннан еніп, әбден сіңісіп кеткен. Жалпы қолданыста өте жиі қолданылады.

Араб, парсы сөздерінен жасалған терминдер қазақ терминологиясының жүйесінен де елеулі орын алады. Ғалымдардың зерттеуі бойынша қазақ терминологиясы құрамында араб, парсы сөздерінен жасалған 200 шамалы терминдер бар екені анықталды. Зерттеушілердің осы пікірінің дәлдігіне салалық терминологиялық сөздіктер мен оқулықтарды қарап шыққанымызда біздің көзіміз анық жетті. Сонымен бірге қазақ терминологиясында термин ретінде қолданылмайтын, бірақ араб, парсы сөздіктерінде кездесетін, терминдік қасиеті басым сөздердің саны 40-қа жуық екендігі анықталып отыр. Мысалы, *азамат* > *а ғазәмәт* сөзі тілімізге бұрыннан еніп, әбден сіңісіп кеткен. Жалпы қолданыста өте жиі қолданылады.

Психолог Ә.Алдамұратов: «Орыс тіліндегі «личность» деген терминнің баламасын *азамат* деп атаған дұрыс. Өйткені ғылымда «личность» деп адамдардың бәрін айтпайды, сол адамдардың ішінен өзіндік қасиеті мол, өзгелерге қамқорлық жасайтын жасы кемелденген адамдарды айтады. Ерте кезде *азамат* деп тек еркек кісілерді ғана айтатынды. Бұл қате. *Азамат* деген ұғымның мәні адамның жынысына байланысты айтылмайды. Ғылымда «личность» деп жас баланы, не ақыл есі ауысқан ересектерді айтпайды. Осыған қарағанда *азамат* (личность) деген ұғымның *жеке адам* деп аудару қате деп түсіну керек» деп ұсыныс білдіреді [53, 6]. Біз өз тарапымыздан жоғарыдағы пікірді дұрыс деп қабылдаймыз.

Аталған екі термин сөздікте *индивид* - *индивид, личность* – 1) кісі; 2) жеке адам, жеке бас деп берілген. Психология терминологиясы жүйесінен өздеріне тиісті орын таба алмай жүрген араб, парсы, сөздерінің қатарына *жан-жүйе* > *п. джанджуйә, жай-күй* > *п. джай-күй, зерек* > *п. зирәк, абырой* > *п. абруй, ақымақ* > *а, әхмәх, хабар* > *а. хәбәр* терминдері жатады. Аталған сөздер болашақта қазақ терминологиясы жүйесінен орын алуы керек деп білеміз.

Әрине, бұл жерде ескеретін бір жайт, қазақ терминологиясы жүйесіндегі араб, парсы сөздерінен жасалған терминдердің санын анықтауда дәлдіктен ауытқуымыз мүмкін. Өйткені кез келген тілдің терминологиялық жүйесіндегі лексикалық қабатардың мөлшерін дәл анықтауға мүмкіндік бермейтін себептердің бірі – ол терминологиялық жүйенің үнемі дамып, жаңарып, толығып отыратындығында жатса керек. Бұл әсіресе қазақ терминологиясы жүйесінен анық байқалып отыр.

Терминдердің қолданыстан шығып қалу процесі немесе керісінше, қолданысқа түсуінде қайта жандану процесі жиі болып тұрады. Оған басты себеп ғылымның дамуы, өркендеуі болмақ. Айталық, 20-30 жылдары жаңа

дамып келе жатқан ғылымдардың терминдерінде ұлттық сипат басым болса, кеңес дәуіріндегі терминдерге халықаралық сипат үстемдік еіті. Ал соңғы жылдары қазақ терминологиясы ғылымында қазақтың төл ғылыми ұғымдарының жаңаруына орай осы ұғымдарды беретін ұлттық терминдері бой көтеріп келеді. Оның ішінде тілімізге әбден сіңісіп кеткен араб, парсы сөздерінен жасалған терминдер де аз емес. Қайтадан жанданып терминдік мәнге ие болып жатқан осындай сөздер біздің назарымыздан тыс қалуы әбден мүмкін.

Қазақ дүниетанымының негізгі ұғымдарының ішінде адамның ішкі дүниесі, рухына байланысты: *қанағат, ар, ұждан, пейіл, намыс* т.б. сөздер кездеседі.

Қанағат деген ұғым өзін-өзі тоқтатуға байланысты мағынаны, яғни тойымдылықты, тоқмейілділікті, нысаптылықты білдіреді. Мыс: Қанағат, тоқтам, ар, нысап - Қасиеттер ғой ең әсем (Қаз. Әдеб. Хрест.).

Қанағат ету - жетіспеушілікке төзіп шыдау емес, ақылға сүйеніп, құнықтанудан бас тарту, сондықтан халық «адамды қанағат аздырмайды» - дейді. Аталған сөздер жалпыхалықтық тілде кеңінен қолданылады. Осы сөздер Абайда, Шәкірімде, Жүсіпбекте терминдік мәнде жұмсалғаны белгілі. Кейіннен психология ғылымының біржақты дамуының нәтижесінде бұл ұғымдардың терминдік өрісте даму желісі үзіліп, тек жалпы қолданыста қалып қойды. Араға ондаған жылдар салып, бұл ұғымдар терминдік өрістен қайта орын теуіп жатқандығын ескерсек, қазіргі терминология жүйесі жаңа терминдік қолданыстармен толығып отырғандығын байқау қиын емес.

Араб, парсы терминдері ертедегі философиялық, психологиялық бағытта жазылған трактаттарда, ортағасырлық ескерткіштерде қолданылған сөздердің негізінде жасалғандығын, қазіргі психология, философия, логика, әдебиет, тарих ғылымдарының терминологиялық жүйесінің тілдік қабатынан анық көреміз. Дегенмен, араб, парсы сөздері тілімізде бір дегеннен терминдік мәнге ие бола қойған жоқ. Профессор С.Исаевтың: «... Қазақ тіліне араб-парсы тілдерінен көптеген сөздер енді. Олардың бірқатары осы кезеңде термин болып та қалыптасты» [54 41] деген пікірінен көп нәрсені аңғаруға болады.

Араб, парсы сөздерінің терминденуі Абай шығармаларнан бастау алады. *Жан* деген парсы сөзі Абайға дейін екі мағынада: бірі – «тіршілік біткенге берілеті рух» деген, екіншісі – «адам, кісі, пенде» деген мағынада жұмсалған. Абай осы сөзге жаңа мағына үстемелеп, терминдік дәрежеге көтерді. Оның қолданылуындағы *жан* – адамның психологиялық ішкі жан дүниесі, ой-санасы: Адам баласына екі нәрсе, тән: бірі — *тән*, екіншісі — *жан*. Ақын бұл екі сөзді дара күйінде қолданумен қатар, *қуат* сөзімен

тіркестіріп, олардың терминдік қабілетін аша түседі. Мысалы, *жан қуаты*: жан қуаты дейтұғын қуатпен көп көрсе, бәрін мұнда назарға уақыт сыйғызбайды; *тән қуаты*: әрнәшік тән қуатыменен сырттан туып сыртта сақтайсың оның аты дәулет еді [55,162]. Осындағы *қуат* сөзі психологиялық ыңғайда қолданылып тұрғаны анық. Термин мақсатты түрде жұмсалатын ұғымдық лексика болса, аталмыш сөздердің ұғымдық мән жамылып, арнайы қолданысқа түскенін байқау қиын емес. Қазіргі кезде *жан* сөзі психология мен философияға ортақ термин ретінде жұмсалады.

Ал *тән* сөзі Абайда «тұла бойы, дене» мағынасында жұмсалады. Қазіргі психология ғылымында *тән* > *n.тәнә* деген парсы сөзінің қолданысы сирей бастағанын байқаймыз. Мәселен, Ж.Аймауытұлы еңбегінде *тән – дене* болып, Т.Тәжібаев еңбегінде *тән-организм* болып қолданылса, Қ.Жарықбаевтың психологиясында «*организмнің* сыртқы ортаны түйсіне алу қабілеті» - дегенді тән терминімен емес, *организм* термині арқылы береді.

Абай кейбір араб, парсы сөздеріне үстеме мағына немесе семантикалық реңк бере білген. Мысалы: *харакет* сөзінің араб тіліндегі мағынасы – іс-әрекет, қимыл, қозғалыс, қызмет, жүріс, ым, қылық. Ал Абайда бұл сөз, біріншіден – «өнер, кәсіп» сөздеріне синоним ретінде қолданылады, мыс.: «Атаның *харакетін* ұстай алды». Екіншіден, Абай бұл сөзді «орынды, пайдалы іс» мағынасында берген. Мыс: «әрбір орынды *харакет* өзі де уайым-қайғыны азайтады, орынсыз күлкімен азайтпа қайғыны, орынды *харакетпен* азайт».

Көріп отырғанымыздай қазақ терминологиясы тек төл сөздерден ғана емес араб және парсы сөздерінен де құралады екен. Қазақ терминологиясы жүйесіндегі араб, парсы сөздернің терминденуі әр алуан. Олар

1. Араб, парсы сөздерінің бірте-бірте термин болып қалыптасуы, яғни, мағынасын сақтап терминденуі. Мысалы: *бизәм* (а) жайбарақат, алаңсыз, камсыз, қаперсіз деген мағыналарды білдіреді. Арабтың *ғәм* сөзіне (қолдау, қорғау) *-би /бей* парсының сөз алдында келетін префиксі жалғанады. Бір нәрсенің, іс-әрекеттің, дерекіз ұғымдардың жоқ екенін білдіретін осы *бейғәм* сөзіне қазақ тілінде жұрнатар жалғанып, бірнеше туынды сөздер жасалады: *бейқамдау, бейқамсы, бейқамсыздық, бейқамдық*. Осы туынды сөздердің ішіндегі *бейқамдық* психологияда “беспечность” деген орыс тілінің терминіне балама ретінде қолданылады.

Осындай терминдердің қатарына *әдет* > *a.гадәт* сөзін жатқызуға болады. Әдет адаммен бірге қалыптасқан, бойға біткен үйреншікті, дағдыланған қылық.

Парсы тілінің *арман* сөзі екі мағынада қолданылады: 1. Тілек, мақсат, ықылас. 2. Өкініш, опық, қайғы, уайым. Осы сөз қазақ әдеби тілінде де екі

мағынада жұмсалады. Қазақ психология ғылымында арман термині бірінші мағынаның терминденуі арқыды пайда болған. Мағынасын сақтап терминденген араб, парсы сөздерінің қатарына *парасат*>*а фэрасат* (орысшасы - разум), *ниет*>*а нийәт* (орысшасы - намерение), *нышан*>*а нешан* (орысшасы - задатки), *тәкаппар*>*а тәкәббүр* (орысшасы - высокомерие), *данышпан*>*п данешмәнт* (орысшасы - гений), *зейін*>*а зейін* (орысшасы - внимание) терминдерін жатқызуға болады.

2. Қолдану аясы тарылған араб, парсы сөздерінің негізінде жасалған терминдерге көп мағыналы араб, парсы сөздерінің бұрынғы мағыналары тарылған, соның нәтижесінде терминденген сөздерді жатқызамыз. Мысалы: *әсер*>*а әсәр* деген араб тілінде көп мағына береді. 1. Із, белгі. 2. Аңыз, көне заман ескерткіші. 3. Ықпал. 4. Әсер, пікір, эффект. 5. Шығарма, еңбек. Ал қазақ тілінде *әсер* сөзі бір ғана мағынада, яғни “сырттай бір құбылыстан, қимыл-әрекеттен болатын ықпал” деген мағынада қолданылады. Психологияда осы араб сөзінің негізінде *әсер* (орысша - впечатление), *әсерленгіштік* (орысша - впечатлительность) деген терминдер жасалған. Осы тәріздес мысалдарды көптеп келтіруге болады. Мәселен, *әдеп*>*а әдәп*, *әуес*>*а һәвәс*, *әрекет*>*а хәрәкәт*, *пайым*, *пайымдау*>*а фәһм*, *қызмет*>*а хедмәт*, *амал*>*а гәмәл т.б.*

3. Араб, парсы сөздерінің пайдалану өрісінің ұлғаюы нәтижесінде қалыптасқан терминдер жоғарыда айтылған құбылысқа керісінше, араб, парсы сөздерінің қолдану аясының кеңеюі нәтижесінде терминдер пайда болады. Мысалы: *адал*>*а хәләл* сөзі. 1. Таза, пайдалануға жарамды. 2. Ауыс. Ақ ниет, турашыл, әділ – деген екі мағынада жұмсалады. Қазақ тілінде бұл екі мағынаның үстіне «алдаусыз, арамдықсыз; нағыз жанашыр, таза сезімді; күнәсіз, жазығы жоқ» сияқты мағыналар үстемеленеді. Адал сөзінде **-дық** жұрнағы жалғанып, психологияда адалдық деген термин жасалған. арамды.

Ақыл>*а. гәқыл* араб тілінде «адамның ойлау қабілеті; сана сезімі; ұғымын білдіреді. Ақыл сөзінің баламасы ретінде *ес*, *жад* сөздері де жұмсалады. Бірақ олар ақылдың толық семантикалық мағынасын бермейді. Тілімізге ертеден енген *ақыл* сөзі әдбен сіңіскен, қолдану аясы кең. Мыс.: *ақылгөй*, *ақылдас*, *ақылды*, *ақылшы*. Сондай-ақ, ол қос сөздердің бірінші сыңарыда да жұмсалына береді: *Ақыл-айла*, *ақыл-ой*, *ақыл-парасат*, *ақыл-сана*, *ақыл-сезім т.б.*

Ақыл сөзі тілімізде ауыспалы мағынада «пікір, өсиет, пайдалы кеңес, дұрыс шешім» мағыналарын білдіреді. Психологиядағы *ақыл* (орысша – ум) термині осы сөздің бірінші мағынасының негізінде пайда болып тұрақтанған. Мұндай сөздердің қатарына *батыр* > *п. бәһадүр*, *қиял* > *а. хиял*, *дәм* > *а. тәм* т.б. сөздерін жатқызамыз

Араб, парсы кірме сөздерінің көпшілігі тіліміздің ішкі заңдылығына бағынып қабылданған. Бұл туралы Л.Рүстемов былай деп жазады: “Әдеби тілімізге ертеден еніп, әбден сіңісіп кеткен араб-парсы сөздері қазіргі қазақ тілінің ішкі заңдылығына толық бағынып, соған сәйкес фонетикалық және грамматикалық өзгерістерге ұшырап отырғаны белгілі” [56, 561]. Осындай пікірді ғалым П.М.Мелиоранскийдің еңбегінен де кездестіруге болады. Ғалым қазақ тіліне енген араб, парсы кірме сөздері туралы айта келе, ондаған сөздердің этимологиясын көрсетін, олардың қазақ тілінің сингармонизм заңына бағынып, фонетикалық өзгеріске түскенін дәлелдейді [57]. Шындығында да араб, парсы сөздерінен жасалған терминдердің барлығы фонетикалық өзгерістерге түскен. Мыс: реніш>п. рэндж, тәрбие>а. тәрбия, тәртіп>а. тәртиб, уайым>а. вәһм, тәлім>а. тәлим, әділ>а. әдл, қасірет>а. хасрәт және т.б.

Араб, парсы сөздерінің тек қана сырт пішіні емес, сонымен бірге ішкі формасын да толық жоғалтып жібергендігі туралы Л.Рүстемов баса айтады: “Абырой деген сөз парсы яки тәжік тілінде сөйлейтін адам үшін екі бөлімнен тұрады: *аб* және *руй*, Мұндағы *аб* (су), *руй* (бет яки жүз). Сонда *абырой* сөзінің парсы тілінен сөзбе-сөз аудармасы «беттің суы» болып шығады.

Қазақ терминологиясы жүйесіндегі араб, парсы кірме терминдерінің араб, парсы сөздері мен төл жұрнақтарымыздың бірігуі арқылы жасалғандығы да анық байқалады. Мәселен, *адамгершілік* (а+п+қ), *әсерленгіштік* (а+қ), *тәкаппарлық* (а+қ), *әдепсіздік* (а+қ), *бейқамдық* (п+а+қ), *пайымдау* (а+қ), *әуесқойлық* (а+қ), *адалдық* (а+қ) т.б.

Тіліміздегі араб, парсы сөздерінен жасалған терминдерді сөз еткенде олардың ғылымның бірнеше салаларына ортақ қолданылатынын айта кету жөн. Мысалы, *ақыл, себеп, амал, мағына, мақсат* т.б. психологияда; *амал, мақсат, себеп, зат, ақыл* философияда, тарихта: *батыр, данышпан* психологияда, әдебиеттану ғылымында, *жан, дағды, пайымдау, пікір* психологияда, логикада жиі қолданылады. Бұның өзі араб, парсы сөздерінен жасалған терминдердің едәуір бөлігі - адамның ішкі дүниесін, көңіл-күйін, сезімін білдіретін дерексіз мәнді терминдер екендігіне байланысты болса керек. Ғылымның әр саласында терминнің бұлайша қайталанып қолдануында өзіндік реңкі де (мағыналық айырма да) жоқ емес. Мысалы, *себеп* (мотив) психологияда «адамды әрекетке бағыттайтын, қажетін өтеуге талпындыратын бір түрткі болады. Бұл түрткіні психологияда мотив (себеп) деп атайды». Ал философияда *себеп* мынадай анықтамамен сипатталады: «Под причиной понимается явление, действие которого вызывает определяет, изменяет, производит или влечет за собой другие явления».

Сонымен, төркіні шығыстық терминдер терминологиялық омонимияның басымдығымен, терминдік мәннің байырғылығымен, қазақ тілінің ішкі заңдылығына толық бағынуымен ерекшеленеді.

Мақсатқа *талпынушылық* - целеустремленность, *арман* - мечта, *ашу* - гнев, *әдет* - привычка, *әрекет* - деятельность, *байқағыштық* - наблюдательность, *бақылау* - наблюдение, *бейімділік* - склонность, *ес* - память, *ерік* - воля, *қабылдау* - воспринимать, *қиял* - воображение, *қозу* - возбуждение, *құмарлық* - страсть, *қызығу* - интерес, *ойлау* - мышление, *сезім* - чувство т.б. Аталмыш терминдердің аудармаға қатыстылығы, табиғи жолмен жасалған терминдермен салыстырғандағы ерекшелігі болса керек.

Соңғы жылдары сөзбе-сөз аударуды (кальки) зерттеу біраз жетістіктерге қол жеткізіп отыр. Осы мәселе туралы Л.А.Пономаренко, К.Флекенштейн, Д.К.Палийдің диссертациялық еңбектерінің маңызы зор.

Н.М.Шанский, А.А.Реформатский, Л.П.Ефремов және т.б. лингвистер өз зерттеулерінде сөзбе-сөз аудару мәселесін жан-жақты қарастырады. Кальканы зерттеуге арналған еңбектердің ішінен Э.М.Ахунзянов, Б.Г.Колкер, М.М.Копыленко, Н.М.Шанскийдің мақалаларын атап өту орынды. Шетелдік ғалымдар Э.Сепир, Ш.Балли, Ж.Марузо, А.Рей және т.б. аталған тілдік құбылысты тереңірек зерттейді. Түркологияда калька туралы Н.А.Баскаков, Х.А.Абдуллаев, Р.Данияров, Т.М.Мухамедкулиева, Т.Бердыева, С.К.Кеңесбаев, К.С.Сайранов, М.Ш.Ширалиев т.б. ғалымдар сөз етті.

Түркі тілдеріндегі сөзбе-сөз аудару бірнеше диссертациялық еңбектер мен ғылыми мақалалардың нысанына айналғаны белгіді. Ал қазақ терминологиясы көлемінде бұл тәсіл Б.Қалиев, Ө.Айтбаев, Р.Үрекенова еңбектерінде сөз болады.

Қазіргі тіл білімінде сөзбе-сөз аударуға ғалымдар мен зерттеушілердің аса ден қоюы, аталған тілдік құбылыстың күрделі әрі өз шешімін таппаған мәселе екенін көрсетсе керек. Ғалымдар кальканы әртүрлі түсіндіреді. Мысалы, Ж.Марузо кальканы «перенос из одного языка в другой, охватывающий либо слово, либо конструкцию, либо значение слова» [58,37] ретінде түсіндіреді. Н.М.Шанскийдің пікірінше калькалау кезінде «структура слова или значения воспроизводит соответствующий факт иноязычного слова» [59,91]. Осындай ойды С.В.Гриневта білдіреді. Оның тұжырымдауынша калька «кірме сөздің мағынасы мен құрылысын алу» [60,116] болып табылады.

Сонымен, қазіргі тіл білімінде сөзбе-сөз аударуды мағыналық жағынан кірме терминдердің аясында қарастыру дәстүрі басым екені байқалады. Алайда, сөзбе-сөз аударуды кірме терминдердің қатарына қоса бермейтін ғалымдарда бар. Л.Ефремовтың пікірінше сөзбе-сөз аудару сол

терминдер мен кірме терминдердің арасындағы бөлек қабатты құрайды. Автор «калька мен кірме сөздердің түп негізі басқа тілдердеп енген сөздер болатынын мойындай келе, екі тілдік құбылысты бірге қарастыруға немесе бір-бірімен шатастыруға болмайды деп тұжырымдайды» [61, 79-80]. Біз осы соңғы ойға қосыламыз.

Шындығында, кірме терминдермен салыстырғанда, мұндай терминдерде шет тілінің грамматикалық құрылымы, дыбыстық ерекшелігі онша сезілмейді.

2.2.2 Орыс тілінен және орыс тілі арқылы Еуропа тілдерінен енген терминдер

Ғылым мен техникалық дамуы, ақпараттар ағынының өсуі соңғы жылдары тіліміздің жаңа терминдер мен атаулармен толықтырды. Сондықтан да жаңа термин жасаудың бір тәсілі – шет тілінен сөз алу бүгінгі таңда өз өзектілігін жойған жоқ. Бұл мәселе әсіресе арнайы мәтіндерді оқу кезінде өткір байқалады, өйткені шет тілінен енген терминологиялық лексика сол тілге оның жазуы арқылы енеді.

Арнайы мәтіндердің халықаралық сөздермен толығын зерттеудің өзектілігін бір тілден екінші тілге терминдердің өтуінің теориялық және практикалық негізін жасаудың қажеттілігімен түсіндіруге болады.

Халықаралық лексиканы зерттеу жұмыстары шетел және отандық тіл білімінде бұрыннан қалыптасқан. Бұл саланың тілдік мәселелері көп еңбектерде халықтардың мәдени және әлеуметтік-экономикалық байланысымен, «тіл тазалығына» қатысты сұрақтармен бірлікте қаралады.

Халықаралық терминдерді жүйелеу, реттеу терминшілер мен белгілі бір ғылым саласының мамандарының бірігіп жұмыс істеуін талап етеді. Кейде әр түрлі салаларда бұрыннан қолданылатын терминдерді жаңа баламалармен ауыстыру бос әурешілік болатын жағдайлар да кездесіп жатады. Өйткені сол тілде сөйлейтін халық ол жаңа сөздерді термин ретінде қабылдамауы да мүмкін. Бұл туралы Л.А.Капаназе мынадай мысал келтіреді: ғалымдар аэратор, акселератор, крекинг, меланжер, глинизация т.б. терминдерін «воздушная мешалка», «ускоритель», «расшепление», «отделитель», «покрывание глиной» деген сөздермен ауыстыруды ұсынды... Бірақ олар термин ретінде қалыптасқан жоқ [62,161].

Осындай тілдік құбылысты қазақ тілінен де байқауға болады. Айталық, термин сөзінің өзіне «пән сөздері», «атау», «атау сөздер», «атаушы» сияқты баламалар табылғанына біраз уақыт өтті, бірақ ол атаулар ғылыми тілде қалыптасып кете алған жоқ. Өйткені термин сөзінің ұсынылған

баламаларын халық қабылдамады. Оның өзіндік себебі де бар. Термин сөзінің терминдік мағынасын аталған балама сөздер толық бере алмады және олардың терминдік жүйе құруға қабілетсіздігі, яғни «терминологиялық лексика», «терминологиялық жүйе» терминдерін «атау лексика», «атаушы жүйе» деп бере алмайтындығымыздан болса керек.

Кезінде Н.В.Юшманов [63] халықаралық терминдерге қатысты тіл саясатын сипаттай келе, оны үш түрге бөлген:

1. Ксеномания (өзге тілден сөз алуды кеңейту)
2. Утилитаризм (қажетті және ауыстыруға келмейтін сөздерді қалдыру)
3. Пуризм (ана тілінің сөздерімен ауыстыру)

Қазіргі терминшілер және ғылым саласының мамандары әрбір шет тілінен алынған терминді терминологияның басты принципі - жүйелілік принципіне сай қалдыру керек пе, жоқ өз ана тіліміздің сөзімен алмастыру қажет пе деген сұрақ тұрғысынан келу керек. Ең алдымен, бүгінгі лингвистикалық әдебиеттерде шет тілінен сөз қабылдау ұғымы қалай анықталады, соны қарастырайық.

Шет тілінен сөз қабылдауды Эйнар Хауген былай сипаттайды «попытку говорящего воспроизвести в одном языке навыка, усвоенные им в качестве носителя другого языка» [64,345].

Көптеген авторлар шет тілінен сөз қабылдағанда ол сөздер енген тілге жан-жақты бейімделуге жақын тұратындығын айтады. Я.П.Крысин шет тілінен сөз қабылдау процесін бір тілден екінші тілге түрлі элементтердің енуі деп түсінеді. Түрлі элементтер деп отырғаны тіл құрылысы - фонетика, лексика, морфология, синтаксис т.б. [64, 19].

Біз сөз қабылдау дегеніміз жаңа ұғымдар мен түсініктерді атау үшін өзге тілдің сөздік қорынан сөз алу деп түсінеміз.

Жоғарыда көріп отырғанымыздай, ғылыми еңбектерде сөз қабылдауды түрліше түсіндіреді. Сол сияқты терминологиялық сөз қабылдау да біркелкі емес. Терминологияға шет тілінен сөз қабылдаудан әдеби тілден сөз қабылдаудың ерекшелігі бар. Әдеби тілден терминологиялық лексикаға, терминологиялық лексикадан әдеби тілге сөз қабылдау терминолог ғалым Ш.Құрманбайқды еңбектерінде жан-жақты зерттелген.

Әдеби тілден алынған сөзге арнайы терминологиялық лексикасын құрайтын терминдену тәсілімен жасалған терминдердің елеулі бөлігі - жалпы қолданыстағы сөздердің метафоралануы негізінде жасалған терминдер. Мысалы: «көз алмасы», «рефлекс доғасы», «лексикалық қабат», «қозу табалдырығы», «ми қабығы», «ауыр қылмыс» т.б. Мұндай терминдену процесін ішкі терминдену деп атап жүр.

Дегенмен сөз қабылдау дегенде көпшілік терминшілер өзге тілден сөз алуды, яғни сыртқы терминденуді көбірек айтады. Басқа тілден енген сөздің бір мағыналылығы, нақтылығы әдеби тілге қарағанда терминологиялық лексикада олардың санының әлдеқайда басым екенін аңғартады.

Кез келген тілде сөз алмасу мейлі ол әдеби тілде болсын, терминологиялық лексикада болсын заңды құбылыс. Мәселе мұнда емес, мәселе олардың санында және қалай қабылдануында болып отыр. Әдеби тілге қарағанда арнайы лексикада шет тілінен енген «архетип» «ламинатор», «аукцион» т.б. терминдер бір мезгілде сөзді беруші тіл мен сөз алушы тілдің лексикалық байлығына жата ма? Аталған терминдер тіліміздің дыбыстау заңдылығына сәйкес өзгертіп алсақ қана, ол сөз, сөз алушы, яғни, қазақ тілінің термині болған болар еді. Олай етпегендіктен *архетип*, *ламинатор*, *аукцион* терминдері қазақтың термині емес, орыс тілінің термині болып қала береді. Бұдан шығатын қорытынды: кез келген шет тілінен енген сөз қай тілде болмасын ұлттық бейімделуден (национальная адаптация) өту керек. Шет тілі сөздерін жайдан-жан лексикалық қорымызды байыту, толықтыру үшін алмаймыз. Оларды арнайы лексикаға белгілі бір ғылыми ұғымды атау үшін, қажетті тілдік бірлік ретінде қабылдаймыз.

Кірме терминдердің қазақ тілінде орыс тіліндегі қалпын сақтап алынуының және олардың аударылмауының басты себептерінің бірі - термин қабылдауда басшылыққа алынып келген принциптерге тікелей байланысты. Күні кешеге дейін термин қабылдауда ұстанған принциптеріміз кірме терминдердің ана тілімізге аударылуына немесе тіліміздің дыбыстық заңдылықтарына сәйкес тұлғасын өзгертуіне кедергі жасап келді. 1935 жылы Алматыда өткен Бүкілодақтық мәдениет қызметкерлерінің бірінші съезінде мақұлданған, «қазақ әдеби тілі терминологиясының принциптері» осыған дәлел бола алады.

Аталған 10 принциптің негізгі мақсаты - «халықаралық терминдер» деген жасанды атау жамылған Еуропа және орыс тілінің сөздері мен қосымшаларын тілімізге өзгеріссіз енгізуге негізделген болатын.

Жаңа принциптердің жасалуына орай термин шығармашылығында А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, Х.Досмұхамедұлы ұстанған принциптер басшылыққа алынбады. Соның салдарынан ғылым мен техниканың әр түрлі саласындағы терминдердің 70-80% кірме терминдерді құрап, қазақ тілі толық дәрежесіндегі ғылым тілі бола алмай келді.

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым А.Байтұрсынұлы өзге тілдерден сөз қабылдау жөнінде былай деп жазыпты: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін алмастыра-

алмастыра, ақырында ана тілінің кайда екенін білмей, айырылып, қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің (даярлығына қызықпай) ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болады» [66, 350-351].

Ал Х.Досмұхамедұлы жат сөздерді қабылдау туралы: «Тілге кірген жат сөздер сіңу үшін, тілге «өзілік» болу үшін сол тілдің заңымен өзгеріп танымыстай халге келуі керек. Бүйтпесе жат сөздер бұралқы болып тілдің шырқын бұзады, тілге зиян келтіреді. Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге лайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады» [67,92].

Алаш зиялылары солай дегенімен, сол кездегі саясаттың салдарынан кірме сөздерді өзгертпей алған тілдердің бірі – қазақ тілі болды. Осыдан бір ғасырдай бұрын ғалымдарымыз болжаған шындықты әлі де мойындағысы келмейтіндер арамызда әлі де баршылық. Кейбір тілшілермен арнаулы маман иелері қазіргі жаңадан жасалған қазақша терминдерді қабылдағысы келмейді. Олай етуді осы уақытқа дейінгі «ғылым тілін бұрмалау» деп есептейді.

Қазақ терминологиясы жүйесінде халықаралық терминдер 1) тікелей орыс тілінен; 2) орыс тілі арқылы Еуропа тілдерінен енген терминдер болып екіге бөлінеді. Тікелей орыс тілінен енген терминдер туралы сөз қозғағанда академик Ә.Қайдаровтың. «...орыс тілінде жасалған терминдердің ұлт тілдеріне аударуға бейім тұратындығы» [68,18] деген сөздерін есте ұстағанымыз жөн. Расында қазақ терминологиясының жалпы қорында мұндай терминдердің орысша қалпымен алынғаны көп емес. Олардың барлығы дерлік төл сөздік қорымызда бұрыннан бар сөздердің жаңа терминдік мәнде жұмсалуды немесе сөзбе-сөз аудару (кальки) жолымен жасалған терминдер болып табылады. Мысалы: *көңіл күйі* – настроение, *табандылық* - настойчивость, *жалқаулық* - леность, *аралық ми* - промежуточный мозг, *тітіркендіргіш* - раздражитель, *борыш сезімі*- чувство долга, т.б.

Ана тіліміздің ішкі мүмкіншіліктерінен жасалғандығын ескерсек, сөзбе-сөз аудару жолымен жасалған терминдерді кірме терминдердің қатарына жатқызу үлкен қателік. Қ.Жарықбаев сөзбе-сөз аударуды тіліміздің сөзжасам заңдылығына ешқандай нұқсан келтірмейтін, сөздік қорымызды байытудың бірден-бір жолы деп көрсетеді. Осындай ойды Р.Үрекепова да айтады. Оның пікірінше, бұл - жаңа терминдер мен терминдік тіркестерді жасауда едәуір үлес алатын өнімді тәсілдердің бірі [69,83]. Біз осы ойларды қорыта келе, сөз аударудың екі тілдік табиғаты бар деп тұжырымдаймыз. Біріншіден, сөзбе-сөз аудару өзі аударып отырған терминге қатысты –

аударма, екіншіден, өзінің жасалу жолы мен әдісі жағынан – сөзжасам тәсілі болып табылады. Дегенмен, осы тәсілмен жасалған сөзжасам терминдердің ішкі ерекшеліктеріне арнайы тоқтала кеткен жөн болар. Қазақ терминологиясында сөзбе-сөз аудару жолымен айда болған терминдер іштей екіге бөлінеді:

1. Дара терминдер: *көркемділік* - *художественность*, *жаңашылдық* - *новаторство*, *әрекетсіздік* - *бездеятельность*, *жігерсіздік* - *безволие*, *инабаттылық* - *благоденствие*, *сергектік* - *бодрость*, *сыпайылық* - *вежливость*, *қабылдау* - *восприятие*, *жаңғырту* – *воспроизведение* және т.б. Дара терминдер орыс тіліндегі психология терминдерінің морфологиялық құрылымын меңгере отырып, тілде бұрыннан бар сөздердің негізінде пайда болған дербес терминдер. Қазақ терминологиясында осындай жолмен жасалған терминдердің саны көп.

2. Тіркесті терминдер. Екі сыңары да қазақ сөздерінен тұратын тіркесті терминдер: *зат бейнесі* – образ предмета, *екпінсіз буын* - безударный слог, *көркем тіл* - художественный язык, *көркем өнер* - художественное искусство, *қимыл дағдысы* - навыки двигательные, *мүйізгек дене* - мозолистое тело т.б. Бағыныңқы сыңары қазақ, басыңқы сыңары кірме терминдерден тұратын тіркесті терминдер: *есту нерві* - нерв слуховой, *эмпириялық жалпылау* - обобщение эмпирическое т.б. Кейде екі сыңары да кірме терминдерден тұратын тіркесті терминдер де кездеседі. Мысалы, *оптимистік көңіл күй* - настроение оптимистическое, *нейрондық тізбектер моделі* - модели нейронных цепей, *психикалық процестерді модельдеу* - моделирование психических процессов, *психикалық функциялардың локализациясы* - локализация психических функций және т.б. Мұндай тіркесті терминдер қазақ терминологиясының қомақты үлесін алып отыр. (Тіркесті терминдердің грамматикалық құрылымы, қандай үлгіде жасалғандығы туралы өз алдына жеке әңгіме болады).

Ендігі сөз орыс тілі арқылы Еуропа тілдерінен ауысқан терминдер туралы болмақ. Жоғарыда айтқандай, қазақ терминологиясының едәуір бөлігін кірме терминдер құрайды. Олардың көпшілігі шығу тегі жағынан грек, латын сөздері, қазақ тіліне орыс тілі арқылы енген. Орыс тілінің өзіне ғана тән сөздер түгелдей сөзбе-сөз аудару тәсілі арқылы алынған. Грек, латын сөздері орыс тіліне оның дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес өзгертіліп алынған да, ал қазақ тіліне келгенде сол орыс тіліндегі қалпы өзгермей қабылданған. Мәселен, *апелляция*, *афоризм*, *архаизм*, *бомж*, *геноцид*, *аккузатив*, *акустика*, *акцетология*, *аллитерация*, *аллофон*, *антология*, *диахрония*, *дивергенция*, *дискурс*, *жаргон*, *интерференция*, *иррадиация*, *металингвистика*, *денотат*, *сема*, *семантика*, *сигнификат*, *силлабизм*, *синоним*, *лексика*, *лексикология*,

фонетика, фонема, фонология, абулия, агнозия, аксон, аграфия, акселерация, амнезия, анальгезия, антиципация, астеник, атония, афазия, дальтонизм, депрессия, графология, гипоталамус, гипнотерапия, гомеостат т.б. терминдердің екі тілдегі (орыс және қазақ) тұлғалануында еш айырма жоқ.

Осы жерде қазіргі тіл біліміндегі халықаралық «терминдер туралы пікірлерді» айта кету орынды болар. Қазақ тілінде орыс тілі арқылы Еуропа тілдерінен енген терминдерді «халықаралық» терминдер деп атап жүргені бәрімізге белгілі. Бұл сұрақ төңірегінде ғалымдардың пікірлері әр алуан. Оны бірі – бұл «халықаралық» терминдер емес, оларды тіліміздің ішкі заңдылығына бағындырып алайық деген пікір. Екіншісі - «халықаралық» терминдерді аударуға болмайды, бұл өркениеттен бас тарту деген – пікір. Жалпы тіл білімінде «интернационалдық терминдер» туралы аз зерттелген жоқ. Осы орайда біз Ю.А.Бельчиков, Им Хынг Су, В.В.Акуленко тәрізді зерттеушілер еңбектерін атаған орынды.

И.О.Блинованың «егер орыс тілі лингвистикалық терминологиясының құрамындағы өзге тілдерден алмасқан терминдердің саны ана тілі негізінде жасалған немесе жасалған терминдерден артып кететін болса, онда бізді сүреңсіз болашақ күтіп тұр (нас ожидает мрачная перспектива)» [70,35] – деуі, В.А.Гречконың «шет тілі сөздерін шектен тыс көп қабылдау бүкіл келер ұрпақтың геологияны ғылым ретінде және қандай да бір түсініксіз тіл ретінде үйренуіне душар етеді» [71,102] деген пікірлері негізсіз емес.

Кірме терминдерді арнайы зерттегеы ғалым Д.С.Лотте былай деп жазады: «Егер *аквариум, реле* т.б. сол сияқты сөздер, қазіргі орыс тілінің фонетикалық және морфологиялық ережелеріне сәйкес өзгермесе, өздерінің тілге енген уақытына қарамастан, олардың орыс тілінің төл сөздерінен үнемі өзгешеленіп тұрары анық. Кез келген сөзді «бөтен» (чужих) немесе «өздік» (своих, усвоенных) деп бөлудің негізгі өлшемдері мыналар: 1) Кірме сөздердің дыбысталуы өзі мүше болып енген тілдегі сөздердің дыбысталуымен қаншалықты сәйкес келуі, 2) Морфологиялық құрлысының сәйкестігі; 3) Кірме сөздің сөз жасау қабілеті қандай дегенге келіп саяды» [72, 10]. Кірме сөздерді шектен тыс көп алу, көп жағдайда терминологияның баюына емес, оның ластануына әкеп соғады.

Сол сияқты ғалым Б.Қалиұлының осы мәселе туралы жазған пікірлері де өте құнды деп білеміз. Ғалымның сөзімен айтқанда «Егер ана тілімізді қадірлейміз, қастерлейміз десек, оның өзіндік ерекшелігін келер ұрпаққа бұзбай жеткізгіміз келсе, бұдан былай қазақ тілінің терминдерін де қазақша жасағанымыз абзал. ... Бұған дейінгі дейінгі біздің қазақ терминологиясы деп жүргендеріміз, ол – қазақ тілінің терминологиясы емес, орыс тілінің терминологиясы» [73, 125].

Кірме сөздердің басты кемшілігі – шарттылығы. Мұнда ұғым мен оны атаушы сөз арасында ешқандай қазақи байланыс жоқ. Кірме терминдерді айтылғаннан кейін оның мағынасын еске түсіріп алып қана, түсінеміз. Ал төл терминдердің қабылдануы, танылуы, бейнеленуі айтылғаннан-ақ түсінікті.

Десе де, қазақ терминологиясы жүйесінде интернационалдық терминдердің ұлттық атаулардан әлдеқайда басымдылығы байқалады. Мұндай қалыптасқан терминдерді қолданыстан шығару өте қиын. Сондықтан, тілне кірген терминдерді шығара алмай жүргенше, кірердегі оларға қойылатын талаптарды күшейту керек. Ол үшін ол талаптардың басы ашылуы қажет.

Біздің ойымызша «халықаралық» деп жүрген терминдерді мүмкіндігінше қазақша баламасын тауып қолданғанымыз дұрыс. Қазақша жаңа терминдердің дүниеге келуі қалыптасқан ғылым тілін бұзу емес, керісінше қазақ терминалогиясын қалпына келтіруге деген ізгі қадам. Бұл жерде әрине «халықаралық» терминдерді жаппай қазақшалау деген ой тумаса керек.

Шет тілінің сөздеріне мүмкіндігінше ана тілімізден және туыстас түркі тілдерінен балама тауып, ондай мүмкіндік болмаған жағдайда оларды тіліміздің ішкі заңдылығына бағындыра қабылдасақ терминдеріміз дұрыс қалыптасқан болар еді. Ал «халықаралық» терминдердің бәрін өзгертпей қабылдау, ана тіліміздің мүмкіндігін шектеу деген сөз. Академик Ә.Қайдаров «Тіл-тілдердің арасында ортақ интернационализмдер болмаса немесе аз болса, ғылым дамымайды, ғылыми қарым-қатынас үзіледі деп байбалам салудың бәрі бекер. Жер жүзіндегі термин ұғымдарының бәрін шет тілі сөздері арқылы емес, өз ана тілінің негізінде меңгеріп, ғылым мен техниканы дамытып отырған қытай, жапон т.б. халықтарды біз жақсы білеміз» [168] - десе, профессор Б.Қалиұлы бұл жөнінде: «Термин жасауда тілдің ішкі мүмкіндігін мейлінше пайдалану керек» деген қағиданы сөз жүзінде ғана қайталағанымыз болмаса, іс жүзінде «советизмдер мен интернационализмдерді қазақшаға аударуға болмайды» деген теориясымақты немесе «қазақ тілі - кедей тіл, ол орысша терминдердің мағынасын бере алмайды» деген өмір тәжірибесінен аулақ, көз алдындағыдан басқаны көре алмайтын, жасанды да жаңсақ тұжырымды бетперде етіп, мүмкіндігінше қазақша термин жасамауға, жасатпауға тырысу [73,1231 - деп жазады.

Осындай пікірді Ш.Біләлов та білдіреді: «Ғылым атауларын орыс тілі түпнұсқада қабылдаса, одан өзге ұлт тілдері де солай қабылдау қажеттілігі туындамайды. Бұл жерде әр тілдің өз табиғаты, ішкі мүмкіндігі ескерілуі тиіс. Табиғаты мүлде жат сөзді, ғылым атауын «халықаралық» сияқты

жасанды ұғым арқылы ұлт тіліне таңу ешбір қисынға келмейді. Егер ол жат тілдік атау – сөз ұлт тілімен үйлесіп, үндесіп жатса сөз басқа [74,18].

Автордың тілімізге енген кірме терминдер туралы ойын қолдаймыз, алайда, ғалымның «ғылым атауларын орыс тілі түпнұсқада қабылдады» деген пікірімен келіспейміз. Өйткені орыс тілі Еуропа тілдерінен енген сөздерді өздерінің ішкі заңдылығына бағындырып алғаны белгілі.

Интернационалдық сөздер деп жүргеніміз – Еуропа тілдеріндегі кәдуілгі сөздер. Им Хынг Су «интернационалды сөздер дегеніміз - Еуропа тілдерінің көпшілігіне ортақ, грек-латинизмдер екендігі анықталды» [75,64] - деп жазады. Сондықтан оларды аударуға болмайды деп, ерекше мәртебе беру әрине артық.

Д.С.Лотте: «Кірме терминдерді дайын күйінде қабылдау, басқа тәсілдермен салыстырғанда жеңіл екені белгілі. Осы «жеңілдік» орыс тіліндегі ғылыми-техникалық терминологияға негізсіз көптеген кірме терминдерді енгізуге әкеліп тіреді» [72,8], - деп атап көрсетеді. Осыны қазақ тілі терминологиясы үшін де айтуға болады.

Термин қабылдаудың осындай оңай жолы кеңінен қолданылғандықтан, қазақ терминологиясының қазіргі жағдайы оған деген көзқарас пен принциптерді қажет етеді. Бұл әсіресе салалық терминдер, оның ішінде біз нысан етіп отырған қоғамдық ғылымдар терминдерінен анық сезіледі.

Қазақ терминологиясы жүйесінде грек-латын сөздерінен басқа, ішінара француз (плато>plateau, фонд>fond) неміс (гештальт>Gestalt), ағылшын (лидер>leader, стресс>stress, бихевиоризм>behavior) тілдерінен енген терминдер де кездеседі.

Қазақ терминологиясы жүйесіндегі грек тілінен ауысқан терминдер: *агнозия, аграфия, аксон, альгезия, гамеостат, гипоталамус, гипнопедия, атаксия, атония, аутизм, афазия, амнезия, аномалия, антропоид* т.б. Бұлардың осындай дара тұлғада кездесетіндерінің саны аз емес. Ал тіркесті терминдердің арасында кездесетін грек сөздері одан да арта түседі.

Латын тілінен ауысқан терминдер: *адаптация, аккомадация, аффект, волюнтаризм, антиципация, ассоциация, апперцепция, галлюцинация, депрессия, идентификация, иллюзия, имбецильность, импульс* т.б.

Көріп отырғанымыздай, кірме терминдердің барлығы орыс тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес өзгерістерге ұшыраған, Ал орыс тілінен қазақ тіліне алыну барысында бұл заңдылық сақталмай, орыс тілінде қалай алынса солай қабылданған. Біз терминдердің халықаралықтығына көбірек мән береміз, өзіміздің төл тілімізді, оның өзіндік дамуын, былайша айтқанда терминдердің оңайлығын, қолайлылығын ойлаудан гөрі, кірме терминдерді

алған тілдің өкілдеріне сол терминдердің түсінікті болуын көбірек ойлайтынымыз шындық.

Орыс тілінің тіліміздің баюына қосқан үлесі өз алдына жеке әңгіме. Алайда орыс тілінің осы тұстағы ықпалын Ә.Қайдаровтың сөзімен айтқанда «Біле білсек, тіліміздің мүшкіл халге жетуінің көп себептерінің бірі – орыс тілінің өктемдік әсері» екендігі анық [68, 26].

Қорыта айтқанда, тілдер арасындағы өзара сөз, термин алмасу процесі болып тұратын құбылыс. Сондықтан да көптеген тілдерің терминологиясында халықаралық терминдер кездесетіні осыны растайды. Халықаралық терминдерді қабылдауда ұлт тілінің мүддесіне нұқсан келмейтіндей ұстанымды басшылыққа алған жөн. Орыс тілі және орыс тілі арқылы Еуропа тілдерінен енген терминдер жалпы қолданыстағы сөздерден оқшауланып, тұлғалық, дыбыстық ерекшелігін көрсетіп, бөлектеніп тұрады. Осындай кемшіліктерді болдырмас үшін біріншіден, ана тіліміздің сөздік қорын сарқа пайдалануымыз керек, екіншіден, орыс сөздерін сауатты түрде терминологтар мен арнаулы ғылым саласының мамандары бірлесе отырып аудару қажет, үшіншіден, бұл екеуі мүмкін болмаған жағдайда шет тілінен енген сөзді қазақ тілінің ішкі заңдылығына бейімдеп қабылдау керек.

3. Қазақ тіліндегі терминдердің жасалу тәсілдері

Түрлі тілдердегі терминдердің жасалу жолдарына арналған зерттеулер аз емес. Оларға В.В. Шишков, О.П. Фролова, В.Н.Хохлачева, Е.И.Левковская, К.Т.Оспанова, Ж.Н.Симачевская, В.П.Даниленко, В.М.Шадрова тәрізді т.б. ғалымдардың еңбері жатады. Дегенмен, бір тілдегі түрлі терминологиялық жүйелерге тән ортақ терминжасам тәсілдері әлі анықталған жоқ. Бұл мәселе әрбір терминологиялық жүйенің қалыптасуы мен дамуы сол ғылым саласының дамуымен тікелей байланысты деген қағидамен түсіндірілсе керек.

Терминологиялық лексика әдеби лексиканың бір бұтағы ретінде қалыптасып дамитындығы бәрімізге белгілі. Әрбір салалық лексикология арнайы сөздер тобынан құралса, ал салалық терминология сол салаға жататын ғылыми терминдердің жиынтығынан тұрады. Терминологиялық лексика тілдегі сөздік қорды байытып қана қоймайды, сонымен бірге сөздердің ғылыми аясын кеңейтіп, арнайы қызметте (ғылыми әдебиеттерде, оқулық, сөздіктерде) жұмсалып өрісін арттыра түседі. Осы айтылғандар ғылыми лексиканың жалпы әдеби тілдегі сөздерден ажырататын негізгі белгілерінің бірі болып саналады. Әрине, бұдан, терминологиялық лексиканың жасалу жолы жалпылама лексикадан бөлек деген ұғым тұмауға тиіс.

Жалпы терминдердің жасалу жолы көбінесе жалпы әдеби тілдегі сөздердің мағынасының кеңеюі, тарылуы, ауысуы арқылы немесе басқа бір ғылым саласындағы терминдердің екінші рет терминделуі негізінде жасалатындығы дәлелдеуді қажет етпейді.

Осыған қарағанда, Е.Н.Толкинаның «терминдер пайда болмайды, тұмайды, жасалынады» деген тұжырымдары бір жақты сияқты.

Бұл туралы Д.С.Лотте: Терминдерді «жасанды сөздер» деп анықтау жиі ұшырасады. Мұндай тұжырым негізсіз. Өйткені әрбір терминологияда сол тілдің сөздік қорынан дайын күйінде алынған сөздер тобы жеткілікті және қаншама жаңа сөздер термин қатарына өтіп жатыр. Әрине кейбір терминдер әдеби тілдің ережесіне сәйкес келмейді. Бірақ бұл жерде ереженің (норма) қатып қалған, өзгермейтін құбылыс емес екенін естен шығармау керек. Терминологиялық жүйеден – жалпы тілге немесе керісінше әдеби тілден – терминологияға, көнерген сөздерге, жаңа сөздерге ауысып отыруы тілдің заңы. Термин жалпы қолданысқа енісімен ондағы сөздердің барлығына тән қасиеттерге ие болады және ол терминдік қасиетін өзінің терминологиялық жүйесінде толық сақтайды», - деп жазды.

Ғылымдағы мәселен, физика ғылымындағы тәжірибенің нәтижесінде бір жаңалық ашылса, оған атау беру қажеттігі туындайды, сондықтан термин жасалынады. Осы тұрғыдан алғанда Е.Н.Толкинаның жоғарғы пікірі дұрыс. Ал қоғамдық ғылымдар, оның ішінде әлеуметтік ғылымдарға жататын тарих, өнер, тіл, психология, педагогика тәрізді ғылымдар терминдерінің қалыптасу тарихы қоғамдағы өзгерістерге, оның дамуына тікелей байланысты. Мәселен, сана, ақыл, ой, түйсік, жоқтау, ақын, айтыс, сөйлеу, толғау, қисса, дастан, ертегі, сыңсу, теңеу т.б. терминдерді адамдар қолдан жасаған жоқ, олар адамзат дамуының ұзақ жылдар біртіндеп дамуымен байланысты қалыптасты. Аталған терминдер алдымен халық тілінде жәй сөз ретінде пайда болып, соңынан түрлі ғылым саласының терминіне айналды.

Қоғамдық ғылымдардың ішінде де қолдан жасалатын терминдер жоқ емес. Сонымен, терминдердің қалыптасуы мен дамуы, жасалу жолдары туралы сөз еткенде, олардың біреулері қоғамның тарихи даму кезінде пайда болып, туып жатса, екінші біреулері жекелеген ғалымдардың көмегімен жасалынып жататындығын ескеру қажет.

Кез келген әдеби тілдегі сөзжасамдық жүйе оның арнайы лексикасына да ортақ құбылыс. Қазақ тіліндегі терминдердің жасалу жолдарын қарастырғанымызда, онда негізінен лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік тәсілдердің басшылыққа алынатындығына көзіміз жетті. Әрине, термин жасауда аталған тәсілдердің қолданылу дәрежесі бір деңгейде емес.

Л.М.Веклинец психология терминдерін жасауда лексика-семантикалық тәсіл мен аффиксация тәсілдерін ерекше атап көрсетеді. Ал И.М.Черненко, З.Балакер аффиксация тәсілін бірінші орынға қояды.

Қазақ тіліндегі терминдер жасауда лексика-семантикалық, синтаксистік тәсілдерді сөзжасамда неғұрлым өнімді тәсілдер болып табылады. Сол сияқты, аналитикалық тәсілмен жасалға терминдер жоғарыда аталған тәсілдерге қарағанда аздау. Дегенмен мұндай да терминдер кездеседі. Ал сөзді қысқарту (аббревиация) арқылы термин жасау тәсілі сирек қолданылады. Біз бұдан әдеби тілдегі сөзжасам тәсілдерінің қызметі терминжасам шығармашылығында бірде артып, бірде кеміп отыратындығын байқаймыз. Ендігі жерде қазақ тіліндегі терминдердің осы тәсілдер негізінде қалыптасқандығына жеке-жеке тоқталайық.

3.1 Морфологиялық (синтетикалық) тәсіл арқылы жасалған терминдер

Түркі тіл білімінде сөзжасам жүйесі мен оның теориялық мәселелері А.А.Юлдашев, Г.М.Гарипов, Э.В.Севортян, А.Н.Кононов, А.Г.Гулямов, Ф.Ганиев т.б. ғалымдар еңбектерінде зерттелінген.

Қазақ тілінде морфологиялық тәсіл арқылы сөзжасау 20-30 жылдары жедел дамығаны белгілі. Сөзжасамның бұл тәсілі алғаш А.Ысқақов, Ғ.Мұсабаев, Е.И.Шипова, Ғ.Қалиев, Н.Оралбаева, Е.Жанпейісов, Қ.Есенов, А.Қалыбаева, З.Бейсенова, А.К.Хасенованың еңбектерінде зерттелінді. Соңғы жылдары осы мәселеге арналған А.Салқынбайдың тарихи сөзжасам, яғни сөздік құрамның бүкіл негізін құрайтын туынды сөздердің жасалуы мен тарихи қалыптасу, даму заңдылықтарын айқындап беретін зерттеуінің маңызы зор.

Термин шығармашылығындағы морфологиялық тәсіл жалпы қазақ терминологиясы көлемінде, салалық терминдер шеңберінде қарастырылып келеді. Бұл орайда көрнекті ғалымдар Р.Үрекенова, Ө.Айтбаев, Б.Қалиев, Ш.Құрманбайұлы монографияларын, Г.Ғ.Аппақованың ғылыми мақаласын, Қ.Оспанованың зерттеулерін айтып өту орынды.

Терминологиялық сөзжасам жәй сөзжасамға қарағанда күрделі процесс. Егер жәй сөзжасамда сөзжасаудың белгілі бір тәсілін пайдаланумен шектелсе, термин үшін терминдік атаудың сөздік мәнін (словесное раскрытие) ашу, яғни ұғымға анықтама беру қажет. Жалпы әдеби тілмен салыстырғанда терминологиядағы сөз жасайтын жұрнақтардың қызмет аясы кеңірек, олар топтастырушы қызмет атқарады, дәлірек айтқанда, ұғымның белгілерін көрсетеді.

Кез келген әдеби тілдені сөзжасамдық жүйе оның арнайы лексикасына да ортақ құбылыс. Сөзжасамның морфологиялық тәсілі деп түбір сөзге түрлі жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасауды айтамыз. Осы тәсіл қазақ тіліндегі терминдерді жасауды елеулі орын алады.

Қазақ терминология жүйесіндегі туынды терминдерге жалғанған қосымшалардың санына қарай оларды былай топтап көрсетуге болады:

1. Бұл жұрнақ жалғануы арқылы жасалған туынды терминдер: адал+дық, ұмыт+у, шын+дық, дос+тық, ер+лік, жас+тық, өмір+лік, мүгедік+тік, жұмыс+шы, қызмет+ші, ұсын+ыс, кәсіп+кер, тәбіл+ші, сарап+шы, заң+гер, бүлік+ші, әмір+ші, бол+ыс, бір+лік, бодан+дық, әдебиет+ші.
2. Түбірге екі жұрнақ жалғануы арқылы жасалынған туынды терминдер: зейін+ді+лік, маза+сыз+дық, қажет+ті+лік, абстрак+ті+лік, ізден+паз+дық, сана+сыз+дық, талғам+паз+дық, жұмыс+сыз+дық, заң+сыз+дық,

кәсіп+шіл+дік, зейнет+кер+лік, құрыл+тай+шы, дыбыс+таң+ба, әңгіме+леу+ші, әдебиет+тану+шы, жаңа+шыл+дық.

3. Түбірге үш жұрнақ жалғануы арқылы жасалған туынды терминдер: адам+гер+ші+лік, ұқ+тып+ты+лық, жауап+кер+ші+лік, дыбыс+таң+ба+лау, ес+те+лік+тер т.б.

4. Түбірге төрт-бес жұрнақ жалғану арқылы жасалған туынды терминдер: мен+сін+беу+ші+лік т.б.

Міне, осындай түрлі қосымшалар арқылы жасалған туынды терминдерді түбір /Т/ және қосымша /Қ/-ның бірігуі арқылы берілетін мынадай үлгіде көрсетеміз.

1. Т+Қ: дос+тық, ер+лік, жас+тық, өмір+лік, мүгедек+тік, жұмыс+шы, қызмет+ші, ұсын+ыс, кәсіп+кер, тәбіл+ші, сарап+шы, заң+гер, бүлік+ші, әмір+ші, бол+ыс, бір+лік, бодан+дық, әдебиет+ші.

2. Т+Қ+Қ: әуес+қой+лық, зейін+ді+лік, маза+сыз+дық, қажет+ті+лік, абстрак+ті+лік, ізден+паз+дық, сана+сыз+дық, талғам+паз+дық, жұмыс+сыз+дық, заң+сыз+дық, кәсіп+шіл+дік, зейнет+кер+лік, құрыл+тай+шы, дыбыс+таң+ба, әңгіме+леу+ші, әдебиет+тану+шы, жаңа+шыл+дық.

3. Т+Қ+Қ+Қ: адам+гер+ші+лік, ұқ+тып+ты+лық, жауап+кер+ші+лік, дыбыс+таң+ба+лау, ес+те+лік+тер.

4. Т+Қ+Қ+Қ+Қ: мен+сін+беу+ші+лік.

Сөз тудырушы қосымшалардың терминжасамдағы қолданысы бірдей емес. Осыған орай біз қазақ тіліндегі терминдерді жасауға қатыстырылатын жұрнақтарды өнімді және өнімсіз жұрнақтар деп екіге бөліп қарастырамыз.

Термин жасайтын өнімді жұрнақтар:

-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік, жұрнақтарының түрлі тілдеріндегі ең өнімді жұрнақтар екендігін ғалымдар дәлелдеген. Аталған жұрнақтар әсіресе дерексіз ұғымдарды жасауда ерекше белсенділік танытады. Осы жұрнақтардың көмегімен жасалған терминдердің сан ғасырлық тарихы бар. Бұл туралы Р.А.Үрекенова «қазақ тіліндегі **-лық** жұрнағының көне түркі тілдерінде **-лығ, -лиғ, -луг, -лүг** түрінде белгілі болып, сын есім және зат есім жасалғандығын» [76] атап көрсетеді. Көне түркі ескерткіштері сөздігінде *ерлік, жастық, адалдық, шындық, достық, біліктілік* т.б. сөздердің кездесетіні ғалым сөзін дәлелдей түседі. Ал қазақ терминологиясында терминдердің басым бөлігі жоғары дәрежедегі дерексіздігімен ерекшеленетінін ескерсек, оның қалыптасуына негіз болған дерексіз лексика екендігі анық.

Қазақ тіліндегі терминдердің қалыптасуының қай кезеңі болмасын

-лық қосымшасының өнімділігін байқау қиын емес. **-лық** жұрнағы арқылы дерексіз ұғымдар жасаудың тамаша үлгісін Абай шығармаларынан кездестіреміз. Ы.Алтынсарин дерексіз ұғым атауларын жасауда **-лық** жұрнағын шебер пайдаланып, *тапқырлық, салақтық, ұқыптылық* сияқты атауларды ұсынады. **-лық** жұрнағының дерексіз мәндегі терминдер жасаудағы орны Шәкәрім еңбектерінен де байқалады.

20-30 жылдарда **-лық** жұрнағының термин жасауда қызметі арта түседі. Осы жұрнақтың көмегімен ұғымдарды беру үлгісін А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлының еңбектерінен ұшырастырамыз. Мысалы: *икеңділік, шыдамсыздық, батылдық, қозғыштық, өзімшілдік, қажеттілік, белсенділік* т.б. Бұл аталған сөздердің ішіндегі *қажеттілік, белсенділік* сияқты сөздер осы кезеңнің туындысы болса керек, ал басқалары ауыз әдебиетінде жиі кездесетін сөздер. Дегенмен, бұл сөздерге терминдік мән үстемеленіп, арнайы әдебиет, оқулықтарда қолданылады.

50-70 жылдарда **-лық** жұрнағымен адалдық, ептілік, әділдік, қайырымсыздық, арамдық, даналық, албырттық тәрізді сөздер термин болып қалыптасты. Аталған уақыттан күні бүгінге дейін **-лық** жұрнағы түрлі терминологиялық лексикада кеңінен қолданылып келеді.

А.Н.Кононовтың **-лық** жұрнағы дерексіздік мағынадағы зат есімдер мен қатыстық сын есімдер жасайды деген пікірімен келіспеуге болмайды. **-лық** қосымшасының қызметі ең алдымен зат есім, қатыстық сын есім тудыруда артты. Осы айтылғандар қазақ тілінде термин жасауда **-лық** жұрнағы үнемі диі пайдаланылғанын дәлелдей түседі.

-лық жұрнағының басты ерекшелігі – оның лексикалық қабаттың қай түріне болса да емін-еркін жалғануында болып отыр. Ең бірінші кезекте **-лық** қосымшасы қазақтың төл сөздеріне жалғанып, терминдер жасайды: *ұлттық, қоғамдық, әлеуметтік, пайымдылық, жастық, көрегендік, алғырлық, арамзалық, аңқылдақ, алаяқтық, арсыздық, бақталастық; бейімділік, белсенділік, бойкүйездік, биязылық, бейпілауыздық, өжеттілік, дарындылық, дәрекілік, өзімшілдік, ебедейсіздік, елгезектік, енжарлық, жалқаулық, жауапсыздық, заңсыздық, панасыздық, жұмыссыздық, мүгедектік, қажеттілік, кәсіпшілік, біліктілік, инабаттылық, қайырымдылық, бейілділік, кепілдік, кешенділік, тәртіпсіздік, суықтық, беріктік, ашуланшақтық, құмарлық, сараңдық, талапсыздық, қайғысыздық* т.б.

-лық шығу тегі шығыстық болып келетін араб, парсы сөздеріне жалғанады: *адалдық, данышпандық, әлеуметтік, қажеттілік, зейінділік, адалниеттілік* т.б. Сондай-ақ, **-лық** орыс тілінен енген кірме терминдерге де еркін жалғана береді. Қазіргі тілімізде сын есім туғызатын өнімді жұрнақтардың қатарына **-лық, -лік, -дік, -дық, -тық, -тік** аффиксін қосуға

болады. Әсіресе, орыс тілінен енген зат есім түбірлеріне жалғанып, олардан қатыстық сын жасайтын амал ретінде соңғы жылдары ерекше кең қолданылады.

Біз өз тарапымыздан автор пікірінің дұрыстығын, қазақ терминологиясының жүйесін **-лық** жұрнағының көмегімен *абсолюттік, позитивтік, психикалық, факторлық, вестибулярлық, бисцеральдық, потологиялық, дистанттық, референттік, рефлексік, ассоциациялық, информациялық, оптикалық, аутогендік, сенсорлық, гностикалық* т.б. терминдердің кездесетіндігімен дәлелдегіміз келеді.

-лық жұрнақты терминдер жасайтын түбірлердің құрамы зат есім (*қоғам-дық, әлеумет-тік, нәресте-лік* т.б), сын есім (*әдемі-лік, сезім-дік, адал-дық*), етістік (*үйірсек-тік*), модаль сөздер (*мүмкін-дік, қажетті-лік*) болып келеді. Сөйтіп, олар әр қилы сөз таптарынан зат есім және қатыстық сын есім (*әділдік, әлеуметтік*) тудырады.

Сын есім болатындары жеке тұрып жұмсалмайды, олар бағыныңқы сыннарда анықтауыштық қатынаста қолданылады. Мысалы: *танымдық есеп, көркемдік талғам, кәсіптік оқыту, әлеуметтік бейімделу, қоғамдық көңіл күй, сезімдік қабылдау, эмоциялық ес, қимылдық ес, бейнелік ес* т.б.

-лық жұрнағы жалғанатын тұлғалардың морфологиялық құрылымы да әркелкі болып келеді.

1. Түбір+лық: *ұлт+тық, қоғам+дық, биязы+лық, әлеумет+тік, нәресте+лік, әдемі+лік, сезім+дік.*

2. Түбір+ды/-ді/+лық: *қажет+ті+лік, табан+ды+лық, зейін+ді+лік, нысап+ты+лық, ұқып+ты+лық, өжет+ті+лік, дарын+ды+лық, бейім+ді+лік, белсен+ді+лік* т.б.

3. Түбір+паз+лық: *талғам+паз+дық* т.б.

4. Түбір+сыз (болымсыздық мағынасында) + лық: *сана+сыз+дық, жауап+сыз+дық, маза+сыз+дық, зейін+сіз+дік, ұстам+сыз+дық, ар+сыз+дық, ебедей+сіз+дік* т.б.

Тіркесті терминдерге **-лық** жұрнағы жалғанғанда терминдер анықтауыш сөздің басында, ортасында, соңында келеді.

А) сөздің басында келетініне мысал: *қоғамдық сана, әлеуметтік эмоциялар, адамгершілік сана, психикалық күй, қимылдық ес, эмоциялық ес, танымдық есеп, көркемдік талғам, кәсіптік оқыту, динамикалық адаптация, көңіл-күй, әлеуметтік бейімделу, әлеуметтік ескерту, әлеуметтік айыппұл, азаматтық хал актілері, шетелдік жұмыс күшін әкелу, тәртіптік жаза, әлеуметтік ауру, төлқұжаттық жас, балигаттық жас, жылдық еңбек ақы төлеу қоры, қазыналық кәсіпорын, мемлекеттік есем зейнетақы қоры, үкіметтік емес ұйымдар, зейнеткерлік куәлік,*

маусымдық жұмыс, әлеуметтік жағдай, әлеуметтік оңалту, әлеуметтік тәуекел, тұрмыстық жарақат, психикалық жарақат, біліктілік талаптары, сағаттық өндірім, кедейлік шегі, экологиялық үстемақы, әлеуметтік диалект, әлеуметтік диалектология, езулік дауыссыз, езулік дауысты, еріндік дауыссыз, еріндік дауысты, лексикалық бірлік, логикалық екпін, мағыналық бірлік, морфологиялық бірлік, синтаксистік бірлік, тілдік бірлік, фонетикалық бірлік, фонетикалық дыбыстаңба, фонологиялық дыбыстаңба, фразалық екпін, фразеологиялық бірлік, авторлық аударма, авторлық баяндау, авторлық қаламақы, авторлық қожазба, авторлық қолтаңба, авторлық мәтін, авторлық түпнұсқа, авторлық түсініктеме, азартушылық реализм, азаматтық лирика, академиялық басылым, академиялық стиль, ақындық өлең, әлемдік әдебиет, әлеуметтік лирика, батырлық өлеңдер, батырлық ертегілер, ғашықтық эпос, дикторлық мәтін, дидактикалық әдебиет, дидактикалық поэзия, ертегілік проза, ертегілік эпос, классикалық әдебиет, көркемдік қиял, көркемдік монтаж, көркемдік мұра, көркемдік түр, лирикалық проза, лирикалық шегініс т.б.

Ә) Сөздік ортасында келетініне мысал: ішкі системалық ассоциациялар, дербес системалық ассоциациялар, моторлы афференттік афазия, ми қыртысының ассоциациялық аймағы, мидың динамикалық локализациясы, сөйлеудің динамикалық локализациясы, жалпы генетикалық заң, дауысты аралық дауыссыз, дауысты аралық шеп, әдеби-драмалық редакция, әдебиеттің көркемдік мәні, әдебиеттің қоғамдық мәні, әдебиеттің тәрбиелік мәні, ғылыми фантастикалық әдебиет, көне түркілік әдеби тіл, еңбекке жарамсыздық парағы, алты күндік жұмыс аптасы, ақылы қоғамдық жұмыс, ақылы медициналық жәрдем, аралас біліктілік алқасы, әлеуметтік, балама конкурстық өтінімдер, бастапқы медициналық құжаттар, біртұтас мемлекеттік жер қоры, бірыңғай мемлекеттік саясат, ерекше құқықтық режим, алғашқы қауымдық сана, балалардың техникалық шығармашылығы, балалардың тұрмыстық еңбегі, дамытудың биотехнологиялық тұжырымдамасы, дәстүрлі педагогикалық әдіс, естің биохимиялық теориясы, жалпы адамзаттық құндылық, жалпылама психикалық құбылыстар, жаңаша педагогикалық ойлау, жас ерекшелік симптом кешені, жастардың демократиялық қозғалысы, жеке адамдық компонент, жеке тұлғалық ерекшеліктер, жоғары аттестациялық комиссия, жоғары психикалық функциялар, жоғары техникалық оқу орны, зерттеудің математикалық әдістері, көркем шығармашылық психологиясы, қос факторлық теориясы, мектептегі құқықтық тәрбиенің әдістері, мектептің педагогикалық кеңесі, мидың динамикалық оқшаулануы, мұғалімнің ұйымдастырушылық іс-әрекеті, оқушылардың құқықтық

санасының қалыптасуы, педагогиканың әдістемелік негіздері, ащаматтардың қылмыстық жауапкершілігі, абсолюттік құқықтық қатынастар т.б.

Б) сөздің соңында келетініне мысал: аяқталған қастандық, әлеуметтік шыдамсыздық, эмоциялық қозғыштық, топтық сиымдылық, тұрақы мәнділік, гипосуггестивтік иланғыштық, әлеуметтік қажеттілік, әлеуметтік жинақылық, әлеуметтік белсенділік, әлеуметтік ымырасыздық, әскери міндеттілік, әсіре саясатшылдық, бір жақты жеңілдік, бір топқа қатыстық, бірлескен кәсіпкерлік, әдебиеттегі тарихилық, т.б.

-лық қосымшасымен жасалған тіркесті терминдерге қатысты айтатын тағы бір мәселе, олардың арнайы оқулықтарда, әдебиеттерде жазылуы. Сөздікте (1976) олар *абсолют сезгіштік, абсолют табалдырық, оператив бейне, репродуктив әрекет* түрінде жұрнақсыз жазылады. Осындай терминдерді С.Әлісжанов «қазақ тілінде ежелден бар модельдер (қол сағат, төс қалта) арқылы берілген» деп жазады. Біздіңше, сөздікте (1976) тіркесті терминдердің (абсолют сезгіштік т.б. түрінде жұрнақсыз) берілуінің себебі қазақ тілінде ежелден бар үлгілерге (қол сағат) сүйеніп жасалынды дегеннен гөрі, Х.Жұбанов жасаған терминологияның 10 принципінің 7-шісіне, яғни «сын есімнен жасалған –ский, -ный жұрнақты анықтауыштық қызметтегі халықаралық терминдерді қысқартып, жұрнақсыз қабылдау керек, мыс.: «абсолютная истина – absolut sama» деген принципінің негізінде жасалды деу дұрыс. Дегенмен, психологиялық оқулықтарда **-лық** қосымшасының пайдаланылу жиілігі басымдық танытады. Мысалы: *Абсолюттік сезгіштік* дегеніміз – «сезім мүшелерінің өте әлсіз тітіркендіргіштерді түйсіне алуы», *Абсолюттік табалдырық* – «түйсік табалдырығының шегі» /Қ.Жарықбаев/.

Бұл мысалдардан **-лық** қосымшасының жалғануы орынды әрі қажет екендігі байқалады. Келтірілген мысалдағы сөйлемдерде жалғаусыз «абсолют сезгіштік» үлгісінде беруге де болар еді, бірақ **-лық** жұрнағы жалғанғанда басынқы сыңардың дерексіздік қызметі айқындала түскенін мойындамасқа болмайды. Осыдан барып, **-лық** қосымшасының терминдік мағынаны дәл беруі үшін қажет екендігі көрінеді.

Жалпы алғанда, **-лық** жұрнағымен жасалған терминдер дерексіздікті білдіріп, жинақылық мәнде жұмсалады (табандылық, төзімділік, жомарттық т.б.).

2. **-шылық/-шілік** жұрнақтары есімдерден зат есім тудыратын өнімді жұрнақтар екені белгілі. Дегенмен, қазақ тіліндегі терминдердің морфологиялық сипатын қарастыруда бұл жұрнақтың есімдерден ғана емес, етістіктерден де зат есім тудыруға бейім екендігін байқадық. Мәселен, -у формалы тұйық етістіктерге жалғанып, *тұқым қуалаушылық*,

табалаушылық, көре алмаушылық, менсінбеушілік, әкімшілік құқық бұзушылық, өндірістік жарақаттанушылық, азаматтық бағынбаушылық, дипломаттық тиіспеушілік құқығы, мұғалімнің ұйымдастырушылық іс-әрекеті, т.б. тәрізді есімдер туғызады. Бұл қосымша арқылы бір нәрсеге бейімділікті білдіретін терминдер жасалады.

-шылық жұрнағы дерексіз ұғымдарды да білдіреді. Мысалы: *адамшылық, кемшілік, күншілік т.б.*

20-30 жылдарда *-шылық* қосымшасы орыс тіліндегі *-изм* қосымшасының орнында жүруі, оның терминжасамда кең қолданылуына себін тигізеді. Мысалы: интеллектуализм – *зердешілік*, пессимизм – *күйікшілік* т.б. Бірақ, кейінгі уақытта *-изм* жұрнағын қазақ терминологиясында сол күйінде пайдалану *-шылық* қосымшасының терминдік мүмкіндігінің бәсеңдеуіне әкеліп соқты. Бірақ, қазақ терминологиясы жүйесінде *-шылық* жұрнағы өнімді жұрнақтардың қатарына жатады. Соңғы кездері философия ғылымында *-шылық* жұрнағымен қоса қатыстық сын есім тудыратын *-и* қосымшасы жарыса қолданылса /адамгершілік -адами/, психологияда *-шылық* жұрнағы белсенділік танытады. Мысалы: адамгершілік, көпшілік, жауапкершілік.

3. Термин жасауда *-у* қосымшасы өнімді жұрнақтардың біріне саналады. Етістіктің *-у* тұлғасы есім сөздерге жақын екені белгілі. Сондықтан да бұл тұлғаны қимыл есімдерін жасайтын жұрнақ деп атаймыз. Қимыл есімдері істің я әрекеттің нақтылы процесін білдірмей, тек оның атауы ретінде қызмет етеді.

-у тұлғалы терминдер таза зат есімдік сипат алып, дерексіздікті білдіреді.

-у жұрнағы бұйрық райдан кейін келіп жалғанғанда белгілі бір іс-әрекеттің аттарын білдіреді. Мысалы: *үндесі, үйлеспеу, ұяңдану, толғау, терістеу, сөз жасау, жоқтау, сөйлеу, стильдеу, кейінтеу, сыңсу, терминдендіру, теңеу, байқау, болжау, даму, ойлау, қабылдау, пайымдау, тану, білу, қызығу, тәрбиелеу, қызғану, оқыту, үйрену, т.б.*

Орыс тілінен енген кірме терминдерге *-у* етістік тудыратын *-ла, -ле* жұрнағынан кейін келіп те жалғана береді: *абстракция+ла+у, биологизация+ла+у т.б.*

Сондай-ақ *-у* етістіктерде басқа да қосымшалардан соң тұрып жалғана береді. Мысалы: *нерв байланысын актуалдандыру/Сөздік, 1976/.*

-у жұрнағымен келген тіркесті терминдер сөздің басында келіп анықтауыш қызметін атқарады. Мұндай тіркесті терминдер екі немесе одан да көп сыңардан туады. Мыс.: *еліктеу ойыны, даму стратегиясы, азарту дәуірі, есептеу уақыты, жинақтау жүйесі, байланысу типтері, баяндау*

әдісі, бейнелеу әдісі, қабылдау талғамдылығы, көру төмпешегі, тергеу практикасының психологиясы т.б.

4. Терминдер жасауда өнімді болып табылатын жұрнақтардың бірі – етістіктерге жалғанатын *-ыс, -іс, -с* қосымшалары.

-ыс қосымшалы терминдер дерексіздік ұғымды білдіретін терминдер болып келеді. Бұл қосымшалардың тіркесімділік қабілетінің артуы терминдер жүйесінде олардың белсенді терминдер екенін аңғартса керек. Мысалы: *қозғалыс, байланыс, сөгіс, т.б.*

5. Тағы бір өнімді жұрнақтардың қатарына *-ым/-ім/-м* қосымшаларын жатқызуға болады. Мысалы: *таным, ұғым, білім, сенім, сезім, т.б.*

6. Орыс тілінен тілімізге көптеген жаңа жұрнақтар ауысты деген пікір бар. Осы пікірдің негізсіздігін І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаевтар былай деп дәлелдейді. «Сөз жасайтын жұрнақтар лексика-грамматикалық категорияларға жатады. Сондықтан олар басқа тілге тез ауысатын категориялар емес. *-изм, -ист* жұрнақтары қазақ тілінде қазақтың байырғы түбір сөзінен бір де сөз жасамайды... Орыс тілінен қазақ тіліне жұрнақ ауықан жоқ» [77, 304].

Шындығында, қазақ терминологиясы жүйесінде *-изм, -ация* жұрнақтарымен келген бір де бір қазақтың сөздері жоқ. Олардың бәрі орыс тілі арқылы енген кірме терминдерде кездеседі. Сондықтан да, біз мұндай жұрнақтар мен сөз алды қосымшаларын /префикс/ кірме сөздермен бірге алып қарастырамыз. Мысалы: *конформизм, детерминизм, волюнтаризм, деперсонализация, абстракция, конвергенция, идентификация, антиципация, апперцепция, аккомодация, ассоциация, галлюцинация т.б.*

Сондай-ақ, қарама-қарсылық мәнде жұмсалатын еуропалық *анти-/антипатия/* мен жаңа деген ұғымды білдіретін *нео-/неофрейдизм/* сөз алды қосымшалары және парсылық *бей/би* (бейқамдық, бейтараптық) сөз алды қосымшаларының термин жасаудағы қызметі туралы көзқарасымыз да жоғарғыдай.

Термин жасайтын өнімсіз жұрнақтар:

-ма/-ме қосымшасын терминшілер терминжасамдық қабілеті жағынан орташа қосымшалар қатарына жатқызады [78, 171]. Осы қосымшалар арқылы жасалған терминдер үлесі басқа салалық терминдерге қарағанда аз болып табылады. *-ма/-ме* арқылы жасалған *толқыма зейін, тума қозғалыс* түрінде тіркесті терминдердің құрамында болмаса, басқа терминдерді біз кездестіре алмадық.

Сондай-ақ, біз *-шы/-ші, -уыш/-уіш, -лас/-лес* жұрнақтарымен жасалған терминдерді кездестіре алмадық.

Терминдер сөз қосым тәсілі, яғни екі немесе одан да көп түбір сөздер біртұтас дыбыстық құрамға қосылып, бір лексикалық мағына беруі арқылы жасалады. Мысалы: *көзқарас, келбет, қызбалық, қарақшылық*, т.б.

Қазақ терминологиясы жүйесінен екі сөздің бір-біріне қосарлануы арқылы жасалатын қосарланған терминдерді де кездестіреміз. Бұл тәсілдің жалпы тіл біліміндегі қосарлау тәсілінен өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Олардың бірі – көне заманнан келе жатқан халықтық сипаттағы қалыпты қосарланған терминдер. Мыс.: *сана-сезім, ақыл-ой, қадір-қасиет, қарым-қатынас, мінез-құлық, ым-ишара* т.б.

Морфологиялық тәсіл арқылы термин жасаудың тағы бір түрі сөздердің бірігуі, яғни, екі, кейде үш толық мағыналы түбірлердің бірігуі нәтижесінде терминдер жасалынады. Олардың мағыналары құрамындағы сыңарлардың мағынасымен анықталады. Мысалы: ата мекен, мінез тану, жеке адам, егде жас, т.б.

Бұлар сияқты терминдерді талдамас бұрын, қысқаша күрделі терминдер мәселесіне, яғни, туынды және күрделі терминдердің сол сияқты күрделі терминмен тіркесті терминнің арақатынасына, олардың бір-бірінен ерекшелігіне тоқтала кетуді жөн деп есептейміз.

Күрделі термин туынды терминнен өзінің құрамы жағынан ажыратылады. Егер туынды термин түбірге жұрнақтар далғануы арқылы жасалынатын болса, күрделі термин мен тіркесті терминнің аражігін ажырату үлкен қиындық туғызады. Өйткені екеуі де екі немесе одан да көп сыңарлы болып келеді.

Сырттай қарағанда, күрделі терминдерді құрастырушы компоненттердің бір-біріне қатысты анықтаушы, анықталушы қатынас тәрізді болып көрінеді де, олар тіркесті терминмен шектесіп жатады. Күрделі термин мен тіркесті терминнің арасындағы бұл ұқсастық – сырттай ұқсастық. Ал мазмұны мен табиғаты жағына келсек, күрделі термин – тіркесті терминнен басқаша құбылыс.

Күрделі термин мен тіркесті терминнің бір-бірінен айырмашылығын синтаксистік қана емес, семантикалық қатынастан да іздеу қажет.

Бұлардың арасында сырттай ұқсастықтың болуына мынадай себеп бар: күрделі термин шығу тегі жағынан еркін сөз тіркесіне барып тіреледі. Еркін сөз тіркесінің сыңарларының арасындағы әуелгі синтаксистік қатынас атап айтқанда, анықтаушы және анықталушы қатынас біртіндеп күңгірттеніп, ақыр аяғында ол қатынас мүлдем жойылады да, осының нәтижесінде біртұтас күрделі термин жасалынады.

Тіркесті терминдердің арасында синтаксистік байланыс, яғни бағыныңқы сыңар басыңқы сыңарға тәуелді болады, ал күрделі терминдер

арасында мұндай байланыс болмайды. Осыған байланысты тіркесті терминнің әрбір сыңары жеке сөз қызметін атқарады, ал күрделі терминдегі мұндай сыңарлар бір ғана сөзді білдіреді.

Тіркесті терминнің мағынасы оның сыңарларының мағыналарынан шығады, ал күрделі терминнің құрамындағы сыңарлардың мағыналық дербестігі мен грамматикалық дербестігінің күңгірттенуі немесе жойылуы терминдердің бұл түрінде – семантикалық тұтастықтың пайда болуына әкеледі.

Күрделі терминді басқалардан ажырату үшін, олардың семантикалық тұтастық, морфологиялық тұтастық, синтаксистік тұтастық тәрізді белгілері болуы шарт. Күрделі терминнің құрамындағы сыңарлардың әрқайсысы әр басқа лексикалық мағынаны емес, біріккен күйінде бір бүтін лексикалық мағынаны білдіреді. Тіркесті термин жеке сөздерден құралады және оның мағынасы осы сөздердің мағыналарының бірігуінен пайда болады.

Морфологиялық құрылымы жағынан алғанда да күрделі терминнің барлығы біртұтас сөз ретінде танылып, олар құрылымдық тұтастық қасиетімен сипатталады. Күрделі терминнің сыңарлары орнын алмастырып, қалыптасқан күйінен басқаша тіркесе қалса, онда ол өзіне тән мағынасынан айырылады да, күрделі термин болудан қалады. Сондықтан, күрделі термин – лексикалық бірлік, ал тіркесті термин – синтаксистік бірлік болып табылады.

Ойымызды жинақтай келе айтарымыз, күрделі терминдерді тіркесті терминдерден бөліп алып, жеке өз алдына қарастырудың бүгінгі таңда пісіп жетілгендігін ескерткіміз келеді.

Қысқасы, морфологиялық жолмен жасалған терминдер қазіргі қазақ тіліндегі термин жүйесінен елеулі орын алады. Бұл – қосымша арқылы сөз жасаудың термин шығармашылығындағы негізгі көз екендігімен түсіндіріледі. Қазақ тіліндегі терминнің жасалу жолдарының ішіндегі өнімді тәсілдерінің бірі болып саналады.

3.2 Синтаксистік (аналитикалық) тәсіл арқылы жасалған терминдер

Термин жасаудың ең негізгі және өнімді тәсілдерінің бірі – сөз тіркестері арқылы, яғни синтаксистік жолмен термин жасау болып табылады. Терминологияда синтаксистік тәсілмен көптеген тіркесті терминдер жасалады. Тіркесті терминдер бүтін бір ұғымды білдіріп, әдеби тілдегі еркін тіркестермен салыстырғанда тұрақты болады.

В.П.Даниленко тіркесті терминдердің терминологияның қай саласында болмасын алғашқы орынды алатынын атап көрсетеді. Тіркестіру тәсілі арқылы атау (номинация) қызметін атқарып жүрген сөздер тілімізде

көп кездесетіндігін кез келген салалық терминологиядан көруімізге болады. Профессор Т.Сайрамбаев тілдегі термин жасау процесі «сөз тіркесінің күрделенуінің жаңа формаларын, жаңа мағыналық тобы мен құрылымын туғызып отыр» [79, 46], - деп атап көрсетеді. Бұл ойлардың растығына біз қазақ тіліндегі терминдердің құрылымын зерттеу барысында көз жеткіздік.

Қазақ тілінде терминнің басым көпшілігі тіркесті терминдер болып келеді. Бұл қазақ тілінде сөзжасамдық тәсілдің өнімді екенін көрсетсе ксрек. Тіркесті терминдердің әрбір үлгісінің негізі зат есім болып келеді. Қазақ тіліндегі тіркесті терминдердегі зат есімнің алдынан сын есім немесе анықтауыш қызметтегі зат есімдер шоғырланады. Қазақ терминологиясындағы тіркесті терминдердің саны жай терминдерден екі еседей көп. Бұндай жоғары көрсеткішті салалық терминологияның қайсысынан болмасын кездестіруіміз әбден мүмкін.

Қазақ тіліндегі терминдердің басым көпшілігі – тіркесті терминдер. болғандықтан, олардың табиғаты туралы мәселе бұл зерттеу жұмысы үшін өте маңызды. Жоғарыда ескерткеніміздей бұл тіркесті терминдердің ерекшелігі - олардың компоненттерінің бір-бірімен тығыз байланыста болып, семантикалық бүтінді білдіруінде жатыр. Бұл жағынан тіркесті терминдерді фразеологизмге жақындататын пікірлер де жоқ емес.

Фразеологизмдер немесе тілдің фразеологиялық бірлігі туралы бір жақты пікірдің жоқтығына байланысты тіркесті терминдер фразеологизмге жата ма деген таласты сұрақ тілші ғалымдар арасында күні бүгінге дейін қарастырылып келеді.

Тіркесті терминдердің фразеологиялығы туралы теорияның жақтаушылары, атап айтқанда, В.В.Виноградов, Л.А.Капаназе, Е.А.Молдатаев, В.П.Даниленко, В.Н.Прохорова, С.Г.Гаврин, Н.М.Шанскийлер олардың құрамынан фразеологизмның кейбір белгілерін табады. Ал бұл теорияның қарсыластары А.А.Реформатский, А.И.Молотков, С.И.Ожегов, В.П.Жуков, Е.Н.Толикина, А.Н. Кожин тәрізді ғалымдар өз ойларына мынадай дәлелдер келтіреді: Тіркесті терминдерге қарағанда, фразеологизмдер 1) жүйелілік қатынаста болмайды; 2) заттар мен құбылыстардың атауларын білдірмейді.

Зерттеушілердің пікірі бойынша, тіркесті терминдерді фразеологизмдер деп тану терминдік жүйенің тілдік және ұғымдық бірлігіне нұқсан келтіреді.

Фразеологизмдердің өзіне тән белгілерін тіркесті терминдермен салыстыра зерттеу және тіркесті терминдердің арасындағы ұғымдық қатынастарды талдау, бізді тіркесті терминдер фразеологизмдерге жатпайды деген тұжырымға әкелді. Себебі:

- Тіркесті терминдер фразеологизмдерге қарағанда басқаша жасалады, олардың басым көпшілігі мағыналық өзгеріске ұшырамайды; олар адамның танымдық іс-әрекетінің негізінде саналы түрде жасалынады.

- Фразеологизмдерді анықтайтын белгілер тіркесті терминдерге тән емес. Тіркесті терминдердің байланысы денотативті және міндетті түрде жүйелі болғандықтан, оларды еркін тіркес деп те санауға болмайды. Еркін тіркестерге тән тіркестердің орын ауыстыруы тіркесті терминдерге жат құбылыс.

- Фразеологизмдердің компоненттерінің арасындағы байланыс – семантикалық болса, тіркесті терминдер компоненттері арасындағы байланыс ұғымдық байланыс болатындығын ұстаған жөн.

- Фразеологизмдердің сөздік тұлғасы мен олардың білдіретін мағыналарының арасындағы сәйкестік шекара жойылған, ал тіркесті терминдерге бұл сәйкестік сақталады. Бірақ әрбір тіркесті термин тұрақты бір ғылыми ұғымды білдіреді.

Біздің пайымдауымызша, тіркесті терминдерді не фразеологизмге не еркін тіркестердің қатарына жатқызуға болмайды. Оларды терминологиялық жүйенің табиғатына сай өз алдына жеке қарастыру қажет.

Ғылым тілінің негізін әдеби тілдегі лексика, сөзжасам жүйесі құрайтыны белгілі. Дегенмен, әрбір салалық терминологияның өзіне тән ерекшеліктері, оларды жалпы әдеби тілден айырықшалаңдырып тұрады. Бұл сөзімізге қазақ терминологиясының құрылымы айғақ.

Сөз тіркесі арқылы жасалған терминдер қазақ терминологиясында жете зерттелінбегендігін айта кеткен жөн. Ғалым Т.Сайрамбаев: «Осы уақытқа дейінгі еңбектерде терминдердің қолданылуы дәрежесінде көңіл баса аударылды, ал олардың жасалу жолдары мен құрылымдық түрлерінің әдеттегі әдеби тіл нормасымен ара қатынасы, олардың контекстегі қолданылуы арнайы сөз етілмеді» [79, 47], - деп орынды көрсетеді.

Қазақ тілінде тіркесті терминдер екі сыңарлы, бес сыңарлы, алты сыңарлы болып келеді. Бұл туралы Д.С.Лотте терминдердің дара және көп компонентті болатындығын айта келіп, үш сыңарлы түрлерін арнайы қарастырған. Мысал келтірелік: *ықтиярлы зейін, бала еңбегі, ой еңбегі, еңбекақы қоры, құрылтай құжаттары, қосалқы шаруашылық, жалданбалы жұмыс, маусымдық жұмыс, зардап шегуші, ақысыз демалыс, кәметке толмаған, кезекті демалыс, еңбекті қорғау; зейнеткерлік куәлік, қызметкерлер құрамы, төлем тапсырмасы, ақылы қызметтер, тәртіптік жаза, кәсіби ауру, әлеуметтік ауру, негізсіз сөгіс, сезімдік қабылдау кеңістігі, азаматтық хал актілері, жоспардан тыс тексеру, еңбектің икемді жүйесі, еңбекке жарамсыздық парағы, айлық еңбекақы қоры, көп*

балалы отбасылар, көп балалы аналар, үкіметтік емес ұйымдар, еңбек шартын ұзарту, мидың анализ-синтездік қызметі, шетелдік жұмыс күшін әкелу, жылдық еңбекақы төлеу қоры, азаматтардың әрекет ету қабілеттілігі, жан басына шаққандағы табыс, жерлеуге берілетін біржолғы төлем, мемлекеттік емес зейнетақы қоры, жұмыс күшіне сұраныстың жоқтығы, еңбекті ғылыми ұйымдастыру орталықтары, алты күндік жұмыс аптасы, бос жұмыс орны жәрмеңкесі, жеке кепілдік туралы міндеттеме, балалардың теңдік-физиологиялық жоғары техникалық оқу орны, мектептегі құқықтық тәрбиенің әдістері, оқуды өндірістік еңбекпен біріктіру, оқушылардың құқықтық санасының қалыптасуы, өзін-өзі психологиялық зерттеудің әдістері, көркем шығармашылықты кезенді зерттеу, вертикаль сызықтарды асыра бағалаудың иллюзиясы, жұмыс уақытын есепке алу тәбілі, ізі суымаған қылмыстарды тергеу ерекшеліктері, іс жүргізушілік, мәжбүрлеу шараларын жіктеу, т.б.

Осылардың ішінде қолданыс жиілігімен ерекше көзге түсетіндері екі, үш сыңарлы тіркесті терминдер. Көп сыңарлы тіркесті терминдер бұларға қарағанда аз қолданылады. Дегенмен ғылыми әдебиеттерде кездесіп отырады.

Енді тіркесті терминдердің құрамындағы ерекшеліктерді анықтау үшін, олардың әрқайсысына жеке тоқталып өтелік.

Екі сыңарлы тіркесті терминдер, жоғарыда айтқанымыздай, терминдердің ішіндегі ең көп ұшырасатыны. Екі сыңарлы терминдерге анықтаушы мен анықталушының бірігуінен жасалған мынадай тіркестерді жатқызамыз: жаппай жұмыссыздық, жастар жұмыссыздығы, әлеуметтік ескерту, балиғаттық жас, негізсіз сөгіс, жұмысшы топ, аграрлық реформа, ақсүйектер қоғамы, археологиялық қазбалар, ашаршылық заман, дүниежүзілік соғыс, алғашқы қауым, байырғы ел, байырғы тұрғындар, дамушы елдер, дамыған мемлекеттер, дербес мемлекет, тәуелсіз мемлекет, зайырлы қоғам, әлеуметтік жағдай, әлеуметтік жік, даму стратегиясы, байтақ дала, адамзат қоғамы, ақылдың ұшқырлығы, ауызекі сөйлеу, асқақ құштарлық, ақылдың дәлдігі т.б. Бұларды ең алдымен, құрамындағы компоненттердің шығу тегіне қарай топтастырып көрелік.

1. Екі сыңары да қазақ сөздерінен тұратын терминдер (бұл топқа араб, парсы кірме терминдері де қамтылды). Мыс.: *ерік белсенділігі, ерік тәрбиесі, кешіктірілген жаңғырту, ақыл орамдылығы, сезім тереңдігі, ықтиярсыз әрекет, әлеуметтік кемелдену, қабылдау малғамдылығы, ерік сыншылдығы, ақыл сыншылдығы, түс қанықтығы, еңбекке баулу, қабылдау мағыналығы, қайта оқыту, ақыл сергектігі, мінез толысуы, сезімдік қабылдау, кері байланыс, тура байланыс, ұлттық сана, қоғамдық сана, сана өрісі, белсенді*

ізденіс, көзбен іздеу, қозу табалдырығы, түйсік табалдырығы, жалпы ұғым, жаппай жұмыссыздық, жастар жұмыссыздығы, әлеуметтік ескерту, балигаттық жас, негізсіз сөгіс, жұмысшы топ, аграрлық реформа, ақсүйектер қоғамы, археологиялық қазбалар, ашаршылық заман, дүниежүзілік соғыс, алғашқы қауым, байырғы ел, байырғы тұрғындар, дамушы елдер, дамыған мемлекеттер, дербес мемлекет, тәуелсіз мемлекет, зайырлы қоғам, әлеуметтік жағдай, әлеуметтік жік, даму стратегиясы, байтақ дала, адамзат қоғамы т.б.

2. Бағыныңқы сыңары қазақ, басыңқы сыңары кірме сөздерден тұратын терминдер: *әскери психология, тәрбие психологиясы, кәсіби консультация, көру перспективасы, ерік патологиясы, қиял патологиясы, жеке адам параметрі, көру органдары, оқыту оптимизациясы, нерв талшығы, еңбек биржасы, аграрлық реформа, дәстүрлі грамматика, дәстүрлі лингвистика, ағартушылық реализм, азаматтық лирика, әдеби процесс, әбеди пародия т.б.*

3. Бағыныңқы сыңары кірме, басыңқы сыңары қазақ сөздерінен тұратын терминдер: *кинестезиялық түйсіктер, психологиялық бөгет, психологиялық ахуал, абстракты ұғым, адекваттық ұғым, абсолют табалдырық, афференттік өріс, информациялық ізденіс, дискурсивтік ұғыну, проблемалық оқыту, экологиялық үстемақығ штат саны, штат кестесі, штат жұмыскері, археологиялық қазбалар, морфологиялық бірлік, синтаксистік бірлік, фонетикалық бірлік, фонетикалық дыбыстаңба, фонологиялық дыбыстаңба, фразалық екпін, фразеологиялық бірлік, академиялық басылым, академиялық стиль т.б.*

4. Екі сыңары да кірме сөздерден тұратын тіркесті терминдер: *веймар классицизмі, жанр поэтикасы, академиялық стиль, аграрлық реформа, акционерлік компания, гендік дактилоскопия, дактилоскопиялық лупа, дактилоскопиялық пленка, оптикалық агнозия, негативтік адаптация, позитивтік адаптация, ретроградтық амнезия, информациялық анализ, факторлық анализ, акустикалық анализатор, артикуляциялық аппарат, вестибулярлық аппарат, биологиялық эволюция, генетикалық психология, индивидуалдық психология т.б.*

Берілген мысалдардан терминжасамдағы сын есімнің қызметінің ерекше екендігін көруімізге болады. Осы орайда В.П.Даниленко сын есімнің терминологияда кеңінен қолданылуын, оның тікелей ұғымның мағынасын, ерекшелігін анықтаумен байланыстырады.

Мұндай пікірді С.М.Бурдин де қолдайды. Автор сөзімен айтқанда «Прилагательные выступают некоторыми ограничителями абстрактных значений существительных, детализируют понятия, выступают как

структурный элемент термина, создают понятия, выступают как структурный элемент термина, создают вместе с существительным относительно неделимое словосочетание» [80,58]. Сын есімнің терминологияда қолданылуы термин жасауда ұғымдар мен құбылыстарды, оларға тән қасиеттерді анықтаумен түсіндірілсе керек. Осы мәселе туралы А.Ф.Закатей былай деп жазады: «Прилагательное, будучи зависимым компонентом, в терминологическом словосочетании является наиболее экономной лексической единицей, видимо, в силу того, что оно принимает на себя роматическую информацию и не может быть опущено без ущерба для восприятия текста» [81, 325].

Бұл пікірне қазақ тіліндегі терминдердің бағыныңқы сыңары басыңқы атаудың (номинат) сапалық белгілерін (ұлттық сана, ғылыми ойлау), меншіктілігін (кабылдау талғамдылығы) және т.б. қасиеттерін білдіріп, анықтауыштық қатынаста жұмсалатындығы дәлел бола алады. Осыған қарап бұндай терминдерді «анықтауыш - номинат» үлгісі арқылы беруге болады:

1. Сын есім+зат есім: *ғылыми ойлау, шартты рефлексдер, жалпыланған байланыс, ситуациялық сөз, академиялық стиль, аграрлық реформа, акционерлік компания, гендік дактилоскопия, дактилоскопиялық лупа, дактилоскопиялық пленка, оптикалық агнозия, негативтікадаптация, позитивтік адаптация, ретроградтық амнезия, информациялық анализ, факторлық анализ, акустикалық анализатор, артикуляциялық аппарат, вестибулярлық аппарат, биологиялық эволюция, генетикалық психология, индивидуалдық психология т.б.*

2. Күрделі сын есім+зат есім: *жалған-наным психологиясы, көрнекі-бейнелі ойлау, қиял-ғажайып ертегілер, көңіл-күй лирикасы, лиро-эпос жанры, әдеби-драмалық редакция, ерін-тіс дауыссыз, ерін-тіс дыбыс, азаматтық-құқықтық жауапкершілік, ата-аналық құқықтар, әдет-ғұрып құқығы, әкімшілік-аумақтық бөлініс, әкімшілік-аумақтық құрылым, әкімшілік-аумақтық бірліктер, әкімшілік-құқықтық қатынастар, әкімшілік-құқықтық нормалар, әкімшілік-құқықтық мәртебе, әкімшілік-құқықтық шарт, әкімшілік-құқықтық қызметтер, оқу-әдістемелік кеңес, әзіл-оспақ сезім, әлеуметтік-мәдени орта, әлеуметтік-этикалық норма, әлеуметтік-әдептілік қасиеттер т.б.*

3. Зат есім+зат есім: *дүниеге көзқарас, мінез-құлық т.б.*

Екі сыңарлы тіркесті терминдердің семантикалық құрылымындағы бір ерекшелік - олардың тіркесіндегі сөздердің бір психологиялық термин (Т), келесі сыңары термин емес тұлға (ТЕ). Тіпті екі сыңары да термин емес,

бірақ қатар келгенде термин ыңғайында жұмсалатын құбылыстар да кездеседі.

Бұларды төмендегі үлгі бойынша жіктеп көрсетуге болады:

1. Т+Т - екі сыңары терминдік мәнде жұмсалады: *психикалық акселерация, акустикалық анализатор, патологиялық аффекттер, ситуациялық сөз, академиялық стиль, аграрлық реформа, акционерлік компания, гендік дактилоскопия, дактилоскопиялық лупа, дактилоскопиялық пленка, оптикалық агнозия, негативтік адаптация, позитивтік адаптация, ретроградтық амнезия, информациялық анализ, факторлық анализ, акустикалық анализатор, артикуляциялық аппарат, вестибулярлық аппарат, биологиялық эволюция, генетикалық психология, индивидуалдық психология т.б.*

2. Т+ТЕ - бағынығқы сыңары термин, ал басыңқы сыңары термин емес тұлға: *жыныстық жетілу, рухани жетілу, психикалық пішін, психологиялық денсаулық, психологиялық бөгет, психологиялық ахуал, т.б.*

3. ТЕ+Т - бағынығқы сыңары термин емес тұлға, басыңқы сыңары термин: *мінез анықтылығы, қабылдау мағыналығы, көз жетілігі, ерік сыншылдығы, мінез толысуы, түйсік табалдырығы, дәстүрлі грамматика, дәстүрлі лингвистика, т.б.*

4. ТЕ+ТЕ – екі сыңары да термин емес, бірақ қатар келгенде термин ыңғайында жұмсалады: *өзара сын, өзін-өзі ұстау, сөз тасқыны, сырттай сөйлеу, уақытты бағалау т.б.*

Үш сыңарлы терминдерді құрамындағы компоненттердің шығу тегіне қарай былай топтастырамыз:

1. Үш сыңары да қазақ сөзінен тұратын терминдер: *қозудың жайылу заңы, жанама есте сақтау, мидың маңдай бөлігі, сезімдік қабылдау кеңістігі, жоспардан тыс тексеру, еңбектің икемді жүйесі, еңбекке жарамсыздық парағы, айлық еңбекақы қоры, көп балалы отбасылар, көп балалы аналар, үкіметтік емес ұйымдар, еңбек шартын ұзарту т.б.*

2. Екі сыңары қазақ бір сыңары кірме сөзден тұратын терминдер: *азаматтық хал актілері, қабылдаудағы қимыл компоненттері, ұршық тәріздес нейрондар, жұлдызша тәріздес нейрондар, иіс сезу клеткалары, жағымды шартты рефлексдер, есту түйсіктерінің теориясы, заңдылықтың тұтастық принципі, заңдылықтың экономикалық кепілдері, болымды заң фактілері, т.б.*

3. Бірінші сыңары қазақ, екінші сыңары кірме, үшінші сыңары қазақ сөзінен тұратын терминдер: *жоғары нерв қызметі, жалпы генетикалық заң, қозудың оптималдық ошағы, істегі фактілерді бұрмалау, ғылыми фантастикалық әдебиет, т.б.*

4. Бірінші сыңары кірме, екінші сыңары қазақ, үшінші сыңары кірме сөздерден тұратын терминдер: *арнайы криминалистік әдістемелер, концентрлі шеңберлер иллюзиясы т.б.*

5. Бір сыңары кірме, қалған екі сыңары қазақ сөздерінен тұратын терминдер: *психиканың даралық өзгешеліктері, температура сезу түйсіктері, анализаторлардың өткізу қабілеті, информацияны қайта қабылдау т.б.*

6. Алғашқы екі сыңары кірме, соңғы сыңары қазақ сөздерінен тұратын терминдер: *нерв процесінің тұрақсыздығы, реакцияның латенттік кезеңі, нерв системасының икемділігі т.б.*

Көріп отырғанымыздай, тіркесті терминдердің сыңарлары бірімен бірі қазақ тілінің тіркесімдік заңдылығын сақтап тіркескен. Алайда кірме терминдер өзгерместен алынғаны байқалады.

Сондай-ақ, екі сыңарлы терминдерге қарағанда бұндағы синтаксистік қатынастың жасалуы күрделірек. Олар негізінен зат есім мен сын есімнің тіркесі (анықталушы мүше зат есім мен сын есімнің тіркесінен жасалады) үлгісі арқылы беріледі. Мысалы: *естің биохимиялық теориясы, жалпы генетикалық заң т.б.*

Осыған байланысты олардағы сөз таптарының құрамы төмендегідей үлгілерден тұрады:

1. З+С+З (зат есім + сын есім +зат есім): *қабық асты орталық, жаттығудың қисық сызығы, мидық сұр заты, көз қозғалысының редукциясы, мидың маңдай бөлігі, еңбектің икемді жүйесі, балалардың техникалық шығармашылығы, адам сенімділігінің өлшемі, балалардың тұрмыстық өлшемі, жастардың демократиялық қозғалысы, т.б.*

2. С+З+З: *перцептивтік әрекет дәрежесі, жоғары нерв қызметі, концентрлі шеңберлер иллюзиясы, айлық еңбекақы қоры.*

3. С+С+З: *комплекті шартты рефлексдер, қозғалысты шартты рефлексдер, абсолюттік құқықтық қатынастар, жеке құқықтық актілер, т.б.*

4. С+Е+З: *иіс сезу адаптациясы, қараңғылықты сезіну адаптациясы т.б.*

5. З+С+Е: *нерв байланысын актуалдандыру, еңбекке қабілеттілікті жоғалту, қозудың жайылу заңы, жанама есте сақтау, сезімдік қабылдау кеңістігі, жоспардан тыс тексеру, еңбекке жарамсыздық парағы, көп балалы отбасылар, көп балалы аналар, үкіметтік емес ұйымдар, еңбек шартын ұзарту т.б.*

2. Екі сыңары қазақ бір сыңары кірме сөзден тұратын терминдер: *азаматтық хал актілері, қабылдаудағы қимыл компоненттері, ұршық тәріздес нейрондар, жұлдызша тәріздес нейрондар, иіс сезу клеткалары, жағымды*

шартты рефлексдер, есту түйсіктерінің теориясы, заңдылықтың тұтастық принципі, заңдылықтың экономикалық кепілдері, болымды заң фактілері, т.б.

Үш сыңарлы тіркесті терминдердің әрбір компонентінің қаншалықты терминологиялық мәнде (немесе терминдік емес мәнде) жұмсалуды мына үлгі бойынша жіктеп көрсетелік (Тіркесті терминдердің үлгілерінің көбейіп кетпеуі үшін, біз олардың негізгі дегендерін ғана көрсетуге тырыстық):

1. T+T+T: *қабылдаудың оперативтік единицасы, заңдылықтың экономикалық кепілдері, есту түйсіктерінің теориясы, сезімдік қабылдау кеңістігі, абсолюттік құқықтық қатынастар, ғылыми фантастикалық әдебиет, қозудың шоғырлану заңы.*

2. TE+T+T: *жанама есте сақтау, иіс сезу адаптациясы, көп балалы отбасылар, көп балалы аналар, айлық еңбекақы қоры, қараңғылықты сезу адаптациясы.*

3. TE+TE+T: *ұршық тәріздес нейрондар, жұлдызша тәріздес нейрондар, қос каналды тахистоскоп, жағымды шартты рефлексдер, қайта жасау қиялы.*

4. T+TE+T: *азаматтық хал актілері, қозудың жайылу заңы, үкіметтік емес ұйымдар, қабық асты орталық, жаттығудың қисық сызығы, мидың сұр заты, нерв байланысын актуалдандыру.*

Үш сыңарлы тіркесті терминдерге қарағанда төрт сыңарлы терминдер сиректеу кездеседі. Төрт сыңарлы тіркесті терминдер өзінің құрылымының күрделілігімен ерекшеленеді. Мұндай терминдерді мынадай үлгіде жіктеп көрсетуге болады: A+N+A+N - *жақын арадағы даму зонасы, адамның сыртқы пішінін қабылдау, адамның өмір сүру позициясы, жеке адамның күтер бағасы т.б.*

Төрт сыңарлы терминдерді құрайтын сөздердің терминологиялық мәнде жұмсалу/ жұмсалмауына қатысты негізгі үлгілерді былай топтаймыз:

1. T+T+TE: *бала жасын кезеңге бөлу.*
2. T+TE+T: *психиканың жалпы көріністі құбылыстары.*
3. TE+T: *жоғары класс балалар жасы.*
4. TE+TE: *өзіне сын көзбен қараушылық.*

Қазақ тіліндегі терминдерде бес, алты компоненттен тұратын тіркесі терминдер де кездеседі. Мысапы: *вертикаль сызықтарды асыра бағалаудың иллюзиясы, сезім органдарының өзіне тән энергия заңы.*

Бұл күрделі тіркестердің грамматикалық құрылымы негізінен есім сөздер мен қимыл есімі, есімшеден тұрады. Оның әрбір сыңарының терминологиялық аясы да әр қилы (психологиялық термин және жалпы ғылыми сипаты басым термин, терминдену жағдайындағы элемент, термин

емес тұлға) болып келеді. Көп сығарлы терминдер ұғымды 2-3 сөзбен жеткізе алмаудан туындайды. Әрине, көп сыңарлы тіркесті терминдер қазақ тілінің сөзжасамдық табиғатына сүйеніп жасалынады. Дегенмен, жалпы әдеби тілде мұндай сөз тіркестері кездесе бермейді. Осы тұрғыдан келгенде, олардың тұрақты тіркестермен ұқсас жақтары бар. Бұл туралы Р.Үрекенова былай деп жазады: «...В обычном словосочетании один из компонентов можно заменить другим синонимичным словом или вставить между компонентами другое слово. Основное значение при этом не меняется. Терминологическое словосочетание не допускает подобных транспозиций» [76, 176].

Көп сыңарлы терминдер ғылыми ұғымның ссмантикалық аясын айқындауға себін тигізіп, номинативтік қызмет атқарады. Сонымен қазақ тіліндегі терминдерді байыта түсері анық.

Қазақ тіліндегі сөз тіркестері сөздердің өзара тіркеу қабілетіне қарай есімді және етістікті болып екі салаға бөлінеді.

Қазақ тіліндегі тіркесті терминдерді қарастыру барысында «сөйлемдегі сөздер бір-бірімен белгілі бір байланысу формасында жұмсалатындығы сияқты терминологиялық сөздер де сөз санына қарай олардың өзара белгілі бір байланысу формасында қалыптасады. Олар екі немесе көп сөзді болғанымен, олардың арасында бір немесе бірнеше байланысу формаларының негізінде қалыптасады. Мұндай терминдік сөздердің де сыңарлары молайған сайын олардағы байланысу формалары да, оларды байланыстыратын дәнекерлер де молая түседі. Қалай болған күнде де, олардың байланысу формалары екі түрлі» [79,51] болатындығына көзіміз жетті.

Қазақ терминологиясы жүйесіндегі тіркесті терминдер, ең алдымен сабақтаса байланысады. Сабақтаса байланысудың қабысу, матасу, меңгеру сияқты түрлері психологиялық тіркесті терминдерге тән құбылыс.

Сонымен бірге, қазақ терминологиясы жүйесінен салаласа байланысқан терминдерді де кездестіруге болады. Салаласа байланысқан терминдер деп - жалғаулықтардың дәнекер болуы арқасында тіркесіп келетін терминдерді айтамыз. Мысалы: *сәйкес емес тітіркендіргіштер, жұлдызша тәріздес нейрондар т.б.*

Жалпы әдеби тілдегі салаласа байланысқан сөз тіркестері бір- бірімен немесе басқа сөздермен ауыстыруға бейім болса, ал тіркесті терминдер осы тұрғыдан келгенде тұрақты болып келеді.

Тіркесті терминдерге тән тағы бір құбылыс - байланысудың аралас түрімен келуі. Тіркесті терминдер байланысының бұл түрі екі түрлі жағдайда көрінеді. Бірі — сабақтаса байланысу формасының өзара іштей араласып келетіндігі, мысалы: қабыса және матаса байланысу т.б.. Екіншісі - көп

сыңарлы терминдердің сабақтаса байланысып қоймай, оның құрамында салалас байланыстың да кездесетіндігі.

Қазақ тіліндегі терминдердің тіркесіміндегі байланыстардың осы формаларын ескере отырып, біз оларды былайша бөлшектеп көрсетеміз:

Қабыса байланысқан терминдер:

1) Қабыса байланысқан есімді тіркесті терминдер:

а) Екі сыңарлы: С+З: (сын есім-зат есім): икемді зейін, ықтиярлы зейін, эмоциялық қозғыштық, афференттік өріс, адекваттық ұғым, ауызекі сөйлеу, ақшам соқыр, асқақ құштарлық, ассоциативтік психология, айырым табалдырығы, анатомиялық нышан, т.б. Бұл үлгі бойынша жасалған терминдер қолдану жиілігі ең жоғарғы болып табылады.

ә) Үш сыңарлы: С+З+З: соқыр балалар психологиясы, уақытша нерв байланысы, үлкен ми сыңарлары, т.б.

2) Қабыса байланысқан етістікті тіркесті терминдер:

а) Екі сыңарлы:

З+Е: *абстракт ойлау.*

С+Е: *ұлттық ойлау.*

Е+З: *ойлау енжарлығы.*

Ү+Е: *біршама есту.*

ә) Үш сыңарлы:

З+З+Е: *механикалық есте сақтау.*

С+Е+З: *сипап сезу түйсіктері.*

З+Е+З: *жылу сезу түйсіктері.*

б) Төрт сыңарлы:

С+З+С+З: *психикалық процестерді кибернетикалық талдау.*

З+Е+З+З: *сілекей бөлдіретін шартты рефлексстер.*

Ү+С+Е+З: *жақын арадағы даму зонасы.*

Матаса байланысқан терминдер:

З+С: *ақылдың ұшқырлығы.*

З+З: *адамның алжасуы, ақылдың дәлдігі.*

С+З: *анализдік қабылдау.*

Матаса және меңгеріле байланысқан терминдер:

З+С+З+Е: *бала жасын кезеңге бөлу.*

Қабыса және матаса байланысқан терминдер:

З+З+С+З: *ми қыртысының ассоциациялық аймағы, ой әрекетінің ассоциативтік теориясы.*

З+С+З+З: *психиканың жалпы көріністі құбылыстары.*

Сонымен, қазақ терминологиясындағы тіркесті терминдерге байланысты сөзімізді қорытындылай айтсақ, олар өздерінің ішкі құрылымына байланысты мынадай өзгешеліктерге ие екен:

1) Тіркесті терминдер екі, үш, төрт және одан да көп сыңарлы болып келеді;

2) Тіркесті терминдердің құрамы әр қилы тілдік элементтерден тұрады.

Мәселен, термин, жалпы ғылыми сипаты басым термин, терминдену жағдайындағы элемент, термин емес тұлға, т.б.;

- 3) Тіркесті терминдер қазақ тілінің тарихи қалыптасқан байланысу тәсілдері негізінде жасалады;
- 4) Тіркесті терминдердің жалпы әдеби тілдегі сөз тіркесінен өзгешелігі оларды тұрақты тіркестермен бірдей қарауға кепілдік бере алмайды. Оған басты себеп, қазақ тіліндегі тіркесті терминдерде сөздердің орны үнемі тұрақты емес. Мұндайлардың ұғымдық өзгерістерге түсуі ықтимал;
- 5) Тіркесті терминдер анықтауыштық қатынаста жұмсалып, номинативтік қызмет атқарады, т.б.

Тіркесті терминдер осылайша жіктеп көрсету негізінен екі түрлі қажеттіліктен туындайды деп ойлаймыз.

1. Тіл теориясында тіркесті терминдердің алатын орны ерекше. Бұлай деуімізге себеп: Қазақ тіл білімінде жалпы **әдеби** тілдегі сөз тіркестері, фразалық тіркестер жөнінде едәуір еңбектер бары белгілі. Ал тіркесті терминдер туралы бұлай деп айта алмаймыз. Оны **жоғарыда ескерттік те**. Әрине, үлкен теориялық мәні бар бұл мәселені арнайы зерттеу керектігі сөзсіз. **Тіркесті** терминдердің ішкі ерекшеліктерін қарастыру барысы бізді осындай ойға жетелеп отыр.

2. Тіркесті терминдердің қандай сөз таптарынан жасалатындығын білудің маңызы зор. Бұл орайда қазақ терминологиясындағы тіркесті терминдерге қатысты мына пікірледі айта аламыз: а) қазақ тілінде термин ретінде қолданылатын негізгі сөз табы — зат есім; ә) зат есімнен басқа сөз таптары жеке тұрып термин ретінде қолданылғанда заттану процесіне ұшырайды (мысалы: ойлау), б) зат есімнен басқа сөз таптары (сын есім, сан есім, есімдік, қимыл есімі, есімше, үстеу) тіркесті терминдердің құрамында терминэлемент есебінде жұмсалады (мысалы: қоғамдық сана, жаңаша ойлау); в) термин қалыптастыруда көмекші қызмет атқаратын терминэлементтер негізінен қазақ тілінің жұрнақтары мен көптік жалғаулары. Мысалы:

Сознание	групповое	-	топтық	сана
	индивидуальное	-	даралық	
	коллективное	-	ұжымдық	
	нравственное	-	адамгершілік	
	общественное	-	қоғамдық	
	правовое	-	құқықтық	
	религиозное	-	діни	
	обыденное	-	кәдуілгі	

	моральное	-	моральдық	
	волевое	-	жігерлі	

Поведение	импульсивное	-	ұшқалақ	мінез-құлық
	рулевое	-	оралымды	
	сознательное	-	саналы	
	конформное	-	иланғыш	
	преступное	-	бұзақы	

3.3 Семантикалық тәсіл арқылы жасалған терминдер

Қарастырылғалы отырған тәсіл жалпыхалықтық тілдегі сөздердің мағыналарымен тығыз байланысты. Жалпы тіл біліміндегі сөзжасамның осы тәсілі сөздердің сыртқы түрі өзгермей, оның мағынасының өзгеруімен сипатталады. Бұл мәселе көптеген ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Атап айтсақ, Е.М.Галкина-Федорук, В.П.Даниленко, Э.Ф.Схорокодько, М.Ш.Гасымов, Ғ.Ғ.Мұсабаев, М.Оразов және т.б.

Терминжасаудың семантикалық тәсілі қазіргі кезеңде өзінің өзектілігі мен жоғары дәрежелі өнімділігімен сипатталады.

М.Ш.Гасымов өзінің «қазіргі азербайжан тілі терминдері жасалуының негізгі тәсілдері» деген мақаласында семантикалық тәсілге кеңірек тоқтала келіп, термин шығармашылығының бұл тәсілімен жасалған терминдерді төрт топқа бөледі. Бірінші топқа – жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуін, екінші топқа – көнерген сөздердің жаңа терминдік мағынада жұмсалуды, үшінші топқа – сөздердің мағыналарының саралануын (сөздердің арнаулы мағынада жұмсалуды), төртінші топқа – сөз мағыналарының кеңеюін жатқызады.

К.Г.Аяпбергенев дәрігерлік терминдердің семантикалық тәсіл арқылы жасалатындығын айта отырып, оның терминжасамның басқа тәсілдеріне қарағанда өнімсіз екендігін көрсетеді. Автордың пайымдауынша, дәрігерлік терминологияда өзінің терминдік мағынасы мен жалпы лексикалық мағынасын сақтаған терминдер жиі кездеседі.

Әдеби тілдегі сөздердің терминдену барысында байқалатын семантикалық өзгерістерді зерттеген Ф.Х.Жубуеваның пікірінше, бұларды үш топқа бөледі. Бірінші топқа жалпы қолданыстағы сөздің терминдену барысында бір немесе бірнеше семантикалық компоненттерді қамтитын терминдерді, екіншісіне жалпы қолданыстағы сөз мағынасының барлық семантикалық компоненттерін қамтитын терминді, үшінші топқа сөз мағынасын қайта топтастыру негізінде жасалған терминдерді жатқызады.

Автор терминдерді семантикалық компоненттердің (семалардың) қатыстылығына байланысты топтастыра отырып, «кей жағдайда негізгі семантикалық белгілер жалпы қолданыстағы сөздердің мағынасына кірмейтін, бірақ арнаулы ұғымды нақтылай түсетін жаңа компоненттермен

толығады» деп жазады [82, 67]. Әрине зерттеушінің «кейбір семантикалық белгілер жалпы қолданыстағы сөздердің мағынасына кірмейді» деген пікірмен келісеміз және өз тарапымыздан «белгілі бір қарапайым ұғым семантикалық тәсіл арқылы арнаулы ғылым саласына өткенде оның бұрын белгісіз болып келген жаңа белгілері көрінеді», - деген ойды қосқанды жөн көреміз.

Жалпы тіл білімінде сема мәселесі күрделі мәселелердің бірі. Сол үшін де орыс тіл білімінде бұл мәселе әлі күнге зерттеушілердің назарынан тыс қалған емес. Сема – жалпы және жеке болып екіге бөлінеді. Орыс тілшілері семалардың осы түрлерін түрліше атап жүр. В.Г.Гак архисема және дифференциалдық сема десе, Д.Н.Шмелев интегралды және дифференциалды семалар деп алып келеді. Біз өз зерттеуімізде жалпы және жеке сема деп қолдануды жөн көреміз. Мысалы, жалпы қолданыста *достық* (дружба) сөзі *дос* түбіріне *-лық* жұрнағының жалғануы арқылы жасалған. Бұл сөз дерексіз ұғымды білдіреді. Әдеби тілдегі *достық* сөзі «жолдас адамдарға тан жақын қатынасты» білдіреді. Психология ғылымында *достық* — «мақсат мүдденің ортақ болуы, өзара түсінісу, мейірбандылық, бірін-бірі құрмет тұту сияқты шынайы сезімді білдіретін адамдар арасындағы қатынасты» білдіреді.

Енді осы екі «достықтың» (сөз бен терминнің) арасындағы семалық белгілерге тоқталайық. *Достық* терминінің ғылыми **анықтамасында** «қатынас, байланыс» деген жалпы семалар сақталған. Ал «жолдастық» (дос адамдарға тән) деген жеке сема «жалпы адамдар арасындағы» **деген** семаға алмастырылған. Сол сияқты, осы терминнің ғылыми анықтамасында жаңа «мақсат», «мүдде», «өзара түсінісу», «мейірбандылық», «сыйластық» тәрізді жеке семалар енгізілген. Міне, осы семалардың арқасында жалпы қолданыстағы *достық* сөзі термин жүйесіне енген.

Қазақ тіл біліміне сема мәселесі басқа тілдермен салыстырғанда аз зерттелінген. Терминдердің семантикалық тәсіл арқылы жасалуын сөз еткенде, қазақ тілінде арнаулы ғылым салалары бойынша сема мәселесіне терең талдау жасаған Б.Қалиұлы, Ш.Құрманбайұлы еңбектерін атап көрсету орынды деп білеміз. Б.Қалиұлы өз зерттеу нысанына қатысты жалпы және жеке семалармен бірге, актуалды (маңызды) және потенциалды семалардың кездесетіндігі туралы толық мағлұмат береді.

Ш.Құрманбайұлы жалпы қолданыстағы сөздер мен терминдердің семалық құрылысын ұғым белгілерімен салыстыра отырып, нақты мысалдар арқылы дәлелдеп береді. Автордың сөзімен айтқанда: «Терминдену кезінде сөз мағынасында болатын семантикалық өзгерістердің ұғым мазмұнын құрайтын белгілерімен тікелей байланысты болатындығы – термин үшін ұғымның, ал жалпы терминология үшін ұғымдар жүйесінің орны айрықша екендігін көрсетеді. Сондықтан да, термин туралы сөз қозғағанда оның ұғымдық жағын назардан тыс қалдырмаудың мәні зор» [16, 78].

Біздің топтастыруымыз бойынша семантикалық тәсілдің бірінші түрі, яғни сөз мағыналарының саралануы өз ішінде тағы да екіге жіктеледі. Бірінші топқа арнайы қолданыстағы сөздерге қосымша мағына үстемеленіп, мағыналарының нақтылануы арқылы жасалған терминдер жатады. Мысалы,

жалпы қолданыстағы *өмірік* (лживость) - «шындықты әдейілеп бұрмалау» дегенді білдірсе, психологияда «шындықты өзінің қалаған мақсатына жету үшін немесе белгілі бір келеңсіздіктерден құтылу үшін әдейілеп бұрмалап көрсететін мінез-құлықтың түрі» (Псих. сөзд. 1990) деген анықтама беріледі.

Психология терминінде «шындықты әдейілеп бұрмалау» деген жалпы сема сақталған. Сонымен бірге, ғылыми терминге «қалаған мақсат», «келеңсіздік», «мінез-құлықтың түрі» деген жеке семалар үстемеленген. Соның нәтижесінде жалпы қолданыстағы *өмірік* сөзі психология терминдерінің жүйесінен орын алған.

Қылық (поступок) сөзі жалпыхалықтық тілде «кісінің жеке басынан байқалатын мінез-құлқы» (ҚТТС) дегенді білдірсе, психология ғылымында оған «әлеумет тарапынан бағаланған адамдардың саналы түрде жасаған мінез-құлық әрекеті» (Псих. сөзд. 1990) деген анықтама беріледі. *Қылық* сөзі терминнің арасындағы мағыналық өзгерістер мен ұқсастықтарға көңіл аударсақ, қылық сөзіндегі «кісі», «жеке басынан» деген семалар «адамның» деген жалпы семаға ауысқан. Бұл жердегі екі ұғымға ортақ жалпы сема – «мінез-құлық». *Қылық* терминіне «әлеумет тарапынан», «бағаланған», «саналы түрде», «әрекет» тәрізді жеке семалар үстемеленген.

Қысқасы, жалпы қолданыстағы *қылық* сөзінің терминденуіне себеп болған нәрсе «мінез-құлық» семасы болып табылады. Сол семаның арқасында психологияның күрделі ұғымын бейнелейтін термин жасалынып тұр.

Мұндай терминдердің психология терминдері жүйесінде аз кездеспейтіндігін жоғарыда еске салсақ. Оның бәрін тізіп, талдау мақсат емес. Сондықтан олардың кейбіреулерін кесте арқылы көрсете кетуді жөн деп білеміз.

Сөз-термин	Қалыпты мағына (жалпы қолданыс)	Терминдік мағына (арнаулы қолданыс)
1. Әдіс	Адам баласының қызметінің белгілі салаларында қолданылатын әр түрлі амал, тәсіл, айла.	Дүниенің, қоғамның объективтік заңдары мен құбылыстарын практика және теория жүзінде игеруге және өзгертуге бағытталған принциптердің жиынтығы; Зерттеліп отырған объекті жөніндегі мәліметтерді және ғылыми жаңалықтарды бір ізге келтіру тәсілдерінің жүйесі.
2. Қызмет	Еңбек ету аясындағы жұмыс, кәсіп.	Адамның өзінің қажеттерін өтеу үшін айнала қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынасы.
3. Арман	Көксеген мақсат, тілек, қиял.	Арман дегеніміз адамның келешекке бағытталған қиялы.

4. Қызығу	Бір нәрсеге құмарту, елігу.	Дүниедегі заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып білуге бағытталған адамның жеке ерекшеліктерінің бір көрінісі.
5. Нышан	Бір нәрсенің белгісі.	Жүйке жүйесінің адамға туыстан берілетін анатомиялық физиологиялық белгісі.
6. Пікір	Өмірдегі құбылыстар мен заттар туралы көзқарас, тұжырым, пайымдау.	Бір зат туралы мақұлдау не оны бекерге шығаруда көрінетін ойлаудың формасы.
7. Ұйқы	Адам мен жануарлардың тынығып дем алуы үшін, белгілі бір мезгілде қайталанып отыратын физиологиялық жағдайы.	Адам мен жануарлардың вегетативтік және моторлы аймақтарында өзіне тән ерекше мінез-құлықтың көрінуі негізінде біраз уақыт қозғалыссыз және сыртқы дүние әсерінен хабарсыз қалатын, белгілі бір уақытта қайталанып отыратын күйі.
8. Ес	Адамның естіген, көрген-білгенін ойда сақтау қабілеті; ақыл-ой.	Ес дегеніміз сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адам миында сақталып, танылып, ұмытылуын бейнелейтін процесс.

Екінші топқа терминдік мағынасымен бірге бұрынғы жалпы қолданыстағы мағынасын сақтаған терминдер жатады. Мысалы: *сана, ерік, ес, дағды, зейін*, т.б.

Аталған терминдердің тобына арнайы қолданыста бір мағыналық, ал жалпы қолданыста көп мағыналық тән болып келеді. Мәселен, *зейін* термині жалпы әдеби тілде төмендегідей мағыналарда жұмсалады: *ынта, ықылас, ниет, зерде, сана, назар, ой*. Психологияда *зейін* деп – адам санасының белгілі бір затқа бағыттала тұрақталуын көрсететін құбылысты айтады. Дәлірек айтқанда, *зейін* дегеніміз – айналадағы объектілердің ішінен керектісін бөліп алып, соған психикалық әрекетімізді тұрақтата алу.

Осы тәрізді *ерік* термині жалпы қолданыста 1) Ықтияр, ырық, билік; 2) Қақы, құқы; 3) ауысп. Кеңшілік, мұрсатана (ҚТТС) болып көп мағына білдірсе, психология ғылымында *ерік* терминіне: «*ерік* деп саналы түрде алға тұтқан мақсатқа жету үшін жасалатын жан қуатының белсенділігін және адамның өзін меңгере алу қабілетін айтамыз» деген анықтама беріледі.

Ж.Аймауытұлы *ерікті* «қайрат» деп алып, былай деп жазды: «ішкі өмірдің барып-барып тиянақтайтын жері – амал мен сыртқа шығу, осыны қайрат деді».

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды: терминдік мағына кез келген сөзге жүктеле бермейді. Терминді қалыптастыру үшін сөздің жалпы қолданыстағы бұрынғы бар мағынасы ескеріле отырып, соның негізінде терминдік мән үстемеленеді. Осыдан келіп, сөздердің терминдік мағынасы күшейіп, басқа мағынада қолданылмайтын дәрежеге жетуі мүмкін. Я болмаса, лексикалық терминдік мән мен қалыпты мағына әдеби тілде қатарласа қолданылу құбылысы кездесуі де мүмкін.

Семантикалық тәсілдің екінші түріне жалпы қолданыстағы сөздердің мағынасының кеңеюі негізінде пайда болған терминдерді жатқызамыз. Бұл құбылыс араб, парсы сөздерінің терминге айналуынан анық көрінеді. Мысалы, арабтың *қиял* (хиял) сөзінің «ой, арман, елес» деген мағыналары бар. Осы сөз тілімізге енгеннен соң, оның мағынасына 1) Өзіндік жаңа образдар, жана туындылар жасаудағы тереңнен топшылайтын ой көзі, творчестволық көрегендік; 2) ауысп. Ой, пікір. ұғым, түсінік. 3) ауысп. Арман, тілек, мақсат-деген сияқты бірнеше мағына үстемеленеді. Осының негізінде психологиядағы «заттар мен құбылыстардың объективті образдарын қайтадан жаңғыртып, өндеп бейнелеуде көрінетін тек адамға тән психикалық процесс» деген, немесе «бұрын қабылдаған әсерлерді қайтадан өндеп, образ жасауда көрінетін психикалық процесс» (Қ.Жарықбаев, психология) деген ұғымды беретін *қиял* термині жасалды.

Шет тілінен ауысып, жалпы қолданысқа енген сөздердің мағыналарының кеңіп, терминдік сипат алуына тағы бір мысал келтірейік. Парсының *батыр* (баһадур) сөзі сол тілде «ер, батыр, қаһарман» мағыналарын білдіреді. Осы сөз казактың әдеби тіліне енген соң, ол бірнеше мағынада жұмсалатын болды. Атап айтсақ, 1) Жаугершілік кезде ерекше ерлігімен көзге түскен ержүрек адамға берілетін атақ; 2) Ер-жүрек, қайтпас қайсар адам; 3) ауысп. Мадақтау, көтермелеу мағынасында, 4) ауысп. Кемсіну, менсінбеу, кекету т.б.

Психология ғылымында *батырлық* деген туынды термин – жалпы адамның халқына, жеріне, еліне, дініне деген патриоттық қасиетін бейнелейтін термин ретінде жұмсалады. Осындай терминдердің қатарына *адалдық*, *ақыл* деген сияқты сөздерді де жатқызуға болады.

Семантикалық тәсіл арқылы жасалған терминдер туралы айтқанда, мына бір жағдайды да айта кету орынды.

Кейбір психологиялық заңдардың, қисындардың, түрлі жаңалықтардың атауларына мағыналық негіз (семантическая мотивация) болған психолог ғалымдардың есімдері екендігі анық.

Ғылымда мұндай терминдерді «эпонимді терминдер» деп айтатыны белгілі. Мұндай жағдай әсіресе шет тілдік ғалымдардың есімдеріне байланысты жиі ұшырасатындығын байқадық. Мысалы, *Вебер-Фехнер заңы* (закон Вебера-Фехнера), *Стивенс заңы* (закон Стивенса), *Корти мүшесі* (Кортиев орган), *Ландальт сақинасы* (Ландальта кольцо), *Сильви сайы* (борозда Сильвиева), *Бродман алабы* (Бродмана поля), *Варолий көпірі*

(Варолиев мост), *Бугер – Вебер заңы* (Бугера-Вебера закон), т.б. Бұл, әрине, аталған терминдердің көбін шет ел азаматтары жасағандығының көрінісі.

Ойымызды қорыта келгендегі айтарымыз: қазақ тілінде термин жасауды семантикалық тәсілдің маңызы зор екен. Ол әсіресе ұлттық терминдерді жасауда басты рөл атқарады. Жиналған терминдерді қарап отырсақ, қазақша терминдерінің көбі осы тәсіл арқылы жасалыпты. Бұл, әрине, термин жасаудың басқа тәсілдерін жоққа шығару емес. Біз оны аталған тәсілге айрықша көңіл бөлі керек деген тұрғыда ғана баса айтып отырмыз.

4. Қазақ тіліндегі терминдердің прагматикалық қызметі

Прагматика – ХХ ғасырдың 60-70 жылдарында зерттеу бағыты ретінде пайда болған, салыстырмалы түрде алғанда тіл білімінің жаңа саласы болып есептеледі. Прагматиканың өз алдына жеке зерттеу ретінде құрылуына Дж.Остиннің [83, 22-130], Дж.Серлдің [84, 195-222] сөйлеу актілері теориясының, П.Грайстың мағынаның прагматикалық теориясы және П.Ф.Стросонның [85, 131-150] референцияның прагматикалық теориясының әсері болды. В.Гумбольдт, Ш.Балли, Л.П.Якубинский, К.Л.Бюллер, Э.Бенвенист, М.М.Бахтиннің лингвистикалық концепцияларында тұжырымдалған сөйлеудің жасалуы туралы мәселеден туындайтын сөйлеу актісінің теориясы В.Витгенштейннің философиялық лингвистикасы төңірегінде құрылды. Бұл пәнаралық ғылым шешендік өнер мен стилистиканың, сөйлеу мен сөйлеу іс-әрекетінің типологиясын және теориясын, коммуникация теориясы мен функционалдық стилдерді, психолингвистика, **карым-қатынас** психологиясын, дискурс теориясын, **когнитивтік лингвистика** және т.б. пәндердің мәселелерін қамтиды.

Прагматика - сөйлеушінің тілдік таңбаға қатынасын зерттеуге жауап беретін, семиотиканың бір бөлімі болып табылады. Прагматиканың әдіснамалық аппараты аталған зерттеудің негізгі ұстанымдарын түзету үшін пайдаланылады. Былайша айтқанда, терминологиялық лексика көркем әдебиеттің функционалдық стилінің мәтініне енгенде терминологиялық сипатын жоғалтып және контексте мағыналық реңкке ие болып қана қоймай, бүтіндей алғанда ойды білдірудің коммуникативтік мақсатына жету үшін өз үлесін де қосады.

«Тіл» және «сөйлеу» ұғымдарын шатастырмау үшін, прагматика сөйлеудегі тілдік бірліктерді зерттеумен айналысатынын есте ұстаған жөн. Терминологиялық лексика лексикологиялық бірлік ретінде емес, қолданыста зерттелінеді. Сондықтан «сөйлеу актісі», «ойды білдіру», «коммуникация» тәрізді терминдердің қолданылуы әбден мүмкін.

Сөйлеу актісі — сөйлеу мәдениетінің ережелеріне сәйкес мақсатты түрде жасалған сөйлеу әрекеті болып табылады. Сөйлеу актісінің өзі түрлі әрекеттерден **тұратын** көпдеңгейлі бірлік. Дж. Остин терминологиясында бұл локутивті, иллокутивті және перлокутивті актілер деп аталынады.

Локутивті акт дегеніміз сөйлеуге қатысты бір нәрсені айту. Иллокутивті акт дегеніміз сөйлеу барысында коммуникативті мақсатты білдіру, сөйлеудің типтерін (сұрақ, жауап, тыйым, т.б.) жүзеге асыру, сөзді белгілі бір мақсатпен айту болып есептеледі.

Перлокутивті акт дегеніміз санаға әсер ету актісі немесе жаңа ситуация құру мақсатындағы адресаттың көңіл-күйі болып табылады.

Бұл зерттеу үшін сөйлеу актілерінің түрлерін қарастыру маңызды болып саналады, өйткені иллокутивті акт жалпы алғанда нақты прагмастилистикалық қызмет атқарады. Мәтіндегі термин арқылы беріліп тұрған ойдың иллокутивті мақсатын анықтау терминнің стилистикалық

қызметін ашуға көмектеседі. Терминнің прагматикалық және стилистикалық қолданысы мәтінге яғни, мәтіндегі сөйлеушінің (адресанттың) нақты ниетінің тыңдаушыға әсер етуін қамтамасыз етуі туралы прагматикалық нұсқау береді.

Сөйлеу актілерін жіктеу көбіне зерттеуші жұмысының мақсаты мен міндеттерімен айқындалады, сондықтан сөйлеу актілерін бірдей және нақты топтастыру мүмкін емес.

Дж. Серлдің жіктеуі 5 топқа бөлінеді: репрезентатив, директив, комиссив, эксирессив және декларатив [84,6]. Иллокутивті актінің кең танымал түрлері мыналар: декларативтер (констативтер, репрезентативіер) – мақұлдау; ингеррогативтер (квестивтер) - тыңдаушыға сұрақ; дерективтер адресатты іс-әрекетке жұмылдыру; вердиктивтер - қоштау / қарсы шығу; промиссивтер - уәде беру; пермиссивтер - рұқсат ету; экзерситивтер - болдырмау, шектеу; комиссивтер - кепілдік беру, міндетіне алу; экспозитивтер – дауласу, қарсы пікір білдіру; сатисфактивтер рахмет айту, өкініш білдіру [86,31].

П.Грайстың сөйлеу актісі туралы теориясы басқаша болып келеді. П.Грайстың пікірінше, сөйлеу актісінде берілетін ақпарат екі бөлікке бөлінеді: нақты айтылған нәрсе және ойдың логикалық мазмұны. Нақты бір айтылған ойдан тыңдаушының өзіне қабылдайтын ақпараттың қалған басқа бөлігі үшін Грайс «импликатура» терминін ұсынады [87,339]. Прагматикалық ақпарат дегеніміз айтылған ойды қабылдаушының дәл сол мезетте қандай мақсатты көздегендігін білдіретін және осы мақсатқа жету үшін ең тиімді шешім таңдау тұрғысынан баяндалатын ақпарат болып табылады [88].

Лингвистикалық прагматика «таңба мен пайдаланушының» барлық қырын зерттеумен айналысатындықтан, оның зерттеу пәніне сөйлеу субъектісімен (сөйлеуші, адресант) байланысты, адресатпен (реципиент, қабылдаушы), қарым-қатынас ситуацияларындағы, коммуникацияларындағы өзара байланыстары тәрізді көптеген мәселелер жатады.

Адресат айтылым туралы қосымша және жасырын ойлары, қорытындылары бар сөйлеудің интерпретаторы ретінде қарастырылады. Айтылым мағынасын дұрыс түсіну сөйлеушінің конверсациялық максимді (Грайс, Ноуэлл-Смит) сақтауына байланысты, олай болмаса адресат бұл максимдердің бар екендігі туралы мәлімет алуы керек, яғни сөйлеушінің жалған айтуы, баяндауда жасырын ойларды, кекетуді пайдалануы мүмкін екенін түсінуі керек. Конверсациялық максима ұғымы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметін табудың көздері болып табылады. Бір ғана максимді білу айтылымды дұрыс жеткізуге кепілдік бере алмайды. Субъектіге иллокутивті және перлокутивті актілерді сәтті жүзеге асыру үшін адресатпен

бірге тақырыпты және контексті білу қажет болады. «Контекст» ұғымын кең түрде алып қарастырсақ, адресат сөйлеуші таңдап алған максимнен саналы түрде бас тартуы мүмкін болатын прагматикалық ситуацияны, пресуппозиция мен мақсатты ескеруі керек. Пресуппозиция дегеніміз шындыққа сәйкес бүтін сөйлем семантикалық тұрғыдан дұрыс қабылданатын сөйлемнің мағыналық компоненті болып табылады. Пресуппозицияның психологиялық мәні мәтіннің жалпы мағынасын түсіну үшін оның жеке бірліктерін талдауды қажет етпейтіндігінде жатыр [89,311].

Прагматика адресатты сендіру немесе толқыту, көңілін бұзу иемесе күлдіру мақсатында өзінің ойын немесе сезімін барынша жақсы білдіру үшін тілдік бірліктерді таңдау туралы мәселелермен айналысатындықтан, лингвистикалық прагматиканың маңызды мідеттерінің бірі сөйлеу субъектісінің категориясын зерттеу болып табышады. Көркем-әдеби мәтінде жазушының шындық өмірге деген қарым-қатынасы, нені суреттейді және оны қалай бейнелейді, оның шындық өмірді қабылдауы немесе қабылдамауы, таңдануы, кекетуі, жек көруі; оқырманның мәтінге көзқарасы, жалпы шығармаға, ондағы шындықты түсінуі немесе керісінше адастыруға, қиялдауға жетелейтін т.б. қарым-қатынастары зерттелінеді [90,326].

Егер қандай да бір көркем шығарманы бүтін бір сөйлеу актісі ретінде алсақ, онда оның прагматикалық мүмкіндігінің соншалықты үлкен болатындығын елестету қиын емес. Прагматика шындық өмірді бейнелейтін тілдік бірліктер мен оларды қолданушылардың қарым- қатынасын зерттейді. Демек, бүтін бір шығарма автордың шындық болмысқа деген (немесе өз-өзіне, егер ол лирикалық шығарма болса) қандай да бір қарым-қатынасын бейнелейді, автордың бұл ойы, ұстанымы, көзқарасы оқырманға белгілі деңгейде әсер етуге бағытталады. Мәтіннің прагматикалық мүмкіндігі тұтас, монолитті болмайтыны анық, ол белгілі бір мәтін бірліктерінің жиынтығынан тұрады, автор осы бірліктер арқылы оқырманға әсер етеді.

Әрбір көркем шығарма қайталанбас дүние болып табылады, соған сәйкес мәтіндегі прагматикалық бірліктердің жиынтығы әрбір туынды үшін қайталанбайтындығы да күмән келтірмейді.

Тілдік бірліктердің прагматикалық бағыты мәтінде көрсетілген бірліктердің фрейм құрылысына тікелей қатысты болады. Бөтен стилдік бірліктердің прагматикасында сөйлеушінің қабылдаудағы жаңалығына, қайталанбастығына, іскерлігіне деген психологиялық бағдар болады [91, 17].

Стилистикалық зерттеудің прагматикалық аспектісі эмпатияны танып-білумен де байланысты. «Эмпатия» термині лингвистикаға психология ғылымынан алынған. Эмпатия дегеніміз өзге адамдардың танымдық ортасына ене білу және түсіну, көңіл-күйін сезе білу қабілеті [94]. Эмпатия

(лат. *empathia* – әсерлену) – өзге адамдардың жан-дүниесінің сыры мен күй-жайын білу қабілеттілігі және оған жанашырлық білдіру. Эмпатия адам бойныа жиі кездесетін, өзіндік мән-мағынасы бар ерекше сезім. Эмпатияның айқын көрінісі – сәйкестендіру; адамдар өзгелер қайғы-қасіретті жағдайлар мен қиыншылықтарға ұшырағанда, оларға жанашырлық білдіріп, солардың ауыр психологиялық жай-күйін өз басынан кешіргендей халде болуы. Эмпатияны алғаш америкалық психолог Э.Литченер (1867-1927) ашып көрсетті. Ол философиядағы ұнату сезімінің теориялық негіздеріне сүйене отырып, жанашырлық сезімнің эмоциялық, салыстыру мен ұқсату тәсілдерімен түсіндірілетін танымдық (когнитивтік) және адамның жан күйзелісіне душар болу себептерін алдын ала сезе білу сияқты түрлері болатындығын көрсетті [93,248]. Мәтін адресаты «басқалардың қайғысын сезе отырып, барынша мұңды» болады. Лингвистикада эмпатия дегеніміз сөйлеушіні оқиғаны хабарлап тұрған катысушымен немесе объектімен теңдестіру болып табылады [94,592]. Демек, қарым-қатынас психологиясы мен прагматикасының тетіктерін зерттеу тілдік бірліктердің стилистикалық қызметі былайша айтқанда экспрессивті, сезімді білдіру қызметтері туралы нақты нәтижелерге қол жеткізеді.

Лингвистикалық прагматика субъектіні, адресатты, олардың өзара әсерін, лингвистикалық таңбаға деген көзқарастарын, сондай-ақ, қарым-қатынас ситуациясын зерттейді. Прагматиканың зерттеу пәні лингвистиканың зерттеу шеңберінен асып кетеді, сондықтан зерттеу барысында көркем-әдеби шығармалар мәтіндегі терминдердің экстралингвистикалық мазмұнын ашу үшін прагматика терминологиясы қолданылады. Иллокутивті акт ұғымы көркем мәтіндердегі терминдердің прагмастилистикалық қызметін анықтау үшін, пресуппозиция ұғымы көркем мәтіндегі терминнің қызметін түсіндіру үшін қолданылады. «Сөйлеу субъектісі», «адресат» және «пресуппозиция» ұғымдары арнайы тілдік құралдар ретінде пайдаланылады.

4.1 Мәтіндегі термин қолданысының ерекшеліктері

«Мәтіннің жалпы және жеке теориясының аспектілері» деп аталатын ұжымдық монографияда [95] 60-70 жылдары мәтін лингвистикасы деп аталынатын ғылыми бағыттың калыптасқандығы туралы айтылады. Бұл ғылыми бағыт мәтіннің жалпы теориясын және мәтін түрлерінің ерекшеліктерін зерттейтін жеке теорияны қамтиды. Мәтіннің жеке теориясының қарастыратын мәселелерінің біріне терминденген мәтіндерді

зерттеу және осы мәтіндердегі термин қолданысының өзіндік ерекшеліктерін қарастыру жатады.

«Термин мен мәтін» мәселесін талдағанда мәтін теориясының барлық ұғымдарын: мәтін ұғымының өзін, байланыстылық, бүтіндік, жекелік, эмотивтік бағыттарды қарастыруға тура келеді. Соңғы кездері ғалымдар мәтін ерекшелігінің мазмұндық және формальдық жағын ажыратып жүр. Мәтіннің және оның құрамындағы тілдік бірліктердің семантикалық белгісіздігі дәлелденуде, мәтіннің байланыстылығын қамтамасыз етіп тұрған формальды құралдар анықталуда.

«Термин және мәтін» ұғымдарының арақатынасы жаңадан зерттеліне бастаған сала. 1971 жылы В.П.Даниленко ғылыми-техникалық терминдер екі салада - бекіту (фиксация) және қолданыс (функционирование) аймағында өмір сүреді деп жазды [96].

Бекіту саласы дегеніміз - терминологиялық стандарттар, сөздіктер т.б. Мұнда терминге көпмағыналық, синоним, омоним тән емес; Ол контекстке тәуелсіз түрде өмір сүреді. Сонымен бірге кейбір ғалымдар ғылыми-техникалық әдебиеттер мен құжаттарда, ғалымдар мен инженерлер тілінде, яғни қолданыс аясында терминдер терминге қойылатын терминнің қолданыс аясындағы ерекшеліктерімен санасып, оны ескеріп отырады. Ал енді біреулері дүниежүзі терминологтары секілді терминді реттеуге, біріздендіруге тырысады. Мәтіндегі терминнің қызметін талдау әдісі осы қарама-қайшылықты шешуге арналады. Мәтіннің өзі бұл терминнің өмір сүруі, қызмет ету аясы болып табылады. Бұл жерде осы күнге дейін дамып келе термин шығармашылығындағы негізгі алты бағыттың (сөздік құрастыру, реттеу, стандарттау, терминді аудару, терминологиялық банктерді жасау, терминологиялық редакциялау) бесеуі (соңғысынан басқасы) терминдерді бекітумен айналысып келеді. Оның үстіне термин үшін бекіту басты, негізгі емес екендігі дәлелденіп отыр. Мәтіндегі өмір сүретін терминдерді зерттеу термин жасау және қолдану жұмыстарында жаңа заңдылықтарды ашуға мүмкіндік беретіні анық.

Ең алдымен термин өмір сүретін мәтіндер типологиясын жасау қажет. Әрине, терминдер ғылыми-техникалық ұғымдарды білдіретін, өзінің тура мағынасында қолданылатын мәтіндерде кездеседі. Мұндай мәтіндер ғылыми-техникалық стильге жатады. Бұл стиль өз ішінде стиль тармақтарына бөлінеді. Ғылыми-техникалық стиль: таза ғылыми стиль (жанрлар, монографиялар, мақалалар жинағы, зерттеу және сипаттама түріндегі ғылыми мақалалар, диссертациялар, шолулар, жаңалықты сипаттау), техникалық стиль (жобалау, құрастыру, технологиялық құжаттар), техника-экономикалық стиль (жоспарлау, статистикалық және т.б. құжаттар)

классификаторлар), ғылыми-іскерлік стиль (ұйымдастырушылық, бұйрық-жарлық, анықтама-ақпараттық құжаттар), оқу-ғылыми стиль (оқулықтар, энциклопедиялар, тезаурустар, анықтамалықтар, сөздіктер), ғылыми-анықтамалық стиль (мәнжазба, аңдатпа, жарнама және сауда материалдары, өнеркәсіптік каталогтар, нұсқаулар), ғылыми-көпшілік стиль (ғылыми-көпшілік мақалалар, газет очерктері, өндірістік-көпшілік мақалалар) және тағы басқалар. Соңғы стилді жанрларымен бірге кейбір мамандар публицистикалық стилге жатқызады, мұнда терминдер термин емес лексика катарында ғылыми-фантастикалық және көркем әдеби шығармалардағыдай, бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндеріндегідей, басқаша айтқанда, терминдердің қызмет етуінің ерекше жағдайында қолданылады.

Ғылыми-техникалық стильге жататын мәтіндер туралы сөз еткенде, олардың кейбіреуі байланысқан, бүтін (монографиялар, мақалалар, жаңалықтың сипаттамасы, оқулықтар т.б.) болып келсе, енді біреулері - дискретті, бөлек, түрлі бөліктерден тұратын (классификатор, сөздік, жоспарлы құжат т.б.) болып болінеді. Соңғы топқа жататын көптеген мәтіндер тек қана терминдерден тұруы мүмкін (сөздіктің кейбір түрлері және классификаторлар, терминологиялық стандарттар), яғни терминдерді бекіту аймағын білдіреді. Бұл қарама-қайшылық терминді мәтінде зерттеудің өзіне тән тағы бір тобын ашуға жетелейді.

Бұл жіктеу мәтіндерді үш топқа бөледі: терминқолданушы, терминбекітуші және терминтуғызушы. Бірінші топқа тілдің лексикалық қорында бұрыннан бар, оқырманға таныс терминдерден тұратын, мәтіндердің көптеген түрлері жатады. Бұларға шолу сипаттағы мақалалар, түрлі ғылыми, техникалық, іскерлік, ғылыми-көпшілік, публицистикалық және көркем-әдеби шығармалар т.б. жатады. Екінші топқа терминологиялық түсіндірме сөздіктер, энциклопедиялар, анықтағыштар, тезаурустар, классификаторлар, кейбір оқулықтар, терминологиялық стандарттар және белгілі бір терминдердің, олардың анықтамаларының қолданысын бекітуге, бағалауға, реттеуге арналған арнайы нұсқаулар жатады. Сондай-ақ бұл мәтіндерде оларды құрастырған уақыттан бұрын тілде бар терминдер кездеседі. Бірақ оларды міндетті түрде бекітуге, қолдануға ұсыныс жасалады немесе, керісінше, қолдануға, бекітуге болмайтын терминдер көрсетіледі. Үшінші топқа белгілі бір концепцияның, жаңа теорияның авторы, жаңа терминдерді ғылыми айналысқа енгізген мәтіндер жатады. Бұл мәтіндерде терминдер жаңа идеялармен, ұғымдармен (теориялық нысандармен) бірге туады. Бұған қарап терминнің бекіту мен қолданыс аймағымен қатар, терминнің өмір сүру аймағының үшіншісі - теориялық аймағы, яғни терминдер пайда болып қана

қоймай, олар жаңа теорияны, идеяны қалыптастыратындығын айтуға болады [97].

Терминнің өмір сүру аймағының аталған үш түрі - түрлі мәтіндер болып табылады.

Енді терминдер қолданылған мәтіндерге жалпы лингвистикалық мәтін теориясындағы мәтіндермен салыстыра отырып сипаттама берейік. Әрине, бұл сипаттама әр түрлі мәтіндерде түрліше көрінері сөзсіз.

Тұтастық, онымен байланысты толықтық (түгелдік), жаңалықтар мен теорияны сипаттайтын терминтудырушы мәтіндер [98] ғылыми-техникалық мәтіндерге тән болып келеді. Оқулық және оқу құралдарының мәтіндеріне, ғылыми-көпшілік және көркем әдеби шығармаларға да тұтастық сипат тән.

Керісінше, термин бекітуші мәтіндерге логикалық байланыстылық сипат міндетгі емес. Өйткені терминологиялық сөздіктердің түрлері (ғылыми, оқулық, жиілік, түсіндірме), әмбебап ондық жіктеуіштер (ӘОЖ) - көп жағдайда аяқталмаған, үзінділерден тұратын, бөлек- бөлек мәтіндер. Бұлардың кейбіреуі мәтіннің тұтастығына нұсқан келтірмей алынған үзінділер болуы мүмкін (мысалы, терминологиялық стандарт жасау үдерісінде). Сонымен бірге, байланысқан мәтіндерде (монографиялар, мақалалар, очерктер, мәнжазбалар) терминдер қолданылады [99].

Жоғарыда мәтінге және оның бірлігіне семантикалық белгісіздік тән екендігі туралы айтылады. Бұл белгі термин өзінің толық мағынасында қолданылған мәтіндерде кездеспейді. Оның үстіне семантикалық белгісіздік бұл мәтіннің дұрыс құралмағандығының, мәтінмен әлі де болса жұмыс істеу қажеттілігін білдіретін белгі болып табылады. Мұндай жағдайда мәтінді жетілдірудің түрлі жолдарымен айналысуға, оның ішінде терминологиялық редакциялау жұмыстарымен шұғылдануға тура келеді.

Термин кездесетін мәтіндердің маңызды сипаттамасы олардың мәтін компоненттерінің иерархиясында көрінетін реттілігі болып табылады. Мәтіннің жалпы теориясында шешілмеген қиын мәселенің бірі – мәтін бірлігі туралы мәселе. Бұл мәселе термин теориясында да өз шешімін таппай отыр. Терминдер мәтін бірлігі емес, бірақ олар терминбекітетін және терминтудыратын мәтіндердің бірліктерінде иерархияның төменгі баспалдақтарында құраушы материал ретінде қызмет атқарады. Терминдер сөздіктерде, жіктеуіштерде, тезаурустарда бүтіндей абзацтарды құраса, ғылыми мақалалар мен монографиялардың өзегін құрайды.

Терминдері бар мәтіндердің коммуникативтік табиғатына келсек, олар әдетте ғылыми немесе техникалық, арнайы болып бөлінеді. Аталған мәтіндерге эмоция, экспрессия жат, бірақ бұлардың ішінде қоғамдық-саяси лексика мен қоғамдық ғылымдар терминдері бар мәтіндердің семантикалық

құрылысында эмоция, экспрессия кездесуін ескерген жөн. Аталған мәтіндердің коммуникативтік табиғаты оның (мәтін композициясы, оның әдіс-тәсілдері, тұтастық, ақпарат таратушылық тәрізді) басқа белгілерін анықтайды.

Мәтіндегі терминдерді зерттеуге екі жақты келуге болады: терминнен мәтінге, мәтіннен терминге. Екі тәсіл де дұрыс, бірақ біріншісі көбірек қарастырылған, әдістері анықталған, тәжірибеде көп кездеседі [21].

Терминнен мәтінге деген көзқараста әр түрлі мәтіндерге терминді қалай енгізу туралы нұсқаулар беріледі (термин – ғылыми мәтінде анықтама ретінде, термин – публицистикалық мәтіндерде түсіндірме ретінде көрініс табады). Сондай-ақ мәтіндерге терминдерді оның мағынасын анықтау үшін енгізу, мәтін құрастыруда терминдерді ауыстыру туралы мәселелер қарастырылады. Мәтіндерде терминдерді ауыстыру мәселесі ғалымдар арасында пікірталас туғызады. Байланысқан мәтіндерде термин есімдікпен алмастырылатындығынан (стилистикалық аспект) басқа, ол контекстік жағдайларға байланысты қысқа варианттарымен (құжаттың ақпараттық ағын – құжаттық ағын, ақпараттық ағын) және жалпы тілдік факторлармен (пайдалы әрекеттің коэффициенті – п.э.к., филология ғылымдарының докторы – ф.ғ.д.), логика-семантикалық себептермен (бағыныңқы сөйлем-сөйлем) түрліше қолданылады.

Мәтіндегі терминнің субституциясы туралы мәселе де өз алдына зерттеуді қажет етеді. Мәтін теориясы көлемінде, терминнің көптеген екіұшты мәселелері, айталық оның варианттылығы сияқты мәселелері өз шешімін табуы мүмкін. Қазір ғалымдардың көпшілігі терминдердің түрлі варианттарға ие бола тұрып, терминге қойылатын талапты орындамай-ақ, өзінің бекіту қызметі мен ғылыми, техникалық (арнайы) білімдерді жеткізу қызметтерін жемісті атқарып отырғандығын мойындайды. Екінші жағынан, осы теорияның аясында терминнің контекстке тәуелсіздігі туралы бұрын шешілмеген аспектілерін қарастыру қажет (Д.С.Лоттенің бұл қағидасы қазір ғалымдар тарапынан сынға түсуде) [100].

Мәтіннен терминге деген көзқарас бүгінгі таңда жаңа дамып келеді. Мұның мәні мәтіндегі терминдерді теңдестіруге, оны мәтіннен бөліп алуға (кейде алғаш рет термин жаңадан пайда болғанда жасалады) мүмкіндік береді. Мәтіндегі терминнің ақпараттық жүгін, оның қолданыс жиілігін, терминдену дәрежесін анықтайтын статистикалық әдіс нәтижелерін қолдануда біраз жетістіктер бар. Осындай әдіспен квазитерминдер анықталады. Бірақ кейін басқа семантикалық, логикалық, ғылыми әдістерді пайдалану бұл лексикалық бірліктерді әрі қарай бағалауды, анықталған терминдерді терминдік жүйеге енгізуді қамтамасыз етеді. Мәтіндегі

терминдерді анықтау үдерісінде терминнің шекарасы маңызды мәселе шешілуі тиіс. Шындығында, терминдік тіркес қашан аяқталады және қашан бірнеше терминдердің тіркесі басталады? Бұл тұрғыдан алғанда кейбір терминологиялық стандарттарда кездесетін 12-15 сөзден тұратын терминдер нені білдіреді? Оларды «сөйлеу тілінің терминдері деп атайық» және «қолданыс аясына тән деп есептейік» деген ұсыныстар көңіл толтырмайды. Дегенмен мәтін теориясының әдісіп пайдалану көп сөзді терминдердің синтаксистік құрылымын тілдің синтаксистік және фразеологиялық нормасы тұрғысына бағалауға мүмкіндік туғызады, мұндай синтаксистік құрылымдардың тиімдісін қалдыруға арналған ұсыныстар береді.

Осы жерде мәтін теориясының ең бір маңызды бөлігі - терминологиялық редакциялау туралы айта кеткен жөн. Терминологиялық редакциялау терминді, оның анықтамасын мәтінге енгізу тәртібін жасау және қолдану, сондай-ақ, терминді және оның анықтамасын синтагмалық редакциялау (терминнің барынша тиісті семантикасы мен формасына қол жеткізу) [101] сияқты жұмыстарды қамтиды.

Терминологиялық редакциялау дегеніміз - мәтінді терминологиялық талдау жасау деген сөз. Мәтінді терминологиялық талдау - бұл ғылыми-техникалық, қоғамдық-саяси және басқа да мәтіндерді зерттеудегі жаңа бағыт болып есептеледі. Ол бірқатар әдістер мен сатылардан тұрады: терминді анықтау, терминді қолдану, мәтіндегі терминнің мағынасын анықтау, мәтінде терминді термин және термин емес сөздермен алмастыру тәсілдерін, термин қолданылып тұрған шығарманың жанрын, стилін анықтау және т.б.

Қазақ тіл білімінде терминнің мәтіндегі қызмет етуін зерттеу мәселесі жаңа басталып келеді. Аталған зерттеу саласының негізгі ұғымдары анықталуда. Оны «мәтінді терминтанымдық талдау» деп атауға болады.

Мәтіндегі терминдерді талдауға арналған қарқынды жұмыстар терминологияны біріздендіру қағидаттарын қайта қарауға әкерелі сөзсіз. «Терминге қойылатын талаптар» бекіту және қызмет ету, қолданыс аймағында, мысалы, терминологиялық стандарттарда және байланысқан монографиялық мәтіндерде әр түрлі анықталып отыр. Осыдан келіп бірқатар теориялық және практикалық қорытындылар жасауға болады. Мәселен, жаңа нысандарды сипаттайтын, жана теориялар меп концепцияларды білдіретін терминдер мәтінде жаңадан пайда болып, туып жатқанда, терминология жаңа қалыптасып жатқан тұста оларды терминологиялық стандарттар немесе сөздіктерге енгізу, бекіту дұрыс болмайды.

Аяқталған теория мен концепцияларды бейнелейтін ғылыми шолу, мәнжазба, іскерлік және ғылыми-техникалық құжаттар тәрізді

терминқолданушы мәтіндер мойындалған соң ғана терминге толық түрде нормативтік талаптар қоя алатын терминбекітуші құжаттар жасалынуы қажет тәрізді.

Терминологиялық лексиканың көркем мәтінге енуі функционалдық стилдердің өзара байланысын көрсетеді. Стилдердің өзара байланысы мен бірге өмір сүруі туралы мәселе бұрыннан зерттелініп келеді. Бір стилдің айырым (дифференциалдық) белгілері екіншілерінен кездесіп жатады. Функционалдық стиль парадигмасының инвариантты белгісі тілдік құралдар мен стильдік қызметтерінің араласуынан байқалады. Функционалдық стильдің айырым белгісі мысалы, ғылыми стилдегі терминдер болуы мүмкін. Сондықтай стилдердің өзара бір-біріне араласу мәселесі - тілдің лексикасының жіктелу мәселесі болып табылады [102; 103]. Бір стильдің айырым белгілерінің екінші біреуіндегісіне өзара әсерінен стилистикалық әсер байқалады. Былайша айтқанда терминологиялық лексика көркем мәтінге енгенде мұндай әсердің себебі сөздің өзіне тән терминологиялық мағынасы немесе бір мезгілде терминологиялық және логикалық мағыналардың берілуінен болуы мүмкін [104].

Терминологиялық лексиканың басқа стилде қолданылуын зерттеумен М.Н.Кожина, Г.С.Салова, М.Н.Разинкина, Е.С.Троянская, А.А.Реформатский, Е.А.Рейман айналысты. Ғылыми мәтіннен тыс қолданылған терминологиялық лексикаға баспасөз беттерінде, диссертациялық зерттеулерде көп көңіл бөлініп жүр: Н.И.Мостова [105], З.В.Соловьева [106], В.П.Пран [107], Т.А.Подколзина [108], А.Ю.Фетисов [109] және тағы басқалар.

Диссертациялық зерттеулерде басқа стилде қолданылған оның ішінде газет-журнал публицистикасында [106; 110], ғылыми-көпшілік мәтінде [111] кездесетін терминологиялық лексикаға ерекше назар аударылады. Терминологиялық лексика ғылыми емес функционалдық стилге түскенде өзгеріске ұшырайды, оның прагматикалық міндеттері өзгереді [112]. Ғылыми мәтіннен тыс ортадағы терминологиялық лексиканың өзгерісі барлық жерде бірдей болмайды. Олар алынған мәтіннің функционалды-статистикалық және жеке ерекшеліктеріне байланысты болады. Мәселен, газет мәтінінде терминологиялық лексика өзгеріске ұшырайды [106], ал кейбір зерттеушілердің пікірінше, ғылыми-көпшілік мәтінде терминдер көп өзгеріске ұшырамайды [111].

Ғылыми мәтінде термин контекстінің бөлінбейтін бөлшегі болып есептеледі. Терминді мағынасы жақын сөзбен ауыстыру мәтіннің мазмұнын өзгертуі мүмкін және оның функционалдық бағытына күмән келтіруі мүмкін. Ғылыми мәтіндегі термин бір жүйе ретінде, басқа терминдердің ортасында

қолданылады. Ғылыми стиль жүйесінде жалпыхалықтық лексика да белгілі бір тәртіппен қолданылады. Көркем мәтінде белгілі бір ғылым саласының терминінің болуы сол ғылым саласының басқа терминдерінің жүйелі түрде қолданылуын білдірмейді. Контекстте терминнің болуы мәтіннің басқа бірліктерін автоматты түрде құрылымдық жағынан реттеу қажеттілігін туғызбайды және оларды қандай да бір жүйеге келтіру деген сөз емес. Көркем мәтінде терминологиялық лексика өзінің толық терминдік мағынасын ашатын жүйеден тыс өмір сүреді:

- Бірақ бұл идеядан үзілді-кесілді бас тарту біз үшін ғылым алдында қылмыс (Ш.Әбдіраманов, 58). Ғажап, әлгінде ғана аяғы буулы жатқан қара қой жоқ. Ток келетін сым үзіліп кетіпті. Сәкі үстінде жұдырықтай темір ғана жатыр. Қырықтықтан қалған *жұрнақ* осы ғана (Ш.Әбіраманов, 126). – Сан бар да сапа бар. Совхоз сиырының сүтіндегі құнар жаңағы атқанымыздай болса, сүт өнімінің сан жағы да сіздерден анағұрлым ілгері екен. ... Мұны келер күндердің бір нысаны деп білсек болмас па ... деді де тоқтап бір қалып, күлімсірей тіл қатты: - өзің *сабақ* алам деп отырып, маған *сабақ* бергендей болдың-ау, Уалитхан (Ғ.Сланов, 128). Осы сөйлемдегі *сабақ* сөзі «бір нәрсе үйрену», «тәлім-тәрбие алу», «үлгі-өнеге алу» деген мағыналармен байланысты. Ал *сабақ* терминіне педагогика ғылымында төмендегідей анықтама беріледі: Сабақ – жалпы білім беретін орта мектептерде, кәсіби-техникалық және арнайы орта оқу орындарындағы оқытудың сыныптық-сабақтық жүйесінде оқу сабақтарын ұйымдастырудың негізгі нысаны [93, 194].

Тауып айтылған әр мақалдың өзі адамға *сабақ* емес пе, *өлеңнің* орынды *ақылын* аңғармай қалсаң, әрине кінә бізде болады да ... Тап мына *мінезің* бар ғой ... қазақтың *мақалына* зер салуыңның өзі білгендігің (Ғ.Сланов, 129). Берілген контексте де *сабақ* (педагогика), *өлең*, *мақал* (әдебиеттану), *ақыл*, *мінез* (психология) терминдері өздерінің терминологиялық өрісінен тыс қолданылып тұр. Автордың *сабақ* – үлгі, «өлеңнің ақылын» - өлеңнің беретін «өсиетін, тәлім-тәрбиесін» мағынасында жұмсағаны белгілі. Ал «тап мына *мінезің* бар ғой ... қазақтың ...» деген сөйлемдерде «мінез» терминінің мағынасы әлсіреп, күңгірттеніп, адамның зеректігін, аңғарымпаздығын, білімділігін бейнелеу үшін қолданылып тұрғанын контекстен байқауға болады.

Терминнің ең маңызды ұғымдарының бірі – анықтама. Басқаша айтқанда, терминнің өзі қандай да бір құбылысты, процесті немесе нысанды дәл, нақты бейнелейтін мағынаның беогісі, белгілер тобының белгісі. Ұғымды анықтау дегеніміз оның мазмұнын дәл ашатын анықтамасын жасау деген сөз. Анықтама өзі сәйкес келетін терминнің мәнді және айырым

белгілерін сипаттайды. Кез келген анықтамаға қойылатын ең бірінші талап – заттың немесе құбылыстың өзінің табиғатынан шығатын шындық өмірге сәйкестігі болып табылады. Егер терминге берілетін анықтама нақты, дәл болса, онда ол шындық өмірді еш бұрмалаусыз бейнелейді. Анықтаманы жасау белгілі бір ережеге бағынады, оны сақтамау терминнің жалған анықтамасының дүниеге келуіне себеп болады.

Анықтаманы құрудың логикалық тәртібі ұғымды анықтаудың барлық ережесімен сәйкес келеді.

1. Ұғым түрлік-тектік белгілері арқылы анықталады.
2. Анықтамада анықтаушы және анықталушы ұғым болуы, яғни мағыналық сәйкестік болуы керек.
3. Түрлік белгісі тек сол ұғымға ғана тән болуы керек, осы тектес ұғымдарда ол белгі болмауы керек.
4. Анықтама логикалық шеңберде тұрмауы керек, яғни анықталатын ұғым анықталушы ұғымның қатысымен ғана анықталмауы керек.
5. Анықтама түсінікті, нақты, толық болуы керек. Анықтаманың түсініктілігіне ұғымның танымап белгілерін көрсету арқылы қол жеткізуге болады. Нақтылыққа - анықтамада екіұштылық болмаған жағдайда, толықтыққа – анықтамада заттың мәнді белгілерінің барлығы берілгенде қол жеткізем. Ғылыми мәтінде термин не өзінің анықтамасымен; терминді түсіндіру барысында, не осы анықтаманың орнына оның нақтылығын, мазмұнын білдіретін басқа белгілердің белгісі ретінде қолданылады.

Көркем мәтінде терминнің қолданылуы көп жағдайда оның осы белгілердің белгісі қызметімен анықталады. Бірақ көркем мәтінде терминнің стилистикалық мақсатта немесе онсыз қолданылып кіна карамастан, термин нақты анықтамасымен берілгені кездеспейді. Ғылыми-фантастикалық шығармаларда ішінара терминнің анықтамасы беріліп отыратындығы анықталады.

Көркем мәтінде терминологиялық лексика тура мағынасында қолданылғанда контекст оның арнайы мағынасына өзгеріс енгізетіндігі байқалады. Мысалы: «Бір көрген адамың туралы табан орыныда *пікір* айтушы болма! Не артық, не кем соғатын ұшқары *пікірдің* ешкімге *абырой* әпергені жоқ» дейтін оның қағидасын еске алғандағыысы еді (М.Есламғалиев.12). Осындағы, пікір, абырой деген терминдерге сөздікте пікір (мнение, отзыв) - бір нәрсенің беймәлім жағын ақиқат не жалған деу тұрғысынан мақұлдайтын немесе теріске шығаратын талас ой [93,188], абырой — адамның өзіне деген айрықша моральдық көзқарасын білдіретін этикалық категория және ол туралы жеке тұлғаның қадір-қасиеті

мойындалатын қоғамдық пікір [93,8]. Аталған сөздер мәтінде тура мағынасында қолданылған, бірақ контекстік анықтамасы терминді өзгертіп, оның ғылыми анықтамасымен байланысын бәсеңдетеді.

Стилистикалық мақсатта жұмсалған терминологиялық лексикада ғылыми анықтамамен байланыс одан да әлсірей береді. Мысалы: Кімнің бұрын не болғанында шаруасы қанша: бүгінгі таңда өзінің тікелей басшысы да, бірден бір *тәлімгері* де - Темкең (М.Есламғалиев.32). *Тәлімгер* (наставник) - жеке және топтық кәсіби оқытуды тікелей жұмыс орнында іске асырушы адам. *Тәлімгер* жұмысында практикалық біліктер мен дағдыларды қалыптастыруға баса көңіл бөлінеді [93,211]. *Тәлімгер* терминінің ғылыми анықтамасы мен контекстік мағынасын салыстыра қарасак, ол екеуінің арасында айырмашылық байқалады. *Тәлімгер* терминінің контекстік мағынасы «үйретуші», «ұстаз» дегенді меңзеп тұр. Ғылыми анықтамадағы «кәсіби оқыту», «практикалық біліктер мен дағдылар» деген сияқты семалар әлсіреп, көркем мәтінде тәлімгер терминінің бейтерминденуіне себеп болып тұр.

Терминологиялық лексиканың көркем мәтіндегі стилистикалық белсенділігінің себебі түрліше болып келеді. Оқырманға терминологиялық бірлік қандай арнайы ғылым саласымен байланысты екенін барлық жағдайда білу міндетті емес. Терминологиялық бірліктің қандай да бір ғылым саласында қатыстылығын анықтау стилистикалық әсер беру үшін маңызды болмауы да мүмкін. Бірақ көпшілік жағдайда көркем мәтінде терминнің белсенділігі олардың бірнеше ғылым саласына қатыстылығына негізделеді: Әркімнен ұрлап-қарлап *ақын* болу деген менің ойым түгіл түсіме кірмейтін сұмдық нәрсе. Өзімнің мына *қылығыма* төбе шашым тік тұрып кеткендей болды. Әрине, *ұрлық* дейді бұның атын. Жай *ұрлық* емес *әдеби ұрлық*. Оны әлгі ... не деуші еді ... бірдеңе деген *термині* бар (Б.Сокпақбаев, 80). Бұл контекстте *әдебиеттану (ақын), тіл білімі (термин), психология (қылық), заң (ұрлық)* сияқты ғылым салаларының терминдерінің кезектесіп келуі арқылы оқырманға стилистикалық әсер беріліп тұрғанын байқау қиын емес. Мұнда жазушы өзінің кейіпкерінің ақын болуды армандайтындығы туралы жазады. Мәтіннің нормасына әркім, ұрлау-қарлау, төбе шашы тік тұру тәрізді жалпыхалықтық сөздер жатады. Норманы бұзып тұрған лексикалық құрылымға заң терминологиясынан алынған «ұрлық» термині және оның «әдеби» сөзімен тіркесіп келіп, «әдеби ұрлық» деген тіркес түрінде берілуінде жатыр. Жалпыхалықтық тіл кез келген функционалдық стилдерде негізгі болғандықтан, көркем мәтінде оның қолданылуының нормаға қайшы келмеуі заңды құбылыс. Бірақ бұл терминдердің, яғни ғылыми стилдің нормалылығы деген сөз емес. Контекстегі ұрлық термині жай ұрлық / әдеби ұрлық деп бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы

стилистикалық әсер беріледі. Автор әдебиеттану ғылымындағы әдеби бағыт, әдеби сын, әдеби мұра терминдерінің үлгісінде «әдеби ұрлық» деген тіркесті қолданады. Әдебиеттану ғылымында «әдеби ұрлық» деген термин жоқ, мұны жазушының оқырманға әсер ету мақсатынан туындаған жеке қолданысы деуге болады. Сондай-ақ, заң терминдерінің жүйесінде ұрлықты жай ұрлық, күрделі ұрлық деп бөлмейді. Бұдан жалпықолданыстағы жай сөзінің ұрлық сөзімен тіркесіп келіп бір жағынан, әдеби ұрлық тіркесінің мағынасын аша түссе, екінші жағынан, көркем мәтінде функционалдық стилдердің бірігіп келуі белгілі дәрежеде стилистикалық әсер беруге негіз болатындығын көрсетеді.

Көркем әдебиеттің функционалдық стилдері ғылыми мәтінмен көп ортақтығы бар ғылыми фантастикадан бастап ғылыми-көпшілік әдебиеттің мәтіндерін, әзіл әңгімелерге дейін қамтиды, әрине мұндай мәтіндерге терминологиялық лексиканың болатыны анық.


Терминологиялық лексиканың көркем мәтіндегі қолданысы әр түрлі типтегі мәтіндерде түрліше көрініс табады. Терминологиялық лексиканың стилистикалық белсенділігі оның заттық-логикалық қатыстылығымен, сондай-ақ терминнің қандай да бір арнайы ғылым саласының бірлігі екендігімен түсіндіріледі.

Мәтіннің кейбір бірліктерін түсіну үшін түгелдей коммуникативті деңгейде толық қабылдауды керек етеді.

Ғылыми стилдегі мәтінде оның мағынасы қалыптасқан теориялық тәртіпке негізделеді. Семантикалық өзгерістің әсерінен өзінің терминологиялық өрісінен тыс жерде, яғни контекстің көмегімен сөзге мағына бергенде, терминологиялық лексика функционалдық стилдердің термин бөтен болып есептелетін кез келген басқа лексикасы сияқты мағынасын өзгерте алады. Терминнің заттық-логикалық мағынасына сәйкес келмейтін мұндай мағына, толық мағынасында алғанда арнайы мағына болып есептелмейді. Терминологиялық лексика бейтерминденеді.

Терминологиялық лексиканың көркем мәтінге енуі оның жүйелілігінің, ұғым мазмұнын анықтау, бірмағыналылық, мағынаның дәлдігі тәрізді қасиеттерінің жойылуына әкеледі. Осы процестер қандай кезендерге бөлінбесін, терминологиялық лексика үшін бір ғана өлшем бары анық, ол - жоғарыда көрсетілген қасиеттердің болуы не болмауы. Яғни, сөз не терминологиялық, арнайы мағынасында қолданылады, не бірмағыналылық және нақтылық өлшемдерінен айырылады. Терминдік және терминдік емес мағыналардың байланысының басқа түрі де кездеседі: жеке қолданыс емес, қалыптасқан қолданыста сөздің бейтерминденуінің сөздікте көрсетілген терминологиялық емес мағынасы болуы мүмкін. Бірақ мұндай жағдайда терминологиялық лексиканы қолданудың стилистикалық әсері, зерттеушілердің пікірінше төмен болады. Терминологиялық

лексиканың газет мәтінінде қолданылуы терминологияның стилистикалық жұмсалыуының ерекшелігі оның бейтерминдену дәрежесіне тәуелділігі тұрғысынан зерттеледі [106]. Бұл зерттеуде терминнің терминологиялық өрістен шығуы және терминнің ауыспалы мағынасының жасалуы бір тізбектің буыны ретінде қарастырылады: сөз терминологиялық мағынада (1), терминологиялық өрістен тыс ауыспалы мағынада қолданылады (2) және сөздіктегі терминологиялық емес мағынаға(3) ие болады.



Расында ТЛ метафоралық жолмен мағынаның ауысуы негізінде бейтерминденеді. Сондай-ақ, сөз адамның ғылыми практикалық іс-әрекетінде белгілі бір терминнің жиі қолданылуы салдарынан бейтерминденуі мүмкін [113]. Бейтерминденген лексика белсенді қолданылатын көркем мәтінді соңғы өлшем арнайы ғылыми саланың шеңберін алдын ала анықтайды. Көркем прозаның мәтіні қиын болған сайын, оны оқу және түсіну экстралингвистикалық сауаттылықтың көбірек қажеттілігін көрсетеді. Яғни, адресаттан ТЛ және оқу процесі кезінде алынған басқа да арнайы лексиканы білу талап етілуі мүмкін (жалпы білім беретін циклдың ғылыми пәндеріне: ендік, күн жүйесі, құрлық, топография, шоқжұлдыз, бойлық, т.б.), ағзаның өмір сүруін демейтін (гемоглобин, терапия, т.б.), қоғамдағы адамдардың іс-әрекетін заң түрінде реттеп отыруға қатысты лексиканы білу (бала асырау, ажырасу, некеге отыру, қамқорлық жасау, т.б.), өзін қоршап тұрған тірі табиғатқа қатысты лексиканы (табиғат, өсімдік, экология, т.б) және техника (ұңғыма, шапқы, т.б.).

Бірінші тәсіл – метафоралық бейтерминдену – ТЛ белгісін арнайы емес қарым-қатынас саласына ауыстыруға негізделген: Жүзіндегі әлгінде ғана меңдеп алған *жайбарақаттықтан жұрнақ* қалмаған, ызаға булығып, түтігіп кеткен (Ш.Әбдіраманов, 101). – Ештеңені байқамадыңдар ә, шынымен? Сендерді де *ми механизмінің* маманы деді-ау! – деді Кәйте достарының қытығына тиіп (Ш.Әбдіраманов, 96). *Сылдыр сөзден* сары май шыжғыратындай қысқа күнде қырық қайыра жиналыстатып жатқаны

(М.Есламғалиев, 48). *Сөздің* бар текісі мен телімдісін төкпектетті (М.Есламғалиев, 50).

Екінші тәсіл – практикалық іс-әрекет барысында терминнің жиі қолданылуы себебінен бейтерминдену – терминнің лингвистикалық қасиетімен байланысты емес: Оған қоса, күні кеше *институт* табалдырығынан аттаған жас жігіттің абажадай жеке кабинеті бар, облыстың бір басшысына өздігінен бас-көз жоқ кіріп баруға тәуекел етуі екіталай (М.Есламғалиев, 8-9). – *Институтты* биыл бітіріпті, *Мұғалім* көрінеді (М.Есламғалиев, 11) деген сөйлемдердегі *институт*, *мұғалім* сияқты педагогика терминдері шындық өмірдегі оқиғаны бейнелеу үшін тура мағынасында қолданылып тұр. Педагогика – психология сөздігінде *институт* – оқу мерзімі 4-6 жылдық, денсаулық сақтау, мәдениет және халық шаруашылығының әр түрлі саласы бойынша жоғары оқу орындарының атауы [93] деген анықтама берілген. Мұғалім – жалып білім беретін оқу орындарында оқушыларды оқытып, тәрбиелеу қызметін атқаратын маман [93] деген анықтама берілген. Аталған екі термин де күнделікті тұрмыста жиі қолданылғандықтан, олардың терминдік мағыналары көпшілікке танымал болған.

Термин нақты референциясы және дәл қатыстылығы жағынан емес, оның тұрмыстық қарым-қатынаста күнделікті пайдалану үшін заттық-логикалық құндылығының арқасында арнайы емес салада кең таралуы мүмкін. Мысалы: - Бізден де жоғары *басшылар* бар. Солардың бұйрық, нұсқауы біз үшін *заң* (М.Есламғалиев, 47) деген сөйлемде *заң* терминінің мағынасы ашылып тұр. Сонымен қатар терминнің мағынасы кеңейе түсіп, «екі етпейтін іс», «бұлжытпай орындайтын іс», «орындалуы шарт, міндетті іс» сияқты ауыспалы мағыналарды жүктеп қолданыс орнына қарай бейімделгендігін көруге болады. Мұның сыры – терминнің өзінің терминологиялық өрісінен тыс жағдайда қолданылып отырғандығында жатыр. – Қарағым, үкіметтің *заңы* – түзу (М.Есламғалиев, 48) деген сөйлемде *заң* термині «мемлекеттің ең жоғарғы өкімет органдары қабылдайтын, ерекше заңдылық күші бар акт» [114] тура мағынада қолданылып тұр. – *Сот* келе жатыр, орындарыңыздан тұрыңыздар, - деді. Секретарь жігіттің мұнысы *сот мәжілісін* бастаудың тиісті рәсімін сақтағаны болса керек (Ә.Ибрагимов, 113). – Е, апа, соны да сөз деп. *Сотқа берсе* береді-дағы. *Кісі өлтірген қылмысымыз* жоқ еді ғой (Ә.Ибрагимов, 104). – *Сот* келе жатыр, орындарыңыздан тұрыңыздар, - деді деген сөйлемде *сот* термині «азаматтық дау-таластар мен қылмысты істерді қарайтын мәжілістің ресми бастығын» [114] білдіріп, терминдік мағынасын толық сақтап қолданылып тұр. Сол сияқты *сотқа беру*, *кісі өлтіру*, *қылмыс* терминдері көркем шығармалардағы шындық болмысты діл жеткізу мақсатында терминдік мағынада жұмсалып тұрғанын көру қиын емес.

Терминнің көркем шығармада, баспасөз беттерінде жиі қолданылуының нәтижесінде ешбір түсініктемесіз-ақ жұртшылық терминдік мағыналы сөз ретінде түсіне алатын дәрежеге жетеді. Мысалы: Неге

сөйлемдерің ылғи «барды», «келді», «орындады» болып аяқталады? ... *Сөйлем* соңының *есім сөзбен* аяқталуы Темкеңе арам астай жақпай қойғанды (М.Есламғалиев, 33) деген сөйлемдердегі *сөйлем*, *есім сөз* тәрізді тіл білімінің терминдері тура мағынасында көркем-әдеби шығармада қолданылып тұр. Оқырманға бұл мәселен, *сөйлем* – аяқталған ойды білдіретін грамматикалық байланыстағы сөздер тобы [114] деген ғылыми анықтамасын білу міндетті емес, өйткені бұл терминдер қолданылу жиілігімен ерекшеленеді.

Зерттеуші З.В.Соловьева жоғарыда келтірілген бейтерминденудің қалыптасқан екі түрінен басқа авторлық бейтерминденудің болатындығы туралы жазады [106].

Терминологиялық лексиканың сөздікте терминологиялық емес мағынасы бекітілген бе, жоқ па оған байланысты емес, көркем мәтіннің поэтикалық қызметі терминді қалай өзгертеді, терминдік мағынаның құрылысы сақталына ма, көркем мәтінмен өзара байланыста ол бәсеңдей ме немесе өзінің ғылыми ұғымымен логикалық байланысын түгелдей үзе ме деген сұрақтарға жауап іздеу өте маңызды.

Әр түрлі типтегі мәтіндер өздеріне келіп түскен ТЛ түрліше бейтерминдендіреді. Мағына ауыстырудың бірінші сатысы (контекстік бейтерминдену) ТЛ өзінің тура ғылыми қатыстылығына тән референтіфтік қолданысына сәйкес келеді. ТЛ және оны көрсетіп тұрған лексиканың сәйкестігі жалпы алғанда ғылыми мәтіндегі ТЛ ұқсас келеді: Сол байтақ жыр бағының бел ортасынан нәзік сыршыл әрі *ойшыл лирик*, әрі тәкаппар, *эпик*, төңірегінде мәуесін жайған *бәйтерек* қазақ ақыны Әбділдә Тәжібаевты көреміз (М.Жолдасбаев, 437). ТЛ ауысуы осылай болатын мәтіндер көбінесе ғылыми стильге жақын жазылады. Терминнің айналасындағы лексика ғылыми мәтіндегілерге аз деңгейде сәйкес келуі мүмкін, бірақ ТЛ бейтерминденуінің мұндай деңгейінде мәтіннің ғылыми салаға қатыстылығы анық. ТЛ қолданысының мұндай тәсілі ғылыми фантастикаға тән. Мысалы:

- Сонда қалай, бұл *жазу* болғаны ма?!
- Е... е... е... *Жазудың* тегінің өзі *таңбадан* басталмаушы ма еді?

«Адамзат тарихында сыры-мәнін ұғуға ұзақ уақыт ой-жігерді сарп еткізген Бабыл, Мысыр, Мая халықтарының жазба таңбаларын былай қойғанда өзімізге қатысы бар Орхон-Енисей жазуы көпке шейін құпия болып келген жоқ па? Ал ғарыштықтар хатын оқу деген ...» (Ш.Әбдіраманов, 135).

Сонымен, қорыта айтқанда, біріншіден, ТЛ көркем мәтінде бейтерминденген түрінде түрлі тәсілдермен қолданылатын метафоралық жолмен, сондай-ақ, берілген ТЛ қатысты ғылым саласының танымал болу себебінен; екіншіден, көркем мәтінде бейтерминдену үрдісінде термин қандай да бір стилистикалық қызмет атқаруы мүмкін; үшіншіден, бейтерминденген терминнің стилистикалық мәні көбінесе термин қолданылып тұрған стильдік белгілеріне тәуелді болады, сонымен бірге өзінің функционалдық стильдік қатыстылығын анықтауға қабілетті болады.

4.2 Терминдердің ғылыми еңбектерде қолданылуы

Әдетте кез келген ғылыми мәтіннің лексикалық құрамын екіге бөлуге болады: жалпыхалықтық және арнайы лексика. Жалпыхалықтық лексика бүкіл әдеби тілдің жемісі, негізі болып табылады. Арнайы лексика түрлі ғылым салаларының ұғымдарын білдіреді және өз ішінде жалпығылымдық, кәсіптік және арнайы болып жіктеледі [115].

Сабақ беру процесінде оқытушы оқу материалдарын жеткізудің ауызша және жазбаша көздерін пайдаланады. Біз ғылыми тілдің ауызша және жазбаша жанрларындағы терминдердің қолданысын салыстыра қарастырдық. Қазақ тіліндегі ғылыми мәтіндердің ауызша және жазбаша жанрларын зерттеуге материал ретінде дәрістер жинағы және оқулықтар алынды. Дәрістер мен оқулықтар әр түрлі, атап айтсақ, қазіргі қазақ тілі, экономика, қаржы, педагогика, психология және тағы да басқа ғылым салаларынан алынды.

Бақылау нәтижесінде оқулық тарауындағы және ұнтаспаға жазылып алынған дәрістегі мәтіннің тақырыптары бірдей болса да бір ғана ақпарат, оның ішінде арнайы лексикада сан және сапа жағынан әр түрлі лексикалық бірліктермен берілетіндігі анықталды. Арнайы ғылыми мәтін мен дәрістегі терминдердің қолданылуындағы мұндай айырмашылықтың негізі бар. Өйткені ғылыми жазбаша мәтін – бұл тақырыптың мазмұнын ашу үшін сөйлемдерді мақсатты түрде реттеу деген сөз және ғылыми мәтін оқушының оқып қабылдауына негізделеді. Ауызша жанр ретіндегі танылатын дәрістің өзіндік ерекшелігі – оның алдын ала мәтінді дайындағанына қарамастан, сөйлеу және лексикалық бірліктерді іріктеу, таңдау сөйлеу процесі үстінде өтетіндігінде болып отыр.

Дәріс үстінде терминдерді пайдалану оны ғылыми мәтіннің жазбаша және ауызша түрінен сандық-сапалық тұрғыдан ажыратып тұратын белгілі бір факторларға тәуелді екені байқалады.

Тақырып факторы ұғымдарды ашу үшін арнайы лексиканы пайдалана отырып материал мазмұнын неғұрлым нақтырақ беруге мүмкіндік береді. Осы фактордың негізінде дәрісте пайдаланылған лексикалық бірліктер кітаби-жазбаша бірлікке жақындайды, дәрісте кітаби-жазбаша бірлік көп қолданылса тақырыптың ғылыми сипаты басым болады.

Ауызша фактор дәрісте сөйлеу амалдарының пайда болуына жағдай жасайды. Бұл туралы академик В.В.Виноградов былай деп жазады: «Кез келген аудиториямен әңгіме..., дәріс әдетте кітаби тіл мен сөйлеу тілінің элементтерінің кезектесіп, араласып келуінен құралады» [116].

Сөйлеу процесі материалдарының мазмұнын жеткізуде ситуациялық фактор ауызша фактормен тығыз байланыста болады [117]. Ол сөйлеу қатынасына түсушілерге бағытталады, яғни сөйлеушінің өзінің тақырыбын жақсы меңгеруі, берілген материалдарды қабылдауға тыңдаушылардың дайындық дәрежесіне тілдік қарым-қатынастың өтетін орны (аудиториядағы дәріс немесе радио, теледидар арқылы оқылатын дәріс) т.б. Аталған

факторлардың барлығы өз кезегінде лексикалық бірліктерді таңдауға әсер етеді. Ситуациялық фактор терминдік тіркестердің құрылымын өзгертуге немесе оларды синонимдермен ауыстыруға мәжбүрлейді.

Жоғарыда аталған факторлардың әсерінен дәрістің мәтінінде айтылатын нәрсенің формасынан гөрі мағынасының басымдығы орын алып отырады. Әрбір лектордың өзінің түсіндіріп тұрған материалының ең маңыздысын жеткізуге деген ұмтылысы лексиканы үнемдеу немесе шамадан тыс пайдалану, тілдің әсерлік элементтерін пайдалануға, қайталауға, терминдік тіркестердің түрлі варианттарын қолдануына әкеліп соғады. Дәріс оқу кезінде өзіне қажетті сөзді немесе терминді жылдам таңдау кез келген лекторға беріле бермейді. Лектордың дәріс оқу барысындағы түрлі кідірістері, сөз таңдауындағы қиындықтары осымен түсіндірілсе керек. Ал мұндай кідірістер мен қиындықтар жазбаша ғылыми мәтінде кездеспейтіндігін айта кеткен жөн.

Ғылыми мәтіндердегі, оның ішінде жазбаша және ауызша түрлеріндегі лексикалық бірліктердің, терминдер мен терминдік тіркестердің қолданысындағы алшақтық тек қана қазақ тіліне ғана тән емес. Мұндай құбылыстар ағылшын, француз, неміс, орыс тілдерінде кездесетінін ғалымдар дәлелдеген. Мәселен, белгілі терминтанушы ғалым В.М.Лейчик осындай ерекшеліктерді француз тілі материалдарынан кездестіргені туралы жазады. Сондай-ақ, орыс және неміс тілдеріндегі ғылыми мәтіндер мен ауызша дәріс материалдарын салыстыра зерттеген Л.В.Жукова, Ю.К.Омельяненколар да бұл пікірді растайды.

Лексикалық бірліктерді үнемдей құбылысы ауызша сөйлеу процесіне тән. Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, егер терминдік тіркес бірнеше компоненттерден тұрса, олардың кейбіреуі түсіп қалады. Мысалы, экономика, қаржы саласындағы «бухгалтерлік есеп балансы» деген терминдік тіркес дәрісте толық бірнеше рет қайталанып айтылды. Осы дәрісте аталған ұғым «есеп балансы», «бухгалтерлік баланс», «баланс» деп те қолданылады. ал оқулықтарда сөз болып отырған тіркесті терминнің қолданылуын салыстырғанымызда, оқулықтағы мәтінде «бухгалтерлік есеп балансы» терминдік тіркесі бір рет қолданылса, «бухгалтерлік баланс», «баланс» деген формалары екі рет қана кездеседі.

Осындай лексикалық бірліктерді үнемдеу құбылысы экономика саласында ғана емес, тіл білімі, қазіргі қазақ тілі салалары бойынша да кездесетіні анықталды. Мәселен, қазақ әдеби тілі тарихының дәріс сабағында «қазақ әдеби тілінің тарихы» терминін «қазақ әдеби тілі», «әдеби тіл», «әдеби тіл тарихы» деп қолданады.

Дәрістегі терминдік тіркестердің компоненттерінің түсіп қалып қолданылуы, ол ұғымды қабылдауға ешқандай әсер етпейтіндігі белгілі болды. Терминдік тіркестің түрлі сөз таптарынан құратын кез келген компоненті ауызша сөйлеу процесінде түсіп қалуы мүмкін.

Дәрісте терминдік тіркестің компоненттерінің түсіп қалуы дәріс барысында сол материалды әрі қарай тереңірек түсіндірумен

толықтырылады, сондықтан да мұндай лексикалық үнемдеуді ғылыми мәтіннің ауызша түрінде құптауға болады. Сөйлеу процесінде лексиканы көп пайдалану – нормаға тән емес, бірақ бұл сөйлеушінің өз ойын «қайтсем жақсырақ әрі түсініктірек жеткізем» деген ұмтылысынан туындайтыны анық.

Лектор тілінің әсерлілігі, онда түрлі шырайлар мен кішірейту мәніндегі сөздердің белгілі бір ғылыми ұғымды анықтайтын сын есімдердің алдында қолданылатындығынан байқалады. Мәселен, қазақ әдеби тілінің тарихының дәріс сабағында лектор стиль туралы айта келе: «... Өзге стильдер көп уақыт не мүлде болмады, не *өте* әлсіз болды», «... Көркем әдебиет стилінің *ең* көп тараған жанры – поэзия» деп стиль терминін шырай мәніндегі сөздерді қолдану арқылы түсіндіруге тырысады. Ал осы терминнің оқулықтағы қолданысында мұндай шырай мәніндегі сөздер кездеспейді.

Тақырып жағынан бірдей жазбаша ғылыми мәтінде шырайлар мен кішірейткіш мәніндегі қолданыстар, сондай-ақ, лексиканың қайталанып немесе артық қолданылуы байқалмайды.

Дәрісте кітаби лексиканың элементтерінің қолданысын әдеби тілдің кітаби-жазбаша типтерінің бірлігінің әсері деп түсінген дұрыс. Дәрістегі мұндай ақпараттар, тіркестер оны қабылдауға кедергі келтірмейді. Дәріс жазбаша дереккөздерінің негізінде дайындалғандықтан мұндай құбылысты заңды деп есептеу қажет. ал жазбаша ғылыми мәтін ауызша ғылыми мәтінге қарағанда бірінші пайда болатындығын ескерген жөн.

Дәріс материалдарында лексика-стилистикалық құбылыс ретінде қайталау тыңдаушының түсіндіріліп жатқан материалды жазып алуына көмектесуі үшін кездеседі. Жазбаша ғылыми мәтінмен салыстырғанда дәрістегі берілетін ойды анықтайтын, нақтылайтын қайталаулар дәрістің ерекшелігі болып есептеледі. Мысалы: «Бұл дегеніміз *пайда*. Егер бұл *пайда* болмаса, онда ...», «Сөз дегеніміз не? Сөз – сыртқы формадан, *сөз* – ішкі мазмұннан тұрады».

Сөйлеу процесінде, оның ішінде дәріс оқығанда, ғылыми ауызша мәтінде лектордың өз ойын бөлмей, бір қалыпты жеткізуі өте қиын. Бұл жылдар бойы тәжірибемен, біртіндеп келетін қасиет болып табылады. Сондықтан лектордың дәріс оқығанда сөз формаларын морфологиялық, синтаксистік тұрғыдан толық айтпау, түсіріп айту құбылыстарын кездестіруге болады. Мұндай құбылысты қателесу немесе шатасу деп нақты бөліп қарастыру қиын. Мысалы: «... Сөз атауыш _____ қызмет атқарады, сөз атауыштық қызмет атқарады», «... Анықтаманың түрлері: сипаттама _____ анықтама, сипаттамалы анықтама, жалпылама _____ анықтама, жалпыламалы анықтама, нақтылама _____ анықтама, нақтыламалы анықтама, айқындама _____ анықтама, айқындамалы анықтама, сілтеме _____ анықтама, сілтемелі анықтама...», т.б.

Көп компонентті терминдік тіркестерге инверсиялық сөз тәртібі тән. Ғылыми жазбаша мәтінмен салыстырғанда инверсиялық сөз тәртібі тек қана дәріс материалдарында кездеседі. Мыс.: «... Затты танытатын ең нақты

белгілері *сема-жалпылаушы және нақтылаушы* болып бөлінеді», «Сөздің *сема* - бөлінбейтін бір бөлшегі».

Терминдік тіркестердің құрылымының бөлініп қолданылуы ауызша да, жазбаша да ғылыми мәтіндерде кездесетіні анықталды. Ауызша мәтінде, мысалы, терминдік тіркестің бір бөлшегінің мағынасын нақтылау мақсатында оның құрылымында ауызекі сөйлеу тілінің әсері байқалады. Мыс.: «Қандай *несиелер?*» - «*Ұзақ мерзімді*», «Қандай *мағына?*» - «*Тура*». Мұндай өзгерістер жазбаша ғылыми мәтінде кездеспейді.

Дегенмен терминдік тіркестердің құрылымының бөлініп қолданылуы «ол не болып табылады», немесе «не не деп аталады» деген конструкциялар тұрғысында тек қана дәріс материалдарында ғана емес, оқулықтарда да кездеседі: «*Несиелердің* мұндай түрлері қысқа мерзімді деп аталады», «*Сөз тіркесінің* мұндай түрі синтаксистік деп аталады».

Жазбаша да, ауызша да ғылыми тілде бір ғана ғылыми ұғымның бірнеше варианттары болуы мүмкін. В.М.Лейчик ғылыми мәтінде негізгі ұғым синонимдер, дублеттер, баламалармен ауысып қолданылады деп тұжырымдайды. Терминдік тіркестердің варианттары мазмұны жағынан бірдей болып келеді. Мысалы: «*тауар өндірісі*» - «*өндірістің тауары*», «*ұлттық табыс*» - «*ұлт табысы*», «*синтаксистік сөз тіркесі*» - «*сөз тіркесінің синтаксисі*», «*терминдік тіркес*» - «*тіркесті термин*», т.б.

Сөзді үнемдеуден пайда болған терминдік тіркестің компоненттерінің санының өзгеруі көбінесе ауызша ғылыми мәтінге тән болып келеді. Бұл дәріс кезінде лектордың терминдік тіркестің орнына күрделі сөзді қолдануынан көруге болады: «*қаржы министрлігі – қаржымині*», «*әділет министрлігі - әділетмині*», т.б.

Лектор тыңдаушылар жылдам жазсын деген ниетпен терминдерді қолдануға, кейде өзі тіркесті терминдерді қысқартып беруге ұмтылады: БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы, ҚР – Қазақстан Республикасы, ЖК – жұмысшы күші, т.б.

Дәріс мәтініндегі терминдік тіркестерді зерттеу барысы, олардың варианттылығы құрылымдық жағынан ғана емес, семантикалық жағынан да болатынын байқатты. Дәрісте терминдік бірліктің орнында жүретін термин емес тілдік бірліктер кездеседі. Мұндай бірліктер көбінесе есімдіктерден болады. Мысалы: «*Баға* дегеніміз не? *Ол* немен анықталады?», «*Сөз* дегеніміз не? *Ол* қалай анықталады? *Ол* қандай бірлік?».

Термин қызметінде жүретін термин емес сөздерге дерексіз ұғымды білдіретін зат есімдер жатады. Мысалы: зат, құбылыс, сипат, ұғым, т.б. «Тауар – сатуға, айырбастауға *зат*».

Өзге тілді аудиторияда ғылыми ұғымдарды түсіндіргенде таңдаушылардың дайындығын, қабылдауын ескеру қажет. Мұндай жағдайда терминнің сипаттамасы қоса беріліп отырады: «Денотат – мағынаның заттық жағы», «Сигнификат – мағынаның ұғымдық жағы», «Коннотат – мағынаның стильдік немесе сезімдік жағы».

Жазбаша ғылыми мәтінде терминдерге немесе терминдік тіркестерге мұндай сипаттамалар берілмейді. Қажет болған жағдайда терминдерге анықтамалары беріліп отырады. Терминдердің анықтамалары арнайы терминологиялық сөздіктерде беріледі. Сондықтан жазбаша ғылыми мәтіндерде егер термин бірінші рет қолданылып тұрмаса, оның анықтамасын беру міндетті емес.

Ғылыми мәтіндердегі терминдердің лексикалық құрамы төл және кірме терминдерден тұрады. Төл және кірме терминдер ғылыми мәтіндердің ауызша және жазбаша түрлерінің екеуінде де қолданылатындығы анықталды. Мысалы: Оқулықтарда бір терминнің төл және кірме варианттарының жарыса қолданылуы басымдық танытса («*консонантизм – дауыссыз дыбыстар, вокализм – дауысты дыбыстар*»), дәрісте сол терминнің қазақ тіліндегі баламасын қолдану дәстүрі көбірек байқалады: «*дауыссыз дыбыстарды* айтқанда өкпеден шыққан ауа кедергіге ұшырайды, ал *дауысты дыбыстарды* айтқанда өкпеден шыққан ауа ешқандай кедергіге ұшырамай, еркін шығады...».

Біздің ойымызша, ғылыми мәтіндерде екі терминді (төл, кірме) қатар қолданудың қажеттілігі жоқ. Қазақ тілін ғылым тілі ретінде қалыптастырамыз десек, кірме терминдерден гөрі төл терминдеріміздің қолданысын кеңейтуіміз қажет.

Ғылыми мәтіндердің терминдері тіліміздің қолданылуы аясы мен қызметінің кеңеюіне сәйкес ұдайы өзгеріп, байып отырады.

Кез келген ғылыми мәтіннің тірегі – ғылыми ұғымдар мен оларға сәйкес терминдер жүйесі.

Сонымен, ғылыми мәтіндегі терминдердің қолданысы, мәтіннің ауызша және жазбаша түрлеріне тікелей байланысты болатыны анықталды. Біз ғылыми мәтіндердің лексикалық құрамының ерекшеліктеріне тақырыптың және ситуативтік факторлардың да әсері болатынын байқадық. Қазақ тілінде ауызша ғылыми мәтіндерде кездесетін терминдік тіркестердің қолданылуына тән ерекшеліктер түрлі ғылым салалары бойынша бірдей екені анықталды.

4.3 Терминдердің көркем әдебиетте қолданылуы

Терминдердің көркем әдеби шығармалардағы қолданылуы мәселесі көпаспектілі. Ол стилистикалық, нақты-тарихи, құрылымдық-семантикалық және тағы басқа қырынан зерттелуі мүмкін. Аталған мәселе В.Виноградов, Г.О.Винокур, А.А.Реформатский, Д.Н.Шмелев сынды ғалымдардың теориялық еңбектерінде қарастырылады. Теориялық еңбектерде көтерілген мәселелер, ішінара нақты тарихи зерттеулерден [118] орын алды. Нәтижесінде термин арнайы емес тілдік аймаққа енгенде, оны толық бейтерминденуге әкелетін елеулі коннотацияға ұшырайтындығы дәлелденді [119].

Қазіргі кезде бұл мәселе өзінің өзектілігін жойған жоқ, өйткені терминдердің көркем әдебиетте қолданылуы көбеймесе, азайған жоқ. Бұл үдеріске жаңа сөздер және олардың мағыналарын тіркеп, арнайы басып шығарып отырған басылымдардағы үлкен пайыздық көрсеткіш дәлел бола алады. Олардың арасында ауызша және жазбаша тілде көп қолданылатын педагогика және психология, тіл білімі, заң терминдері белсенділік танытады.

Педагогикалық және психологиялық білімді тарату және насихаттауда көркем әдеби шығармалардың орны ерекше. Көркем шығармалар тілінде педагогика және психология, тіл білімі, заң терминдерінің қолданысы жиілеп, олардың жалпыхалықтық тілге енуі белсенділік танытады.

Бұл еңбекте көркем әдеби шығармаларда кездесетін педагогика және психология, тіл білімі, заң терминдерінің өмір сүруіне, прагматикалық қызметіне, қолданыс ерекшелігіне баса назар аударылып, талдау жасалынады. Педагогика және психология терминдерінің қолданылуындағы кейбір өлшемдердің ұқсастығын зерделеген шығармалар мәтіндерінің тақырыптық жағынан бір бағытта құрылғандығымен түсіндіруге болады. Ал айырмашылық тілдік стильден, әрбір нақты жағдайда айтылатын ойдың мақсатынан терминдік мағынаның қолданылу түрінен туындайды. Көркем әдеби шығармалардағы мәтіндердің бейнелілігін ескере отырып, терминдердің қолданысындағы жалпы бағытты анықтауға ұмтылып жасалынады. Материалдарды талдау педагогика және психология, тіл білімі, заң терминдерінің қолданыс қызметінің түрліше болып келетіндігін көрсетті. Сондай-ақ, терминдердің екі тобы анықталды: өздерінің тура мағынасында (негізгі атауыштық қызмет) қолданылатын терминдер және ауыспалы мағынада қолданылатын терминдер.

Тура мағынасында терминдер а) кең танымал терминдер және б) көркем әдеби контексте педагогика және психологияға, тіл біліміне, заңға қатысты заттар мен құбылыстарды, үдерістерді бейнелейтін терминдер болып тағы да бөлінеді. Терминдер осы қызметінде көркем әдеби мәтіннің негізгі бірлігіне айналды. Педагог немесе психолог-кейіпкерлердің оқушымен, ата-анасымен немесе науқас адамның жағдайы туралы сөйлесуі төмендегідей: - Қажет емінің бәрі жасалынды. *Жүйкесі* әбден жұқарған. Мұндай жағдайда науқас тәулігіне жетпей есін жиюы керек еді... Іс насырға шаппаса ... Шамалауымызша, *жоғарғы жүйке жүйесіндегі* өзгеріс тереңге кеткен сияқты (Ш.Әбдіраманов, 32).

Педагогика және психология, тіл білімі, заң терминдерінің тура мағынасында қолданылуы көркем әдеби мәтіндегі жағдаймен (ситуация) түсіндіріледі. Дәрігер операция қорытындысын жазғанда психологиялық терминдер өздерінің тура мағынасында қолданылады. Мысалы: «12 июнь күні сағат 4-тен 15 минут кеткенде азамат Тапалов Есболат өте ауыр халде ауруханаға жеткізілді. Дереву дәрігерлік көмек көрсетіліп операция жасалынды. Бірақ *ми қабы* бұзылып, шамадан тыс қан құйылып

кеткендіктен, Тапаловтың өмірін сақтап қалуға ешқандай медициналық көмек болмады. Операция жасаған хирург И.В.Бойко» (Ш.Әбдіраманов, 163).

Психолог немесе педагог мамандардың өзара іскерлік әңгімесі, пікірталасы: - Солай ... солай ... *Жүйке... жүйке...* (Ш.Әбдіраманов, 24); - *Жүйке* жөнінде ме... – Джон әзілдеп қыз қолындағы қағазға үңіледі. Джейн оған қағазды беріп жатып: - Жоға, *жүйке* Оуэннің ойлап шығарғаны ғой... (Ш.Әбдіраманов, 25). – Мен мына академик дертке дауа, жаңа препарат жасады ма десем, - деді қыз көңілі толмай, - баз баяғы *ми функциясы* ... талдау ғой ... (Ш.Әбдіраманов, 33). Ал бізге қандай *түйсіктің* қай шамада биоток импульсін тудыратынын білім қоймай, оны мидың қажет еткен тұсындағы нейронға бағыттау керек (Ш.Әбдіраманов, 36). Кәдуілгі *түрме* былай тұрсын, жаңа ғана жайнап жатқан даладан айырылып қараңғы үңгірге кіргені әлгілердің сөзі, *жазаның* ең ауыры осы секілденді (Ғ.Мүсірепов, 48). – Көріп тұрған нәрсені де *растай алмайсың* ба? – Онда біз акті жасаймыз ... Мен немене көрдім? (Ғ.Мүсірепов, 50). Жай-күйі осындай болғасын, менің қандай *тәрбиеде* өскенім белгілі ғой (Ғ.Мүсірепов, 53). Менің әкем, ағаларым да *пара бере* алмай, жұмыссыз қалған (Ғ.Мүсірепов, 53). Поптың батасын алып, құдайдың алдында ұлы императордың жауынан жанын алмауға ант етіп, Антонов атқа мінді (Ғ.Мүсірепов, 177).

Педагогикалық терминдердің іскерлік қызмет жағдайында, мысалы оқушыларға сабақ сұрау, түсіндіру кезін суреттегенде немесе тәлім-тәрбие туралы айтқан кезін суреттегенде ешқандай үстеме мағынасыз, өзінің атауыштық мағынасында қолданылуы заңды әрі дұрыс деуге болады. Мысалы: Ажар *сабақ* үстінде де тыншыға алмады. *Мұғалімнің* не айтып, не үйретіп жатқаны оның оң құлағынан кірсе, сол құлағынан ағып кетіп отырды...

- Жолдас, Тұрсын қызы, дүниедегі ең биік таудың аты не? – деді *мұғалім...*

- Ол кісінің ойы ол таудан да жоғарырақ та болар, - деді арт жақтан бір *оқушы* (Ғ.Мүсірепов, 307). «Оқушы» болғандықтан еңбек ақы алмайым. Сондықтан «оқушы» емей кіммін дейін? «Отыншы» дегеннен «оқушы» деген аттың қадірлі екендігінде не сөз бар? (Ғ. Мүсірепов, 82). Мұншама салтанат, әрине, *эстетикалық ләззат* беруден гөрі, бір-бірінен асып түсуді, ерен көзге ілігуді, даралануды ғана аңсаған *адам психологиясынан* туындағандай (Ш.Әбдіраманов, 8). Ал Джонның әкесі сабырлы *күйін* сақтауға тырысады. ... Бірақ бар *зейіні* басқада, есік жаққа сыртын беріп отырғанымен әрбір дыбысты қалт жібермейді (Ш.Әбдіраманов, 18). - Ботқаны апарып берерміз, ал *ұйқыны* кайтесің? (Ш.Әбдіраманов, 24). Бұдан кейін *тәжірибе* иттерге жасалынды. Әрбір итке жасалынатын жаңа *тәжірибе* өткенде анықталған жайды тексерумен шектеліп қалмай, *жүйке жүйесінің* тың тұсын зерттеумен ұласатын-ды. ... Әуелі олар маймылдың *мінез-құлқын* жете тексерді, миға тоғысып жататын *жүйке жүйесіндегі талшықтардағы* биоток импульсін анықтап барып қана *тәжірибе* жасауға тәуекел қылды (Ш.Әбдіраманов, 39). Келесі күнгі *тәжірибе* кезінде Джейннің *есінен бөлу амалы сүртіліп,*

қайтадан қалпына келтірілді. Осылайша күн санап сүртілетін адам «есінің» шамасы көбейтіліп, мерзімі ұлғайтыла берді, ақырында арнаулы касетаға Джейннің *миындағы «естің»* бәрі түгел жазып алынып, оны оятты. ... Осылайша Джейн *нәрестелік дәуірді кешіріп, сәбилік шақты* өткерер ме еді, бірақ уақыт ауқымы көтермеді, әрі ұзақ мерзім бойы ересек адамды ессіз ұстап оны *сәби шақтан шығара* алмай қалмайық деген қауіптің де салқыны тиді (Ш.Әбдіраманов, 40).

Көркем әдеби шығармаларда терминдерге нақты ғылыми анықтама қажет болмайды, сондықтан да терминнің анықтамасы көп қолданылмайды. Контексте психолог мамандардың өздерінің мамандықтарына байланысты ғылыми журналдар мен газеттерді оқыған немесе талдаған жағдайларында терминнің ғылыми анықтамасы кездесетіндігін байқадық. Мысалы: Оуэн журналды қолына алды, тамағын сәл кенеп, дауыстап оқи жөнелді. «... *Нейрон диаметрі 5 пен 10 микрон аралығындағы синапсты тудыратын, аксон мен дендрит талшықтарынан тұрады... Хабар, яғни жүйке импульсі келіп жеткен шақта дендриттен бөлінетін химиялық синапс жарығы арқылы өтіп, клетка мембранасында жаңа ритмді импульс тудырады, не болмаса осы жерде ол жоғалады. Сөйтіп жүздеген, мыңдаған нейроннан келіп жататын хабар сол заматта электронды есептегіш машина тақылеттес өңделіп, жаңа ритмді импульске түрленеді де, тармақталып кете баратын сан мыңдаған аксон талшықтары арқылы ми алапатына түгел тарайды, барлық нейрондарға хабар болып жетіп жатады...*» (Ш.Әбдіраманов, 32). *Нейрон терминіне педагогика және психология терминдерінің түсіндірме сөздігінде мынадай анықтама беріледі: Нейрон (грек. neuron - жүйке) - жүйке клеткасы, жүйке жүйесінің негізгі құрылымдық және функциялық бірлігі. Нысаны мен өлшемі әр алуан болып, әр түрлі функция атқаруға қатысқанымен, барлық нейрондар ядросы мен жүйке өсінділері (аксон және бір немесе одан да көп дендриттер) бар клетка денесінен немесе қосындыдан тұрады [93, 155].*

Көркем әдебиетте берілген анықтама мен сөздікте берілген анықтама арасында айырмашылық бар екенін байқауға болады. Көркем шығарма авторы көпшілік оқырман қауымға арнап ғылыми ұғымды қарапайым тілмен, түсінікті етіп беруге талпыныс жасайды. Ал терминологиялық түсіндірме сөздік арнайы ғылым саласының мамандарына арнап жазылатынын, сондықтан онда терминге ғылыми тұрғыдан анықтама берілетіндігін ескерген жөн. Осы тұрғыдан ғана айырмашылық болмаса, терминнің семантикасына қатысты айырмашылық болмайды. Сондай-ақ, көркем әдебиетте терминге берілген анықтамада тікелей оның прагматикасына қатысты кейбір өзгешеліктер кездесіп отырады. Мәселен, жоғарыда берілген анықтамада нейронның өлшемі (*диаметрі 5 пен 100 микрон аралығындағы синапсты тудыратын*) нақты көрсетіледі. Ал сөздікте берілген анықтамада нейронға жалпылама сипат тән. Мәселен, *Нейрон - нысаны мен өлшемі әр алуан болып, әр түрлі функция атқаруға қатысқанымен, барлық нейрондар ядросы мен*

жүйке өсінділері (аксон және бір немесе одан да көп дендриттер) бар клетка денесінен немесе қосындыдан тұрады.

Кейбір кезде контекст жағдайына байланысты терминнің анықтамасы қажет болса, онда ол сілтеме арқылы беріледі.

Автордың сілтемені пайдалануы педагогикалық және психологиялық білімі бар адамдардың көңілін алаңдатпау, ал маман емес оқырмандарды қызықтыру болып табылады. Бұл тәсіл біз қарастырған әдебиеттерден кездеспеді.

Көркем әдеби шығармада, ғылыми тілдің міндеттері болмайды, терминнің анықтамасының берілуін автор стилінің белгісі, ерекшелігі деуге болады.

Маман емес оқырманға мағынасы түсінуге қиын болатын педагогика, психология терминдерін лексикалық баламалардың (бір сөзбен немесе сөз тіркестерімен) көмегімен мән-мағынасы түсіндіріліп отырады.

Келтірілген мысалдарда терминдер оқу үдерісінің (*сабақ, тәртіп, тәрбие, оқушы, мұғалім т.б.*), адамның мінез-құлқының (*мінез, мінез-құлық*), жан жүйесі мен жүйке жүйесінің (*ой, ойлау, түйсік, ми, ақыл, ес, ми қызметі, жүйке жүйесі, жоғары жүйке жүйесі т.б.*) атауларын білдіреді. Сонымен қатар, олар көркем әдеби мәтіндерде педагогикалық, психологиялық өндірістік ортаны, мұғалім мен психолог-кейіпкерлердің тілдік сипатын жасаудың стилистикалық құралы болып саналады. Терминдердің прагматикалық қызметінің осындай көпәспектiлi болуы тек қана көркем әдеби шығармаларға тән болып келеді.

Лексиканың ерекше қабаты болып есептелінетін терминдерді көркем әдеби мәтіндердің құрамынан бөліп көрсету, оларды контекстке енгізу үшін арнайы конструкциялардың көмегін қажет етеді: Мәселен, *яғни, яғни осылайша, деп аталынатын, деп аталады, бұл, деген сияқты*. Мысалы: - Менің түсінігімше бұл *зерттеудің* бізге қажет жері, - деп манадан үнсіз отырған Джейн сөзге араласты.... (Ш.Әбдіраманов, 34). ... Әрмен қарай қалған жүгімен кете барады да бүтін *ми қабын* аралап кетіп, хабарға қарық қылады, *яғни осылайша* біздің түсінігіміздегі *ойлау, еске түсу процесін* тудырады (Ш.Әбдіраманов, 35). – *Дос* көрмеген жерім болса айтарсың, - деп қалды. Сонда бір адамнан *достық* күтсем, ол сіз едіңіз... *Достық* деген де жәйден-жәй күйдіртпей адалдығын айту ғой... Ұзамай Ажар да шықты. Асқардан *достық, адалдық* жәрдемін күтті (Ғ.Мүсірепов, 306). *Яғни адам есінің* біразын жойып, оны қайтадан қалпына келтіруіміз керек (Ш.Әбдіраманов, 47). Бұл оның *ми функциясын* игеру бағытында жасалған жобасы болатын (Ш.Әбдіраманов, 58). Ғылыми тұрғыдан бағалар болсақ, - деді ғалым аспап жатқан жаққа көз қиығын тастап, - *бұл аспап адамның*

жүйесін, яғни мидың ойлау механизмін игерудегі елеулі (Ш.Әбдіраманов, 113).

Зерттеу барысында контекстке тәуелсіз, бірмағыналы, бейтарап бірлік болып саналатын терминдердің арнайы емес салада қолданылуы, олардың арнайы ұғымдардың атауы болатын ең негізгі белгілерінің мазмұндық, экспрессивті-эмоционалдық және функционалдық тұрғыдан өзгеруіне әкелетіні анықталды. Көптеген педагогика, психологиялық, тіл білімі, заңға қатысты ұғымдардың (оқыту үдерістері, тәрбие, психологиялық жағдай, оқыту әдістері, заң, құқық, т.б.) атаулары[^] жалпыхалықтық тілге енгенде өздерінің қолданылу аясын кеңейтетіндігі туралы материалдар аз емес. Олар ауыспалы мағынада қолданылады. Көркем әдеби контексте термин күнделікті өмірге байланысты туындаған лексикалық мағынаға ие болады. Термин белгілі бір арнайы саланың бірлігі болғандықтан, ауызекі, тұрмыстық сөздермен салыстырыла берілген контексте көркемдік әсер береді.

Терминге экспрессивті-эмоционалдық реңк беру тәсілдері түрліше болып келеді. Оларды морфологиялық және синтаксистік деп екіге топтауға болады. Аталған өзгеріс терминнің бейтерминдену үдерісіне егер термин өзінің атауыштық қызметін сақтап және бір мезгілде эмоционалдық-экспрессивтік реңкке ие болатын болса - ішінара, ал егер терминдер өздерінің негізгі мағыналарын жоғалтып, тек қана эмоционалдық-экспрессивтік қызмет атқарса – толығымен әсер етеді.

Психологиялық процестің немесе ұғымның атауының эмоционалдық-экспрессивтік реңкі сөзді бірнеше рет қайталау және сөзге бейнелі анықтауыш беру арқылы көрінеді: Үлкенің де, кішің де «оқу, оқу» дейсіндер де тұрасыңдар... Енді келіп «оқу, оқу» дейсіндер (Ш.Әбдіраманов. 157). - Биені айтып келе жатқаның ұят, ұят, - деп, бір мезгілде даусын бәсеңдетті (Ғ.Мүсірепов, 66). Әрбір солдаттың басының ішінде қора толы ұйқы, ұйқы, ұйқы (Ғ.Мүсірепов, 85). *Бостандық болса*, ауыз-басыңды қан жалатқандай қылайын, көнесің бе? *Бостандық болса*, мына екі шамаданыңды ашып, ішіндегісін бөліп алайық! Қалтаңда не бар? (Ғ.Мүсірепов, 86).

Педагогикалық, психологиялық, заң терминдерінің семантикалық байланысы арнайы емес мәтіндерде кеңейе түседі. Соның салдарынан олардың семантикасында өзгеріс пайда болады. Мысалы: - *Ғылым* әлемінің шоқ жұлдыздарына сәлем! – Кәйте күндегісінше әзілдей кірді (Ш.Әбдіраманов. 63). Әлі сотқа дейін *мын* алып қолына берерміз (Ғ.Мүсірепов, 46). Тәшеннің «*тұрме патшасы*» болатыны қызықтырмады. *Тұрме патшасының* қолтығынан гөрі, қан жайлау қызықты секілденді (Ғ.Мүсірепов, 47). Мұны не деп ұғынайын? *Ұяттың* аяғын басып кеткен

кісіше, ақырындап барып екінші біреуінен сұрадым (Ғ.Мүсірепов, 88).

Келтірілген мысалдардағы «синтаксистік тұрғыдан белсенді қызмет атқарып тұрған» [120, 169] етістіктер терминдерге метафоралық мағына үстейді. Көркем мәтіндерде етістіктер терминнің ғылымилығын, бейтараптылығын ауызекі сөйлеу тілінің сөздерімен қарама-қарсы қою арқылы бүтіндей мәтіннің мәнерлілігін, бейнелілігін арттыра түседі. Мысалы: *Орағытып күрмен сөйлеу* сирек адамда ғана қалады. Айтып қалғанда опырып жібергендей боласың да тұрасың. Бұл әдет бара-бара барлық қозғалысыңды, *мінезіңді*, ісінді бәрін *билеп алады* (Ғ.Мүсірепов, 69).

- Нені айтсаң, оны айт ... Түн де қараңғы ... Ал мына көтерілген ел одан да қараңғы ... Көтерілістің жолын көрсетіп, бетін түзеп отыратын жарық керек - *білім* керек. Бізде сол жарық жоқ. Ісіміздің бәрін соқыр тәуекелмен істеп келеміз ... (Ғ.Мүсірепов, 164).

Көркем әдеби контекстердегі психологиялық, педагогикалық терминдердің сипатына олармен тіркесіп келген сын есімдердің әсері елеулі болады. Олардың кейбіреулері терминдердің белгілі бір контекстке тән белгілерін көрсетеді. Мыс.: *Адал ой*, ақ жарқын жүзбен ортаға түсе алмайтындай (Ғ.Мүсірепов, 93). Басқалары терминнің мағыналық құрылымын оған қосымша семантикалық коннотация беру арқылы өзгертіп отырады. Мыс.: Әсіресе шешемнің өлімі қатты батты. Өйткені әкем өмірі ауыр жұмыста болған, *мінезі қатаң* еді де, шешем арашашыл, балалардың бесігі еді (Ғ.Мүсірепов, 54), Екінші Нұрқанның кең үй салып алғысы да келмейді. Нұрқанда *кең тілек* те жоқ ... Былайша айтқанда, Нұрқан үлкен үй *үлкен ой*, *үлкен тілекке* үйренген адам емес (Ғ.Мүсірепов, 98).

Терминдердің көркем әдебиеттерде кең қолданылуын ғылым тілінің әдеби тілге ену үрдісімен байланысты деп түсіндірген жөн. Соның нәтижесінде ғылым тілі мен әдеби тіл арасында өзара байланыс орнайды. Бұл туралы Ю.С.Сорокин былай дейді: «Көркем әдебиет тілінің шындықты бейнелеуге ұмтылуы, публицистика тілінің пікір-таласқа құштарлығы, ғылыми-көпшілік, әдебиеттің қалың жұртшылыққа арналуы әр түрлі стильдегі кітаби және халық тіліндегі, арнаулы және күнделікті, деректі және дерексіз мағыналы сөздер мен сөз тіркестерін біріктіреді, жақындастырады» [121, 330-331].

Аталған үдеріс бойынша педагогика және психология терминдерімен тұрмыстық мағынадағы зат есімдер, сын есімдер, есімшелер бір-біріне әсер ете отырып, терминге метафоралық мағына береді. Мыс.: Жаңа ғана беті *түзелген ой*, *жас ой*, *талапты ой* ауыл өсегіне мойын бұрғысы келмеді (Ғ.Мүсірепов, 328).

Бейнелілік эпитеттің немесе салыстырудың қолданылуы арқылы күшейе түседі. Мыс.: Бара-бара өз өміріңнің темір *заңына*, тар шеңберіне қарай сен де темір, сенің шеңберің де тарыла береді (Ғ.Мүсірепов, 69).

Терминнің бейнелі-стистикалық тұрғыдан баюына түрлі мағынадағы салыстырулар да әсер етеді: Ұшпырмен ұрып жібергенде омырылып кететін тас секілді, сен сөйлегенде *сөз* де кесек-кесек уатылып тұрады (Ғ.Мүсірепов, 69). Қисыны қашып кеткен *сөз* орайласпай, кез келген жерінен сынып, жалғауға келмей, аяғында адырайысып аттанысты (Ғ.Мүсірепов, 141). – *Сөз* жүріп кеткен болмаса? ... Солдаттың келуін күтіп отырған болып шығып жүрсе? (Ғ.Мүсірепов, 179).

Келтірілген мысалдардан терминнің мағынасын көркемдік ассоциациялар арқылы ашуға ұмтылыс байқалады. Педагогика, психология терминдерін стилистикалық тәсіл ретінде кейіптеу, яғни терминді кейіпкер орнында бейнелеу кездесіп отырды. Терминдер өздерінің тура мағынасында және ауыспалы, бейнелі мағынасында да қолданылып тұр. Мысалы: Жаңа ғана беті түзелген *ой*, жас *ой*, талапты *ой* ауыл өсегіне мойын бұрғысы келмеді. Ажар өзінің жаңа адам бола бастағанын ауылға келгесін сезді (Ғ.Мүсірепов, 328). Контекстен психологиядағы *ой* термині жалпы қолданысқа өтіп, шығарма кейіпкері Ажардың орнына қолданылып тұрғанын байқау қиын емес.

Берілген мысалдардың бәріне ортақ нәрсе – терминді поэтикалық тұрғыдан түсіндіру болып табылады. Терминнің бейнелілігі кейіптеу, метафора, салыстыруға негізделген. Нәтижесінде автордың жеке көркемдік көзқарасынан туындаған толық образ жасалынады.

Терминнің ұғымдық мазмұнына экспрессивтік-эмоционалдық реңк үстемеленіп, оның атауыштық қызметі стилистикалық қызметімен бірігіп кетеді. Ішінара бейтерминдену құбылысы пайда болады. Көркем әдебиетте термин негізгі атауыштық мағынасынан айырылып, экспрессивтік-эмоционалдық қызметінің басым болуына байланысты толық бейтерминденетіндігіне мысалдар аз емес.

Ғылыми ұғым өзіне тән емес логикалық ортада (күнделікті) образ жасаудың стилистикалық құралына ауысады, демек тропқа айналады. Көркем мәтіндерде терминді арнайы қолданыс аясы шектеулі саладан тұрмыстық салаға ауыстырып қолдану тән болып келеді. Терминдер күнделікті заттарды, құбылыстарды, жағдайларды бейнелеу құралына айналады.

Көркем мәтіннің бейнелілігін күшейте түсу үшін терминдерді сөйлемде бірыңғай мүшелер ретінде қолдану да жиі кездеседі. Мыс.: *Тазалық, тәртіп, әдеп, ұқыптылық* едәуір-ақ орнап қалған (Ғ.Мүсірепов, 336). Бұлардың ерекше сүйетіндері де, күнбе-күн күтетіндері де үш нәрсе – *еркіндік, теңдік, шындық*. Малда сүйетіндері – ат, тұрмыста – шаттық, *адалдық, ерлік* өз бойларында бар (Ғ.Мүсірепов, 337).

Жаңа лексикалық орта бұрынғы байланыстарды үзеді, сөз мағынасының дамуына әсер етеді. Кейбір терминдер өзінің саласынан шығып, жалпы тілдік мағынаға ие болады.

Педагогика, психология, тіл білімі, заң терминдерінің семантикалық түрлену жолын қарастыру терминдердің көркем әдеби шығармалардағы қолданылуы көпәспектiлi екендiгiн, терминнiң атауыштық қызметiнен бастап кәсiби реңк беру мақсатында метафора мен кейiптеу арқылы, семантикалық құрылымының өзгеретiндiгiне, бұрынғы терминологиялық мағынасын әлсiретiп толық бейтерминденетiндiгi – әдеби тiлдi ғылым тiлiмен байытудың жалпы үрдiсi екенiн көрсеттi.

Қазақ көркем әдебиетiнiң әсiресе проза жанрының шын мәнiндегi жан-жақты дами бастаған уақыты – осы, 1920-30 жылдардың арасы.

Қазан төңкерiсi алдындағы азды-көптi прозалық шығармалар бұдан былай жаңа туындылармен толығып, қарыштап тез өстi. Сәкен Сейфуллиннiң «Тар жол, тайғақ кешу» романы, «Жер қазғандар» повесi, «Айша» әңгiмесi, Бейiмбет Майлиннiң «Раушан коммунист», «Азамат Азаматыч» повестерi, «Сот алдында» әңгiмесi, Iлияс Жансүгiровтың «Жолдастар» романы, Сәбит Мұқановтың «Темiртас», «Жұмбақ жалау» романдары, Ғабдол Слановтың «Арман ағысы» повесi және тағы басқалары жарыққа шықты.

Аталған көркем әдеби шығармалар тiлiндегi терминдердiң қолданыс ерекшелiгiне тоқталалық.

1920-30 жылдардағы проза тiлi – бүгiнде әбден қалыптасқан терминдердiң түрлi формадағы алғаш көрiне бастаған кезi болып табылады. Өйткенi қазiргi терминдер бiрден қалыптаса қалған жоқ. Бұл кезеңдегi жазушылар орыс тiлiндегi терминдердiң қазақша баламасын табуға талпыныс жасады. Сөз болып отырған уақыттағы прозалық шығармаларда әр алуан терминдердiң, орыс тiлiндегi ұғымдарды қазақша беру нәтижесiнде туған жаңа сөздердiң, атаулардың, аударылмай алынған орыс сөздерiнiң қолданылуы – зерттелiнiп отырған кезеңдегi әдеби тiлдiң жалпы даму дәрежесiн көрсетедi. Терминдердi, олардың баламаларын қолдану үдерiсi жекелеген автордың немесе оның шығармасының стильдiк ерекшелiгi деп қарастыруға болмайды. Өйткенi бұл кезеңдегi терминдердiң көпшiлiгi баспа тiлiнде, оқулықтар мен басқа да түрлi еңбектерде көрiне бастайды. Бiрақ жекелеген терминдердi, орыс тiлi элементтерiнiң балама аудармасы белгiлi бiр шығармалардың тiлiнде ғана кездеседi де, өзге жазба нұсқалардың, газет-журналдардың беттерiнен ұшыраспайды.

Тiлiмiзге сол кезде ене бастаған орыс сөздерiнiң қазақша баламалары терминнiң негiзгi мағынасын мүмкiн болғанша дәл беретiндей етiп алынған.

1920-30 жылдарда әдеби тiлiмiздiң лексикасында терминдердiң көптеп кездесетiндiгiн тек осы кезеңдегi әр түрлi кiтаптардың тiлiнен, функционалдык стильдерден ғана емес, сондай-ақ, осы дәуiрдегi прозалық шығармалардан да айрықша көзге түседi.

Аталған көркем мәтiндердегi материалдарды талдау терминдердiң қолданыс қызметiнiң түрлiше болып келетiндiгiн көрсеттi. Терминдердiң екi

тобы анықталды: өздерінің тура мағынасында (негізгі атауыштық қызмет) қолданылатын терминдер және ауыспалы мағынада қолданылатын терминдер.

Терминдер тура мағынасында өздерінің атауыштық қызметтерінде қолданылады. Мысалы: Өкіл, Ермұқанбетұлы *әлеумет айыптаушысы* болып шығып, тап тартысының маңызын «Ащы өзек» еліне екінші рет түсіндіріп өтті («Сот алдында»). *Әлеумет жұмысына* араласып, қатардағы іскердің бірі болып жүрген әйелдерге шын жолдас деп қарайды («Азамат Азаматыч»). Кеңсеге барғанын, кеңседен қайтқанын, мекеме бастығының өзін мақтайтынын, *әлеумет жұмысына* көп араласатындығын ... тағы-тағыларды айтып ... («Азамат Азаматыч»).

Бұл мысалдардағы әлеумет айыптаушысы, әлеумет жұмысы деген терминдер өздерінің тура мағынасында қолданылып тұр. Бірақ қазір бұл терминдер *қоғамдық айыптаушы (общественный обвинитель)*, *қоғамдық жұмыс (общественная работа)* болып бекітілген. Аталған кезеңде *әлеумет* сөзі *общественный* терминінің орнына да, *социальный* терминінің орнына да қолданылғандығын басқа да көркем әдеби шығармалар тілінен байқауға болады. Мысалы: Омбыда, Ақмолада бірге жүрген, бір ниетті жолдастардың көбі-ақ алды-артына қарамай, патшаның түскеніне мәз болып, жиылыстарға, топтарға араласып, «жалпы қазақтың пайдасын қорғап», *әлеумет істеріне*, саясат істеріне қатынаса бастаған көрінеді («Тар жол, тайғақ кешу»). Қазақ комитеттерінің көбінің-ақ саяси жолы, *әлеуметшілік ісі* біздің Ақмоланың облыстық комитеттерінен өзгеше емес («Тар жол, тайғақ кешу»). *Әлеумет тарихына* қарағанда, 1917-18 жылғы саяси күрестің зор майданындай, ұлы дүбірлерде, оқыған адамдардың саясат, *әлеумет күресіне* қатысқандарының бәрі де сол заманында шығып тұрған гәзет, журналдардың айналасына жиналмақ. Егер де *әлеумет ісіне* қатысқандар маңайындағы гәзет, журналдың бағытына риза болмаса, өздері бөлек гәзет, журнал шығарып майданға шықпақ («Тар жол, тайғақ кешу»).

Біздің байқауымызша, осы келтірілген контекстердегі *әлеуметшілік ісі*, *әлеумет тарихы*, *әлеумет күресі* терминдеріндегі *әлеумет* сөзі *общественный* терминінен гөрі, *социальный* терминіне жақынырақ.

1920-30 жылдардағы проза тіліндегі орыс тілінен енген атаулардың қазақ тіліне аударылуы кейде жеке сөздермен, кейде жалпылама түсіндіру ыңғайында, екі не үш-төрт сөзбен де келіп отырады. Жазушылардың кірме терминдерді сөзбе-сөз аударуға келмеген жағдайда бірнеше сөзбен аударып отыруы – сол дәуірдегі жалпы оқушы қауымның ұғымына лайық, түсініктілік үшін жасаған тәсіл. Ғылым мен техниканың ұғымдарын білдіретін терминдердің, орыс тілінен енген кірме терминдердің аталған көркем әдеби шығармаларды оқушы көпшіліктің жалпы мәдени дәрежесіне, ой-өрісіне сәйкестендіріп аударылып берілуі прозалық шығармалардың қай-қайсысынан да аңғарылып отырады. Мысалы: Бүгінгі жиылысқа «эбезатілный» кел, пікіріңді ұсын! деп *төр аға* Азаматты иықтан қағып... («Азамат Азаматыч»). Мені уездік комитеттің *төрағасы* қылды. Жиылысқа

мен *төрағалық* қылдым («Тар жол, тайғақ кешу»). *Ауылдық кеңес ағасы* Күржікей Мыржақбаев дейтін араққа қанып алып, Тұмарша Бермағамбет қызының жасы 18-де деп, мөрін басып қағаз берді («Қырманда»).

Берілген мысалдардан *председатель* терминін *аға, төр аға, ауылдық кеңес ағасы* деп түрліше қазақша баламалармен берілуі автордың орыс тілінен енген сөзді оқырманға түсінікті болуын қамтамасыз етуге ұмтылуы деп түсінген жөн.

Десе де орыс тілінен енген терминдерді қазақша беру басымдық танытады. Мысалы: Бұл – қазір осы Қоржынкөл елінің болысының *тілмашы*. Және олар келіп отырғанда, қаладан түнделетіп, біздің жатқан жерімізге *жасауыл* келіпті. Бұл ел приставтың бір қазақ *жасауылын* тұтқынға алып, көше қашып, осы араға келген екен («Тар жол, тайғақ кешу»).

Кейде терминдердің қазақша баламасының қасына жақша ішіне орыс тілінен енген сөзді де беру байқалады. Мысалы: *Жиылыс (съез)* қаланың *от ойын үйінде (циркте)* болды. Бірақ шыңына жеткен аштардың бәрі мал болмай жатыр. Ауруы *сүзек (тип)* дейді; Бізді «Үш жүзге» қосылды деп *шатпақтар (демагогия)* деп, учредительное собрание сайлауына белсеніп кірісе алмай қалдық («Тар жол, тайғақ кешу»). Кешке ашқан терезенің *жел жаңартары (форточка)* сол қалпымен ашық қалған екен («Адасқандар»). Ол декреттерді *сымсыз телеграм (радио)* арқылы ғана аламыз («Тар жол, тайғақ кешу»).

Автор кейбір орысша терминдердің қазақша баламасын жақша ішінде беріп отырады. Мысалы: Қайыс өткізіп омырауына асқан жарқыраған жез знагі (белгісі) бар; Өзінің қара бешпетінің иығына таққан өрген қызыл жіптен *погон «шені»* бар; - А-а, қағаз деген не? ... Қағазды олар жасап ала алмай ма? Бұлар *шпион (жасырын бақылаушы)*. Бұларды өлтіру керек!; - Үлкен баламның гармоны (сырнайы) еді. Қазір мына ендігі қарап отырған кішкене бала ойнайды, ойнасын, тыңдағың келсе? – деді. *Гармонь* екі қатар тілді – двухрядка; Кейбір барақтарда *скрипка, сырнай (гармонь)* ойнаушылар да болды; Комитетке сайланатын кісілердің *спискесін* әркім өзі жазып берсін; Және болашақ учредительное собраниеге (жалпы мемлекеттік үкімет құрылысын жасайтын съезге) Қазақстанның барлық облыстарынан қазақ өкілдігіне кандидаттардың *спискесіне (тізіміне)* кіргіздік» деді; Менің құзырыма келген *артиллерия (зеңбірек)* капитаны Тоқтамышұлына ер көңілді қазақ полкін жасауға тез қосамыз («Тар жол, тайғақ кешу»).

Проза тілінде орыс тілінен енген кейбір терминдердің аударылмай, сол күйінде қолданылғандығын көруге болады. Мысалы: - Бұл өтірік донос!.. Бұл үкімет кісісін өтірік қаралау!... Дәлелмен, *документпен* Петровтың айыбын мойынына қойындар, әйтпесе өтірік жала үшін сотқа берілесіндер! – деп, столды қойғылап шаптықты-ай келіп; Приставка: «он екі аттан аманбыз, төлетуге *закон* көтерсе төлейік. Бірақ бұл атты іздеуге бізге мұрсатана бер, бізге тиме», - деп хат бермек болды; Бізге он тоғыз бен отыз бірдің арасындағылардың есебін алып жібер деген *атиношения* бар, - деді («Тар

жол, тайғақ кешу»). Қазір бұл терминдер құжат, заң, қатынас деп қолданылады.

1920-30 жылдарда жазылған проза тілдерінің тағы бір ерекшелігі – оқырман қауымның жалпы мәдени дәрежесін ескеріп, орыс тілінен енген терминдерді бірден түсіндіріп беріп отырғандығы болып табылады. Мысалы: Жиылыс сайын, митингі сайын сөйлейтін «*ораторлар*» - *шешендер*, «көсемдер» шыққан; Кейбір бізбен «бір жолдасымыз» деп жүргендер, комитетте бізбен бірге қызмет қылып жүрген, бұрынғы патша төрелерінің *переводчик* – *тілмаштары* болғандар, болыстармен, молдалармен жамандасып, сөйлесіп, құшақтасып алды; Енді өтірік айттық Санақ алушы едік демей, *жер өлшеуші землемерміз*. Ақмола, Омбы, Павлодар уездерінің шекарасын көріп жүрміз, - дедік; Және болашақ *учредительное собраниеге* (*жалпы мемлекеттік үкімет құрылысын жасайтын съезге*) Қазақстанның барлық облыстарынан қазақ өкілдігіне кандидаттардың *спискесіне* (*тізіміне*) кіргіздік», - деді («Тар жол, тайғақ кешу»).

Терминдердің арнайы емес мәтіндерге өздерінің мазмұндық, экспрессивті-эмоционалдық және функционалдық тұрғыдан өзгерістерге ұшырайтындығы байқалады. Әсіресе орыс тіліндегі терминдердің, жеке сөз орамдарының аударылуында белгілі бір көркемдік функция, стильдік мақсат жатқандығы аталған кезеңдегі прозалық шығармалардың қай-қайсысынан да кездеседі. Мысалы: Түнде ел орынға отыра, *отарба* Көкшетау қаласына келді («Айша»). *Қара айғыр, қара машине*, пысылдап, еңтігіп, ақырып жіберіп, лықсып жұлқыды («Айша»). ... Сондайларға қарсы болам деп *қараңғы үйде* отырған жоқ па, Биағаларды *қараңғы үйге* жабу түгіл ... («Раушан коммунист»). Оның артынан *былғары дорбаны* қолтықтаған, бір қазақ жігіті шығып сөйледі («Раушан коммунист»). Кішкене қойын кніжкесін, «*мәңгілік қаламын*» алды да жазды («Арман ағысы»).

Көрсетілген үзінділерде *отарба, қара айғыр – поезд, қараңғы үй – тюрьма, былғары дорба – портфель, мәңгілік қалам – авторучка* сөзінің баламалары ретінде қолданылған. Аталған терминдердің қазақша аудармалары бір жағынан бір оқырманға орыс сөздерінің мағынасын түсіндіріп тұрса, екінші жағынан автордың өз ойын көркемдеп, әсерлеп жеткізу жолында қолданған тәсілі болып табылады. Мәселен, *поезд* терминін аударғанда оның отпен (сол кезде көмірмен) жүретіндігін ескеріп және қазақ халқының тұрмысында бұрыннан бар, бір нәрсені тасуға, апаруға арналған, атқа не есекке жегуге болатын құралмен теңестіре отырып, *отарба* деп қолданады. Дәл осы шығармада автор поезды қара айғыр, қара мәшинеге теңеп суреттейді. Бұл жерде автордың *поезд* терминін теңеу арқылы, яғни қара айғырдың күштілігіне, екпінділігіне поездың жүрісін теңеу негізінде барып көркемдеуіш образ жасайды.

Автордың *түрме* (*тюрьма*) деген терминді *қараңғы үй* деп беруі түрме сөзінің мәнін, мағынасын түсіндіріп тұр. Түрмеге түсу, түрмеде отыру адамның басына қараңғылық, қиындық түскенін білдірсе, үй сөзімен тіркесіп келіп, терминнің мәнін одан әрі аша түскен. Автор бұл терминді ауыспалы

мағынада, көркем мәтіннің экспрессиялығын, эмоциялығын көрсету мақсатында қолданғаны анық байқалады.

Ал *мәңгілік қалам* тіркесті термині де автордың жеке стильдік ерекшелігін көрсетеді. Орыс тілінің *авторучка* терминін оның сиясының ұзақ уақытқа дейін өшпейтіндігін образды тілмен «мәңгілік» деп беріп, сол кезеңдегі оқырманға түсінікті болу жағын көздегені байқалады.

Терминдердің ауыспалы мағынада қолданылғандығын мына тіркестерден де көруге болады. Мысалы: Мен өз елімнен айырылып, айдаладағы Ырғайты елінде жүргенімде *ұстама* қылып алып келді ғой. Жексембай болыс ұлықтан политсейіский сұрап алып шығып көрінген қазақты *ұстамаға* салып ... («Жолдастар»). Әскерлер ертеңгі ойынын бітіргесін, түскі тамағын ішті де, «*өлік сағатқа*» кетті («Теміртас»).

Берілген мысалдардағы *ұстама – тұтқын (заклученный), өлік сағат – тыныштық сағаты (тихий час)* терминдері автор суреттеп отырған оқиғаны оқушыға дәл жеткізу үшін, ұғымына оңайлата түсу мақсатымен өз тараптарынан аударып алған баламалар.

Аталған терминдердің қазақша нұсқалары көркем шығарма тіліне бейнелілік беріп, автор ойын көркемдеп жеткізіп тұр.

Жеке жазушылардың тапқан бұл баламаларының қазақ терминологиясының сол кезеңі үшін, сол уақыттағы жалпы стиль мәдениеті үшін, ол жылдардағы тұтас оқушы жұртшылықтың талғамына, талап дәрежесіне ондайлық бір оғаштығы да болмауы мүмкін. Демек, орыс тіліндегі терминдердің қазақша аударылуы белгілі бір стильдік қажеттілікпен байланысты екендігі анық.

Қорыта айтқанда, терминдердің проза тілінде өздерінің атауыштық (тура) мағынасында және белгілі бір экспрессивті-эмоционалдық қызметте қолданылуы – әдеби тіл мен ғылым тілі арасында үздіксіз болып отыратын үдерісті көрсетеді.

4.4 Когнитивтік парадигмадағы терминологиялық лексика

«Когнитивтік көзқарас» ұғымға негізделген қазіргі ғылыми парадигмаға көптеген теориялар жатады. Олар негіздеген концепция ойлауды дүниені қабылдай көріністерінің жүйесі ретінде қарастырады. Ол ғылыми бағыттың өзі адам білімінің және оларды жеткізудің түрлі тәсілдері мен типтері туралы ілім ретінде танылады.

Когнитивистиканың (когнитивтік көзқарасқа негізделген пәнаралық ғылым атауы) міндеттеріне сана және адамның сол сана арқылы дүниені қабылдау үлгісін, дүниенің бейнесін (картинасын), психикалық, ақыл-ой процестерін, адам интеллектісін жасау, танымдық және ойлау актілерінің құрылымдық жүйесін қамтамасыз ететін әр түрлі мәселелерді қарастыру және шешу жатады [98].

Бұл жұмыстың міндеттерінің бірі – мәтіннен алынған ақпаратты өңдеу барысындағы терминологиялық лексиканың қолданылу түрлері мен

тәсілдерін зерттеу. Ақпараттарды өңдеу процесінде бір жағынан фрейм типтерінің құрылымдары (когнитивтік категориялар, үлгілер, жоспарлар, сценарийлер, сызбалар, репрезентациялар, концептілер, т.б.), екінші жағынан олардың қолданылу тәсілдері мен механизмдері анықталады. Жана зерттеу үлгісі тек қана тіл білімінің мәліметтерін пайдаланбайды, когнитивтік зерттеуге логикалық, психологиялық, әлеуметтік және биологиялық категориялар да енеді. Экстралингвистикалық зерттеудің қажеттілігі әрбір жеке айтылған ой «ондағы тілдік бірліктер беретін мағынадан әлдеқайда көп ақпараттан тұратындығымен [122], мазмұн әрқашан мағынадан кеңірек болатындығымен [123]» түсіндіріледі.

Дүниені танымдық тұрғыдан қабылдау деген мәселеге қызығушылық XX ғасырдың екінші жартысынан пайда болғанымен, антика кезеңіндегі ғалымдар еңбектерінен менталды қабылдау принциптеріне негізделген пікірлерді кездестіруге болады [124]. Пайда болғанына көп уақыт өтпесе де, білімді когнитивтік тұрғыдан ұйымдастырудың түрлі стратегиялары пайда болды. Теорияның шеңберінде «білімді» сыртқы кестелер мен ережелерді меңгеру нысаны ретінде қарастыруды және когнитивтік жүйенің кеңдігін, сондай-ақ, оны жабық биологиялық феномен ретінде, ол үшін тіл – бағыт-бағдар беруші, мінез-құлықтың дәл өлшемі ретінде қарастыру кіреді.

Когнитивистика лингвистиканың басты мәселелерінің бірі – тіл мен сананың арақатынасына байланысты пайда болды. Осы заманғы ғылым адамның тілі мен миы, олардың болмысын, қызметін зерттеуде үлкен табыстарға жетіп отыр.

Адам миының қызмет ету ерекшеліктері оның түрлі қыры мен функциясы және олардың байланыстары мен қатынастары әрі қарай да таныла бермек. Адамның санасында өзі өмір сүріп отырған дүниенің картинасы бейнеленуі мен сол жинақталған қазынаның адамға одан әрі қарай өмір сүруге басшылық жасауы, қуат беруі – табиғатты ерекше болып келетін процестердің болмысынан хабар береді.

Осы ретте яғни адам санасын қалыптастыру мен дамыту функциясы тұрғысынан келгенде, тіл туралы мәселе де санамен тығыз байланысты қарастыруды қажет етеді. Өйткені «тілдің саналы адам өміріндегі орны қандай?» деген сұрақ туындайды. Бұл сұрақты екі қырынан қарастыруға болады. Біріншіден, адам баласының танымы күннен-күнге өсе береді. Ол білмегенін білсем дейді, білгенін одан әрі жетілдіре берсем дейді, айнала қоршаған табиғаттың құпияларын ашқысы келеді, соған ұмтылады. Екіншіден, «сананың сана болуы тілге қатысты» деген тұжырыммен байланысты. Саналылықтың болмысы тілмен, сөйлеумен, ойын шебер жеткізумен, айтқанды айқын түсінумен байланысты анықталады.

«Адамзат ұрпағының әлбіреуінің, әрқайсысының дүниедегі нәрселер мен құбылыстарды тануы мен санасында таңбалауы ерекше болады. Бірақ, барлық адамзатқа ортақ инварианттық ұғымдар болуы адам қоғамының құрылуына негіз болып, саналы адамзат ұрпағы өмір сүруіне тірек болып отыр. Ол ортақ ұғымдар тіл арқылы санада таңбаланып, тіл арқылы

адамдардың бір-біріне, ұрпақтарына жеткізіліп келеді. Сөйтіп, тіл жеке адамдар таныған дүние картинасын таңбалау қызметін атқарып, сонымен бірге сол таңбаны сөйлеу арқылы жеткізуші қызметін белсендіре берді» [125].

Тілді бихевиористік тұрғыдан түсіну сөзде болатын сананың қандай да бір көрінісін жоққа шығарады [126]. Десе де ХХ ғасырдың ортасында тілдік бірліктерді сана саласындағы бейнелермен байланыстыру кездеседі [127]. ХХ ғасырдың 80 жылдары когнитивизмді бихевиоризмге қарама-қарсы қойды. Тілді когнитивтік іс-әрекеттің типіне тән бүтіндей алғанда адамның когнитивтік және оның тілдік танымдық қабілеті қатынасында қарастыруға көңіл бөлінді [128, 185-229]. Тілдің сыртқы көрінісін танудан оның ақыл-ой арқылы берілуінің көмегімен ішкі құрылысын зерттеуге өтуге болжамдар құрылды.

Когнитивтік құралдар бірқатар міндеттерді шешуге қолданылады. Кейбір зерттеушілер ойлау процестерімен басқарылатын негізгі принциптерді зерттейді [129, 88], енді біреулері мінез-құлықты адам миындағы қандай да бір білімнің құрылымымен анықтаудың алғышарттарымен байланыстыра зерттейді. Екінші бір ғалымдардың пікірінше, бұл ғылым адам ақыл-ойының үлгісін, оның жұмысының принциптерін түсіну мақсатында жасауға талпынуы керек [130]. Үшінші бір ғалымдардың ойынша, оның мақсаты – мидың инфрақұрылымының бәрінен бұрын сөйлеуді жасау қабілетін ашып беру, түсіндіру болып табылады.


Мұндай түрлі пікірлер когнитивистиканың пәнаралық ғылым екендігінен туындайды. Когнитивистика психология, лингвистика, философия, логика, жасанды интеллект, ақпарат теориясы, есептеуіш техника, кеңістік геометриясы, математикалық модельдеу тәрізді салалармен байланысады, солардың мәліметтерін пайдаланады. Тіл білімі мен психология, ең алғашқыдан бастап тіл мен ойлау арақатынасы туралы мәселені шешетін «сөзбен жеткізуге өте қиын ойлар болады... және тілге өте тәуелді адам білімінің үлгілері болмауы керек» [131] туралы жаңа бағытты көрсетіп когнитивтік парадигмадан ерекше орын алады. Тіл мен ойлауды бұлай шектеу олардың әрқайсысының өздерінің құралдары бар өз алдына бөлек сала ретінде тануға алып келеді.

Когнитивистік лингвистиканың басты мақсаттарының бірі – тілдегі ең басты мағына туралы сұраққа жауар іздеу болады. Соңғы жаңа зерттеулер мидың тек тілдік таңбаларға ғана емес, сонымен бірге перцептуалдық, сенсорлық таңбаларға да сүйенетіндігін дәлелдейді [132]. Когнитивтік лингвистиканың міндеттерін жалпы алғанда адамның танымдық іс-әрекетінің барлық түрлерінде тілдің қатысын зерттеу болып шығады. Тар мағынада алсақ, тілді адам баласымен байланыстыра зерттеу, яғни адам басындағы тілді, демек тілдің сөйлеу, мәтін түрінде шығуын зерттеу болады.

«Тіл» мен «сөйлеудің» жігін айыра тану тіл білімінде В. фон Гумбольдт пен Ф. де Соссюр еңбектерінен бастау алады. Олардың пікірінше, тіл – грамматикалық жүйе, тілдік тәсілдердің құралы. Ал сөйлеу дегеніміз + ойын

басқаға білдіру үшін тілді қолдана отырып жүзеге асыратын акт. Ф. де Соссюр пікірі бойынша, сөйлеу әрекетін төмендегідей сызба арқылы көрсетуге болады.

Сөйлеу әрекеті: тіл және сөйлеу



Тіл мен сөйлеу арақатынасының үш аспектісі

1) Гносеологиялық аспект

Тіл

1. Мәні (оны бақылауға болмайды)
2. Идеалдығы (психикалық)

Сөйлеу

1. Құбылыс (бақылауға болады)
2. Материалдығы (әріптер немесе немесе дыбыстар тізбегі)

2) Онтологиялық аспект

1. Потенция (статика, пассивтілік, ergon)
2. Инвариант (барлық формалардың өзгермейтін түбірі)
3. Деңгейлік ұйымдастыру жүйесі

1. Іс-әрекет (динамика, белсенділік, energia)
2. Вариант (абстрақтылы формалардың нақты көрінісі)
3. Сызықтық ұйымдастыру жүйесі (дискурс, мәтін)


3) Прагматикалық аспект

1. Әлеуметтік (дүниенің бейнесі)
2. Код (бірліктер мен ережелердің қолданылуының жиынтығы)

1. Жеке (ситуативті-шартты қарым-қатынас)
2. Қатынас (қарым-қатынас жасау үшін кодтарды пайдалану. Функционалдық және жеке стильдер)

Ойдың сыртқа шығу барысын көрсететін сөйлеу – тіл мен ойдың тығыз байланысынан туындайтын процесс.

Сөйлеу әрекетін Л.В.Щерба үш аспектіде қарастырады. Әлеуметтік феномен ретіндегі сөйлеу әрекетінің үш аспектісінің арасындағы қатынасын төмендегідей тізбекте көрсетуге болады:



Тіл арқылы бізге көптеген ақпарат келеді. Сондықтан да мәтін лингвистикасы когнитивтік ғылымның өз алдына жеке бағыты ретінде қарастырылады. Когнитивистер тілді санаға теңестірмей тіл санаға барудың табиғи кілті және тілдің құрылымы сананың құрылымын сипаттауға мүмкіндік береді деп тұжырымдайды. Тіл мен сананың арақатынасы туралы мәселеге бұлай келу мағынаны математикалық модельдеу, кеңістік геометриясының құралдарының көмегімен және білім құрылымын фрейм түрінде қарастыру зерттеуді қызықты етеді. Өйткені соңғы уақытта ұғымды фреймнің көмегімен беру көптеген мәтін зерттеушілерінің назарын аударып отыр.

Дж.Локоффың [133] когнитивтік үлгісінің негізгі ұғымдарының бірі Э.Рош ұсынған «негізгі деңгей» термині болып табылады. Негізгі деңгей лексикасы әдеби тілге, бейтарап лексикаға сәйкес келеді. Ал бұл лексика көркем-әдеби шығармалардың дені болып есептеледі. Ғылыми функционалдық стильден көркем әдебиеттің функционалдық стиліне ауысқан терминологиялық лексикаға негізгі деңгей лексикасы лингвистикалық тұрғыдан қарсы қойыла қолданылады.

Негізгі деңгей шеңберінде қарастырылған терминологиялық лексика өзінің көп өлшемдерімен негізгі деңгейге сәйкес келмейтінін байқауға болады. Негізгі деңгей – бұл дүниедегі жалпы заттар мен құбылыстарды, яғни бүкіл категорияны бейнелейтін ең жоғарғы деңгей. Ал терминдер – зат атаулары мен ұғымдарын дәл білдіру үшін бірмағыналыққа ұмтылатын сөздер. Олай болса, термин бүтін категорияны бейнелейтін образ емес, дүниені қабылдаудың нақты, дәл образын жасайды. Терминологиялық лексиканы негізгі деңгей арасынан жылдам ажырату арнайы терең білімді, дүниенің тілдік және концептуалдық бейнесін білуді талап етеді. Өйткені ол адресаттың кәсіби даярлығына, термин алынып тұрған арнайы ғылым саласы бойынша білім деңгейіне байланысты болады. Негізгі деңгей жалпыға

түсінікті атауларды пайдаланады. Терминологиялық лексика «белгілі бір ғылым саласына тән» болады. Негізгі деңгей – тілдің сөздік қорының деңгейі. Ол барынша қысқа лексемаларды қамтиды. Термин үшін лексеманың арнайы өлшемі болмайды. Термин сөзбен, сонымен бірге, бүтіндей фразамен берілуі мүмкін. Негізгі деңгей бейтарап контекстерде қолданылады, ал терминологиялық лексиканы жақсы түсіну үшін арнайы ақпаратты алуды талап етеді. Бұған қоса, негізгі деңгейде біздің біліміміздің көп бөлігі құралады, ал терминологиялық лексикада «арнайы білім» сақталады және беріледі. Бұл терминдік лексиканың ерекше құқы болып есептелінеді.

Терминологиялық лексика мен негізгі деңгей лексикасын қарама-қарсы қойғаннан мынадай заңдылық шығады: терминологиялық лексика мен негізгі деңгей арақатынасы «жеке/жалпы» немесе «бірлік/бүтін» ретінде көрінеді. Көркем-әдеби шығармалардағы негізгі деңгей лексикасымен байланыста бола тұра, терминологиялық лексика стилистикалық әсер жасауда белгілі орын алады. Терминологиялық лексика негізгі деңгейге қарама-қарсы келетін өзінің жекелік, нақтылық, дәлдік, т.б. қасиеттерімен ерекшеленеді. Негізгі деңгей лексикасы көркем-әдеби шығарманың басым бөлігін құрайды. Терминологиялық лексика мәтін көлемінде негізгі деңгей лексикасымен парадигматикалық қатынасқа түсе отырып, стилистикалық әсер жасауға негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – А., 1998.
2. Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: Вопросы теории. – М., 1989.
3. Қалиұлы Б. Жалпы тіл білімі. Оқулық. – А., 2000.
4. Doederlein I. Der deutsch Wortschats im Sinnbezirk des Verstandes. – Heidelberg, 1831. Bd.1.
5. Соссюр Ф.де. Курс общей лингвистики. – М., 1933.
6. Bally Ch. Précis de stylistique – *Genève, 1905.*
7. Bally Ch. *Traité de stylistique française. Troisième édition.* – P., 1951.
8. Балли Ш. Общая лингвистика и вопросы французского языка. – М., 1955.
9. Балли Ш. Французская стилистика. – М., 1961.
10. Даниленко В.П., Канделахи Т.Л. Русская терминология // Развитие терминологии на языках республик СССР. – М., 1986.
11. Қордабаев Т. Түркология және қазақ тіл білімі: оқулық. – А., 1998.
12. Zulfikar N. *Terim sorunlari ve terim yarma yollari.* Ankara. 1991.
13. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясының дамуының кезеңдік сипаты. Астана. 2002.
14. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. Астана, 2004.
15. Жубанов К. Исследования по казахскому языку. – А., 1966.
16. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – А., 1998.
17. Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері. – А., 1996.
18. Әуезов М. Шығармалар жинағы. 11 том. – А., 1969.
19. Сороколетов Ф.П. История военной лексики в русском языке XI – XVII вв. – Л., 1970.
20. Кузькин И.П. К вопросу о сущности термина. Вестник ЛГУ., 1962. Сер. Истории, языка и литературы. Вып. 4. – 136-146 с.
21. Лейчик В.М. Изучение термина в тексте // Текст в языке и речевой деятельности (состав, перевод, автоматическая обработка): Сб. науч. трудов. – М., 1987. С. 129-139.
22. Варандеев А.В. Основы научной терминологии. Уч.пос. – М., Мир книги. 1993. -92 с.
23. Реформатский А.А. Что такое термин и терминология // Вопросы терминологии. – М., 1961.
24. Никитина С.Е. Семантический анализ языка науки. – М., Наука, 1987. - 141 с.
25. Мельников Г.П. Системная лингвистика и ее отношение к структурной // Проблемы языкознания: Докл. и сообщения сов. ученых. X Международ. Конгресс лингвистов, Бухарест, 28. УШ-2.IX 1967ж. – М., 1967. С. 98-102.

26. Солнцев В.М. Язык как системно-структурное образование. – М., Наука, 1977. 341 с.
27. Лотте Д.С. Основы построения научно-технической терминологии. – М., Изд-во АН СССР. 1961. 158 с.
28. Шмелев Д.Н. Очерки по семасиологии русского языка. – М., Просвещение, 1964. 243 с.
29. Смирницкий А.И. Лексикология английского языка. – М., 1956. 259 с.
30. Пекарская Л.А. Реализация требований к «идеальному» термину в реально функционирующих терминологиях // Термин и слово: Межвуз. Сб. – Горький. ГГУ, 1981.
31. Даниленко В.П. Русская терминология (опыт лингвистического описания) – М., Наука, 1977. -246 с.
32. Миньяр-Белоручев Р.К. Общая теория перевода и устный перевод. – М., Воениздат, 1980. -237 с.
33. Гак В.К. Ассиметрия лингвистического знака и некоторые общие проблемы терминологии // Семиотические проблемы языков науки, терминологии и информатики. – М., 1971.
34. Қалиев Б.Қ. Қазақ тілі терминдері және оларға қойылатын талаптар // Қазақ тілі: фонетика, лексика, грамматика. – А., 1999.
35. Винокур Г.О. О некоторых явлениях словообразования в русской технической терминологии. Тр. Московского института истории, философии и литературы, 1939. Т.У.-3-54 с.
36. Реформатский А.А. Термин как член лексической системы языка // Проблемы структурной лингвистики. – М., 1968.
37. Виноградов В.В. Русский язык. – М – Л., 1947.
38. Реформатский А.А. Введение и языкознание. – М., 1967.
39. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясындағы варианттылықтың сыры неде? // Терминологиялық хабаршы, №2. Астана-2002. 9-14 б.
40. Лейчик В.М. О языковом субстрате термина // ВЯ. 1986. №5. 87-97 с.
41. Етрова И.А. О некоторых особых условиях функционирования терминов // Термины в языке и речи. Горький, 1984.
42. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – А., 1994. -272 б.
43. Юнусалиев Б.М. Киргизская лексикология. Часть I. Фрунзе, 1959. С. 248.
44. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия. – А., 4-ші кітап, 1993.
45. Авесов Х.К. Семантическое развитие производных основ образованных от гомогенных корней // Вопросы тюркского языкознания. – А., 1985. С. 77-80.
46. Общая психология – М., 1986. С.463.
47. Аманалиев Б. Из истории философской мысли киргизского народа. Фрунзе. 1963. -с.76.
48. Сыздықова Р. XVIII – XIX ғғ. қазақ әдеби тілінің тарихы. – А., 1984. 247 б.

49. Кеңесбаев Г., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. – А., 1962. -316 б.
50. Есенқұлов А.Е. Қазақ тіліндегі әдебиеттану терминдерінің даму жолдары // Терминдер және олардың аудармалары. – А., 1990. – 55-60 б.
51. Исаев С. Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы. – А., 1983. -240 б.
52. Баскаков Н.А. Тюркские языки // Языки народов СССР. Т2. – М., 1966.
53. Алдамұратов Ә., Мұқанов М. Психология пәнінен лабораториялық сабақтар. – А., 1978. -91 б.
54. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы. – А., 1973. – 196 б.
55. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. Т2. – А., 1986.
56. Рүстемов Л. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – А., 1982.
57. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казах-киргизского языка. – М., 1894.
58. Марузо Ж. Словарь иностранных терминов. – М., 1960. С.463.
59. Потебня А. Хрестоматия по истории русского языкознания. – М., 1997. С.373.
60. Гринев С.В. Терминологические заимствования // Лотте Д.С. Вопросы заимствования и упорядочение иноязычных терминов и терминологических элементов. – М., 1982. С.108-135.
61. Ефремов Л.П. Основы теории лексического калькирования. – А., 1974. С. 192.
62. Капанадзе Л.А. Особенности номинации в области научно-технической терминологии. Функционирование терминов науки и техники в общелитературном языке XX века // Русский язык и советское общество. Социолингвистическое исследование. – М., 1968. С.151-185.
63. Юшманов Н.В. Грамматика иностранных слов // Краткое методическое пособие по разработке и упорядочению научно-технической терминологии. – М., Наука, 1979. -стр. 59-98.
64. Хауген Э. Процесс заимствования // Новое в лингвистике. - м.-Прогресс, 1972, - Вып. 4. - С.344-383.
65. Крысин Л.П. Иноязычные слова в современном русском языке. - М.: Наука, 1968-208с.
66. Байтұрсынов А. Ақ жол. - А., 1991 .>463 б.
67. Досмұхамедұлы Х. Аламан. - А., 1991. -172 б.
68. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. - А., 1993- 43 б.
69. Урекенова Р.А. Освоение казахским языком русских терминов путем калькирования// Проблемы казахской терминологии. - А., 1986.
70. Блинова О.И. Термин и его мотивированность// Терминология и культура речи. - М., 1981.
71. Гречко В. А. Каким должен быть термин? // Актуальные проблемы лексикологии и словообразования. Вып.У. Новосибирск. 1976.

72. Лотте Д.С. Вопросы заимствования и упорядочение иноязычных терминов и терминологических элементов. - М., 1982. с.149.
73. Қалиұлы Б. Шет тілі терминдерін қалай қабылдап жүрміз?// Қазақ тілінің көкейтесті мәселелері. - А., 1997. 121-125 б.
74. Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілі негіздерін қалыптастыру Автореф. филолог. ғыл. докт. - А., 1997. -44б.
75. Им Хынг Су. Становление терминологической лексики русского языка. - М., 1995. с.190.
76. Урекенова Р.А. Образование терминов в казахском языке. - А., 1980. с.128.
77. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. - А., 1975. -304 б.
78. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. -А., 1998.-208 б.
79. Сайрамбаев Т. Терминдердің сөз тіркесіндегі құрылымдық ерекшеліктері туралы// Қазақ терминологиясының мәселелері. - А., 1986. 45-54 б.
80. Бурдин С.М. О терминологической лексике // НВДШ. Филологические науки, 1958. №4.
81. Закатей А.Ф. Терминологизированные прилагательные и их классификация// Научная литература: язык, стиль, жанры. - М., 1985.с.321-328.
82. Жубуева Ф.Х. Семантические изменения литературных слов в процессе их терминологизации // Актуальные вопросы русской лексикологии и терминологии. - А., 1986.
83. Остин Дж. Слово как действие // Новое в зарубежной лингвистике. Вып.17. Теория речевых актов. - М.: Прогресс, 1986. -424с. с.22- 130.
84. Серль Дж. Р. Косвенные речевые акты // Новое в зарубежной лингвистике. Вып. 17. Теория речевых актов. - М.: Прогресс, 1986. – 424 с. С. 195-222.
85. Стросон П.Ф. Намерение и конвенция в речевых актах // Новое в зарубежной лингвистике. Вып. 17. Теория речевых актов. – М.: Прогресс, 1986. -424 с. С.131-150.
86. Богданов В.В. Иллокутивная функция высказывания и перформативный глагол // Содержательные аспекты предложения и текста. – Калинин, 1983. -166с.
87. Булыгина Т.В. О границах и содержании прагматики // Известия АН СССР. Сер. лит. и языка. – С.: Наука, 1981. -т40. -№4.-с.333-343.
88. Пиотровский Р.Г. Текст, машина, человек [АН СССР, Ин-т языкознания] – Л.: Наука, 1975. -327с.
89. Лүрия А.Р. Язык и сознания (под ред. Хомской Е.Д.). – Ростов н/Д.: Феникс, 1998. -416 с.
90. Степанов Ю.С. В поисках прагматики (проблема субъекта) // Известия АН СССР. Сер. лит. и языка. -40. -1981. №4.
91. Левицкий А.Э. Прагматические особенности функционально перориентированных языковых единиц // Современные прагматические исследования романских, германских и русского языка. – ВГУ, 1996. -171 с.

92. Иган Дж. Базисная эмпатия как коммуникативный навык // Журнал практической психологии и психоанализа. – М.: Институт практической психологии и психоанализа, 2000. -№1.
93. Казак тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология. – А.: Мектеп, 2002. -256 б.
94. Николаева Т.М. Эмпатия // БСЭ, Языкознание – гл. ред. В.Н.Ярцева. – 2-е изд. – М.: Большая Российская энциклопедия, 1998. – 685 с.
95. Аспекты общей и частной лингвистической теории текста / Отв. ред. Н.А.Слюсарева. – М., 1982.
96. Даниленко В.П. Лексико – семантические и грамматические особенности слов – терминов // Исследования по русской терминологии. – М., 1971. С.43.
97. Ельмелев Л. Прологомены к теории текста // Новое в лингвистике. – М., 1960. Вып.1. с.284.
98. Леонтьев А.А. Признаки связности и цельности текста // Лингвистика текста: Сб. науч. трудов. – М., 1976. Вып.103. с.60-70.
99. Николаева Т.М. Категория связности текста как многокомпонентное иерархическое образование // Текст и аспекты его рассмотрения: Тезисы докладов и сообщений ... М., 1977. С. 48-49.
100. Крылов А.И. Термин и контекст // Языковые единицы и контекст. I. - Л., 1973. С. 89-96.
101. Квитко И. С. Термин в научном документе. Львов, 1976.
102. Ахманова О.С. О стилистической дифференциации слов// Сборник статей по языкознанию. Профессору МГУ акад. Виноградову. - М.: МГУ, 1958.-С.24-39.
103. Будагов Р.А. Литературные языки и языковые стили. - М.: Высш. школа. 1967.-376с.
104. Гальперин И.Р. Stylistics (на англ. яз.). – М.: ВШ, 1977. -332 с.
105. Мостовой Н.И. Детерминологизация в современном английском языке. Дисс. канд. филол. наук. - Киев,1970.
106. Соловьёва З.В. Стилистическое использование иностилевой терминологической лексики в газетно-журнальной публицистике (на материале прессы Великобритании и США за 1973-1974 годы): Дисс. канд. дисс. - М.: МГПИИЯ, 1977. -186 с.
107. Пран В.П. Семантическая структура английских общеупотребительных слов и прессы их терминологизации: Дисс. канд. филол. Наук. - Львов, 1990.
108. Подколзина Т.А. Метафора и парадокс в английской терминологии: Дисс. канд. филол. наук. - М., 1994.
109. Фетисов А.Ю. Терминологизация содержания метафоры в научном тексте: Дисс. канд. филол. наук. - СПб, 2000.
110. Стеллиферовский А.В. Трансформация иностилевого текста в языке английской газеты: Дисс. канд. филол. наук. - М.: МГПИИЯ, 1985.-196 с.
111. Кислицына С.В. Лингвостилистические средства научно-популярного изложения (на материале английских научно-популярных текстов для детей и юношества): Дисс. канд. филол. наук.

- М.: МГПИИЯ, 1985. -188 с.
112. Неар В.Л. Фрейм как инструмент декодирования семантической и стилистической информации // Языковые универсалии в стилистике. - СНТ МЛГУ, 1993. - выи.409.
113. Скворцов Л.И. Терминология и культура речи (Заметки лингвиста) // Исследования по русской терминологии. - М.: Наука, 1971.-С.218-230.
114. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі. – А., 1977. 362-363 б.
115. Митрофанова О.Д. Научный стиль речи: проблемы обучения. - М.: Рус. яз., 1976. – С.46-47.
116. Виноградов В.В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. М.: Изд-во АН СССР, 1963. - 255 с.
117. Лаптева О.А. Общие особенности устной публичной / научной речи // Современная русская устная научная речь. – Красноярск. 1985. – Т.1. – С.32-45.
118. Бельчиков Ю.А. Терминологическая и производственно-профессиональная лексика в газете // Очерки по стилистике русского языка и литературному редактированию. – М., 1961.
119. Благоева Н.Г. Стилистическая функция терминов в контексте художественных произведений. Канд.дис. – Л., 1978.
120. Шмелев Д.Н. Проблемы семантического анализа лексики. – М., 1973.
121. Сорокин Ю.С. Развитие словарного состава русского литературного языка: 30-90-е годы XIX века. – М.; Л., 1965.
122. Кубрякова Е.С. Части речи с когнитивной точки зрения. – М.: Институт языкознания РАН, 1997. -330 с.
123. Звегинцев В.А. Предложение и его отношение к языку и речи. - М.:МГУ, 1976.-307с.
124. Баранов А.Н., Добровольский Д.О. Лео Вайсгербер в когнитивной перспективе // ИАН СЛЯ т.49, 1990. -№5. -с. 451-458.
125. Демьянков В.З. Когнитивная лингвистика как разновидность интерпретирующего подхода // ВЯ, - 1994. -№4. – с.17-33.
126. Құрманова Н.Ж. Тілдік сана қызметі // Сәрсен Аманжолов тағылымы (Ғылыми мақалалар жинағы). Алматы. -2002. 25-31 б.
127. Pierce Ch. Values in a Universe of Change (Selected Writings of Charles Pierce). How to make Our Ideas Clear, Stanford Univ. Press, 1958.
128. Russel B. Logic and Knowledge. Essays 1901-1950 London, Georg Allen a. Unwinn, 1956.
129. Виноград Т., Флорес Ф. О понимании компьютеров и познания // Язык и интеллект. – М.: Прогресс, 1996. -416с.
130. Shepard R.N., Cooper L.A. Mental images and their transformations.

New York: Cambridge University Press, 1982.

131. Johnson-Laird Ph. N. Mental models. Cambridge University Press, 1983.
132. Chafe W.I. Repeated verbalizations as evidence for the organization of knowledge // Reprints of the plenary session papers: XIV International Congress of Linguists. -Berlin, 1987.
133. Lakoff G., Johnson M. Philosophy in the Flesh. The Embodied Mind and Its Challenges to Western Thought. Basic Books, 1999. -624 p.

Мазмұны

Кіріспе.....

1 Термин және терминология

- 1.1 Жалпы тіл білімі мен түркологиядағы термин зерттеудің жайы
- 1.2 Қазақ тіл біліміндегі термин мәселесінің зерттелуі
- 1.3 Терминологиялық лексика, әдеби тіл, жалпыхалықтық тіл

2 Қазақ терминологиясының лексикалық құрамы

- 2.1 Қазақтың байырғы сөздері негізінде қалыптасқан терминдер
- 2.2. Қазақ терминологиясының кірме қабаты
 - 2.2.1 Араб, парсы тілдерінен енген терминдер
 - 2.2.2 Орыс тілінен және орыс тілі арқылы Еуропа тілдерінен енген терминдер

3 Қазақ тіліндегі термин жасаудың негізгі тәсілдері

- 3.1 Морфологиялық (сиитетикалық) тәсіл арқылы жасалған терминдер
- 3.2 Синтаксистік (аналитикалық) тәсіл арқылы жасалған терминдер
- 3.3 Семантикалық тәсіл арқылы жасалған терминдер

4 Қазақ тіліндегі терминдердің прагматикалық қызметі

- 4.2 Мәтіндегі термин қолданысының ерекшеліктері
- 4.3 Терминдердің ғылыми еңбектерде қолданылуы
- 4.4 Терминдердің көркем әдебиетте қолданылуы
- 4.5 Когнитивтік парадигмадағы терминологиялық лексика

Пайдаланылған әдебиеттер

Мазмұны

Исакова С.С.

**ҚАЗАҚ ТЕРМИНТАНЫМЫ: ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ,
ЖАСАЛУ ТӘСІЛДЕРІ, ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**
Монография

Басылымға 15.03.07 ж.- қол қойылды.

Формат 62*84/16. Офсеттік қағаз.

Офсеттік басылым. Ш.е.б. 10

Таралымы 500 дана.

“Әлішер”

баспасында басылған.